

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

Алматы

№2 (8)

2011

Ғылыми-ақпараттық,
Әдеби журнал 2010 жылдан
бері екі айда бір шығады.
ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп (24.12.2009),
№ 10586-Ж куәлігі берілген

(ЮНЕСКО, Франция, Париж ж.)
сериялық басылымдарды
тіркейтін ISSN Халықаралық
орталығында тіркелген және
халықаралық номер берілген

Бас редактор
Дәдебаев Ж.Д.

Редакциялық кеңес
Әбдешұлы Қ., Абдуалиев А.,
Аманшаев Е.А., Әбдимаңұлы Ө.,
Әмірбеков Ш.А., Ғайыпов З.С.
Мырзахметов М., Ақматалиев Ж.А.,
Бисенбаев П.Қ. (*ғылыми редактор*),
Есембеков Т., Есім Ф., Шәріп А.Ж.,
Жақсылықов А.Ж., Омаров Б.Ж.,
Кәкішев Т.К., Қамзабекұлы Д.,
Момынова Б., Мадиева Г.Б.

Редакциялық алқа
Тарақ Ә.С., Мұсалы Л.Ж.,
Ахмедьяров Қ.К., Кәрібаев Б.Б.,
Әбдікова Қ.Т., Адаева Е.С.,
Сағындық Н., Мамбетов Ж.,
Мелеубек С., Таева Р.М.

Жауапты хатшы
Дәуітова Г.Р.
Құрылтайшы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Шығарушы
Абай институты
**Редакция мен шығарушының
мекен-жайы**
Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ғылыми-зерттеу институты.
E.mail: Abai_instkaznu@mail.ru

ИБ № 5505
Басуға 06.04.2011 ж. жіберілді.
Пішімі 70x110 1/16. Тапсырыс № 325.
Көлемі 6,5 б.т. Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

Мақала авторларының пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

М А З М Ұ Н Ы

АБАЙТАНУ

- Жеменей И.** Абай және әл-Фараби..... 3
Мәдібаева Қ. Абай өлеңдерінің құрылысын зерттеу
мәселелері..... 6
Ізтілеуова С. Абай мен Шәкәрім мұралары 9
Көпбасарова А. Абай өлеңдерінің орыс тіліне
аударылуын зерттеудің кейбір міндеттері туралы 13
Жапарова А. Абай сусындаған үш бұлақ..... 15

СӨЗ ӨНЕРІ

- Бұлдыбай А.** Қазақ халқының жыршылық мектептері..... 19
Сағындықов Н., Оралбек А. Шайхисламұлының Ж.
өмірбаяны хақында 22
Бисенбаев П. «Жасауыл қырғыны» жыры..... 24
Оразбекова З. Қазіргі қазақ прозасындағы Абай образы 27

ТІЛ БІЛІМІ

- Момынова Б., Шакирова Д.** М.Әуезовтің «Абай жолындағы»
ым-ишараттар..... 32
Жусанбаева С. Көркем мәтін туралы 36
Асқар Л. Абай дәстүрі: ландшафт төңірегіндегі концептілер..... 38

АУДАРМА ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДЕБИЕТТАНУ

- Қуаныш Б.** Қытайдағы қазақ аудармашылары..... 41
Қожақанова М.А. Құнанбаевтың өлеңдеріндегі
фразеологизмдердің аударылуы 43
Chabanoglu O. The protency and importance of common
proverbs for the high and standart written turkiclanguage 47

ҚОҒАМТАНУ

- Қамзин К.** Қазақ репортажындағы дәстүр жалғастығы..... 52

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

- Дәдебаев Ж.** Жазушы шеберлігі..... 57
Мужигова Г. Пікір 65

ЖАС ҚАЛАМ

- Есқалиева Б., Мамбетов Ж.** Дүрбелең дәуір туралы шығарма .66
Бекболғанова М. Ғ. Мүсірепов шығармалары 68

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ

ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

- Адаева Е.** Кафедра туралы..... 72
Әзімбаева И. Магистранттардың зерттеу тәжірибесі..... 76
Гусаковская Н. Шетел тілін оқыту 80
Абай және қазіргі заман 83
Абай и современность 85
Тиссен Ю. Интернет в работе переводчика 87
«Абай институтының хабаршысы» журналына авторлардың
мақала жариялау ережелері 98



Біздің авторлар

Дәдебаев Ж.Д. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Ұлттық жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының, ҚР Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

Жеменей И. филология ғылымдарының докторы, профессор, шығыстанушы

Ізтілеуова С. – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекші маманы

Чабаноглу О. – филология ғылымдарының докторы, Ходжатеппе университетінің түрік тілі және әдебиеті кафедрасының профессоры

Оразбекова З. – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музей директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Жапарова А. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетел филологиясы кафедрасының оқытушысы

Бисенбаев П. – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

Момынова Б. – тарих ғалымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

Адаева Е. – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

Түсіпова А. – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

Қуаныш Б. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты. Ғылыми жетекшісі – Дәдебаев Ж.

Қожақанова М. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты. Ғылыми жетекшісі – Дәдебаев Ж.

Қамзин К. – филология ғылымдарының докторы, доцент

Гусаковская В.Н., Серікбаева Ұ.Д. – М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың аға оқытушылары

Әзімбаева И.Қ. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы

Бекболғанова М. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты

Есқалиева Б. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 4-курс студенті

Мужигова Г. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты

Оралбек А. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 4-курс студенті

АБАЙТАНУ



И.Жеменей

АБАЙ ЖӘНЕ ӘЛ-ФАРАБИ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абайдың рухани әлемі. Абай және ислам философиясы. Абай және әл-Фараби. Абай және дәстүрлі қазақ мәдениеті.

Тірек сөздер. Абай, рухани әлем, ислам, философия, әл-Фараби, дәстүрлі мәдениет.

И.Жеменей

АБАЙ И АЛЬ-ФАРАБИ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Духовный мир Абая. Абай и исламская философия. Абай и аль-Фараби. Абай и традиционная казахская культура.

Ключевые слова: Абай, духовный мир, ислам, философия, аль-Фараби, традиционная культура.

I.Zhemenei

ABAI AND AL-FARABI

Abstract. The issues dealt in this article. The spiritual world of Abai. Abai and Islamic philosophy. Abai and traditional Kazakh culture.

Keywords. Abai, spiritual world, islam, philosophy, al-Farabi, traditional culture.

Абай қазақ халқының күйреген саяси жүйесі мен жаңа саяси жүйесі арасына алтын көпір болып қаланды. Көшпелі руханиятын отырықшы руханиятпен сәтті жалғастырды. Шығыстық қымбат қазынасын батыстық өркениетпен ұштастырды. Исламдық тазалықты кертартпа ұғымдардан аршып алды. Өз тарихының тереңдегі тамырларынан, жаһандық ислам дүниетанымынан сусындап, қазақ халқының жарқын келешегіне, ой-санасының оянуына жанған шамшырақ болды. Терең ойларымен қазақ халқының тарихи санасының, рухани қазынасының әлемдік деңгейге көтерілуіне мүмкіндік туғызды. Алаш қайраткерлерінің рухани бұлағы бола білді. Бір өзі ұлттық саяси элита, ұлттық буржуазиялық элита, ұлттық зиялы элита рөлін атқарды. Оның ең жарқын айғағы Абайдың өмір жолы, сөздік қоры әлі де болса қазақ халқын алға жетелейтінінде. Сондықтан не нәрсе Абайды жылатты? Не нәрсе Абайдың жанын от болып

күйдірді? Содан қазақ аулақ болса, Алланың берген нығметіне шүкіршілік жасағаны болар еді. Өткен тарихымызды жырлап, жылап өткен Абайдың да о дүниеде рухы шаттанар еді. Абай «жалпы халық арасында рет білген кісілердің жоқтығынан ел жүдеп-жадап, кім болса соның аузына қарап, жөнін біле алмай аңырайып» [1, 24] жүрген кезеңде тарих санасында пайда болды. Оның саналық сәулесі отаршыл саяси күштерді қазақтың сана қуатымен санасуға мәжбүр етті. Қазақ хандығы құрдымға кеткен шақта жаңа саяси жүйенің идеясына бастама болды. Өйткені бір халықтың бір тұлғасы құтқа айналса, атырабындағыларға сәулесін шашып, оларға нәр бере алатын қуатқа ие бола алады. Алла сүйген халқына рухани сәулесінен үлес беру үшін рухани қуаты мол жандардың дүниеге келуіне жағдай жасайды. Содан болар, шоғырлы жұлдыздар – Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып

Дулат, Халел Досмұхаммед, Мағжан Жұмабай, Тұрар Рысқұл сынды көрнекті қайраткерлер қазақ даласының саяси-рухани сардарлары болды. Олар Абайдай алып бәйтеректің тамырынан нәр алып, қанат жайған бұтақтары мен жапырақтарына айналды. Абайдың рухани бұлағынан сусындады.

Абайдың тарихи кезеңнің екі ұшты саяси дәуірінде өмір сүргені әл-Фараби бабасының тағдырымен ұқсас. Себебі әл-Фараби түркілердің исламиятты енді-енді мойындап, жаңа саяси жүйеге ауысып жатқанда өмір сүрді, әлем кеңістігінде жаңа ой жүйесінің қалыптасуына негіз қалады.

Абай шығыстық хәм батыстық дүниетаным бұлақтарынан нәр алып, Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-940) білім мен ғылым мектебін қайталады. Абайдың шығысы әл-Фарабидің мектебі болды. Ол сол рухани кеңістіктен нәр алды. Бұл жөнінде профессор Мекемтас Мырзахметұлы «Әбу Насыр әл-Фараби мен Абай пікіріндегі кейбір сабақтастықтардың болмысына назар аударып, пікір сарабына салғанда, алдымен, әрине, қазақ жерінің ұлы екі ойшылының көзқарастары мен танымындағы ұқсас жақтары бөлекше сөз етілмек. Абай шығармаларындағы ой желісінің нәр алар рухани көздерін өзі сілтеп отырған тура және жанама деректермен салыстыра отырып аша алсақ қана, көздеген мақсатқа біршама жақындай түспекпіз. Бұл іспеттес жанама деректер көзінің біріне ұлы ғұлама әл-Фараби мен Абай мұраларындағы ой желісінде орын алған пікір сабақтастығын да жатқызар едік» [2, 93], - деп жазды.

Абай өлеңінің мынадай бір шумағын оқығанда, онда кейбір қателер бардай болып көрінеді:

Ақылға сыймас ол Алла,
Тағрипқа тілім қысқа ah!
Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужүт ол куә [3, 98-99].

Сонымен қатар Абай және әл-Фараби арасында ой сабақтастығы бар ма екен деген пікірге келдік. Өйткені кітапта «неге мәужүт ол куә» деп берілген. Меніңше, «куә» сөзі дұрыс емес. Шындығында, «куә» болу керек. Сондықтан шумақтағы «куә» сөзін «куа» сөзімен алмастырсақ, Абайдың шумағындағы белгісіз ұғым түсінікті философиялық оймен сабақтасады. Сөйтіп, мәтіннің көшірмедегі қателігі дұрысталып, қалпына келеді:

Ақылға сыймас ол Алла,
Тағрипқа тілім қысқа ah!
Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужүт ол куа.

Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деуінің астарында жатқан ой, меніңше, өте маңызды, өзекті. Ақын ислам философиясын терең білді, бірақ сол кезеңнің құбылмалы саяси-қоғамдық, мәдени-әлеуметтік ахуалына орай исламдық дүниетанымын әрі қарай кеңінен таратып айтуға ыңғайы болмағандығын сезді. Сондықтан ислам ілімінің негізгі ой-өрісінің терминдерін, жалпы ислами дүниетанымын сипаттап айтуды қанағат тұтты. Өрісін келешек ұрпаққа аманат етті. Сөйтіп, қазақ ғылымында қазақтың дүниетанымының, діни-ислами болмысының зерттелуі замана талабына сай өміршең екенін «жұмбақтап» айтты. Демек, бұл да болса Абай жұмбағының бір қыры еді. Өйткені Абайдың ұғымында Алланы ақылмен ұға алмаймыз. Сондықтан да Алланы тілге алып түсіндіру мүмкін емес-ті. Кейінгі өлең жолында «барлығына шүбәсіз, неге мәужүт ол куа» дейді. Демек, ақыл Алланың адамзатқа сыйлаған тартуы бола тұра, Алланы толық ұға білмесе де, оның болғаны, атқара алатұғын кейбір міндеттері бар екенін аңғартады. Мұны не дейміз? Ол не? Ол – ақылдың пайымдағыш, ұға алатұғын қуаты. Әлемінің аясын түсінуіміз үшін ақыл күшінің шеңберін тануға тиіспіз деп үндейді Абай. Ақылдың қуаттылығы оның қай сатыда тұрғандығында екендігін Абай «Неге мәужүт ол куа?» деп ымдайды. Бұл жолдағы кілт «куә» сөзін қолымызға беріп отыр. «Куа» – қуат сөзінің көпше түрі. Яғни қуаттар, күштер. Абайдың өлең жолын қарапайым тілмен айтар болсақ, мынадай болады: «Неге ол күштер бар?» «Қандай міндетті атқаруға мұршасы бар?»

Абайдың мұндағы «куа» сөзі философиялық термин ретінде әл-Фараби пәлсапасында бар. Міне, осыдан барып, абайтанушы әйгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлының: «әл-Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын, ақын шығармашылығы нәр тартқан рухани көздерінің түп-төркіндерін іздегенде, біздіңше, алдымен, екі ұлы ойшыл айтатын «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен атасақ, оның «өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет болады» [2, 93], - деп жазған пайымдауына тоқтау керек. Өйткені «жан қуаты» – ауқымы кең, адам жанының күрделі болмысына жауап бере алатын күш. Бір сөзбен айтқанда, ақылдың адам жанын ұғынарда құбылып кететіні бар. Меніңше, Абай Алланы өз биігінде ұға алмайтын ақылдың өзі жәй күш емес екендігін айтпақ болды. Әйтпесе, ақыл адамның соншама құбылмалы күрделі «жан дүниесін» қалайша ұқпақ? Міне, бұл «күшті»

түсінуге жалпы ақыл сөзі жеткілікті болмағандықтан, оның перде сыртында жасырын тұрған ауқымды бағытқа тарай алатұғын «қуа» сөзін өлең жолына өзек етеді. Поэзия дәстүріндегі шумақтың соңғы жолы, ақынның ой қорытудағы «соңғы соққысы» іспеттенеді. Абай төрттік шумағының бірінші жолында: «Ақылға сыймас ол Алла», – деп, өлеңде негізгі мақсат тұтқанын көрсете білген. Әрине, Абай адам Алланы ақылына сыйдыра алмайды дегенді меңзейді. Сонымен қатар Абай соңғы соққысын соңғы өлең жолында түйіндеді. Онда «қуа» сөзімен адам бойындағы сан-алуан күштерге назар аударуға жетелейді. Өйткені қуаның ауқымы ақылдан кеңірек. Анығырақ айтқанда, ақыл қуаның бір тармағы болып саналады. Бұның бәрін Әбу Насыр әл-Фараби философиясынан таба аламыз.

Араб ғалымы Іәна-әл-Фахури, Хәлел-әл-Жәр «Философия тарихы Ислам әлемінде» атты еңбегінде әл-Фарабидің «қуа» сөзінің философиялық категориясын түсіндірген. Әл-Фараби әуелі нәпсіні бақылық және фанилық тұрғыдан үш топқа бөледі. «Бірінші тобы - бақытты таныған әрі оған жетуді мақсат етіп күрескен жандар. Бұл топ - мәңгілік бақытқа бөленгендер. Екінші тобы – бақытты таныған, бірақ одан қашқақтап жүргендер. Бұлар – мәңгілік жауыздыққа оранғандар. Үшінші тобы – бақытты тани алмағандар. Олар –сусындай алатын ақыл мәртебесіне жете алмағандар. Бұлар – әлі де болса материалға (тән) мұқтаж жандар. Бұлар тәннің жойылуымен біржолата жойылып кететіндер. Осыдан кейін адамзаттың нәпсісін әл-Фараби толық сипаттайды: «Хайуандық нәпсісі ағзаның арқасында өз міндеттерін атқарады. Бірақ адамда одан да басқа ақыл деп аталатын қуат бар. Ақыл өз міндетін орындауға ағзаға тәуелді емес. Нәпсі қуаты тамақтану, тәрбиелену, туу бағытында өздеріне көмекші қызметшілері бар. Ақыл қуаты заһирлық сезімдер мен жасырын сезімдерден тұрады. Мәселен, қиялдау, уайымдау, есте сақтау, ойлау қуаттары, шахуат пен қаһарлану қуаттары ағзаға қозғау бола алса, кейбір қуаттар түрткі бола алатын қуатқа ие емес. Бұл қуаттардың жұмыс істеу мүмкіндігі тек қана құрал арқылы іске асатын болғандықтан, нәпсі қуатының қатарында – тәжірибелік ақыл болып есептеледі. Сондықтан нәпсінің кейбір қуаты қозғаушы қуат болса, кейбірі ұғымтал қуатқа жатады.

А) Қозғаушы қуат екі топқа бөлінеді: 1 – өну қуаты. Бұл қуат өсімдік, жануар, адам арасында ортақ қуат болып табылады. Оның көздеген мақсаты тірі жанды қорғау және одан әрі өсіп-өнуін қамтамасыз ету. Сондықтан

тағамдану, тәрбиелену, өну қуаттары осы топқа жатады. 2 – шабыт қуаты. Бұндағы қуат адамның бір нәрсеге ынтық болуға немесе бір нәрседен аулақ болуға, сүюге немесе жиіркенуге, таңдауға немесе бір нәрседен бас тартуға түрткі болады. Махаббат пен кек, достық пен жауластық, үрей мен тыныштық, ыза мен ризалық, шахуат пен жанашырлық тағы басқа нәпсіден туындайтын қуат көзі болып табылады. «Талап осы қуаттан нәр алады. Өйткені талаптану қалау мен шабыт арқылы ұғынылады. Бір нәрсеге ұмтылу не одан бас тарту кейде сезім арқылы, кейде қиялдау арқылы, кейде сананың қуаты арқылы жүзеге асып жатса, қалау мен шабыт оның негізгі себептері болғандығынан», –дейді.

Б) Ұғымтал қуат – үш қабатта қарастырылады. 1 – сезімтал қуат. Ол бес сезім мүшесінен тұрады. Бірақ ішкі сезімнің ұға алатындарын хауастың (сезімтал қуат) ұға алуға шамасы жетпейді. Өйткені: «ішкі дүниені сезе алу нәпсінің міндеті, ал сезімтал қуат (хауас) тек сыртқы құбылыстарды сезеді», – дейді әл-Фараби. 2 – қиялдау қуаты. Бұл қуат пайда болған сезімдер ғайып болып кеткеннен кейін олардың бейнесін сақтайды. Кейбірін басқа да бейнелермен аралас-тырады. Сондай-ақ, кейбір бейнені басқалардан бөліп алады. Ұйқыда не өңінде араластыру не бөлу процесстері осы қуат арқылы іске асады. Кейбір жаңа бейне шындыққа жанасып жатса, кейбірі жалған болып шығады. Сонымен қатар пайдалы-зиянды ләззат пен азапқа бөлейтін ұғымдар осы қуаттың болуынан сезіледі. Бірақ ахлақтың жақсы не жаман екенін ажырата алмайды.

Қиялдау қуаты жануарларда күмән қуаты іспеттес. Онда сезім мүшесінде сезімдер ұғынықты сатыға көтеріле қоймаса да жануарлар өзіне тиісті іс-әрекетті түсініп, оған қарсы шара қолданады. Мәселен, қой қасқырдың қастығын осы қуат арқылы түсініп, одан қашады. Осы күмән қуаты адамға тән «ойлану қуаты» деңгейінде көрініс табады. Сондықтан қиялдағы бейнелер бір-бірімен араласып, олардың тәні – жануар, басы – адам мақұлықта бейнеленеді [4, 122-128]. 3 – сөйлеу-баяндау қуаты. Бұл қуат арқылы ақылға тән ұғымдар пайда болады. Осы қуат арқылы көрік пен көріксіздік, жақсы мен жамандықтың ара-жігі айқындалады. Осы қуат арқылы өнер, ғылымға қол жеткізе аламыз. әл-Фараби Аристотельден кейін сөйлеу қуатында екі түрлі қуат бар екенін анықтады. Бірі – теориялық қуат. Бұл қуат арқылы адам «тануға» қол жеткізеді, екіншісі – тәжірибелік қуат – онда адам түрлі техникалық, бұйымдық материалдарды өңдеу

шеберліктеріне қол жеткізе алады» [5: 425, 426, 427] Меніңше, «қуа» сөзінің түйіні ислам философиясының, оның ішінде Әл-Фарабидің дүниетанымымен ұштасып жатыр. Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының: «Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтық» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып, білу күрделі проблемаға айналып, о бастан-ақ қарама-қарсы көзқарастар өріс алды. Адамның «өзін танымақтық» жөніндегі ілімнің бастапқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған әл-Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Соңыра бұл жолды ғылым саңлақтары Ибн Сина, Ибн-Бажа, Ә.Науаи, Ғуламаһи Дауани, Жүсіп Қарабағилар жалғастырған.

Адамның «өзін танымақтығы» жөніндегі Абай шығармаларындағы мол таратылған пікірлердің түп-төркіні осы ғалымдар еңбегіндегі ойға барып ұштасады» [2, 93], – деп жазғаны да Абай ойының түйінін әл-Фараби сынды ұлы ойшылдардың ойымен ұштасып жатқандығында екенін айқындай түседі.

ӘДЕБИЕТ

1.«Қазақ» газеті жинағы / Бас редактор Ә.Нысанбаев. - Алматы, 1998.

2.Мекемтас Мырзахметұлы. Абайдың адамгершілік мұраттары. - Алматы, 1993.

3.Абай Құнанбайұлы шығармалары. 2-том. - Алматы, 2004.

4.Ислам Жеменей. Абай шығармасындағы ислами терминдер хақында // Абай мұрасы – тілдік өрістің негізі. - Алматы, 2005.

5.Ғана Әл-Фахуриел-Әл-Жәр. Философия тарихы - ислам әлемінде // Заман.

* * *

Қ.Мәдібаева

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Абайдың өлеңдері. Абай өлеңдерінің құрылысы. Абай өлеңдерінің құрылысының зерттелуі, қазіргі жағдайы, келешегі.

Тірек сөздер: Абай, өлең, өлең құрылысы, зерттелуі, тарихы, қазіргі жағдайы, келешегі.

Қ.Мадубаева

ВОПРОСЫ ИССЛЕДОВАНИЯ СТИХОСЛОЖЕНИЯ АБАЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Стихотворения Абая. Стихосложение. История, современное состояние и перспективы исследования стихосложения Абая.

Ключевые слова: Абай, стих, стихотворение, стихосложение, изученность, история, современное состояние, перспективы.

К. Madibaeva

THE ISSUES OF RESEARCH OF ABAI'S POEMS' STRUCTURE

Abstract. The issues dealt in this article. The poems of Abai. Versification. History, current status and prospects of studies of Abai's poems' structure.

Keywords: Abay, verse, poem, poetry, research, history, current status and prospects.

Абай өлеңі – ақындықтың алуан құбылған мінезі. Сырғыған нұрдан сыр аулап кеудеге қуаныш жайылған сәт. Тылсымға қамалып, тығырыққа тіреліп, болымсызға болдырып отырған шарасыз күй. Жан жанып, жанарда күн ойнап қайтадан тірілген құштарлық...

Абай жырының өлмейтін өлең мәніндегі құпиясының бірі оның құрылымында. Сол негізде Абайдың өлең құрылысын зерттеу қашан да мәнді.

Кейінгі кезеңде Абай ақындығы, Абай дүниетанымы, Абайдың өмірбаяны, Абайдың әдеби мұрасының зерттелу тарихы тұрғысында елеулі жаңа ғылыми бағыттар айқын-дала түсіп отыр. Өскен, озған жұрттардың өнегесінде Абайдың ақындық әлеміне біз де түбегейлі бас қою мүмкіндігіне ие болдық. Тарих

қазақтың тағдырын сан мәрте талқыға салған тұстарда тұтас танымға тарту мүмкін болмаған Абай ақындығы айналасына барып тірелетін тарихи-әлеуметтік, мәдени негіздер мен көркемдік заңдылықтардың дәстүрлі, жаңашылдық бағыттар аясындағы өрісі қазіргі кезеңде соны саралаудан өтіп, тың пайымдаулармен тұғырлана түсуі – абайтануың қазіргі кезеңдегі ғылыми нәтижелері әрі келешек зерттеу бағдарлары. Абай ақынығын осы тұрғыда ХІХ ғасырдағы қазақ өлеңінің түрі мен тегі туралы тұғырлы тұтас таным аясында жүйелі ғылыми негізде бағалап, саралаудың өзіндік мәні бар.

Абай ақындығының айналасын айқындай түсуде, ұлттық арқау, шығыстық, батыстық негіздерін игеруге ұмтылуда Абаймен тұтас,

Абайдан ілгерідегі өлең түрлері мен поэтикалық тәсілдерді тұтастай нысанаға алып отырып қазақ өлең тарихы мен теориясының ғылыми нәтижелері ауқымындағы жинақтау мәнді нақтылы пайымдаулар қажет.

Абайтану тарихында Абайдың өлең түрі тұрғысында бір ғасырдан астам уақыт қарастырылып келе жатқан арнайы сала бола тұра, қазіргі кезеңде осы мәселенің абайтанудағы өзекті жайлардың бірі болып қалып отырғандығы белгілі. Мұндағы түрлі себептердің жай-жапсары абайтану мәселелерін ғылыми негізде зерделеген белгілі ғалымдардың еңбектерінде айтылып, қамтылып отырды.

Дегенмен де, айқындай түсуді, нақ-тылай түсуді қажет етіп отырған, қайсыбір құнды болжам, зерттеулерді ғылыми айналымға қосудағы ынта-ықыластың кемдігінен қазақ өлеңінің даму тарихындағы елеулі мәндердің қағаберістеу қалып отырған да жайлары бар.

Абайдың өлең түрлеріне қатысты қазір-де ауызша поэзия үлгісіндегі, ортағасырлық түрік поэзиясы өлшемдері, ұйқас ерекшелігі түріндегі, халық ауыз әдебиеті үлгісіндегі және орыс поэзиясын аудару үдерісіндегі ықпалдастық негізде шығарылған туындылары деп жүйелеп бөліп қарастырудың да қажеттілігі байқалып отыр. Осы негізде Абайдың дәстүрге бару, дәстүрден алу, дәстүрді жаңғыртып ұқсату шеберлік тәсілдерінің әлі де жұмбақтау қалып келе жатқан қырлары, ақындық өсу, кемелдену үдерісіндегі айқын белгілер нақтылана түсер еді.

Ілгеріден бері Абайдың өлең құрылысы, Абайдағы өлең түрі туралы нақтылы нәтижелерді назарға ала отырып, кезеңінде тасалап қана қылаң берген арғы жағы мығым ойларды оята отырып, кәнігі өлең білгірлерінің, өлеңтанушы мамандардың теориялық танымындағы мызғымас негіздерді тұғыр ете отырып қайта бір айналып соғып, Абай поэзиясының өлеңдік болмыс құпиясын ендігі мүмкіндіктер ауқымында және бір саралаудың нәтижесінде жалпы қазақ өлең тарихындағы қазірде де толық жүйеленіп болмаған, негізделіп аяқталмаған аса елеулі заңдылықтар мен құбылыстарға да қаныға түсер едік.

Бұл мәселеде пісуі жетіп, түсіруді күтіп жатқан фактілер, сәл ден қойсақ айқара ашылып кетейін деп тұрған құпиялар жетерлік. Заманында бар дүниемізді басқалар түгендеп бергендей шалықтап, алысқа алақтаған күндеріміз болды. Өзегімізде жатқан өзіндік болмысымызды өзгенің қалпына түсіруге ынтығып өзеуреуге де мәжбүр етті. Көкірек көзі ояу көсем ұлдарының айтқанына халықты иландырмаудың көп амалы жасалды.

Халықтың мыңсан құрсауға түскен азаматтық тарихының қасіреті қазақ әдебиетінің тарихын түзу, дәуірлеу, теориялық тұрғыдан қисындау сияқты ұлттық бітіммен астасып жатқан аса қастерлі қымбат мұрасының таралу, танылуында да қалды.

Тәуелсіздік кезең әдебиеттануы баяу баппен алыстан шалып, ауқымымен қамтып талай дүниені еңсеріп, игеріп келе жатқан қалыпта. Қазақ әдебиеттану ғылымында дәуірлік зерттеу мәселелерін тұтасымен жалпыадамзаттық көркемдік таным, игіліктер өрісіне көтеріп шығатын әлует бар.

Соңғы жиырма жыл ішінде ұлттық тұғырымыздағы мызғымас бүтін бітім (З.Қабдолов – Қ.М.) – Абай әлеміне әр тарап-ан жаңадан бір бас қойып, қайнарынан қанып ішуге тағы бір ынтығып, ынта көрсетіп отырған үрдісіміз бар.

Абайдағы зарзамандық арқау, қоғамдық-әлеуметтік ақиқат, айтушы мен тындаушы, дін, дүниетаным, кемелдік ұстанымдары, дәс-түр, Абай шығармашылығының жанрлық арқаулары, Абай аудармаларының шығармашылық әлеуеті, т.б. жан-жақты зерттеліп, зерделенуде. Абайдың туысы мен өміріне, абайтанудың қилы тарихына да ден қоюдамыз. Соның барлығы да, ең әуелі, негізінен, Абайдың өлеңіне, ақындық әлеміне барып соғып айтылатын қисындар, жасалатын тоқтамдар. Осы ыңғайда, әрине, Абай поэзиясы түр, құрылым, өлшем, тілдік құрам, сөз айшықтау, сөзжасам, т.б. тұрғысында қамтылып отырады.

Дегенмен де, өкінішке орай, қазіргі абайтануда, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында абайтанудағы әу бастан күн тәртібіне қойылып, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, І.Жансүгіров, Ғ.Сағди, Ғ.Тоғжанов, Қ.Жұбанов, Б.Кенжебаев, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, М.Мырзахметов, т.б. ондаған зерттеушілерден қойған Абай өлеңін теориялық негізде тану, тарихи тұрғыдан бағалау мәселелері арнайы зерттеулерге тартылыққырамай, қағаберіс қалып келеді.

XX ғасырдың өн бойында абайтану ілімі бұл мәселені мейлінше зерделеді. Сол негізде қазақ өлеңінің жаратылыс-болмысына да бойлатып отырған елеулі-елеулі байлам-болжамдар да жасалған. Ірі әдебиет қисыншылары, ірі әдебиет тарихшыларының қазақ өлең құрылысы, өлең тарихындағы негізгі өлшем, үлгілер туралы жасаған аса айқын, нақты ғылыми байламдары тек саяси ахуал зардабынан ғана емес, сол кезеңнің зерттеу мүмкіндіктері, әдеби мұраның тұтастай игеріле қоймау себептерінен де шиыршық атып, ши-

рыққан өзекті мәселе мәнінде күн тәртібіне қойыла бермеді.

Қазақтың байырғы, әу бастағы өлең түрлері туралы сөз қозғауында, зер салып қарағанда, Шоқан Уәлихановтан бері қарай бел ортасында Сәбит Мұқанов тұрып, Зәки Ахметов тоқтамын айтқан құнды қисын, құнарлы негізге құлаған айқын таным жатыр.

Қазақ өлеңінің теориялық мәселелері Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» сол дәуір ауқымындағы дерек, дәйек деңгейінде мейлінше молынан қамтылып, көркемдік танымға тартылды. Осында Ахмет Байтұрсынұлы Абай поэзиясының түр үлгілеріне қатысты да нақтылы сөзге барып отырды. Ілгеріде «Қазақтың бас ақыны» мақаласында Абайдағы өлең үлгілеріне орай тарқатып айтпағанымен, түйіндей сөйлеген мынадай бір тұжырым бар:

«Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайған болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік» [1, 219].

1954 жылы Бейсенбай Кенжебаев мәселеге назар салып, «Қазақ өлеңінің құрылысы» атты зерттеуінде қазақ өлеңінің бұл өзекті жайында, мәселенің қойылымында Абай өлеңінің құрылысына аса мән берілуі керектігін қадап айтып көрсетеді.

«Қазақ халқының бұрын-соңды әдебиетінің әлі зерттелмеген, шешілмеген, тың, проблемалық мәселелері өте көп. Солардың бірі, күрделісі – қазақ өлеңінің құрылысы деуге болады.

Қазақ өлеңінің құрылысы туралы сөз еткенде оны мынадай кезеңде бөліп тексерген жөн: 1) қазақтың ертедегі өлеңінің құрылысы; 2) Абай өлеңдерінің құрылысы; 3) Абайдан кейінгі қазақ өлеңінің құрылысы» [2, 85].

Бейсенбай Кенжебаев Абайдың алдындағы қазақ өлең құрылысына тоқталмас бұрын осы бағыттағы қорытынды пікірлерге назар аударады. Осында ғалымның ол тоқтамдарға белгілі бір дәрежеде сын көзбен қарағаны көрінеді. «Қазақ өлеңі буын, бунақ саны, ұйқасы бәрі бірдей, дәлме-дәл болып келеді; онсыз өлең болмайды десті» деп, осы түйінге соншалықты келісе бермейтінін сездіреді.

Әрі қарай ғалым нақтылы бір мәсе-ледегі өзінің үзілді-кесілді пікірін нақпа-нақ айтады.

«Екінші, қазақтың ертедегі, Абайға дейінгі өлеңі екі-ақ түрлі болады. Оның бірі – төрт тармақты, он бір буынды, ақсақ ұйқасты қара өлең, екіншісі – тармағы, ұйқасы айнымалы,

жеті буынды жыр дегенді айтты. Мы-салы, Сәбит Мұқанов Абай шығармалары толық жинағының 1939 жылы басылуына да, 1945 жылы басылуына да жазған сөзбасында: «Абайға дейінгі қазақ өлеңдерінде екі-ақ түр болушы еді: төрт жолды, әр жолы 11 буынды, үйлесі *ааба* боп келетін қара өлең, үйлесінде белгілі өлшеу жоқ, жолдары 7 буынды боп отыратын жыр», – деп жазды.

Біздің байқауымызша, соңғы қорытынды – байыбына жетпей айтылған ұшқары, үстірт, тіпті қате қорытынды. Дұрысында, қазақ халқының ертедегі, Абайға дейінгі өлеңі бір-неше түрлі болған», – деп келіп, Б.Кенжебаев 11 буынды қара өлеңнің көп тар-мақтылығына мысал келтіреді. Содан кейін мынадай тұжырым жасайды: «Демек, 1) қазақтың ертедегі, Абайға дейінгі қара өлеңі төрт тармақты ғана болмай, көп тармақты да болып келеді, 2) қазақтың ертедегі, Абайдан бұрынғы қара өлеңі, тек ақсақ ұйқасты ғана болып келмей, егіз, ерікті ұйқасты да болып келеді» [2, 87].

Осы зерттеуінде Бейсенбай Кенжебаев өзінің дәлел-дәйегін Шоқан Уәлихановқа жүгіне отырып бекіте түскен.

Біздіңше, әдебиет тарихының аса білгірі Бейсенбай Кенжебаев осы тұста Шо-қан Уәлиханов қадап, мән беріп айтқан мәселені ескере қоймаған. Шоқан өлеңнің қасиетін ашып айтпаған деген пікір – Бейсенбай Кенжебаевтың өз пікірі.

Қазірде, қазақ өлеңінің тарихына қатысты арғы негіздер, XIX ғасырдағы әдеби ықпалдастық мәселелері қозғалып, ой қорытылып, белгілі бір нәтижелер туып, келешек зерттеу бағыттары айқындала түсіп отырған кезеңде Шоқан Уәлиханов жүйесіне нақтылы әдеби, тарихи факт есебінде, бары мен жоғын қайта бір пайымдап отыру өресінде, Шоқан Уәлихановтың 5 түр – «өлең» тұрғысындағы дерек, дәйегі қазақ өлеңінің құрылысы, тарихы бағытында аса маңызды пікір.

Біздің бұл тұста қазақ өлеңінің байырғы түріне қатысты сөз қозғап отырған-дықтан, осыған байланысты өлең теоретигі Зәки Ахметовтің қисындарына назар салдық. Өлең сөздің ерекшелігі, жасалу заңдылығы, құрылым жүйесі, өрнек өлшемі, тіл кестесі туралы

терең пайымдаулармен тұтасқан «Өлең сөздің теориясы» еңбегінде Зәки Ахметов мына бір жайға назар аударуында (Сәбит Мұқановтың қазақта бұрын 11 буынды қара өлең мен 7 буынды жыр түрі ғана болған деген ойымен үндес – Қ.М.) теориялық тоқтамға баруында бұл мәселеге түбегейлі, тұғырлы тұрғыда қарап сөйлейді (мұнда XX ғасырдағы

өлең фактісі де ескерілген – Қ.М.). «Қазақ поэзиясында ең көп қолданылатын өлең өлшемдері – жеті буынды, жеті-сегіз буынды, он бір буынды. Алты буынды өлең, онан да қысқарақ төрт буынды өлең сиректеу кездеседі. Он төрт, он бес буынды өлеңдердің тармағы құрама болып келеді. Яғни жеті буынды екі тармақтан, не жеті, сегіз буынды екі тармақтан құралған болады. Бірақ қазақ поэзиясында ертеден жеті буынды, жеті-сегіз буынды, он бір буынды екі-үш-ақ түрлі өлшем болыпты деп қомсына қарауға ешбір негіз жоқ. Жалғыз қазақ поэзиясында ғана емес, тіпті дүние жүзі халықтарының әдебиетінде де көбірек орын тепкен өлшемдер жеті-сегіз буыннан он бір буынға дейінгі өлшемдер болғанын көреміз» [3, 132].

Зәки Ахметовтің тармақтағы буын саны, өлшем ырғағы, олардың мәні туралы айтқан байламдарының Абайдағы өлең құрылысын, өлең түрін, жанрлық сипатты ашуда ұдайы ескеріліп отыруы – Абай өлеңдерін 7-8 буынды, 11 буынды болып келгеніне орай жадағай-жалпы бағалай салуға жібермейтін, өлеңтанудың күрделі қисындары жатқан шумақтағы тармақ санына, ұйқас түріне қарай да жіктеуді, жанрын айырып, түрін табуды жинақыландыра түсетін тың бағыттардың тынысын кеңітуге таптырмас теориялық тұғыр.

Абай өлеңінің түріне, құрылысына қатысты мәселеде Абайды өзіне шейінгі, өз тұсындағы өлең түрінің барлығын дерлік пайдаланған деген (Ғаббас Тоғжанов, т.б. жеке пікірлер – Қ.М.) тоқтамның да астар-айтпағын ескеріп отырған жөн. Мәселен, Абайда 11 буынды өлшемнің соңғы бунағы 3 буынға құрылған бірде бір өлең жоқ екендігіне арнайы қарап шығып, көз жеткіздік. Осындағы гәп Зәки Ахметов қазақ өлең құрылысына қатысты айтатын мына бір нақты байламға қатысты

сияқты: «Асылы, қазақ поэзиясында тармақтың неше бунаққа және қандай бунаққа бөлінетінінде зор мән бар. Бұл пікірді мысалмен дәлелдейік. Он бір буынды өлшемнің соңғы бунағы үш буынды болып келген түрі (4 буын + 4 буын + 3 буын) революцияға дейінгі дәуірде аз тарап келгені белгілі. Оның себебі мұндай өлең ауыз әдебиетіндегі әдет бойынша әуендетіп, әндетінкіреп айтқанда өлең ырғағы біркелкі естілетіндіктен» [3, 133].

Абайдың өлең құрылысын зерттеуде тармақ, шумақ, буын, бунақ, ұйқаспен үйлестіре отырып жанр заңдылығы, өлеңдік үлгінің тарихи-әлеуметтік алғышарты, тіл айшығы, дара тәсілдер, әдеби дамудың тұтас бір дәуірдегі дәстүрлі негіздері мен жаңа бағыттары тұрғысында ой қорытуға да кеңістік ашылады.

XIX ғасырда әдеби әдіс, бағыт, стиль арасында аса қызу, аса айқын тартыстар болып өтті. Ол әрбір шығармашылық тұлғаның өзіндік көркемдік әлемінде де жүріп жатты. Абайдың ақындық тұғырын мықтап шыңдаған әрбір көркемдік фактінің мәні абайтанудың олжасынан ілгері озып жатыр. Абай өлеңінің арқауындағы айқын азаматтық, адамшылық, қоғамдық-әлеуметтік сарын, желілер нақтылы өлең түрінде көркемдік, рухани кеңістік көгіне көтерілді. Осы мәнде тармағы, шумағы, буын, бунағы, ұйқасы мен ырғағы – ішке бүккен сыры көп Абай ақындығының аса айқын айғағы, құнын көтеріп, бағасын асырар құрылымдық негізі.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 494 б.
2. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін... /Құрастырып, алғы сөзін жазған ф.ғ.д., профессор Қ. Ерғөбек. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 344 б.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
4. Тоғжанов Ф. Абай. – Алматы-Қазан, 1935.

* * *

С.Ізтілеуова

АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ МҰРАЛАРЫ – ҰЛТ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ТІРЕГІ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абай мен Шәкәрім арасындағы шығармашылық байланыстар. Ақындық ұстанымдағы ортақ және дара ерекшеліктер.

Ақындық дүниетаным.

Тірек сөздер. Абай, Шәкәрім, шығармашылық, байланыс, ортақ және дара ерекшеліктер, ақындық, дүниетаным.

С.Измалева

ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ АБАЯ И ШАКАРИМА КАК ОСНОВА НАЦИОНАЛЬНОГО МИРОВОСПРИЯТИЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Творческие связи Абая и Шакарима. Общее и особенное в творческих принципах. Ақындық дүниетаным. Ключевые слова: Абай, Шакарим, творчество, связи, оющее, особенное, поэтическое, мировоззрение.

S.Iztleuova

LITERARY HERITAGE OF ABAI AND SHAKARIM AS THE BASIS OF NATIONAL WORLDVIEW

Absrtract The issues dealt in this article. Abai and Shakarim's creative communications. General and particular issues in the creative principles.

Key words Abai, Shakarim, creativity, communication, general, special, poetic worldview.

Абай, Шәкәрім шығармашылығының заман өткен сайын маңыздылығы, қоғам үшін, адам үшін тәрбиелік мәні, құндылығы арта түсуде. Қазақ елінің дамуы мен рухани өркендеуі үшін адамның жетілуі, адамның рухани дамуы мәселелері мемлекеттік дәрежеде қолға алынуға тиісті. Себебі адамның рухани жетілуі мәселесі - елдің өркендеуіне, бостандықта өмір сүруіне ықпал ететін күш.

Әрбір ұлттың, халықтың ғасырлар қойнауынан келе жатқан қорғаныс қабілеті, қорғаныс механизмі болады. Мәселе, тек экономикалық және әскери қуатқа ғана байланысты емес. Ұлтты ұлт ететін - оның рухани, дүниетанымдық, тілдік және дәстүрлік бірліктері. Соңғы жылдары осы құбылысты ұлттық, этникалық бірегейлену (национальная идентификация) деп атап жүр. Ұлттық бірегейленуге жетіскен жұрт ортақ мақсаттар мен құндылықтарды түсінген, сезінген жұрт болып табылады.

Міне, осы ұлттық бірегейлену этностың қорғаныс қабілетін нығайтушы маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ал ұлттық бірегейленуді жасайтын, ұлтты топтастыратын аса мәнді рухани күш - осы ұлттың ұстаздарының шығармашылық мұрасы. Жалпы-халықтық тәлімдік мәні бар, ұлттық идеяларды ұсынған ғұламалар өз ойлары мен пікірлері арқылы ұлтты топтастыра білген. Олар ұсынған рухани құндылықтар ұлттың қорғаныс қабілетін күшейтіп, оның ішкі және сыртқы қауіптерге қарсы күрескерлік мүмкіндіктерін арттырады. Өз ұстаздарының шығармалары рухында тәрбиеленген халық мемлекет алдындағы мақсат міндеттерді жақсы түсіне алады, ұлттық мұраттар төңірегінде тоқталуға жетіседі.

Абай мен Шәкәрімнің рухани және адамгершілік мұралары осындай ұлтты ұйыстырушы және топтастырушы қабілетке ие. Қазақ халқы Абай мен Шәкәрім ұсынған идеялық қағидалар төңірегінде біріге алады және бірігуде. Олар ұсынған құндылықтар халыққа

қажетті және түсінікті. Қазақ ұлтының қазақ тілін жетік меңгерген бөлшегі өзінің рухани ұстаздарының ұсынған құндылықтарын меңгеруге ұдайы ұмтылса, біртіндеп қазақ тілін білмейтін бөлшегін де өзіне тартып, ұлттық бірегейленуге әкелетіндігі даусыз. Ол үшін рухани ұстаздардың шығармаларында ұсынылған құндылықтарды уағыздау, насихаттау арқылы оларды басшылыққа алу дәрежесіне көтерілуіміз міндет. Ұлт ұстаздары елдің тағдырлық мәселелерін терең талдай білген. Ұлт мәселесін елдің рухани өмірінің құрамдас бөлшегі ретінде қарастырады.

Шәкәрім «Абай» журналының 3-санында, 1918-ж. «Ұлтшылдық туралы» атты мақаласын жариялаған. Онда: «Абай» журналының екінші нөмірінде жарияланған ардақты Мәнен бауырымыздың «Ұлтшылдық» деген мақаласына бірауыз сөз айтқымыз келеді.» - деп мақаласының жазылуы себебін білдіреді. Осы мақалада Шәкәрімді толғандырған мәселе: ұлт, ұлтшылдық, ұлтты мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Мәнен Туғанбай «Ұлтшылдық» деген мақаласында: «Қысқасы, ұлтшылдардың мақсаты әрбір ұлттарға мәдениет кіргізіп, бақыт таңының атуына себепші болмақ. Мәдениет күшейген соң өздері-ақ кісішілдік пікірін тауып алады. Ұлтшылдар әр жұртты шиеленістіріп, қы-рылыстыру, өз ұлты үшін басқаларды құрбан қылу деген ойдан жырақ», - деп жазады. Шәкәрім Мәнен Туғанбайдың мақаласына сын ретінде және «ұлтшыл» қандай болуы керек дегенге былайша анықтама береді: «Менің ұғуымша, ол кісі: «Ұлтшылдықтан мәдениет, мәдениеттен адамшылық туады», - дейді. Бұған дәлел керек қой!? Көріп отырмыз, ұлтшылдық пен мәдениеттің ең жоғарғы басқышындағы Европа, олар адамшылық қылып отыр ма? Менің ойымша, әлі күнге шейін, асса ұлт, қалса өзімшілдіктен оза алған жоқ. Себеп не? Ұлтшылдық мәдениетті туғызса да, ақ жүрек туғыза

алмайды; ақ жүрек дегеніміз «Ұждан» (Әмме жанға махаббат, шапағат, ғаділет), қазақша тәмәм адам баласын бауырындай көріп, жаны ашып, әділет қуу. Осы айтылғандай, ақ жүрек көбеймей тұрып, адамшылық жеңе алмайды. Ұлтының кемшілігін толтыру, артықты өзгелерге зиянсыз жолмен табу-ақ жүрек (ұждан) ісі. Оны істеп отырған кім бар?» - деп жазады. Ал ақ жүректің сапасын ойшыл өз шығармашылығында былай береді: «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық, ақ жүректен шығады.» Шәкәрім «Ұлтшылдық туралы» мақаласын да ары қарай мынандай ой айтады: «Және Мәннен бауырымыз: «Партиялардың бәрінің көздеген мақсаты дұрыс», - дейді. Қата қылса да, енді дұрыс демесе, ақиқат біреу-ақ емес пе? Менің ойымша, осы ХХ ғасырдың өнер елдерінің – білімі қылған ісінен, біле тұра нәпсісіне құлдығы зор сықылды. Қорытқанда, «ақ жүрек» қайтсек табылады? Қайткенде соны таба аламыз? Бар мақсат енді сонда болу керек қой». Шәкәрімнің қағидалық ойлары қазіргі кезде «ұлт мәселесі» төңірегінде пікір айтып, «ұлтым менің» деп жүргендерге ой салып, жөнге келтіретіні ақиқат. Абайға сүйеніп айтсақ: «Әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратләнү керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек». Міне, адам мәселесіне қатысты Абайдың осы тұжырымын ұлт мәселесін зерделеуде пайдаланғанымыз абзал болар.

Ұлт ұғымы қадірлі де қасиетті ұғым. Ұлт ұғымы туралы сөз айтылғанда, жүректегі махаббат сезімің оянып, ұлтыңа деген ыстық ықыласың мен тамаша ақ ниетің сезілмесе, құр айқайымыз бен жалаң да жадау әрекетіміздің зиянын тигізіп алатынымыз анық. Оны ұлт ұстаздарының қағидалары айқындап тұр.

«Ұлттық өзімшілдік» дегенімізді ұлттың өркендеуіне кесіп-пішіп, таңып, солай болуға тиісті десек, ғұлама Шәкәрімнің: «Менің ойымша, әлі күнге шейін, асса ұлт, қалса өзімшілдіктен оза алған жоқ», - деген пікірі қазіргі кезеңдегі қазақ қоғамындағы психологиялық хал-ахуалды да аңғартып тұрған сияқты. Шәкәрім адамның рухани жетілуіне «өзімшілдіктің» зиянын шығармашылық-тарихында жеріне жеткізе дәлелдеп, суреттеген. Ары қарай былай дейді: «Ұлтының кемшілігін толтыру, артықты өзгелерге зиянсыз жолмен табу-ақ жүрек (ұждан) ісі. Оны істеп отырған кім бар?» Өзгелерге зиянсыз жолмен ұлт өркеніне игілікті істер істеу үшін «ақ жүректі» болуы игі іс, ал енді осы көзқарасқа «ұлт мәселесін» сөз еткенімізде ойшыл Шәкәрімнің пікіріне ден

қойғанымыз дұрыс болар. Себебі, өзгенің мүддесіне қайшы әрекеттен өзімшілдік туындатып, зиянды басқаға тигізіп, зардап әкелудің түбі өзіңе, өз ұлтыңа жаманшылық жасау. Міне, сондықтан Шәкәрім «ақ жүрек» мәселесіне былай анықтама береді: ақ жүрек дегеніміз «Ұждан» (Әмме жанға махаббат, шапағат, ғаділет), қазақша тәмәм адам баласын бауырындай көріп, жаны ашып, әділет қуу. Осы айтылғандай, ақ жүрек көбеймей тұрып, адамшылық жеңе алмайды». Ендеше, ұлт мәселесін сөз еткенімізде өз бойымызда жоғарыдағы пікірге сай қасиет бар ма деген сұрақ төңірегінде жұмыс жасағанымыз абзал болар. Осындайда Абай қарасөзіндегі: Егер есті адамның қатарында болғың келсе, аптасына бір рет немесе жұмасына, айына бір рет есеп алудың» тиімділігі зор. Яғни өз-өзіңнен есеп алу, өзіңді тануыңа көмектесері сөзсіз. Адамы дұрыс қоғамның ісі, мәдениеті де, ақыл - ойы да, әлеуметтік жағдайы, хал-ахуалы да дұрыс болатыны анық.

Ұлт мүддесіне қатысты мәселеде ойлы пікір айту үшін де «мың ойланып, толғанып, барып» ой сүзгісінен өткізіп, байыппен қарап, Абай мен Шәкәрім айтқан қағидаттарға ден қойғанымыз жөн болар. Себебі, ұлт ойшылдары өз ұлтының кемшін тұстары мен жетістіктерін әбден сын елегінен өткізіп барып, мәселені анық та айқын алдыға қойған. Кемшіліктерімізді жөндеу арқылы, жетістіктерге жете алатынымызды, өзімізді тәрбиелеудің маңыздылығы ұлтымыздың өркендеуіне жол ашатыны жайын-да нақты ойларын өз туындыларында көрсеткен. Ендігі біздің басты міндетіміз олардың тіректі ойларын, өз ұлтымыздың мүддесіне қызмет жасау үшін айналымға енгізіп, қоғамдық сананың алыптар армандаған кемел деңгейде жаңғыра түсуін жүзеге асыруымыз қажет. Ұлтшылдықты өзімшілдік тұрғысынан түсінсек, сөзсіз ұлт өркеніне кедергі келтіретініміз анық. Қазіргі кезеңде қоғамымызды жегі құрттай кеулеп жатқан рушылдық дерті надандық, өзімшілдік сынды Абай мен Шәкәрімнің зығырданын қайнатқан кеселді қасиеттердің туындап отырғаны айғақ. Әрине, шыққан тегіңді біліп, туған жеріңді аялау, бұл - ардақты да қасиетті іс. Ол әрбір қазақ баласына тән қасиет болуға тиісті.

Алайда осы жан дүниендегі тамаша сезімді, дүнияуи істер тұрғысында жүзеге асырудың залалы қоғамды жайлап, елдің өркендеуіне кесірін тиізіп отырғаны шындық. Жершілдік пен рушылдық тек қана жекенің пенделік ісін қамтамасыз етуге қызмет жасап отырғаны - ұлттың дамуына кедергі келтіретін бірден-бір фактор. Осы кесепатты жекенің немесе белгілі бір мүдделі топтардың қажетін өтеуі үшін

пайдалануы жастардың болашағына балта шабу деп есептейміз. Өз жерінің немесе өз руының дарынсыз да, қолынан іс келмейтін баласын билікке іліккен соң бауырына тартып, оған басқаларға билік айтқызып, жөн сілтеткізіп, шірелдіріп қою, өкінішке орай, біздің қазіргі өмір сүріп отырған қоғамымызда жиі кездесіп отырғаны анық.

Міне, осыдан барып, қазақтың жақсыға ұмтылған баласының жолына бөгет болып, болашағына кедергі болатыны сөзсіз. Қазақтың талай жақсысы мен жайсаңын күмілжітіп, жолын кес-кестейтін де осындай дарынсыз, қарақан басының қамы үшін жүргендер екені айғақ. Ал елінің, ұлтының мүддесіне қызмет жасайтын деңгейге көтеріліп, ел ертеңін ойлайтын азаматтарымыздың ішкі адами сапаларының жетілдіріп, еліне сүйіспеншілікпен қарауына «ақ жүрек» қажет. Жоғарыда келтірген Шәкәрімнің мына пікіріне тағы да назарымызды аударайық: «Ұлтының кемшілігін толтыру, артықты өзгелерге зиянсыз жолмен табу ақ жүрек (ұждан) ісі. Оны істеп отырған кім бар?» Шәкәрім «ақ жүрекке» мынандай анықтама береді: «Ақ жүректің керектігі - мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады». Ұлт болашағын ойлаған кез-келген адамның бойында осы сапалардың болуын Шәкәрім ақын нақты көрсетіп отыр. Жалпы, адамның ішкі мазмұны, адам тәрбиесі деген мәселені күн тәртібіне қойып, осы мәселеге ұлттың болашағы жарқын болуы қажет деген ұстанымға айналдыру - маңызды іс. Мәселенің барлығы осы іске келіп тіреліп тұрғаны айғақ. Абай мен Шәкәрім бұл маңызды іске айрықша мән берген. Біз ғұламаларымыз айтқан пікірлерге ден қоюымыз қажетті.

XXI ғасырдағы нәпсі жайлап, құлқынның құлдығы дендеген дәуірде ұлт болашағына кері әрекет ететін істерді тоқтататын бірден-бір құрал ұлт ұстаздарының адам тәрбиесі жөнінде айтқандарын ұлтымыздың рухани тазаруын жандандырып, оны ұстанымға айналдыру механизмін іске асыру маңызды. Абай, Шәкәрім мұраларын ұлттық идеологияға айналдыру үшін мемлекеттік дәрежеде бағдарлама керек. Мемлекет басында отырған арлы азаматтарымыз осы істі қолға алуға тиісті. Өйткені бұндай істі атқаратын адамдарды, яғни бұл жерде Шәкәрімнің мына пікіріне жүгінуге тура келіп тұр: «Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып, сол адамдардың бұйрығы, ақылы бойынша туған, туашақ адамдарды, жастарды қазына қарауына алуға заң шығаруға керек те, ол заңды бұзғандарды жазалау керек. Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру

қажет. Жоғарғы айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар ілімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек.

Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай». Шәкәрімнің бұл пікірі қазіргі кезеңде қоғамды, адамды, ұлтымыздың рухани серпілісіне демеу бола алатын сұраныста тұр деп есептейміз. Ал «Ар ілімін» қалыптастырудың ең басты тірегі «ақ жүрек» феномені. Шәкәрімнің шығармашылығының дені ақ жүрек ұғымымен байланысты. Адамның ішкі әлемінің рухани тазаруын қалайтын да - осы «ақ жүрек». «Ақ жүрек» қоғам өмірін жақсартуға ықпал ете алатын қасиетке ие. Адамның барлық іс-әрекетінде ақ жүректің маңызды орны бар. Шәкәрім: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі - адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ». Шәкәрімнің бұл концепциясы қоғамның және адамның жетілуіне тікелей ықпал ете алатын зор бағдар деп ұққанымыз жөн болар. Абайдың, Шәкәрімнің «толық адам», «Ар ілімі» ұлт өркеніне, адамның рухани жетілуіне қажетті. Қазіргі біз өмір сүріп отырған кезеңде рухани деградацияға ұшырағанымызда, әлемді нәпсі кеселі жайлап, ынсапты нәпсі зынданында байлағанымызда ұлт ұстаздарының айтқан ойлары мен пікірлері бізге демеуші болатыны айғақ. Ұлтымыздың өркендеуіне, қоғамның дамуына, адамның рухани жетілуіне «ақ жүректің» ықпалы, әсері зор. Ендеше, «ақ жүректің» араласпайтын жері жоқ. «Ақ жүрек» бар жерде ілгерлеу бар. Сондықтан Шәкәрім «ақ жүрекке» рухани құндылықтың тірегі ретінде айрықша мән береді:

Ақ жүрек пен таза ақыл,
Қылсаң Адал еңбек,
Бәрінен де сол мақұл.
Артқыға жол бермек [2, 280]

Қарап отырсақ, «ақ жүрек» ұғымының араласпайтын жері жоқ. «Ақ жүрек» - адам өмірін жақсартатын рухани күш. Шәкәрім дәріптеген «ақ жүрек», Абайдың «толық адам» концепциясындағы «жылы жүрек» ұғымымен сәйкес, сабақтасып жатыр. Бір бағыттағы бұл ұғымдар - адамды түзу өмір сүруге бағыттайтын рухани құндылықтар.

ӘДЕБИЕТ

1. Абай. Қара сөздері. – Алматы, 2010.
2. Шәкәрім. - Алматы, 2008.

А.Көпбасарова

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абай өлеңдерінің орыс тіліне аударылуы және оны зерттеу мәселелері. Мәселенің зерттелу тарихы. Қазіргі жағдайы мен болашағы.

Тірек сөздер: Абай, өлеңдер, орыс тілі, аударма, зерттеу, тарихы, қазіргі жайы, болашағы.

А.Көпбасарова

О ЗАДАЧАХ ИССЛЕДОВАНИЯ ПРОБЛЕМ ПЕРЕВОДА СТИХОТВОРЕНИЙ АБАЯ НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Переводы поэзии Абая на русский язык. История изучения вопроса. Современное состояние и перспективы.

Ключевые слова: поэзия Абая, переводы, русский язык, история изучения, современное состояние, перспективы.

А.Копбасарова

ON THE TASKS OF THE RESEARCH OF THE RUSSIAN TRANSLATION OF ABAI'S POEMS

Abstract. The issues dealt in this article. Translation of Abai's poems into Russian and the issues studied. History of studying the issues. Current status and prospects.

Keywords: Abai's poetry, translations, Russian language, history of the study, the current status and prospects.

Көркем аударманың теориясы мен практикасы күрделі және көп қырлы мәселелерді қамтиды. Әдеби шығарманың құрылым жүйесі, образдылығы, мазмұны, стилі, тілі секілді поэтикалық құбылыстармен бірге оның эстетикалық, лингвопоэтикалық, сондай-ақ психологиялық және семиотикалық табиғатын түзетін көркемдік құбылыстарды пайымдау әдеби аударманың табиғатын таразылаудағы басты міндеттер қатарына жатады. Оның үстіне аударма шығармада оның авторы мен аудармашының шығармашылық шеберлігі мен даралығы қатар көрініс табады әрі түпнұсқа тілі мен аударма тілінің заңдылықтары қатар қызмет атқарады. Осының бәрі аударма мәселелерін зерттеудің саласы да, арнасы да өте көп, алуан түрлі екендігін көрсетеді. Аталған салалардың әрқайсысы да іргелі зерттеу пәні бола алады және олардың қай-қайсысын зерттеудің де ғылыми және практикалық маңызы жоғары. Осы іргелі әрі күрделі және ғылыми, мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары мәселелер қатарында Абай өлеңдерінің орыс тіліне аударылу жайын бүгінгі ғылым талаптары деңгейінде арнайы қарастырудың зәрулігі ерекше дараланады.

Қазақ әдебиеттануында көркем аударманың кенже қалып, терең жан-жақты зерттеу саласына айнала алмай келе жатқан бір арнасы қазақ поэзиясының орыс тіліне аударылу жайы. Бүгінгі күнде қазақ ақындарының бірқатарының шығармалары орыс тіліне аударылды. Бірақ қазақ поэзиясының орыс тіліне аударылуы ғылыми зерттеу пәні дәрежесінде

бүгінгі күнге дейін қазақ әдебиеттануында толық қалыптасып, даму сатысына өте алмай отыр. Бірлі-жарым зерттеу еңбектер осы бағыттағы алғашқы ізденістер қатарына жатады. Бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының дамуы қазақ әдебиеттануында жаңа бағыттың қалыптасып, дамуына алып келетіні анық. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ поэзиясының, оның ішінде Абай өлеңдерінің орыс тіліне аударылуы бір емес, бірнеше ғылыми мекеменің көп жылдық зерттеу пәні бола алады және мұндай зерттеулердің нәтижесі қазақ поэзиясының әлемдік маңызы мен мәнін тану мен танытуға бастайды. Сондықтан да қазақ ақындарының шығармаларының орыс тіліне аударылуы мәселелерін арнайы сараптау мен саралау саласындағы зерттеулердің қазіргі қазақ әдебиеттануы үшін зәрулігі өте жоғары. Бұған дейін Абай шығармаларының орыс тіліне аударылуы жалпы бағытта және әр түрлі деңгейде қарастырылғанмен, ақынның көркемдік әлемінің ұлттық сипатының, ақындық танымы мен шығармашылық тұрғысының аудармадағы табиғаты аударма мен түпнұсқа деңгейінде өзара салыстырмалы түрде жүйелі, арнайы зерттелген емес. Ал аудармада ақынның көркемдік әлемінің ұлттық сипатын, оның ақындық танымы мен көзқарасын, шығармашылық тұрғысын жеткізу аударма өнерінің басты шарты болып табылады. Бұл орайда аудармашының түпнұсқадағы ой мен сезімге негіз болған өмір құбылыстарын терең тануының, ақын шығармасының тууына арқау бол-

ған шындық сырын жете білуінің, оларды сараптай отырып, көркем туындының мағыналық және құрылымдық, эстетикалық табиғатын толық игеруінің маңызы жоғары. Сонымен қатар түпнұсқа жүйесінде көрініс тапқан мінез даралығын, образ ерекшелігін, өзге тілде тікелей де, балама да аудармасы жоқ, ұлттық сипаттағы тіл құралдарының жүйесін, олардың түп-нұсқа және аударма тіліндегі маңызы мен мазмұнын, көркемдік қызметін зерттеп, зерделеу де аударма сапасын, оның көркемдік деңгейін арттыратын шарттардың қатарына жатады. Екінші жағынан, Абай өз дәуірінің биігінен алға озып шыққан ойшыл ақын. Оның өлеңдерінде әлеуметтік-этикалық, философиялық, эстетикалық, педагогикалық терең толғамдар мен тұжырымдар, қағидалар белгілі көзқарас, дүниетаным деңгейінде негізделеді. Ақынның дүниетанымы, көз-қарасы, ақындық тұрғысы осы толғамдар, тұжырымдар мен қағидалар негізінде ашылады. Ақын шығармаларын түпнұсқа арнасында талдап, танығанда да, аударма бойынша бағалағанда да бұл секілді терең толғамдар мен тұжырымдар, қағидалар, ұғымдар жүйесі әдебиет маманының, аударма-танушының, аудармашының еңбегінің басты өзегі ретінде ашылуы аса маңызды. Абайдың ақындық даналығы мен даралығын танудың басты жолы да осы бағыттан табылады. Абай өлеңдерінің орыс тіліне аударылу жайын байыптай отырып, ақынның көркемдік әлемінің ұлттық сипатының, ақындық танымы мен көзқарасының, шығармашылық тұрғысының аудармадағы табиғатын түпнұсқамен салыстыра зерттеудің зәрулігі осында. Бұл орайда зерттеудің қазақ поэзиясының, Абай өлеңдерінің орыс тіліне аударылуы, жалпы аударма теориясы және абайтану ғылымы саласындағы ғылыми ойларды толықтырып, байытатынын да атап өткен артық емес. Сонымен қатар Абай өлеңдерінің, жалпы Абай шығармашылығының өзге ұлт тілдеріне аударылуы, Абайды өзге ұлттардың мәдениеті, әдебиеті жүйесінде тану мен бағалау жайын байыптаудың, анықтаудың мәдени-әлеуметтік қажеттігі де ешқандай күмән туғызбайды.

Абай шығармаларының орыс тіліне аударылуы мәселесі С.Құспановтың диссертациясында қарастырылды. Ғалым Абай шығармаларының орыс тіліне 1960 жылға дейінгі аудармалары негізінде еңбектеніп, ақын шығармаларының аудармаларына тән басты жетістіктер мен оқылықтарды кең талдап көрсетті [1;2]. Автор ақын шығармаларын аударудағы бұрмалаушылықты, орынсыз ой қосып, өзгерту жайын өз тарапынан мысқыл

араластыра отырып сынады. Бұл еңбек өз кезінде белгілі әлеуметтік қызмет атқарғаны анық. С.Құспановтың бұл диссертациялық еңбегі жазылғалы да көп уақыт өтті. Одан беріде Абай шығармаларының орыс тілінде бірнеше басылымдары жарияланды, көптеген шығармалары қайтадан аударылды, бұрынғы аудармашылардың қатарына жаңа аудармашылар өздерінің шығармашылық талаптарымен келіп қосылды, заман, қоғам өзгерді. Оның үстіне көркем аударма теориясы туралы жаңа теориялық ойлар мен тұжырымдар жасалды, көркем аударманы талдау мен бағалаудың жаңа өлшемдері қалыптасты. Абайдың лирикасы туралы жазылған, Абай лирикасының орыс тіліндегі аудармалары негізінде жазылған, келесі диссертациялық зерттеу Г.Қамбарбаеваның «Абайдың лирикасы» атты еңбегі [3]. 1974 жылы орындалған бұл еңбекте Абайдың лирикасы әдеби тұрғыда талданған. Абай шығармашылығының орыс тілінде танылуы тұрғысынан алып қарағанда, бұл еңбектің де ғылыми және практикалық маңызы жоғары. Бірақ бұл еңбекте Абай шығармаларының орыс тіліне аударылуының мәселелері арнайы қарастырылмайды.

М.С.Сильченконың «Абайдың творчестволық өмірбаяны» [4] еңбегінде Абай шығармаларының орыс тіліне аударылу мәселесі қарастырылмайды, бірақ ғалым ақын шығармаларының қазақ тіліндегі үлгісі мен өзінің жолма-жол аудармасын көп ретте қатар беріп отырады, өзінің ойларын да осы жолма-жол аудармаға лайықты түйіндейді. З.Ахметов, Н.Сағындықова, Қ.Нұрмаханов және басқа ғалымдардың еңбектерінде Абай шығармаларының орыс тіліне аударылу жайы түрлі деңгейде қарастырылды. Бұл орайда шетел әдебиетшілерінің, ғалымдарының көркем аударманың мәселелері туралы айтқан ойлары мен байқаулары, зерттеулері де маңызды. Оларда көркем аударманың теориясы мен практикасы, аударма жасау процесінің сатылары аудармашы шеберлігі және көркем аударманы талдау, таразылау мен бағалау әдістері саласында бай да бағалы байымдаулар мен қорытындылар жасалды. «Аударма шеберлігі» деген атпен жарық көрген көп томдықтың да аударма тарихы мен теориясын байытудағы маңызы жоғары. Осы қатарда қазақ әдебиеттанушыларының, аударматанушыларының еңбектері де үлкен танымдық қызмет атқарады.

Бүгінде Абайдың лирикалық өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармасында ақынның адам мен заман бейнесін жасаудағы шеберлігінің, шығармашылық даралығы мен көркемдік-

эстетикалық танымының берілу, көріну жолдарын зерделеудің қажеттігі даусыз. Әсіресе ақынның адам мен заман бейнесін жасаудағы шығармашылық тұрғысы мен ұлттық ойлау, бейнелеу даралығының аудармада берілу жолдары мен ерекшеліктерін анықтауға ерекше назар аудару орынды. Аудармада ақынның лирикалық және эпикалық суреттеу тәсілдерінің көркемдік-эстетикалық қызметінің сақталу деңгейі мен оны жеткізудің шығармашылық тәсілдерін, амалдары мен құралдарын олардың түпнұсқаға сәйкестігі тұрғысынан сараптауда үлкен мән бар деп білуіміз керек. Ал ақынның адам мен заман жайлы, ақындық өнер жайлы әлеуметтік-этикалық және эстетикалық көз-қарастарының аударма жүйесіндегі болмыс-бітімін, табиғатын салыстырмалы әдебиеттану заңдылықтары шегінде бағалау кешенді талдап, бағалаудың да кезі келгені рас. Ақын өлеңдерінің аудармадағы мазмұны мен пішіні арасындағы келісім мен бірліктің түпнұсқа

табиғатына көркемдік қатынасын, ақынның көркемдік бейнелеу құралдарын, поэтикалық тілін аударудағы жетістіктер мен кемшіліктерді жүйелеу мен жинақтау сала-сындағы міндеттер де пісіп-жетілді деп білеміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Куспанов С.К. Переводы поэзии Абая на русский язык; Автореф. дисс. ...канд.филол.наук. -Алма-Ата, 1966. -18 с.
2. Куспанов С.К. Переводы Абая: Дисс... канд. филол. наук. -Алма-Ата-1966. -163 с.
3. Камбарбаева Г.М. Лирика Абая. (К проблеме жанра). Дисс... канд.филол.наук. — Алма-Ата, 1974. — 168с.
4. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. — Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1957. -294 с.
5. Ахметов З. Бөтен сезбен былғанса соз арасы (Абай шығармаларының орысшаға аудармасы не күйде?) //ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы.—1995. №3. — 17-30=6.
6. Ахметов З.А. Лермонтов и Абай. -Алма-Ата: Казлитиздат.,1954.-270 с.

* * *

А.Жапарова

АБАЙ СУСЫНДАҒАН ҮШ БҰЛАҚ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абай және қазақ ауыз әдебиеті. Абай және Шығыс әдебиеті. Абай және Еуропа әдебиеті.
Тірек сөздер: Абай, фольклор, әдебиет, Шығыс, Батыс.

А.Жапарова

ТРИ ИСТОЧНИКА ТВОРЧЕСТВА АБАЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Абай и казахское устное народное творчество. Абай и восточная литература. Абай и западная литература.
Ключевые слова: Абай, фольклор, литература, Восток, Запад.

А.Zhapparova

THREE RESOURCES OF KNOWLEDGE OF ABAI

Abstract. The issues dealt in this article. Abai and the Kazakh oral national creativity. Abai and eastern literature. Abai and the western literature
Keywords: Abai, folklore, the literature, the East, the West.

Ұлтымыздың ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың терең ойлары мен асыл сөздері – халқымыздың баға жетпес мұрасы. Абай – қазақтың шыңы. Абай ұлы ақын, қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы, композитор, аудармашы, философ, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, саяси қайраткер. Ахмет Байтұрсыновтың сөзінен келтірер болсақ, «Қазақтың бас ақыны. Онан асқан бұрынғы - соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ». Абай ақындық шығар-маларында өз халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық, мәдени мәселелерін арқау етеді. Терең ой және адамгершілік пен ізеттілікке толы өлеңдері езгі мен надандыққа қарсы күреске шақырады.

Туған халқын сүйіп, оны қасіреттен құтқаруды армандаған Абай халқын оятып, береке-бірлікке, ынтымақтыққа шақырды. Туған халқы да перзентін сүйіп, үлкен ықыласқа бөледі. Мағыналы да мәнді өлеңдерін жатқа айтып, көздің қарашығындай сақтайды. Қара сөздерінің философиясы – тіпті тереңде жатыр. Шынында, Абайдың әр сөзі – маңызды, салмақты, қасиетті. Абай өлеңдері бай философиялық, даналық қасиетке ие.

Абай ең алдымен қазақтың ұшан-теңіз ауыз әдебиетінен сусындап, батырлар жыры мен ғашықтық жырларын сүйіп оқыды. Абай қазақ өлең үлгісін жаңаша тұрғыдан байыта түсті. Сондықтан да Абайды қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы деп әбден айтуға болады. Ақын

сүйіп оқыған үш үлкен қайнар көз: 1. Халық ауыз әдебиеті. 2. Шығыс әдебиеті. 3. Орыс әдебиеті, оның арғы жағында Батыс Еуропа әдебиеті. Абай жас-тайынан оқудан қол үзбейді, қазақтың мәде-ниетін, араб, парсы, шағатай тілдерін үйренеді. Шығыс әдебиетінің алыптары Низами, Хожа Хафиз, Науаи, Физули т. б. ақындарының өлеңін жаттап өседі. Ойшыл-ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель, сонымен қатар, Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұраларымен де жақсы таныс болды. Кейін ол орыс әдебиеті мен тілін өздігінен үйреніп, орыстың ұлы ойшылдары Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Щедрин, Некрасов т. б. шығармаларымен танысады. Сонымен бірге ағылшын ғалымы Дарвиннің, ағылшын жазушысы Шекспирдің шығармаларын да оқиды. Ол Ч. Дарвиннің даму теориясы мен анатомиялық ілім негіздерін оқыды. Абайдың жаратылыстану ғылымындағы білімінің кеңеюіне орыстың материалистік психологиясы, оның ішінде И.М.Сеченов пен К.Д.Ушинский еңбектері орасан роль атқарды. Осыдан болар, ақынның дүниетанымы - кең, білімі – түпсіз терең, ойы - ұшқыр, тілі – бай әрі көркем.

Абай сусындаған рухани көздің бірі ана сүтімен дарыған халық ауыз әдебиеті болса, келесі бір өшпес қазына – ол Шығыс қаламгерлерінің туындылары. Ұлттық және Шығыстық бұлақтан нәр алған Абай үшін ендігі бейтаныс әлем орыс әдебиеті болды, сол арқылы ақын Батыс әдебиетімен де таныс болды. Белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйе-нер болсақ, қазақтың ұлы сөз зергері Абай орыс классиктерінен Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин т.б. шығармаларын терең үңіліп, танысқан. Орыс тілі, орыс классикалық әдебиеті арқылы Абай Батыс әдебиетімен сусындап, Гете, Байрон шығармаларын аударған. Абайдың еркін аудармалары арқылы «Татьянаның әні» қазақ оқырманына жетті, Лермонтовтың «Теректің сыйы», «Қанжар» сияқты терең сырлы өлең-дері халқымыздың арасына кең тарады. Қазақ оқырманы Абай арқылы орыс классикалық туындыларымен, Батыс Еуропа әдебиетінің тамаша үлгілерімен таныс болды.

Абай жастайынан кітапқа жақын болатын. Туған жері Семейдегі қоғамдық кітапхананың тұрақты оқырманы болды. Сол кітапхана сөрелеріндегі Спенсер, Тэйлор, Дрепер, Уоллэс, Милль, Шекспир, Гете, Шиллер, Гейне, Байрон шығармалары мен орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларына ерекше тәнті болған Абай, Батыс және орыс жазушыларынан көп нәрсе үйренді. Бұл классиктердің әрқайсысы – қаламгердің ой-өрісін кеңейтіп, дүниеге көз-

қарасын қалып-тастырды, әлемді танудың өзіндік көпірлері болды.

Қ.Мұхамедхановтың айтуынша, Семейдің қоғамдық кітапханасы – сол уақыттағы Сібір кітапханаларының ішіндегі ең бай кітап орны болды. Бастапқы кездері кітапхана қорында 274 дана кітап болып, 130 оқырманға қызмет көрсеткен. Министрлер Кабинетінің қаулысы шешімімен 1992 жылы Семейдің қоғамдық кітапханасына ұлы ақынның есімі берілді. Бұдан бұрын кітапхана Николай Васильевич Гогольдің атында болатын. Кітапхана 1883 жылы революционер-демократтардың көмегімен ашылған болатын. Ең алғашқы рет Абай оның есігін шамамен 100 жыл бұрын ашқан еді. Абай – сол замандағы қазақ оқырмандарының алғашқысы болатын, ал Семей қоғамдық кітапханасы – Қазақстан Республикасындағы ең көне кітапханалардың бірі.

Абай Құнанбаев жиі оқыған кітаптар: Пушкин А.С. Сочинения. СПб., 1887; Толстой Л.Н. Сочинения. М., 1889; Уэвелль В. История индуктивных наук. СПб., 1867; Сочинения Платона. СПб., 1863; Байрон Сочинения. СПб., 1884; Херасков М. Эпические творения. ч.1.-М., 1786; ч.2. 1787; Кантемир А.Д. Сочинения. СПб., 1868; Спенсер Г. Основания психологии. СПб., 1876 Даль В.И. Сочинения. 1883; Беккер К. Всемирная история. СПб., 1846; Карамзин Н.М. История государства Российского. СПб., 1845; Илиада Гомера. Аударған Гнедич Н. СПб., 1829, тағы басқалары.

Қазақтың төл перзенті, бас ақынына үлкен әсер қалдырып, үлкен мағлұмат берген Американың Нью-Йорк университетінің профессоры Джон Уильям Дрепер болған. Оның сол кездерде орыс тіліне аударылған, Ресейдің жоғары оқу орындарының студенттері оқулық ретінде қолданып жүрген «Европаның ақыл-ойының даму тарихы» (1869 ж.) деген екі томдық еңбегі мен «Католицизм мен ғылымның арасындағы қатынас тарихы» (1876 ж.) атты кітабы Евгений Петрович Михаэлис арқылы Абайға жетеді. Михаэлистің өзі Абайға бұл кітапты берген көрінеді. Ақынның өзі досы Михаэлисті есіне алғанда «Дүниеге көзімді ашқан кісі - Михаэлис» дейтіні де осыдан болар. Қаламгердің Дреперді оқығанына Әлихан Бөкейхановтан бастап кейінгі абайтанушылардың барлығы назар аударады. Асылында, Абайдың американдық тарихшы, дәрігер, химик, физик, фотосуретші Дреперді оқуы оның ой-өрісін жаңа бір сатыға көтерді. Оның кітаптарының әр тарауын оқыған сайын, бұрын білмеген тарихи деректерге ұшырасып, өзінің таным саясын кеңейте түсті.

Абай мен әлем әдебиетінің арасындағы байланысты ерекше зерттеген М.Әуезов, оның мына еңбектері сөзімізге дәлел бола алады: «Абайдың мәдени-идеялық ізденістері», «Абайдың ұлтшылдығы мен реализм», «Орыс реализм дәстүрі мен революцияға дейінгі қазақ әдебиеті». Қазақ әдебиетінің классигі Абайдың шығармашылығын жан-жақты талдаған М.Әуезов былай дейді: «Дана ақын шығармашылығы мынадай үш алыптан сусындайды. Бұның алғашқысы – ежелгі қазақ әдебиеті. Екінші бұлақ – Шығыс сөз зергерлерінің таптырмас туындылары. Үшінші қазық – бұл орыс әдебиеті, ал оның арғы жағында көл-көсір батысеуропалық мәдениет жатыр...». Абай, әсіресе, орыс әдебиетіне деген ықыласы ерекше болатын. Орыс досы Михаэлис арқылы Абай С.С.Гросс, А.Л.Леонтьев, Н.И.Долгополов-тармен танысады. Ақынның орыс достары, пікірлестері туралы М. О. Әуезов былай деп айтқан болатын: «Абайға әсер еткен дүниелер көп... бірақ Абай деген сол әсерлердің жиынтығы емес, бәрінен қорытылған асылы, жаңа бітім, тың тұлға». Абай: «Менің көзімді дүниеге ашқан Михаэлис» - деп оны аузынан тастамаған. Абай тәлім алған үшінші қайнар көз – орыс мәдениеті. Орыс мәдениеті арқылы қол жеткізген батыс елдері мәдениетімен, Абай осы Михаэлистің ақыл-кеңесі бойынша көркем әдебиет, сын, философия, табиғат ғалымдары, әр алуан тарихтық кітаптармен жақын танысты. Сол кездерден бастап Абай, белгілі абайтанушылар зерттеулеріне карағанда, орыстың атақты ақын жазушыларынан: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Некрасов; сыншыл ойшыл демократ-тардан: Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов; Европа ақындарынан: Гете, Байрон; философтардан: Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин, Дрепер сияқты жазушыларды оқыған.

Сол кезеңде неміс ақыны Фридрих Шиллердің есімі зиялы орыс қауымы арасында үлкен беделге ие болды. Неміс ақыны шығармаларын Абай орыс тілінде оқыды. Шиллер өлеңдерінің ең алғашқы қазақ тіліндегі аударма нұсқасының аты «Бесіктегі сәби» өлеңі.

Абай өз шығармаларында еуропалық және пушкиндік мектептерден нәр алғанын, оларды терең түсінгендігін көрсетті. Біздің түсінуімізше, әлем әдебиеті дегеніміз – жоғарғы сапалы шығармалардың үйлесімі.

Қазақ әдебиеті де аталмыш алтын қордың бір бөлігі. Өйткені Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Есенберлин сияқты ұлы ойшылдар мен ақын-жазушыларды біз тек қазақ ұлдары деп атай алмаймыз.

Ақынға үлкен ықпал еткен, үлгі көрсеткен замандас ақындар, би-шешендердің орны айрықша. Әсіресе, бала Абай ұнатқан Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат, Сабырбай, Жанақ, Шөже, Балта, Байкөкше, Қуандық қыз, Бодау жырау, Мұрынбай жырау, Біржан сал Абайдың ақындық ортасының қалыптасуына әсер еткен. Ұлттық рухани қазынаны бойына сіңірген қаламгер, кейін шығыс, батыс үлгілерін еркін меңгеру арқылы бүкіл халықтық, жалпы адамзаттық, әлемдік ақын статусына дейін көтерілді. Абай арқылы да қазақ халқы бүкіл әлемге танылды. Мұндай ұлдары бар қазақ халқы, сөзсіз, бақытты халық.

Абай тек әлем әдебиеті, орыс әдебиетінің құнды шығармаларын оқып қана қойған жоқ, ол аталмыш шығармаларды қазақ оқырманына да таныстырды. Абайдың қаламынан туған тәржімалар арқылы Европа, орыс ақын-жазушыларының әдеби туындылары қазақша сөйлей бастады. Абай орыс әдебиетін 1882 жылдан бастап аударған. Лермонтовтың «Бородино» атты өлеңі мен «Вадим» атты әңгімесі, Пушкиннің «Онегині», Крыловтың мысалдары, «Теректің сыйы», «Тұтқын», «Татьянаның Онегинге», «Онегиннің Татьянаға» жазған хаттары, «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қанжар» (Кинжал), «Жалғыз жалау жалтылдап» өлеңдері, Байронның «Көңілім менің қараңғы, бол-бол ақыл» шығармасы және тағы басқалары.

Абайдың 27-ші қара сөзінде кейіпкерлердің бірі былай дейді, бұл көзқарас арқылы ақын өзінің де ой-пікірін көрсетпей қоймайды: «Гомерге бәйітшілігі себепті, Софоклге трагедиясы себепті, яғни біреудің сыйпатына түспектік, Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын». Енді бір өлеңінде адам ғұмырының қысқалығын сипаттай отырып, барлық адамның өмірінің шектеулі екендігін айтып, қаламгер адамның батыл, сабырлы, төзімді, әрі шыдамды болуы керектігін айтады. Дәл осы ретте, ол Сократ және оның шәкірті Платон есімдерін келтіреді. Абайдың көптеген өлеңдерінде терең философиялық ойлары, табиғатқа, таным, ақыл жайлы толғаныстары көрініс тапқан: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман алдындағы келер заман» т. б.

Қазақ халқының біртуар ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылығы – үлкен қазына, асыл мұра, тендесі жоқ дүние. Оның зерек ойы, тапқырлығы мен білгірлігін тек мұхиттың тереңдігімен салыстыруға болатын шығар. Майталман суреткер, тамаша лирик, көркемсөз шебері, ойшыл ақын. Әсіресе, ақынның Аллаһ жайлы, имандылық толғаныстары, дін туралы ойлары – өте тартымды. Ақын шығармашылығында өзі өмір сүрген тарихи дәуірдің тұтас

бейнесі көрініс тапты. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың сөзімен айтар болсақ, «Поэзияда, музыкада, қоғамдық – азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Европа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы - заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн


біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр».

Алдамшы қысқа өмірді дұрыс кешуге баулыған, айналандағы адамдарды құрметтеп, қошемет пен ілтипат көрсетуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясының ең басты негізі -адам. Қаламгер суреттеп кеткен толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты ғылым жолына түскен іздемпаз болуы қажет. Дәл ақынның өзі сияқты. Ол үнемі ізденіс үстінде жүрді. Бұған дәлел - ақын сүйіп оқыған үш алып, үш бұлақ.

* * *

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ

Жаксылыков А.Ж.




Ж 12 Актуальные проблемы художественного перевода и развитие казахской литературы: хрестоматия – Алматы: Қазақ университеті, 2011.-136с. ISBN 9965-29-609-X

В хрестоматии представлены статьи, в которых рассматриваются актуальные проблемы теории и практики художественного перевода и развития казахской литературы в Республике Казахстан. В нескольких статьях анализируются переводы образцов русской

поэзии на казахский язык и казахской классической прозы на русский язык. В отдельных статьях освещены общие проблемы состояния переводческого дела в Казахстане.

Хрестоматия предназначена для широкого круга филологов



А.Бұлдыбай

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖЫРШЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Қазақ фольклористикасындағы жыраулық, жыршылық мектептер. Қазақ халқының эпикалық жыр айту дәстүрі.

Тірек сөздер: фольклор, эпикалық жыр, эпос.

А.Бұлдыбай

ПОЭТИЧЕСКИЕ ШКОЛЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Поэтические школы в казахской фольклористике.

Ключевые слова: фольклор, эпические песни, эпос.

A. Buldybai

POETIC SCHOOLS OF KAZAKH PEOPLE

Abstract. The issues dealt in this article. Poetic schools in Kazakh folklore.

Keywords: folklore, epic songs, epics.

Қазақ халқының эпикалық дәстүрін қалыптастыруда жырау, жыршы, ақындардың атқарған қызметі зор екені айтылып та, жазылып та жүр. Солай бола тұрса да әр өлкенің өзіндік репертуар, жыр айту, мақамдық ерекшелігі бар екені, ал оларды тудыру, қалыптастыру, дамытуда әртүрлі жыршылық, жыраулық мектептер өз қолтаңбасын қалдырғандығы көбіне көзден таса қала береді. Оның бірінші себебі ұлан байтақ өлкеміздегі "жыршылық мектептердің өзіндік репертуары, мақамдық ерекшелігі, қалыптасу дәстүрі арнайы сөз болмағандықтан секілді.

Жалпы, қазақ фольклористикасында жыраулық, жыршылық мектептер тек эпостарды, айтушыларды зерттегенде сөз арасында ғана айтылып келеді.

Бірақ ғалымдардың көпшілігі жыр айту мектептерін арнайы зерттеу объектісі етпегендіктен көбіне назарларын жыр айту мектептерінің таралу аймағы, өкілдері, кейбірінің ре-

пертуары дегенге ғана аударған. Ал әр мектептің репертуар ерекшелігі, ортақтығы, жыр айту дәстүрінің өзіндік және ортақ сипаттары, әр мектептің айтушыларының толық өмірбаяны, репертуары, бар мектепке ортақ жырлардың нұсқалық ерекшелігі деген фольклорист ғалымдардың зерттеуін күтіп тұрса, әр мектептің өзіндік және ортақ жыр айту сазы (мақамы) деген музыка зерттеушілерінің көңіл аударуын тосуда. Сондай-ақ түрлі мектептер ғана емес, бір мектептің ішіндегі бір жырдың әртүрлі нұсқаларының айырмашылығы, ұқсастығы деген де бір монографияға жүк боларлық проблема. Біз сондықтан да жыршылық мектепті сөз еткенде негізінен көңілді белгілі белгілі жыр айту дәстүрінің таралу аймағы, репертуар ерекшелігі, жыр айту саздарының даралығы және әр мектептің өкілдерінің толық репертуарын, өміртарихын анықтауға және олардың қазақ эпикалық дәстүрін қалыптастырудағы орнын анықтауға бөлуді жөн көрдік.

Қазақ халқының жыр айту дәстүріне тереңірек көз жібергенде жалпы дүниежүзілік эпикалық дәстүрге тән ортақ қасиеттерге ие жырау, жыршыларымыздың өзіндік ерекшелігін анық көруге болады. Бұл ерекшеліктерді ғалымдар мен жалпы қауым бір-бірін қайталамайтын жыр саздарына (мақам), тұрақты эпикалық жырларына қарап ажыратқаны даусыз. Ал кейін осы шарт жыршылық мектептердің "саралануына да негіз болған секілді. Осы тұрғыдан келгенде қазақ жыраулық, жыршылық мектептерін былайша жіктеуге болатын секілді. 1) Батыс Қазақстан 2) Сыр бойы 3) Орталық Қазақстан 4) Жетісу 5) Оңтүстік Қазақстан жыраулық, жыршылық мектептері.

Аталған жыршылық мектептерді бір-бірінен ажырататын ерекшеліктерімен қатар барлығына ортақ қасиеттердің де аз емес екенін айта кеткен жөн. Бұл, біріншіден, жыр айту дәстүрінің ежелгі тамыры бір екендігін көрсетсе, екіншіден, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі көшпенділік өмір салтынан өнер иелерінің араласуының арқасында бір-біріне әсер еткендігін, сол арқылы өнер ауқымын кеңейткендігін аңғартады. Бұл екінші себеп салдарынан қазақ жырау, жыршылары, тіпті республиканы былай қойып, көршілес қырғыз, қарақалпақ, өзбек жыр айтушыларымен араласып, олардан жыр үйреніп қана қоймай, оларға өзінің озық жыр айту дәстүрін де үйреткен.

Жыр үйрену және үйрету процесі – қиын да қызықты, белгілі қалыптасқан дәстүрге сай іске асатын құбылыс. Әр халықта өзіндік ерекшелігі бар бұл әдіс қазақ жырау, жыршылары қалайша жүзеге асырған дегенге қолда бар материалдар тұрғысынан қарағанда байқайтынымыз, шәкірттің ұстаз қасына өз еркімен еркін жүріп жыр үйренгені басты әдіс болған.

Эпос айту дәстүрін сөз еткенде айта кететін тағы бір мәселе, бұл жыр айту дәстүрінің еліміздің әр аймағында әртүрлі даму дәрежеде болғандығы. Бұның себебін фольклорист ғалымдар эпикалық дәстүр туып, қалыптаса бастаған кездегі аймақтық әлеуметтік тарихи жағдаймен, жыраулық, жыршылық өнердің даму дәрежесі, белгілі жыр айтушылардың болуымен түсіндіреді.

Қазақ халқының эпикалық жыр айту дәстүрі және оны тудырған, қалыптастырған жыраулық, жыршылық орта туралы сөз еткенде ауызға алдымен Батыс Қазақстан жыр айту дәстүрі ілінеді. Бұл аймақ негізінен ноғайлы дәуірі кезеңінің эпикалық жырларын айтумен ерекшеленеді.

Ал таралу аймағына қарасақ, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары мен Қарақалпақ Республикасы және Өзбекстан Респуб-

ликасының қазақтар тұратын аудандарын біріктіреді. Алып шынар секілді тамырын тереңге салған бұл жыр айту мектебінің аты бізге жеткен алғашқы өкілдері «қазақ-ноғай ұлысының философы» атанған Асанқайғы, (Хасан Сәбитұлы XIV ғ.). Сыпыра (XIII ғ.) болған.

Бұдан байқайтынымыз, Батыс Қазақстан жыр айту үлгісі эпикалық дәстүрді қалыптастыру кезеңінде репертуар тұтастығымен қатар жыр айту мақамдарын қылыптастыруға да ерекше көңіл бөлген. Сондықтан да бүгінгі күні жыр айту мектептерін мақам ерекшелігін де ажыратуға болады.

Мұрын жыраудың жыр үйрену тәсілі мен оның ұстаздарының жыр үйрету әдісі туралы қызықты деректерді М. Хакім-жанованың кезінде Мұрыннан жазып алған деректерінен табуға болады. «Қашаған да Нұрым сияқты жаттаған жырларды бірнеше күн домбырамен қайталап айтқызып, әрбір жырдың айту сарынын, сөздің айтушыға анық жетуін қадағалап отырар еді. «Көрұғлы» жырының мақамын өзі бірге айтып, жан-жүйкеңді тебіреніп жіберетінді. Ол кісінің үні әрі сазды, әрі сұлу болатын», – [2, 64-165] деген естелік мұның куәсі.

Қазақ эпикалық дәстүрін сөз еткенде айналып өтуге болмайтын жыршылық мектептің бірі – Сыр бойы жыраулық, жыршылық мектебі. Оғыз, қыпшақ ұлысының ажырау кезінің бір белгісіндей оғыз тайпаларының жыр айту дәстүрін өз бойында сақтаған Сыр бойы жыраулық, жыршылық мектебі өзінің репертуар, мақамдық ерекшелігімен басқадан бөлектеніп тұрады. Егер басқа жыр айтушылық мектептердің ерекшеліктерін жете қарап, зерттеп жүрген адам ғана көре алса, Сыр бойының жыр айту дәстүрінің ішкі арналарын, яғни Жиенбай дәстүрінде айтушылардың көмейден қайыратын ежелгі оғыз мақамын, Нұртуғанның речативтік стильдегі төкпе мақамын, Нартайдың созыла шығатын жоғары көтерілген әуенін кез келген адам ажырата алады. Мұны Сыр бойы жыр айту дәстүрінің ерекшелігін көптен зерттеп жүрген Р. Бердібаевтың: «Жыршылық терминнің Қазақстан бойынша бір заманда биік шоқысындай болған өнерпаздар Сыр бойы аймағында туып, өмір кешкені айқын. Ұзақ жырды да, қысқа толғауларды да өзіне лайық сазымен, өрнек нақышына келтіріп айтатын теңдесі жоқ сұлу терме әуені осында сақталып келген. Терме айту үлгісі өзге жерлерде де жоқ емес. Дегенмен олардың қай-қайсы да мазмұны, әсерлілігі, сәнділігі, байлығы жағынан Сыр бойы термесіне пара-пара келеді деу қиын» (3, 443), – деген пікірі дәлелдей түседі. Халық арасында кейінгі кез Жиенбай Дүзбенбетұлы (1864-1929 жж.), атымен белгілі болған арнаның тамыры тым

әріде. Оның бір ғана белгісін бұл дәстүрде жыр айтатын өнер-паздардың саз, мақамы IX – X ғасырдағы оғыз-қыпшақ тайпасына кірген түрікмен, қарақалпақ халықтарындағы рулардың саздарымен үндесіп жатуынан-ақ көруге болады. Ал бұл саздар кезінде индивидуалдық поэзияның өкілі ретінде саналған жырауларға тән болғаны, кейін бұнымен қатар эпикалық жыр айту сазы болып қалыптасқаны да сөзсіз. XI ғасырда оғыздардың шығыс пен батысқа бөлінген бөлігінің шығыс тармағына кіретін руларынан шыққан ескі жыраулар есімі мүлде ұмытып болған.

Жиенбаймен бірге кезінде бұл арнаны өркендетуге үлкен еңбек сіңірген Базардың есімі көп аталмауына оның ертеректе Өзбекстанның Науаи облысы, Тамды ауданы жеріне қоныс аударып кеткендігі себеп болған секілді. Жиенбай да, Базар да индивидуалдық поэзия мен жыр айтуды қатар алып жүрген дарындар. Оны Жиенбайдың толғау, термелері, «Көрұғлы» дастанын жырлауынан, Базардың толғау, термелер, «Әмина қыз», «Мақпал-Сегіз», «Жүсіп-Ахмет» секілді дастандар шығарып, оны айтуынан көруге болады. «Мақпал-Сегіз» дастанын көптеген жырау, жыршылар жырлағандықтан, Базар жырын дастанның бір нұсқасы ретінде қарастырған жөн.

Жиенбай дәстүрінде жыр айтудың тараған аймағы Қызылорда облысының Тереңөзек, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандары мен Қарақалпақстанның солтүстік бөлігі. Бұл жыр айту дәстүрінің өзіндік ерекшелігі неде дегенде бірінші байқайтынымыз – репертуары. Егер Батыс Қазақстан, Нұртуған дәстүріндегі жырау, жыршылар негізінен ноғайлы жырларының құрамына енетін жырларды айтуға басты назар аударса, Жиенбай дәстүрінде жыр айтушылар «Көрұғлы» жырын бірнеше салаға бөліп жырлайды.

Нұртуған дәстүрінде жыр айтушылар негізінен Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Ақтөбе облысының Шалқар аудандары мен Қарақалпақстанның Арал жағын мекендейді. Оның көрнекті өкілдері ретінде кешегі өткен Жаңаберген, Кәрібоз (1900 ж. өлген жылы белгісіз), Көпжасар, Жәмет Сайымов (1895-1930 жж.), Бакытжан, Сары Дәріғұл, Құттық, Мұсабайды, Б. Омаровты, Қ. Нұрпейісов (1890-1968 жж.) және бүгінгі жалғастырушылары Р. Әшімов, Б. Жүсіпов, С. Мырзаев, Ә. Мұқанов, Б. Тәңірбергенов, Ж. Артықбаев т.б. атауға болады.

Сыр бойы жыршылық мектебінің халқымыздың эпикалық дәстүрін сақтап, бізге жеткізуде болса, екіншіден, «Көрұғлы» секілді түрік халықтарына кеңінен тараған жыр-

дың ұлттық нұсқасын қалыптастыруында. «Көрұғлы» жырын басқа халықтардағы өзі тектес жырлармен салыстыра зерттегенде одан тек қазақ эпикалық дәстүріне тән белгілерді көптен табуға болады.

Халқымыздың эпикалық жыр айту дәстүрі туралы сөз еткенде Жетісу жыршылық мектебін аттап өтуге болмайды. Себебі өзіндік жыр айту мақамымен, қалыптасқан репертуарымен кезінде Түбек, Қабан (Қабылиса), Бақтыбай Жолбарысұлы (1842-1902 жж.), Сүйінбай Аронұлы (1815-1998 жж.) секілді ірі ақын, жыршылары болған бұл мектеп, эпикалық дәстүрдің сансалалығының белгісі ретінде көптеген жыр, дастандарды көпшілік көңіліне ұялатқан. Оның мысалы Бақтыбай жырлаған «ЕдігеНұран», Сүйінбай, Жамбыл және т.б. жырлаған «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр», Құланиян Құлмамбет жырлаған «Көрұғлы» дастандары.

Жетісу жыр айту дәстүрін сөз еткенде ақындығымен қатар жыршылық өнерді де өзіне серік еткен Жамбыл Жабаев творчествосы тереңірек үңілуді керек етеді. Себебі Жамбыл өзінің ерен таланты арқасында Жетісу жыршылық мектебінің келбетін айқындап қана қоймай, оның жыр айту мақамының да қалыптасуына орасан зор еңбек сіңірген. Сондай-ақ Жамбылдың басқа өлке ақын, жыршыларымен жиі араласуы Жетісу мектебі репертуарына Оңтүстік Қазақстан, Арқаның жыршылық мектептері репер-тауарлығындағы көптеген жырлар сіңісіп кеткен. Ал бұған қырғыз манасшыларының әсерін қоссақ, Жетісу жыршылық мектебінің таралу аймағы кең екенін көреміз.

Жыршылық мектептер және эпикалық дәстүр туралы сөз еткенде айналып өтуге болмайтын ерекшеліктің бірі - халқымыздың қисса айту өнері. Кезінде Шығыстың әсері арқылы елімізге енген қисса-дастандардың Оңтүстік Қазақстан жыршылық мектебін қалыптастыруға сіңірген еңбегі аз емес. Бұл туралы кезінде М. Әуезов: «Олар (қиссашылар) біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғалардың негізін пайдаланса да көп жерде еркімен өзгертіп отырып, тыңнан толғау, немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті – бір салт еді» [5, 181-182], – деп қисса-шылардың жыр айту, репертуар ерекшелігін ашып көрсеткен еді.

Жыраулардың жеке индивидуальдық творчествомен қатар ірі эпикалық мұраларды тудыруға да атсалысқан Орталық Қазақстан жыраулық, жыршылық мектебін қарастырып отырғанда анық көзіміз жетеді. Ақтамберді Сарыұлы (1675-1768), Үмбетей Тілеуұлы (1706-1778), Бұқар Қалқаманұлы (1668-1781), Мар-

ғасқа, Тәтіқара және т.б. творчествосының қазақ эпикалық жырларының туу, қалыптасуына тікелей әсері болғанын ғалым М. Мағауин кезінде жазған да еді [6].

Қазақ халқының эпикалық дәстүрін, эпикалық ортасын қалыптастыру, дамытуда еліміздің әр өлкесіндегі түрлі жыршылық, жыраулық мектептер өз қолтаңбасымен, өз мақам, репертуарымен халқымыздың қайталанбас, өзіндік өрнегі бар жыраулық, жыр-шылық дәстүрін атадан балаға мұра етіп қалдырған қайталанбас құбылыс.

* * *

ӘДЕБИЕТ

1 Сыдықов Қ. Мұрын жырау ізімен. // Жалын. – № 5 – 1988.

2 Хакімжанова М. Мұрын жыраудың мұрасы. // Жалын. – № 8. – 1987.

3 Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983.

4 Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. – Алматы: Жазушы, 1976. – 352 б.

5 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т., 19. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.

6 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1970. – 160 б.

Н.Сағындықов, А.Оралбек

ЖҮСІПБЕК ШАЙХИСЛАМУЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ ХАҚЫНДА

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Жүсіпбек Шайхисламұлы Айтқожин. Өмірі мен шығармашылығы. Қазақ әдебиетінің тарихындағы орны.

Тірек сөздер: Жүсіпбек Шайхисламұлы, ақын, шығармашылық, өмірбаян, әдебиет.

Н.Сағындықов, А.Оралбек

О БИОГРАФИИ ЖУСУПБЕКА ШАЙХИСЛАМУЛЫ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Жусупбек Шайхисламұлы Айтқожин. Жизнь и творчество. Место в истории казахской литературы.

Ключевые слова: Жусупбек Шайхисламұлы, поэт, творчество, биография, литература.

N.Sagyndykov, A.Oralbek

ABOUT LIFE OF ZHUSUPBEK SHAYHISLAMULY

Abstract. The issues dealt in this article. Zhusupbek Shayhislamuly Aitkhozhina. His life and work. Stature in the history of Kazakh literature.

Keywords: Zhusupbek Shayhislamuly, poet, art, biography, literature.

Қазақ халқының бай көркем қазы-насының ұзақ та күрделі даму жолында, тарихында ХХ ғасырдың бас кезіндегі жазба әдебиет ерекше орын алады. Неліктен ерекше, несімен құнды дейтін сұрақ санамызға келер болса, оған былай деп жауап беруімізге болады. Қазақ көркем әдебиеті қоғамдық, әлеуметтік, саяси жағдайлардың аясында дамыған замана бейнесін өрнектей алуымен және жалпы рухани өмірінде болған аса маңызды өзгерістерді көркем сөз өнері арқылы өзінің тиісті көрінісін таба білуімен де аса құнды.

XIX ғасырдың басы мен ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінде зерттеушілер «кітаби ақындар» деп атаған бір топ қалам қайраткерлері – Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәді Жәңгіров, Жүсіпбек Шайхисламов, Омар Шораяқұлы, Нұралы Нысанбаев, т.б. шыққаны белгілі. Олар Шығыстың "классикалық" әдебиетінен "үлгі

алып, оны насихаттап жүрді. "Назира" дәстүрімен өздері де оған еліктеп шығармалар жазып, әдебиеттер байланысына, қазақ сөз өнерінің көкжиегі кеңеюіне қызмет етті. "Кітаби ақындардың" кейбір шығармаларында діни-патриархалдық көзқарасты қуаттау кездесетіні біржақты сынауға ұшырағандықтан, олардың туындыларында өз заманы ізденіс-терінің ізі қалғаны бейнеленгені, әдеби процесте өзіндік орны, үлесі барлығы ескерілмей, толық зерттелмей келді.

Сол секілді Шығыс Түркістан қазақтарының ғана емес, күллі қазақ әдебиетінің тарихында елеулі орны бар, Жетісу өңірінде өмір сүріп, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін ұштастыра отырып, соңында мол қазына қалдырған айтулы ақын – Жүсіпбек Шайхисламұлы Айтқожин. Ол өзінің ғасырға таяу ғұмырында артында мол мұра, өшпес еңбек қалдырып кетті. Ғұлама ақынның жазған жырлары, жинаған фольклорлық дүниелері

басылып та, қолжазба күйінде де жалпақ қазақ даласына кеңінен таралып, қазақ даласының рухани өсуіне ерекше ықпал еткені белгілі. Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы ту-ралы сөз болғанда, «Қазақ Совет Энциклопедиясында» берілген “қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, бастырып таратушы, насихаттаушы, әйгілі ақын” дегеннен әрі аса алмаймыз. Себебі, ақынның өмірі мен шығармалары түрлі себептерге байланысты қазақ әдебиеті тарихынан қағыс қалды және оның еңбектері ойдағыдай бағаланбады. Жүсіпбектің есімі Шыңжандағы жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ретінде де аталады. Жүсіпбек соңғы өмірінде көптеген әдеби шығармалар жазғанымен олардың дені бүгінгі күнде қолға толығымен жеткені саусақпен санарлықтай. Аман қалғандары кейінгі жылдары ғана халық арасынан жиналып жеке кітап болып шыға бастады. Ақын Жүсіпбек қожа Шайхисламұлының қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар. Оның жазып қалдырған еңбегі ұшан-теңіз. Десек те, оның шығармаларына көңіл бөлініп, арнайы зерттел-мей келеді. Ақын өмірі туралы ғалымдардың пікірі де ұштаспай жүргені белгілі. Ал шығармашылығы зерттеуді қажет етіп тұрған құнды дүние. Біз Жүсіпбекті қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың қатарында қарауымыз керек.

Жүсіпбек Шайхисламұлы қазіргі Жамбыл облысының орталығы Тараз қаласының маңында дүниеге келген. Кейінгі жылдардағы зерттеулерде ақынның туған мен ғұмырнамалық даталарына байланысты кереғар тұжырымдар айтылып келеді. Бұл орайда, Жүсіпбек туралы соңғы жылдары зерттеу жүргізген С. Дәуітұлы мәліметтеріне жүгінсек, ақын Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы 1854 жылы Оңтүстік Қазақ-станның Сыр бойында, яғни Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Қожатоғай аулында туып, 1936 жылы Шыңжан өлкесі, Іле облысы, Аттың тауы деп аталатын жерде қайтыс болған сыңайлы. Сонымен қоса осы мәліметтер “Қазақ ақындарының антологиясында” С. Дәуітұлы айтқан даталары қайталанған. Ал М.Ғұмарова мен Н. Катанов зерттеулерінде және “Қазақ Совет энциклопедиясында” 1857-1936 жылдар аралығы көрсетіліп, Жетісуда туылғаны айтылады. Ақын мұраларын зерттеп, ерекше көңіл бөлген С.Дәуітовтің ақын өмірі туралы жария еткен пікірлеріне назар аудармай кетуге болмас. Ол өз сөзінде: Жүсіпбек ақынның ауыз әдебиетін жинап, жарыққа шығарудағы еңбегі ерекше. Ол Қазан революциясына дейін де, одан кейін де әлденеше дастан, қисса, лиро-

эпос жыры, айтыс өлеңдерін жинақтап, жеке-жеке кітап етіп жариялаған. Ғасырлар бойы ел есінде ұмытылмай сақталып келген асыл дүниелерді тауып, оны ерінбей-жалықпай хатқа түсіру, қайта жырлап өңдеу дегеннің өзі қаншама жұмыс екенін айтып жеткізу қиын. Осыншама қыруар еңбегі бар Жүсіпбек кім, қай жерде дүниеге келіп, қай жерде қандай қызмет атқарып, қай жерде қайтыс болған деген сұрақ көпшілігін біраздан бері мазалап келгені белгілі. Ал, Қазақ энциклопедиясында: «Жүсіпбек қожа қазақ ақыны, қазақтың ауыз әдебиет үлгілерін жинаушы, бастырып таратушы, насихаттаушы» дегеннен әрі аспайды. Ата тегі дін иесі – қожа руынан. Жүсіпбек өзі жөнінде “Жүсіпбек Қожаның Ләзипа қызбен айтысы” атты шығармасында былай дейді:

Шайхислам әкем аты, мен Жүсіпбек
Сәулетті пайғамбардың нәсілімін.

Осылайша жырлау арқылы өзінің қожа тұқымынан екенін білдіреді. Ұқсас тұжырымды ақын Шөкей қызбен айтысында да қуаттағандай болады:

Шайхислам әкем аты, мен – Жүсіпбек,
Осы елді іздеп келдім нағашым деп.
Әулеті Пайғамбардың – нәсілім қожа,
Жүруші ем жаман қызды баса көктеп.

Ахметбек Кіршібаевтың еңбегінде ақынның ұлы жүз, оның ішінде дулатқа жататыны тайға таңба басқандай көрсетілген.

Ақын өмірінің екінші бір кезеңі 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінен бастау алады. Осы дүрбелең ақынның Қытай асуына себепші болған. Алайда ақынның сол кездегі қазақтың бетке ұстар ұлт зиялыларының қатарынан орын алғаны сөзсіз. Бірақ бұл жөнінде нақты нанымды дерек жоқ. Сол тұста дінді, имандылықты жаппай наси-хаттап, орыстың отарлау саясатына қарсы тұрып, өзіне келген қатерді күні ілгері сезіп, орыс қудалауына ұшыраған елмен бірге Қытай асқан болуы да мүмкін. Ақынның тура 1916 жылы Қытай асып қоныстануы жайдан - жай емес. Қытайдың Іле өңіріндегі қазақтар ауылына ат басын тіреген ақын өмірінің соңына дейін осында тұрады. Мұнда ол оқу-ағарту ісімен айналысады. Мектеп ашып, халықтың сауаты мен мәдени түсініктерін дамытуға үлкен еңбек сіңірді. Іле аймағының Текес ауданына қарасты Қамыстыбұлақ деген жерінде мектеп ашады. 1935 жылы Текес аудандық қазақ-қырғыз мәдени ағарту бөлімшесі ашқан мектепте мүдір қызметін атқарады. Жасының ұлғайып, денсау-лығының нашарлауына да қарамастан, сахарада жас

ұрпақ тәрбиелеу жұмысымен өмірінің соңына дейін айналысады.

Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы өмірі мен шығармашылығы жете зерттелмей келгені көпке мәлім. Оның да өзіндік себептері бар: біріншіден, ол қожа тұқымы болғандықтан “дін-апиын” принципін ұстанған кеңес идеологиясы дін біліміне жетік азаматтармен ымырасыз күресте болды. Екіншіден, Жүсіпбек отызыншы жыл-дардағы жасанды науқанның зардабынан Қытайға ауып, өмірінің соңғы 5-6 жылын жат өлкеде өткізді. Сонда дүние салып, сүйегі шетелде қалды. 60-70 жылдардағы кеңес-қытай мемлекеттері арасындағы саяси салқындық та өз әсерін тигізбей қалмады. Ақынның туған халқына істеген қыруар еңбегі түгіл, есімі де ескерілмейтін болды. Айтыла қалғанның өзінде қазақ кітаптарының тарихын немесе дастандарын зерттеу барысында мамандар жағынан кітап бастырушы ретінде

ғана назарға алынды. Ол жырлаған діни дастандар туралы сөз қозғаудың мүмкіндігі болмады. Дегенмен, әр кезеңдерде ол жөнінде пікірлер білдірген ғалымдар қатарында Н. Катанов, М. Жұмабаев, Б. Кенжебаев, Ә. Тәжібаев, Ә. Жиреншин, М. Ғұмарова, Ж. Шалғынбай, Ү. Субханбердиналардың есімдерін атаған орынды. Мұнан өзге ақын мұраларын ел арасынан іздестіріп, жинақтарда, мерзімді бас-пасөз беттерінде жариялап, ол туралы құнды деректер жазып жүрген Қ. Толыбаев, Ә. Шілтерханов, М. Сүлейменұлы, А. Кіршібаев сияқты қаламгерлер баршылық. Жүсіпбек мұраларын зерттеу енді ғана басталды десек, артық айтпағанымыз, сөзімізге жоғарыда аталған, аталмаған жанашырлардың еңбектері айғақ. Сөйтіп, Ж.Шайхисламұлы есімі қазақ әдебиеті тарихының ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы кезеңінде өзіне тиесілі орнын иемденуі керек.

* * *

П.Бисенбаев

«ЖАСАУЫЛ ҚЫРҒЫНЫ» ЖЫРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Н.Ахметбековтің «Жасауыл қырған» жырының тарихи негізі. Тарихи тұлға концепциясы. Өмір шындығын поэтикалық пайымдау.

Тірек сөздер: поэма, тарих, тұлға, көркемдік, пайымдау.

П.Бисенбаев

ОБРАЗ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ В ПОЭМЕ «ГИБЕЛЬ САРБАЗОВ»

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Исторические основы поэмы Н.Ахметбекова «Гибель сарбазов». Концепция исторической личности. Поэтическое осмысление правды жизни.

Ключевые слова: поэма, история, личность, историческое, художественное, осмысление.

P.Bisenbaev

THE HISTORICAL IMAGES IN THE POEM "THE DEATH OF SARBAZ"

Abstract. The issues dealt in this article. Historical Foundations of the poem N. Ahmetbekova "Death of Sarbaz." The concept of a historical figure. Poetic reflection of the truth of life.

Keywords: Poem, story, personality, historical, artistic, interpretation.

Н.Ахметбековтің «Жасауыл қырған» туындысында өмірде орын алған тартысты оқиғалар нанымды, көркем шешім тапқан. Бұлай болуының себебі, Нұрхан ақын - оқиға болып өткен Торғай өңірінде туып өскен, «Жасауыл қырғанды» көзі көрген, егжей-тегжейін түгел білетін адамдармен тілдескен кісі. Сондықтан ақын ХІХ ғасыр әңгімесін жаңғырта жырлай отырып, кейіпкерлер болмысын ел ұғымына сай тарихи шындық шеңберінде сомдауға күш салады.

«Жасауыл қырған» жырының тарихқа жанасымдылығының тағы бір белгісін ондағы жер-су аттарынан да байқауға болады. Жыланшық, Қараой, Қошалақ, Қарасай, Сыр, Сеңгірдің сарлығы, Торғай, Ұлытау, Ақсу, Самсы аталатын жер, су, тау атауларының бәрі де қолмен қойылғандай дәл берілген. Мұнда ойдан шығарылған дейтіндей ештеңе жоқ.

Жыр нұсқаларының бір-бірінен аздаған өзгешеліктері де бар. «Жасауыл қырғанда» хан көші Ұлытауға аттанса, соңғы нұсқада оңтүстікке бет түзейді. Тарихи дерек көздері

Кенесары ауылдарының 1844 жылдың күзі мен қысында Қарақұмда болғанын мәлімдейді. Жалпы, 1845 жылға дейін ұлт-азаттық көтерілісінің орталығы Ұлытау, Торғай, Ырғыз, Сыр аралығы болғаны белгілі. Ендеше, жыр желісіндегі деректер тарихи шындықтан алшақ емес. Жыр хан көшінің бағытын, уақиғаның өткен уақытын дәл көрсетеді. Соңғы нұсқада хан Кененің Наурызбайды Барақ пен Баспақ сордан күтіп алып, әрі қарай Ақсу, Самсы аспақ ойлары әшкерә болады. Дегенмен осы айғақтың өзі де Кенесары қолы соғысқан атыраптың аумақтылығын аңғартады.

Жалпы жыр экспозициясында Кенесарының үстем тап өкілі екендігі, оның кедей-кепшікке менсінбей қарайтындығы қағыс қалмайды. Ақын өзіне таныс өңірдің табиғатын суреттей отырып, тарихи – этнографиялық фонның астарында Кенесарының Қошалақ, Қарасайды жайлап, елден сый-сияпат алып алысқа барымташылар аттандырып, көп жылқы алдырғанын айтып үлгереді. Осы үзінді арқылы халық үстінен күн көрген тойымсыз хан тұқымының болмыс-бітімін шағын деталь арқылы кескіндемек болады. Хан Кене шығармадағы негізгі оқиғаларға қатыспайды, бірақ соның өзінде оның барлық оқиғаның басты ұйытқысы екенін аңғармау мүмкін емес.

Сонымен хан көші Торғай өңірінен ұзап кете барады да, Наурызбай бастаған жүз жігіт зекет жинамақ болып, Алшын Жаппас руының келуін күтіп қала береді.

Наурызбай төре Жанғабыл Төлегеновке қарасты Жаппас руынан зекет жинауға Байтабын батырды жұмсай отырып: «онда барғанда жұртты ұйытар сөзінді ақылға, насихатқа негізде, ал айтқанға көнбейтіндей, айдағанға жүрмейтіндей сыңай танытса, қайтеріңді ескертіп қой», - дейді. Сонда Байтабынның Жаппастың басты адамдарын жинап айтқан сөзі мынау екен:

Бересің үшкір зекет мал басына,
Туралық етем деген Алласына.
Шариғат хан жарлығы, сізге уәжіп,
Жұмсайды пақыр, міскін пайдасына.
Панасыз жетім, жесір, соқыр, ақсақ,
Орынсыз аштан өліп қалмасына.
Өзіңнің отаныңды жаудан қорғау
Жеткізбек қару-қапшық жолдасына.
Тағы сол қаражат пен ғылым таппақ,
Өнермен бұқараның шамын жаппақ.
Жүзден-төрт, мыңнан-қырық зекет алмақ,
Ханыңның тәртібі осы берген шақтап [1].

Бірақ Қоқан ханы мен Ресей үкіметіне бағынышты Жанғабыл ауылының ақсақалы Өтеген қария Кенесары ханға зекет бере алмайтынын, ауылда Жанғабыл бидің жоқ

екенін айтып бір жылға мәулет сұрайды. Ауыл ақсақалының хан жарлығынан бас тартып, зекет бермеуге айналғаны Байтабынның ызасын келтіреді. Бұл жұрттың ниеті бұзылғанын Наурызбай төреге жеткізіп барады. Жаугершілік заманда қояуы кеткен істің не сөзбен, не қарудың күшімен шешілетіні мәлім. Наурызбай Жанғабылға қарасты Жаппас ауылдарының үстінен мылтық атып, ел-жұрттың зәресін алады. Көп ұзамай мән-жайды аңғарған ауыл азаматтары «Жаздық, жаңылдық» деп Наурызбайдан кешірім өтініп, зекет төлемекке келісім береді.

Байтабынның Жанғабыл ауылдарына айтқан насихат сөзімен үндес мәтіндер «Жас-ауыл қырған» оқиғасын баяндайтын О.Шипин-нің «Иман батыр» [2] жырында, Қ. Қараев жырлаған «Топжарғанда» [3] кездеседі.

Кейінгі жырлардың мәтіндерінде сапалы өзгерістер болғанымен, олардың мазмұнында пәлендей айырма жоқ. Екі автор да бұл сөздерді Жанғабыл жұртына зекет жинай келген Кенесары жасауылдарына айтқызады. Мұны, әрине, кездейсоқ сәйкестік деп айта алмаймыз. Бұл жолдар «Жасауыл қырған» оқиғасын көзімен көрген алғашқы орындаушыдан қалған маңызды дерек болуы мүмкін. Қалай десек те аталмыш жыр жолдары Кенесары жасауылдарының ел шабатын ниетте болмағанын көрсетеді.

Алғашқы нұсқадағы Байтабын сөзінің жыр желісіне жайдан-жай еніп отырмағаны анық. Жырды не тарихи аңыз - әңгімені айтып, таратушылар елден зекет жинауға келген Кенесары жасауылдарының атқарып жүрген қызметімен жақсы таныс болған. Тарихи мәліметтер жасауылдарға Қасым ұрпағына қарасты рулардың көші-қон мәселесін реттеу мен зекет, салық жинаудан басқа хан Кененің ел үшін атқарып жүрген істерінің мән-маңызын қарапайым халыққа түсіндіру сияқты жауапты жұмыстар жүктелгенін растайды. Ал жырдағы көрініс хан тапсырмасымен ел ішінен шыққан зекетшілердің қалыпты тәртіпке бағынғандығының, сонымен қатар хан ордасында дипломатиялық корпусстың әбден орныққандығының дәлелі.

Әрине, Байтабын сөзінде Кенесары ханның ұстанымы, бағыт-бағдары көрініс тапқан. Онда елден жиналған зекеттің әскер ұстауға, оны қару-жарақпен, ат-көлікпен, тағы да басқа түрлі жабдықтармен қамтамасыз етуге қажет екендігі айтылған. Ал әскер патша өкіметінің қыспағынан, Қоқанның зорлығынан азат болып, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін керек екендігі белгілі. Оның астарында Кенесарының ешбір жат жұрттыққа бой алдырмайтын еңселі ел

болсақ деген асқақ арманы менмұндалап бой көрсетеді.

Тарихи деректер Кенесарының мал шаруашылығымен айналысатын аудандарынан «зекет», егінші қауымнан «үшір» алып отырғанын айтады. Ал А.Ф. Рязанов «Восстания Кенесары Касымова (1837-1847)» атты тарихи очеркінде хан Кенені зекет жинауға итермелеген басты себептердің біріне тоқталады: «...Вследствие затрудненных перекочевок с места на место, они были лишены возможности иметь большие стада мелкого скота, составляющих богатство кочевников. Они лишились своего имущества и не имели даже достаточного количества кибиток, которые составляли излишний груз при постоянных перекочевках. При таком состоянии хозяйства они не могли существовать за собственный счет. Почему Кенесары для продовольствия их был принужден прибегнуть у сбору хякета с соседних казахов; он разослал для этой цели во все роды своих есаулов» [4, 31].

Қоғамда қандай жағдай орын тепсе де хан Кене зекет алу барысында белгілі жүйеге иек артқан. Мәселен, қырыққа жетпеген мал басынан зекет алынбаған, қырықтан жүзге дейінгі отардан бір мал, одан ары қарай қырық малдан бір бас алып отырған. Кенесарының жақтастары мен патша тыңшыларының мәліметі зекет алудың осы үлгісі хан ордасында қаланған тәртіп екендігін мақұлдайды. Демек, ілгеріде көрсетілгендей, 100-ден 4, мыңнан қырық емес, 40-тан 1, мыңнан жиырма бес болуға тиіс. Ал жырдың соңғы нұсқасында 100-ден 10, мыңнан жүз деп тіпті асырып жіберген [5, 292].

Бір қызығы, екінші нұсқада Байтабын батырдың Жаппас жұртын жиып, хан Кене атынан айтатын насихат сөзі түгелдей түсіп қалған. Мұнда Наурызбайдың тапсыруымен зекет жия келген Байтабын тоқсанға шыққан Төлеген қарияға дүрсе қоя береді. Егер хан жарлығын орындамасаңдар, «сойқандап кетеміз» деп қорқытады. Ақын осы жерде бастапқы нұсқадағы Өтеген ақсақалды тоқсандағы Төлегенге ауыстырып қана қоймай, оны Жанғабыл бидің әкесі еді дейді. Автордың Байтабын сөзін соңғы нұсқаға енгізбей қоюуы, оны тұтастай жыр мәтінінен кертіп алып тастауы тегін емес, әрине. Байтабын сияқты «қарақшы, ұры-қарыға» лайық іс қылсын, оның дөкір, қыңыр-қисық қылығы жыр басынан көріне берсін дегені.

Екінші нұсқадағы тағы бір елеулі өзгеріс – алдыңғы вариантта байқалмаған жаңа кейіпкерлердің төбе көрсетуі. Мұндағы қосалқы кейіпкердің бірі – Қарға. Ол шығармада Байтабын ауыл үстінен мылтық атып, керекті

малын күшпен алмақ боп жатқанда пайда болады. Наурызбайдан араша сұрап: «Бетіңе келер жан жоқ, керегінді ала бер. Ауылда Жанғабыл болмаса да, елді өзім көндірем», - дейді. Сөз арасында хан Кенеге тарту еткен бозтарлан атын да еске салып қояды. Жасауылдарға сауық-сайран құрып, дымын білдірмей қызмет көрсетушілерге ұйытқы болып жүрген де осы Қарға. Ол – Торғай өңіріне кеңінен мәлім, тоқымы кеппеген атакты ұры. М. Сералиннің поэмасында:

Арқада Көкбурылдай жүйрік бар ма?
Ат болған би Наурызбай деген нарға.
Көкбурыл ат Наурызбайдан ұрлап алып,
Кенеге тарту қылған үңгіт Қарға,-

деген жолдар бар. «Осындағы «үңгіт Қарға» тіркесін «Ұңғыт Қарға» деп оқып, Кенесарының төңірегіндегілердің бәрі ұры-қары, берекесіз адамдар еді, өзі солардың әкелген тарту-таралғысынан бас тартпайтын да дейтін болжамдар жасалып келгені рас. Ал, шындығында, үңгіт деген елдің, рудың аты еді де, Қарға дейтін сол елден шыққан белгілі жортарман кісінің есімі болатын» [6, 301-302].

Н.Ахметбековтің «Қарға» аталатын белгілі дастанының басты кейіпкері де - осы Қарға. Ол дастанда Қарғаның Ұлы жүз жеріндегі біреуге айттырылған Гүлсін атты қалыңдығын қалай алдап қолға түсіргені, кейін сол қызды өзіне қалай жар қылып, бақытты ғұмыр кешкені туралы баяндалады. Бірақ оның Жа-сауыл қырған ісіне қаншалықты қатысы бары ол шығармада айтылмайды.

Міне, осылай бірнеше шығармаға кейіпкер болып үлгерген Қарғаның «Жасауыл қырғыны» поэмасындағы басты кейіпкер Жанғабыл Төлегеновтің қасынан табылуы, оның Кенесары жасауылдарын алдап-арбап тұзаққа түсіруі, қарусыз сарбаздарды өлтіруге қатысуы кімкімді де сендірмейді. Бұл өзі көркемдік талаптардан туған шешім емес.

Бастапқы нұсқадағыдай Жанғабыл жалғыз болмасын, қасында халықтың өкілі, көпке мәлім Қарға жүрсін деген таптық көзқарастан туған саяси- идеологиялық мақсат-мұраттың жемісі. Мұның астарында Жанғабылды қалың бұқара қолдады, ал жасауылдар қазасы – сол халықтың үкімі деген ой жатыр.

ӘДЕБИЕТ

1. Ахметбеков Н. Жасауыл қырған. - FA OFK 1291 б.1 дән.
2. Шипин О. Иман батыр. - FA OFK 1339 б.19дән.
3. Қараев Қ. Кенесары-Наурызбай. -FA OFK 1338б. 13 дән.
4. Рязанов А.Ф. Восстания Кенесары Касымова (1837-184. - Алматы, 1992.
5. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. - Алматы, 1993.
6. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. - Алматы, 2001.

З. Оразбекова

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АБАЙ ОБРАЗЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Қазіргі қазақ прозасындағы Абай образы. Абай образын жасаудағы М.Әуезов дәстүрі. Абай образын жасаудағы қазіргі жетістіктер.

Тірек сөздер: қазақ прозасы, қазіргі, Абай образы, М.Әуезов, дәстүр, жалғастық, жетістіктер.

З. Оразбекова

ОБРАЗ АБАЯ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Образ Абая в современной казахской прозе. Традиции М.Ауэзова в создании образа Абая. Достижения современной казахской прозы в создании образа Абая.

Ключевые слова: казахская проза, современность, образ Абая, М.Ауэзов, традиции, преемственность, достижения.

Z.Orazbekova

THE IMAGE OF ABAI IN MODERN KAZAKH PROSE

Abstract. The issues dealt in this article. The image of the Abai in modern Kazakh prose. M.Auezov's tradition in creating the image of Abai. The achievement of modern Kazakh prose in creating the image of Abai.

Академик Рахманқұл Бердібаевтың: «Абайдың шығармалары қайта-қайта басылып, халыққа кеңінен тарағанын, өзге тілдерге де аударылғанын, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы ұлы ақын өмірі мен еңбегі әлемдік көлемге таныс болғанын жұртшылық біледі. Дегенмен Абай сынды алып тұлғаның қызметі мен дәстүрін түсіну, насихаттау, оның өнеге алған рухани негіздерін толық елестету үшін бұл аталған істермен шектеліп, тоқталып қалуға тіпті болмайды», - деген пікірін негізге ала отырып, бүгінгі қазақ әдебиетінде, оның ішінде қазақ прозасында аталмыш дәстүрдің жағдайы қай деңгейде екендігіне жауап іздеу барысында, ең алдымен беткеұстар дүниеміз, әрине, классик Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі эпопеясы. Мұхтар Әуезов халықтың тұрмысы, моральдық институттарының өмірлік материалдары негізінде қатал реализм, сұлулық, әсемдік талап-тарына дөп келетін тарихи роман тудыру арқылы қазақ әдебиетінің деңгейін биік әлемдік дәрежеге көтеріп, жаңа эстетикалық игіліктер дарытып, қаламгерлік ерлік көрсете білген. Роман бірінші бетінен бастап соңғы жолына дейін сұсты өмірдің қатал шындығына суарылған. Әуезовтің қаламынан туған рубасылары, билер, мансап ұстаған адамдар кескін-келбеттерімен, мінез қалыптарымен, сөйлеген сөздері мен арғы-бергі замандардағы небір іргелі елдердің басшыларынан, патшалардан, корольдерден, хандардан, дипломаттардан асып түспесе, кем соқпайды. Аспанзәулім, биіктік, шыңырау - терендік. Іштерінде алтын ер-тоқымды арғымақ жатса да титтей сыр бермейтін беріктікке, бір ауыз әділ сөзге тоқтайтын мәрттікті, қажет жерінде руымен у ішетін ынтымақты қосыңыз. Қас-қабақ, ым-жым, емеурін, жүріс-тұрыс, киім киіс, сөз саптау, билік-айту, ел бас-

қару мұның бәрінде мыңжылдық көшпелі мәдениет қалып-тастырған тапжылмайтын, әбден орныққан берік салт-дәстүр бар. Дүниежүзінде болып жатқан ұлы әлеуметтік өзгерістер, отаршылық атты алапат қозғалыстар, Батыс пен Шығыстың мәңгілік шарпысуы, темір құрсаңған болат тұяқ капитализмнің қанды шеңгелі сияқты ғаламат дүмпулер көшпелілер әлемін де іріте бастаған. Бұрынғы игілік, кәсіп амалдары, тіршілік қалпы, адамгершілік мұраттары енді басқа арнаға түсіп, өзгере бастаған. Жаңа өріс, соны нысана, өзгеше байлық тумак. Мұны көш-пелілердің ескі қауымы түсінбейді, келешекпен туыса табысатын жаңа буын енді өсіп келе жатыр. М.Әуезов осындай планеталық мән-мағынаға ие, қауымдар, мәдениеттер ауысуы тұсындағы сан-алуан отбасылық, әулеттік, ру-тайпалық, халықтық қақтығыс, шайқас, тар-тыстар үстінде адамдық мінез қалыптарымен ашылатын ондаған әдебиетіне исі түркілік, шынайы қазақылық исі аңқыған әрі тың, әрі ғажап көркем қаһармандары бар тұтас сұлулық әлемін алып келді. Бұл жұлдызды аспанның қақ төрінде темір қазықтай болып, бойына халқының ғасырларда сұрыпталып екшелеген барлық асыл қасиеттерін жиған, әрі ақын, әрі дана, әрі қайраткер, әрі ойшыл Абай тұлғасы тұр. Абай бейнесін жасауда ақын өмірінің белгілі оқиғалары кеңінен суреттеледі, оның шығар-маларындағы әуез-сарындар, мотивтер, идеялар пайдаланады. Бірақ жеке өлеңдерге иллюстрация, жалаңаш еліктеу, қайта баяндап беру дегеніңіз атымен жоқ, Абай сөздері, диалогтағы, монологтағы лебіздер түп-түгел ақын лексикасын, синтаксисті ескере отырып, тыңнан жасалған.

Көшпелі мәдениетке тән этно-графиялық, тұрмыс-салттық, сенім-нанымдық, хұқықтық, әскери-саяси, адамгершілік моральдық көріністердің барлық белгілерін толық та кең, терең де

дәл қамтыған шығармада ерекше ықшамдылық лаконизмі бар. Қазақ елінің ежелгі бәр дәстүрі, арғы замандарда басталған, тіпті шарифаттың өзі де мұртын бұза алмаған белгілі адамға ас беру, жылы өткенше өліктің артын күту, азалы үй тігіп, ат тұлдап, қаралы көш жүргізу, дауыс айтып, көрісу дәстүрі Бөжей өлімі тұсында кеңінен бейнеленеді.

Әуезовтің үлкен суреткерлік шеберлігінің терең ашылып көрінетін айқын тұсы адам кескіндерін бейнелейтін шақ. Кейіпкер алғаш әрекет сахнасына шыққан бетте автор оның келбетінің есте қаларлық сипат-белгілерін суреттеп береді. Адамның жалпы тұрпаты, бойы, дене бітімі, қимыл-қозғалысы, әсіресе, бас бітімі, бет пішіні, көзі, мұрны, ерні, тісі атамалап көрсетілмей, бір-бірімен байланыста, әрекет, қимыл үстінде, жанды - тірі қалыпта, сан алуан көңіл-күйімен толқыған, тебіренген, ренжіген, қуанған, жек көрген сәтінде бой көрсетеді. Жазушының қырағы көзі әр түрлі нәсілді, сан алуан әулетті дәл көріп, қапысыз танытады. Суретші қалам бір-біріне ұқсамайтын ондаған адамның реалистік портретін жасайды, олар тұтас көрмелерді толтыруға жетіп жатыр. Әуезов құдіретімен жаратылған әйелдер бейнелері бірінен-бірі өткендей сұлу, нұрлы, әсем: Тоғжан, Қуандық, Салтанат, Әйгерім, Үмітей, Керімбала, Нұрғаным, Мағыш, Мәкен. Аtpал азаматтар, батыр жігіттер қандай: Базаралы, Балағыз, Оспан, Дәрмен, Әбіш, қыртысты билер, қат-қабат жуандар: Бөжей, Оразбай, Әзімбай. Осынау қалың шоғырдың бір тұғырында Құнанбай, бір тұғырында Абай. Екеуінің де үй-ішінде, көпшілік ортасында, далада, шұрай топ алдында, отырған, жүрген, ат үстінде, ойға батқан, ашуға мінген шақтардағы, әр кездердегі шешім қабылдап, билік айтқандағы кескін-келбеті барша бояуымен көз алдыңызға келеді. Бірі қаттылықтың, зорлық-зомбылықтың, екіншісі адамгершіліктің, әділет-мархабаттың бейнесіндей. Жазушы кейіпкер келбетін сомдау үшін авторлық баяндау, персонаждың өткен күндерін еске түсіру, өзіндік сөздік сипаттама, басқалардың берген бағасы, психологиялық саралау, ой ағымы, диалог, монолог, полилог секілді көркемдік құралдарды қолданады. Қаһарман оңаша күйде, екеуара, топ ортасында, мәжіліс үстінде, әрекет-күрес басында, қолма-қол шайқаста, бір қуаныш, бір қайғыда, барлық болмысымен толық ашылып, оқырман назарына түседі. Әрбір кейіпкердің мойнына жүктелген керкемдік мақсат, идеялық салмақ бар. Әлем әдебиеті қазынасына ерекше қымбат көркемдік-эстетикалық игілік болып қосылған "Абай жолы" эпопеясының шығар-машылық тарихында, жазушының ұстаханалық баянында бірнеше оқшау белгілі қасиет-сапа бар. Қаламгердің болашақ роман қаһармандары, олардың

ұрпақ-нәсілдері орта-сында туып, алаңсыз сәбилік, бақытты балалық, бозбалалық күндерін, солар кешкен қат-қабат әлеуметтік-психологиялық, тұрмыстық-этнографиялық, табиғи-экологиялық қоршауда, қаймағы бұзылмаған көшпелілер мәдениеті құшағында өткізуі бір олжа болса, екінші сәттілік Құнанбай Әуез, Абай Омархан әулеті өзара қыз беріп, қыз алысқан, нағашылы-жиендік орайда туысып, ортақ қуаныш, ортақ қайғы бөліскен, сүйек-шатысты, жүз жылдық күйеулік, мыңжылдық құдалық рәсімін берік ұстанған жақын, бауыр адамдар екендігінде жатыр. М.Әуезов өнер адамы мен халық тағдырын тұтас бірлікке көрсететін зор реалистік шығарма жазудың жаңа көркемдік мектебін ашты. Осы еңбегі арқылы М.Әуезов өзін де, Абайды да бүкіл дүние жүзіне таныта білді.

М.Әуезов баға жетпес «Абай жолы» шығармасында Абай өмірін ұрпақтарына адам ретінде көрсете білсе, Дүкенбай Досжан Абайдың ішкі жан дүниесін ақын ретінде көрсетті. Д. Досжан шығармашылығындағы «Абай айнасы» (1994) романында тұрмыстық, тарихи, әлеуметтік және экзистенциалдық жақтар көркем суреттелген. Қазақтың ұлы ақыны, ойшылының 150 жылдығы қарсаңында жарық көрген «Абай айнасы» кітабы жазушылық зерттеу талантымен, ашық, жаңа тақырыбымен, Абайдың ақындық және философиялық әлеміне өзіндік көзқарасы және ой ұшқырлығымен ерекшеленеді. Осы кітаптың он бес бөлімі – ғылыми зерттеулері мен бос беллетристикалық бейнелеудің орғаникалық түрде біріккен он бес эссе. Д.Досжан Андре Моруа, Стефан Цвейг стиліндегі өмір бейнесін ойлап тапты. «Абай айнасы» романында ұлы қазақтың ақындық және адамдық негізі түрлі көзқарастар мен бағаның, танымал және таныс емес құжаттар деректерінен алынған. Суретші романда өмір қарбаласында ұмыт қалған күнделіктер мен тіпті Абайдың тірі ұрпақтарына да орын берді. Романның құжаттық негізі ретінде Тұрағұлдың қызы, 80 жастағы Мәкен апаның естеліктері тірек болды. Абайдың ұлы, Джек Лондон мен Горькийдің шығармаларын аударған Тұрағұл уайымнан өлген кезде ешбіреуі көмек көрсете алмаған. Архивтен сирек кездесетін құжат – Пе-тербургте 1909 жылы Абайдың өлеңдер жи-нағын алғаш рет баспаға берген, оның ағайын інісі Кәкітай Ысқақов ақынның күнделігі табылады. Абайды «адами әлсіздіктері, «дақтары» бар айна» ретінде де көрсетуі романның тағы бір ерекшелігі. Осыдан оның адамгершілігі одан әрі арта түсті. Д.Досжан архивтік құжаттарының ішінен бұдан бұрын еш жерде басылымға

шықпаған Абай туралы қызықты айғақтар тапты. Жазушыны адам қасиеттерін зерттеу қызықтырады. Осы жайт жазушының ақын жан дүниесіне еніп, сырт көзгеден таса оның күрделі рухани жан драмасын ашуға жол берді. «1880 жыл; Екі кісі болып бөлінген Абай», «1904 жыл; Отырып ауырған адам», «1898 жыл; Қастандық» бөлімдері өмір қызығынан бас тартқан ақынның ішкі тартысын ашық көрсетеді. Абай мен Байронның рухани, шығармашылық жағынан жақындығына арналған бөлім ерекше ықы-ласқа бөленген. Автор ақындардың өлең жолдарын салыстыра отырып, екі ұлы адамның ақындық әлемдерінің біріккенін табады. Тағы бір назар аударатын жай – «Евгений Онегин» аудармасына Абайдың өзінің қосқан толық-тыруларынан көрінетін, Пушкин шығармашылығымен жақындығы. Дегенмен Дүкенбай Досжан ұлы адамның әлсіздігі мен ерекше қасиеттеріне жай ғана қызықпайды. Абай Абай болып қала береді, сондықтан да біз оның Лермонтов тәрізді өз халқына деген «ерекше сүйіспеншілігіне» ие болғанын түсінеміз. Ол өзінің «Қара сөздерін» («Факлия») ашы, шындықпен жазған. Ұлы ақын мен ойшыл Абайдың көркемдік бейнесі мен оның заманы әдебиетшінің ойына сай келді, Дүкенбай Досжан Абайдың адам бақыты үшін адам жасаған ерліктер мен әлемдік үндестік сезімін жеткізе білді. Абай, Пушкин, Лермонтов және Байронның ақындық жүректерінің жақындығын болмыс мәнін түсіну тілегі байланыстырады, олар әдемілік күшін ұғудағы шексіз уайымы да ортақ.

Алып тұлғалар туралы романдар өркеніеттің күрделі дамуындағы ой-сана дағдарысы, уақыты сияқты жаңа заманды түсінуге көмектеседі. Адам тарихындағы дағдарыс себебін іздеу «Абай айнасы» және «Алыптың азабы» романдарының атауларында жатыр. Басты мәселе ретінде жеке тұлға мен заман, әлеуметтік карама-қайшылықтар мәселесі қойылды. Адамның рухани күші мен әлсіздік мәселесі жазушының шынайы көзқарасымен ашылған. Автор таза жанды тұлғаның басты рөлі туралы идеясын анық жеткізді. Тұлға жағдайын түсіну жолдарының бірі ашылады: осы жағдайды заман дүрбелеңдеріндегі жан суретін өзінше түсіру. Осы міндетке ақын өмірінің хронологиялық кезеңі қызмет етеді. Он бес бөлімнің әрбіреуі өз тақырыбына сай айрықша тұлғаның тағы бір жағын ашты. Адамның бар өмірі өзгерістер тізбесін еске түсірсе, олар сыртынан ерекше, кездейсоқ, уақытша көрінгенмен, тізбе аралықтары қатты біріккен. Абайдың трагедиялық жалғыздық сезімі кітаптың сезіледі. Абайдың халық мәдениетіне,

бәрінен де сөз мәдениетіне, поэзиялық дәстүрге өзгеріс енгізуі оның мәтін мысалдарында көрсетілген. Абай өз шығармашылығымен Батыс пен Шығыстың рухани тәжірибелерін қазақтың дәстүрлі мәдениетіне енгізуге зор үлесін қосты. Бұл үрдісті Абайды үлгі тұтқан ақындарымыздың шығармашылығынан да байқауға болады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті ауқымында өзіндік орны бар ақындардың бірі Мұсабек Байзақұлының (Молда Мұса) шығармашылығынан екі ғасыр тоғысындағы әдебиетімізге тән басты ерекшеліктерді тануға болады. Ол - Шығыс поэзиясының көптеген інжу-маржан шығармаларын оқып-білген, қазақтың өлең-өрнегіне жаңаша ағын қосқан суреткер. Мысалы, «Тышқан мен түйе», «Жолбарыс пен түлкі», «Түзу терек», «Семірген есек», «Адалдық пен арамдық», «Опасыз жар» секілді шығармаларын айтуға болады, сонымен қатар, Молда Мұсаның «Ағаш пен маймыл» атты мысалы мен «Кәлілә мен Димна» арасындағы ұқсас сарын кездеседі, аталмыш шығарманың «Дәрігер Барзуя туралы» деген тарауын ақын өлеңге айналдырған. Сонымен қатар:

Адамға ғылым, өнер қамшы деген,
Жүйрікпін арабыға парсыменен, -

дейді ақын, ал оның:

Ақындыққа қазақтың алдындаймын,
Еш жүйрікке алдымды шалдырмаймын.
Арабы, парсы, түркі – бәрі бірдей,
Тек тұрмай орысша да былдырлаймын, -

деген әзіл өлеңі орыс әдебиетімен таныс болғанын байқатса,

Шекспир, Бальзак, Гете, Пушкинніңпен
Кеммін деп жүргенім жоқ ешкіміңнен... -

деген екі жолдық бәйіт өлеңі осы түйінді мәселеге саңылау түсіре алады.

«Әр дәуір, заман талабы оның ғарышты кезген өз уақытының мерейі үстем Абайын сомдай береріне шүбә келтіріп болмас», - деген ұстанымымен Рамазан Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» деген шығармасын оқырман қауымның әділқазылық алқасына алып келді. Заман өзгереді, заманмен бірге оқырманның да талғамы жетіле түсуде. Оның ғылым-білімі, ой-санасы, өмір салты өседі. Жаңа сапаға көшеді, жаңа сатыға көтеріледі. Сонда, жаңағы Тоқтаровша айтқанда, әрдайым мерейі үстем болып қала беретін Абайы да өзгеруі керек қой. Тіпті Абайдың өзі мен сөзі өзгермесе де, өскен, өзгерген қазақтың оны ұғынуы, түсінуі жаңаша болмай ма? Демек, Абай оларға әрдайым жаңа

бір қырларынан ашылуы біздің Абайымыз, мәңгілік Абайымыз, әр заманда оның өзіндік төл Абайы болады дейтініміз де сондықтан болса керек.

Роман-хамса әрқайсысы өз өрісімен дамып, өзгеше тынысын тауып отыратын бес бөлімнен, яғни бес кітаптан тұрады. Әрқайсы-сының дем-тынысы өзінде, бас-аяғы бүтін дербес хикая. Олардағы оқиға өзегін ұстап тұрған негізгі кейіпкерлері кітап тақырыбының астында жақшаға алып көрсетілген: 1. «Толғақ (Кенесары - Құнанбай - Қодар)»; 2. «Жұлдыз құрбандық (Шоқан, Достоевский, Құдайберді)»; 3. «Қызғаныш (Халиолла, Михаэлис, Шәкәрім)»; 4. «Хақиқат мекені (Саққұлақ шешен, Мұса мырза, Долгополов)»; 5. «Нұрсипат (Мәшіһур Жүсіп, Әлихан Бөкейханов, Мағауия)». Жақша ішінде аты аталған адамдардың бәрі де тарихи тұлғалар. Олардың бірсыпырасы Абайдан бұрынырақ өмір сүрген, яғни өмірге одан ертерек келген. Бірақ ескінің көзіндей болып Абай заманына дейін жеткен солардың әрқайсысында, олардың ісі мен сөзінде алдыңғы заманның, яғни ғасырдың алғашқы жартысындағы оқиғалардың жаңғырығы бар. Ал қалғандары болса, Абайдың өз тұтастары, ғасырдың екінші жартысында жасаған, сол кезеңнің өз өкілдері. Сөйтіп, бұл роман-хамсада Абайдың өзі өмір кешкен соңғы елу жыл ғана емес, бүкіл XIX ғасырдың дем-тынысы бар. Осы бес кітаптағы баяндалатын оқиғалардың барлығына ортақ өзек те, ондағы адамдардың бірімен-бірін байланыстырып отыратын дәнекер де, оларды бір кітаптан екінші кітапқа ауыстырып отыратын өткел де – Абай, соның өмірі. Өткен ғасырдағы үш алыбымыз, үш арысымыз Ыбырай, Шоқан, Абай үшеуінің жас шамасы деңгейлес бола тұрып, олардың қазақ даласының бір өңірінде туып, бірін-бірі көрмей-білмей кеткені біз үшін орны толмайтын өкініш еді. Бұл жай ғана өкініш емес, тағдырдың өзі маңдайымызға жазып тұрып, таңдайымызға татырмаған, құдайдың өзі беріп тұрып, пешенемізге бұйырмай кеткен сыбағамыз. Әсіресе, қазіргі Қостанай облысының жерінде, бір ғана Тобыл мен Обаған өзендерінің арасында туып, бірімен-бірі кездесе алмаған Ыбырай мен Шоқан немесе Семейдің топырағын қатар басып жүріп, бірін-бірі сырттай ести жүріп жүздесе алмаған Шоқан мен Абай араларында айтылмай кеткен сөздер біздің аузымыздан жырылып түскен несібеіміз еді. Профессор Рымғали Нұрғалидің пікірінің ізімен айтар болсақ; Рамазан Токтаров осы романында әлгі оқпандай олқы-лықтың бір қуысын толтыра білген. Ол Абай мен Шоқанды кездестіреді. Бір емес, үш мәрте. Алғашында кадет корпусын

бітірген жас офицер Шоқан әкесімен бірге Құнанбай ауылына келеді. Сонда алғыр дарыны мен зерек зейінін аңғарған он жасар Абайды ұнатып қалып, келесі жылы Семей медресесіне әдейі іздеп барады. Қасында досы Достоевский бар. Үшінші жолы Шоқан Атбасарда болыс сайлауына түсіп жатқанда Абай әкесіне еріп барып жүздеседі. Осының үшеуінде де Шоқанның Абайға аңқылдаған ақ көңілден айтқан ағалық ақылы мен тілегі: «оқы, ғылымға тереңдеп сүңгі, сонда өмірге көзің ашылады. Ақындық өнерінді дамыта бер, әбден ойланып барып, қағазға түсіріп жаз, сонда, өлмейтін өнерің ұрпақтарға қалады» дейді. Осы ақыл Абайдың бүкіл өмір бойына көкейінде мәңгілік орнап қалған өсиет сөздері болады да, Шоқанның жарқын бейнесі мұның көз алдында асқан адамгершіліктің үлгісі ретінде үнемі елес беріп жүреді. Өмірде кез-деспесе де кездесуі әбден мүмкін адамдардың бір-біріне ыстық ықыласын осылай шындыққа айналдырған жазушы қиялы барынша құр-меттеуге әбден лайық секілді.

Жас Абайға осы үшеуінен кейін қатты әсер еткен бір адам – ел ішінде Шайхы атанып кеткен Дәулетбай қажы. Ол мұсылманша терең білімді, Шығыс ғұламалары мен ақындарының мұрасына жетік және сол білгенін халықтың игілігіне қалтқысыз жұмсап жүрген бір елгезек, жанкешті кісі. Сол Шайхы ата Абайдың медреседе оқып жүргенде Шығыстың жеті жұлдызын өзіне пір санап, солардан медет тілеп жазған бір шумақ өлеңінен Шәмсиді ерекше бөліп алып, сол жайында Абайға көп-көп әңгіме айтады. Толық ныспысы Шәмсиден Гебризи атанған бұл ғұлама кезінде Жәлелдин Ұрыми сынды әйгілі ақынды тәрбиелеп шығарғанын жырдай қылып баяндайды. Өлер алдында өзі Абайға дәл сондай ұстаз табуды, ондай адам кездесе қалса, ұлтына, нәсіліне, тіліне, дініне қарамай, шынайы жебеушім деп қабыл алуды өсиет етеді. Көп ұзамай, дәл сондай ғұлама бұған нәсіп болатынын болжап айтады. Айтқандай-ақ, Абайға ондай ұстаз кездеседі. Ол - Евгений Михаэлис. «Дүниеге көзімді ашқан Миха-элис», - деп Абайдың өзі мойындаған бұл кісінің ақынға деген шынайы достық ықыласы мен білімдарлық ыждаһаты романда мейлінше сыпайы ізеттілікпен өте тартымды суреттеледі. Жалғыз Михаэлис емес, одан бұрын-соңды таныс-біліс болған орыстың зиялы адамдары, атап айтқанда, сол Михаэлиспен рухани туыс Долгополов, Гросс, Коншиндерден бастап, әртүрлі лауазымдағы интеллигент шенеуніктер: заңгер Лосовский, ояз бастығы Измаилов, генералдар Цеклинский, Колпаковский, белгілі ғалым Потаниндерге дейін әрқайсысы өз

кезегімен Абайға иіліп ілтипат білдіреді. Соған орай, олармен араласа жүре, ой-пікір алыса жүре, Абай да өзінің табиғи даналығын, білім деңгейінің өскендігін көз алдарында танытып отырады. Романда Абайдың азаматтық, адамгершілік бейнесінің ерекше жарқырап, жайнай көрінетін данышпандық тұлғасының, ақындық дарынын ерекше кемелденген тұстары көп-ақ. Оның Михаэлиске еріп, Ұлытауға баруы, сол үшін әкімшілік орындарына сезікті көрініп, Омбыға апарылуы, онда губерниялық сот мәжілісінде небір маңғазданған қасқалар мен жайсаңдар алдында көсіле сөйлеп, бәрінен мойын оздыруы, сөйтіп, өзін ақтап шығу үстіне билік орнындағы әкімдерден құрметке бөленуі, Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» мен Шоқанның «Сот реформасы» негізінде қазақ даласында басқарудың тұтас бір жүйесін жасап беруі т.б. оқиғалар – ел алдында, жоғары әкімшілік орындары алдында Абай беделінің асқақтап көтерілуіне айқын айғақтар болып көрінеді. Бұл туынды қазіргі қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі үлес.

Р.Нұрғалидың «Жүз жазушы – жүз роман» еңбегінде жазушы Р.Токтаровтың шығармасына: «...Жазушының бұл романы көркемдік дәрежесі жоғары, мазмұны бай, ұлы Абай бейнесін өз заманының мәнді оқиғаларымен, көкейкесті проблемаларымен табиғи байланыстыра отырып, шынайы суреткер шеберлігімен сомдаған бағалы туынды.

Рамазанның тіл байлығы, суреттеу шеберлігі, кейіпкер бейнесін сомдау машығы оқырманды ерекше тәнті етеді. Сондықтан бұл ірі шығармаға Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың берілуі өте орынды болды...» деп баға беріліпті. Асылы, Абай біз үшін ұлы ұстаз, кемеңгер ақын, данышпан ойшыл. Халқы-мыздың рухани көсемі. Оның өзі де, сөзі де, өсіті де мәңгілік. Қазақ қазақ болып тұрғанда, Абай аты өшпейді. Абай сөзі өлмейді.

ӘДЕБИЕТ

1. Бердібаев Р. Қазақ романы.. - Алматы, 1975.
2. Бердібаев Р. Шындық және шеберлік // Социалистік Қазақстан. - 18 маусым. -1970.
3. Рахымжанов Т. Қазіргі қазақ романының поэтикасы. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация - Алматы, 1993.
4. Турабаева Л. Қазақ прозасындағы өнерпаз тұлғасының бейнеленуі (1960-1980). Филология ғылымдарының кандидаты... авторефераты: 10.01.02. - Алматы, 2006.
5. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы //Астана, 2005.
6. Әбдезұлы Қ. Т. Әлімқұлов және қазақ прозасы: зерттеу.- Алматы, 2000.
7. Әдібаев Х. Көкжиек. Сын.-Алматы.Жазушы, 1978.
8. Абай шығармалары. Алматы, 1995. - II том. - 7, 18, 19, 31, 25, 38, 41 карасөздері.
9. Л.Әуезова, М. Мырзахметұлы. Абайтану дәрістері. Алматы, 1994.
10. Оразбекова З. Мұсабек Байзақұлының ақындық мұрасы. - Түркістан, 2005.



Б.Момынова, Д.Шакирова

М.ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ЫМ-ИШАРАТТАРДЫҢ ОРЫС ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы. Ым-ишараттар. Ым-ишараттардың орыс тіліне аударылуы.

Тірек сөздер: М.Әуезов, «Абай жолы» эпопеясы, ым-ишараттар, орыс тілі, аударылуы.

Б.Момынова, Д.Шакирова

НЕВЕРБАЛЬНЫЕ СРЕДСТВА ВЫРАЖЕНИЯ В ЭПОПЕЙ «ПУТЬ АБАЯ» М.АУЭЗОАВА И ИХ ПЕРЕДАЧА В ПЕРЕВОДЕ НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Невербальные средства выражения. Передача невербальных средств выражения в переводе на русский язык.

Ключевые слова: выражения, невербальные, передача, перевод.

В.Момынова, D.Shakirova

NONVERBAL MEANS OF EXPRESSION IN M. AUEZOV'S EPOPEES «WAY OF ABAI» AND THEIR TRANSFER IN ITS TRANSLATION IN RUSSIAN LANGUAGE

Abstract..The issues dealt in this article. Nonverbal means of expression. Transfer of nonverbal means of expression in a translation in Russian language.

Keywords: expression, nonverbal, .transfer, translation.

Мұхтар Әуезов Абай тақырыбын, Абай өмірі мен өнерінің мән-мағынасын бар ынта-ықыласымен, асқан сүйіспеншілікпен терең зерттеді. Жазушы ұлы ақынның өшпес мұрасын, тарихи тұлғасын өз халқының тыныс-тіршілігімен, бүкіл өмір жолымен бір-лікте алып суреттеп көрсетті. «Абай жолы» эпопеясы барлығы төрт кітаптан тұрады. Шығармадағы әрбір ірілі-ұсақты оқиға, тартыс, олардың дамып, шешімін табуы, тіршілік ағымындағы әр түрлі іс-әрекеттер, т.б. Абай арқылы көрінеді, оның тікелей қатысып, араласуымен суреттеледі.

Ұлттық ерекшеліктерді саралауда тілдік амалдармен қоса бейвербалды амалдар да қолданылады. Адам тілмен айтып жеткізе алмаған ойын ым, ишара, емеурінмен де жеткізеді.

Тілші А.Ислам: «ұлттық дүниетаным ерекшеліктерінің айқын көрсетер белгілерінің бірі – этно-мәдени белгілер. Олар жалпы ритуалдан туындайды, яғни қандай да болмасын этно-мәдени белгінің негізі ретінде ишарат, ритуалдың фрагменті алынған», дей келе [1, 125-126], бейвербалды амалдарды ұлттық-мәдени ерекшеліктерді саралаудағы басты нысан екендігін айтып өтеді.

Соған байланысты «Абай жолы» романының «Қайтқанда», «Өрде», «Тайғакта» деген тарауларынан ым-ишараты бар мысалдар жинақталып, оның 130-ға жуығы талдау нысанына алынды және орыс тіліндегі аудармасы да терілді. Соған сәйкес классификация жасалынды. Ол келесі түрлерге бөлінеді:

1) орыс тілінде баламасы (эквиваленті) жоқ ым-ишараттар;

2) стилистикалық және толыққанды мағыналық

қызметіндегі ым-ишараттар;

3) мүлдем аударылмаған ым-ишараттар;

4) калька әдісімен жасалған ым-ишараттар;

5) теңестіру (компенсация) жолымен жасалған ым-ишараттар.

I. Орыс тілінде баламасы жоқ ым-ишараттар

Бұл ым-ишараттарға тоқталатын болсақ, олар тек қазақ халқына тән, қазақ болмысын (менталитет), салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихын, т.б. танытатын ым-ишараттар тобы болып табылады. Соған мысалдар арқылы көз жеткізсек:

- Бәрәкалла, бәрәкалла.. бирахматика я архамәр-рахимин, деп отырып, Абайға **қол жайып бата берген-ді** [2, 25.].

- Аллах милосердный и всемилостивый да пошлет блага свои и щедрой милостью своею да наградит его, торжественно произнес мулла и, **подняв ладони, благословил** Абая [3, 42].

Қол жаю

Алақаны жоғары қаратыла ашылған қолды кеуде тұста ұстау [4, 85.].

Бұл Құран оқып болған кезде жасайтын ишарат. Құран Ислам дінінің негізі. Исламда дұға-тілек ету Құранда көрсетілген.

Орыс халқында мұндай ырым-дәстүрлер кездеспейтіні белгілі. Орыс халқы дұға-тілекті қолдың саусақтарын маңдайына және екі иығына тигізу ишараты арқылы жүзеге асыратыны белгілі. Міне, келесі мысалдар да соның дәлелі бола алады.

- Айналдым, қарашығым, коңыр козым! – деп алып, - Аямайды, аямайды ол! – деп келіп, **көзін жұмыңқырап, басын жоғары көтере берді.**

-Я, Құдай, зар тілегім болсын. Бейуақтағы тілегім. Осы қарашығыма әкесінің осы ит мінезін бере көрме!.. тас бауырлығын бере көрме!..

Я, жасаған! – деп, құрысқан әлсіз **қолдарымен** әжімді, мейірімді **жүзін сипап бата берді** [2, 46.].

- Любимый, светик мой, ягненок ты мой... Не сжалился, говоришь? Не знает он жалости!

Она **подняла к небу лицо с полузакрытыми глазами и прошептала:**

- О, боже, прими мое скорбное моление! Огради радость души моей отгубящей злобы отца! Отведи от дитяти жестокость и бессердечность его, создатель наш!.. – Она **провела по лицу** беспомощными, старчески скрюченными **пальцами, благословляя** внука [3, стр.60].

Бата беру

Екі қолды бір-біріне түйістіре ұстап, жайылған алақанмен маңдайдан төмен қарай иекке дейін сипалай жүргізіп өту [4, 34.].

Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бата беретіндер, көбінесе, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер даналар, дуалы ауыз билер болып келеді. Бата қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, әрбір іске даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептеген.

1.Бетіне су бүркіп, үшкіріп:

- Кет, бәлекет, кет! Көш баламнан көш! – деп, **батып бара жатқан қып-қызыл күнге қаратып қойып**, бірдеме ем істеген болды. **Ұшықтаған еді** [2, 48.].

- Сгинь, нечистая сила, сгинь! Оставь сына моего! – говорила она и, **повернув** Абая **лицом к заходящему солнцу**, продолжала свое удивительное лечение, **опрыскивая мальчика водой изо рта** [3, 62].

Ұшықтау

Тамақтан, желден, иістен ұшынған адамдарды ұшықтау бейвербалды амалы бұрынғы ата-бабамыздан келе жатқан емдеу мен ырымның бір түрі. Бұл ишарат та жерге не ауаға түкіру арқылы орындалады [5, 84.].

Ал аудармада ұшықтауды тек “удивительное лечение” деп берген. Тарихтан белгілі Азия халықтары, соның ішінде қазақ елі наным-сенімге барынша сенген.

1. Байдалының тапсыруымен Сүйіндік қалың елді бастап ақ үйге кірді де, **қаралы теңдерді бұзды. Бұл да жаңағыдай белгі.** Осы уақытта Бөжейдің әйелі мен қызы **оң жаққа теріс қарап отырып ап, дауыс айтты** [6, 264.].

По приглашению Байдалы Суюндик с толпою родичей вошел в юрту и **начал снимать траурное урбанство. Это был второй знак.** В ту же минуту байбише и две дочери Божея, **повернувшись спиной к собравшимся, начали поминальный плач** [3, стр.225].

Дауыс айту (жоқтау)

Жоқтау – қазақтың ертеден келе жатқан салт-дәстүрі. Біреудің баласы, жанашыр жақыны, сүйген жары, ел қамқоры болған батыры, биі, ханы, т.б. қайтыс болғанда жоқтау өлең айтатын болған. Жоқтау өлең бүкіл елдің, халықтың атынан да, жеке адамның өз атынан да

айтылады. Жоқтауда өлген адамның елге, халқына, ағайын-туысқа тірі күнінде жасаған жақсылығы, мінез-құлқы, мырзалық іс-әрекеті жырланады.

II. Стилистикалық және толыққанды қызметіндегі ым-ишараттар

Яғни түпнұсқа авторының оқырманына айтар негізгі ойы, сөйлем құрылысы, эмоционалды-экспрессивті бояуы, көркем-дегіш құралдары, қазақ болмысын таныта білуі, т.б. аудармада да толығымен берілген жағдайда, аударма жұмысы нәтижелі болып табылады. Ым-ишараттарымыз да аударма мен түпнұсқада бар және олар сөйлемдерге ерекше реңк беріп тұрады. Яғни бұлар стилистикалық жағынан сәйкес келетін, толық мақсатында жұмсалып тұрған ишараттар тобы. Мысалы:

2. Көзін жұмып, ернін жыбырлатып, әжесінің құлағын ашып, «су-ф» деп қойды [2, 13].

Он *зажмурил глаза, безвучно пошевелил губами и дунул в ухо* бабушке: - *су-уф!* [3, стр.32].

Бұл - кешенді ым-ишараттардан тұратын сөйлем. Яғни мұнда көзін жұмып, ернін жыбырлатып, құлағын ашып, **«су-ф»** деп қою деген үш ишарат орындалып тұр. «Су-ф» лексемалық ишарат болып табылады, мағынасы үрлеу немесе емнің бір түрі. Ол **құлағын ашып** деген тіркеспен қатарласа орындалып тұр.

Көз жұму - зажмурить глаза [7, 268.], **ерін жыбырлату** - пошевелить губами [7, 169.] деп ым-ишараттардың толық аудармасын жасаған.

3. Құнанбай түрегеліп, окшауырақ шығып, **қолын төмен сілікті, «таста» дегені** [2, 37.].

Кунанбай отошел в сторону и, **рывком опустил руку, дал знак стоявши** на вершине: **«бросай!»** [3, 53].

Қолмен ишара жасау

1. Алақаны төмен қаратылған қолын басқа бағытқа (жанына) қарай сілтеп қимыл жасау [5, 73.].

Жоғарыдағы сөйлемде «қолын төмен сіліктінің» өзі белгілі бір мәнге ие ишарат болса, «таста» дегені тіркесі оны тіпті айқындай түсуде. Міне, аудармада да соны дәл бере білген.

2. Екі көзі қанталап, өзі сұп-сұр боп апты. Жұдырығы түйюлі [2, 247.].

Глаза его налились кровью. Бледное лицо потемнело. Пальцы сжались в кулак [3, стр.215].

Түпнұсқадағы сөйлемдер толығымен ым-ишараттардан тұрады. Аудармада да сол қалып сақталып аударылған.

III. Аударылмаған ым-ишараттар

Шынында, түпнұсқада берілген ым-ишараттар аударуға келеді. Себебі көбісі жоғарыдағы топтамаларда талданған ишарат түрлері. Аударылмай қалуының әр түрлі себептері бар. Мысалы: төменде берілген сөйлемдердің бірі аударылмай, ондағы айтар ой алдыңғы сөйлеммен бірге беріліп кеткен. Мұндайда ишараттар басқа формаға ие болып кеткен; диалог түріндегі тұстарда да ишараттар түсіп қалған; төменде берілген үш сөйлем бірінен кейін бірі жалғасқан көлемді үш абзацты құрап тұрса, автор оны, неге екені белгісіз, ол тұсты (фрагментті) аудармай кеткен. Бұл сәтсіз аудармаға әкелетін олқы-лықтар, автор тарапынан жіберілген кемшілік қателер болып табылады.

2. Зереге дау айтуға батылы бармаса да, Майбасар **ішінен қыжылданып, мойнын сырт қайырып отыр** [6, 254.]. (аударылмаған)

3. Зере сөзін бітіргенде, Майбасар қасындағы Ұлжан **жеңгесін түртіп қойып, ақырын күңкілдеп:**

- Қап, мына тентек кемпір ме! [6, 254.]. (аударылмаған)

4. Майбасар Ұлжанның тасасына бұғыңқырап отырып, **қуланып, көзін қысып:**

- Өнебіреу айтқаны кім екен десеңші, тағы бұның? Ана «мылжың» дегенін айтам. Ондай бар ма еді? – деп, тоқтай қап **Жұманды көзінің астымен бағып отыр** [6, 254.]. (аударылмаған)

Жоғарыда берілген үш мысалда Зере Ырғызбайдың көпшілігі бас қосқан кеңесінде сөз сөйлейді. Сол кезде ол: «бірі қырт, бірі дарақы, мақтаншақ, бірі ұрда жық, даңғой атанғанда – осындай көп жиын үстінде масайып, оспадарлық қылам деп, сондай атақ алатын!» деген сөйлем және соның жалғасы ретіндегі мына мысалдар орыс тіліндегі аудармасында аударылмай, әңгіме бірден ас жайына көшіп кеткен.

IV. Калька әдісімен жасалған ым-ишараттар

Сөзбе-сөз тәсілі – тілдік бірліктің (сөздің, сөз тіркесінің) сыртқы нысанын, ішкі мазмұнын нақпа-нақ, сол қалпында аудару дегенді білдіреді. Калька амалы – сөз-жасамның бір жолы, тілдің сөздік құрамын байытудың оңтайлы көзі деп есептелінеді.

1. Жиренше **қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды** [2, 19.].

Вот Жиренше **нахмурил брови и зашевелился** [3, стр.37].

Қабақ шыту

Нахмурил брови-қабақ шыту [6, 541.].

Қозғалақтап қалу

шевелиться-қозғалу, қимылдау [7, 579.].

2.Бұлар сонда кіре бергенде, жаңа тапқан қызығы шұғыл біткенге наразы боп қалған Оспан арттарынан бұғып кеп, дәл үйге кіре берерде

Жиреншені қылтадан қатты **шымшып алды** [2, 40.].

Оспан, обиженный, что его лишили забавного зрелища, тихонько подкрался сзади **ущипнул** Жиренше за икру [3, 56].

Шымшып алу

Ущипнуть-шымшу, шымшып алу, тістеп алу [7, 500.].

3.Абай өзінің қатаң ойларын сыртқа шығарған жоқ, **қабақ түйін**, ішке жиды [2, 246].

Абай мрачно **насунил брови** и глубоко задумался [3, 214].

Қабақ түйю

Насупиться-1) қабағын түйю, түксию, кіжірею; 2) жабырқау [7, 538.].

Біреуге күш көрсету, қыр көрсету, ренжу, қатты ашулану, көңілі толмау. [7, 46.].

Ү.Теңестіру (компенсация) жолымен жасалған ым-ишараттар

Аудармашылық теңестіру – аударма кезінде грамматикалық трансформация аудар-мадағы қосып жеткізуді (синтаксистік және лексикалық себептер бойынша) енгізетін әрі қалдырып кету (аудармашы назарынан және аударма тілінен тыс қалған аударма ақпаратын шығарып тастау), қосып жеткізу үйлесімділігі.

1.Ұлжан: «Көзім бұлдырап тұр ма?» деп **кірпігін жиі қағып, қайта қарады** [2, 43.].

«Померещилось мне, что ли?» - подумала она и **всмяделась пристальной** [3, 58].

Түпнұсқадағы **кірпік қағу** ишараты аударылмаған.

2.Келсем, алдымнан өзі шығып, атымды байлап жатыр, деп Жұмабай жаққа қарап, **иек қағып қойды** [2, 6.].

Подъехал я к дому, она вышла навстречу и стала привязывать коня, а песня моя пошла гулять по свету. Вот и все, сказал он и **подмигнул** Жумабаю [3, стр.26].

Иек қағу иекті төменнен жоғары шұғыл көтеру [5, 61.].

Подмигнуть көз қысу, қас қағу [7, 111.].

3.- Абай, осы сен ақынсың-ау! – деді де, **күліп жіберді** [2, 21.].

- Да ведь ты акын, Абай! – **улыбаясь**, сказала она [3, 318].

Түпнұсқада **күліп жіберді** ишараты өткен шақта болса, аудармада улыбаясь-күлімсіреп (үстеу) болып тұр.

4.Осының **бәрін** көп **күрсініп отырып айтқан** Ұлжан Абайға үлкен ой салды [2, 246.].

Ұлжан **говорила об этом вздыхая**. Абай мрачно **насунил брови** и **глубоко задумался** [3, стр.214].

Күрсіню вдохнуть [7, 89.] болса, түпнұсқада Абайға үлкен **ой салды** дегенді «глубоко задумался» деп қана аудармай, жанына түпнұсқада жоқ «насунив брови» дегенді қосып жіберген. Бұл автор тарапынан қосылған тіркес болып тұр.

Қорытындылайтын болсақ, бейвербалды амалдар тілдік көрсеткіштер сияқты ұлттық феномен. Адамдар қарым-қатынасының тілдік формаларымен қатар қолданылатын коммуникацияның бейвербалды компоненттері қоғамдық-мәдени нормалар мен шарттылықтарды белгілі жүйеге келтіруге көмек-тесетін аса қажет құбылыстар қатарын құрайды. Олар әр халықтың рухани салт-дәстүр-лерін сақтауға өзіндік үлес қоса отырып, мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға ықпалын тигізери даусыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1998.
2. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы, 2007.
3. Ауезов М. Путь Абая. Роман, т.1. - Алма-Ата, 1977.
4. Момынова Б.Қ., Бейсембекова С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2003.
5. Ешимов М.П. Қазақ ым-ишараттары. Лингвомәдениеттану сөздігі: Оқу құралы. – Алматы, 2007.
6. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы, 2007.
7. Русско-казахский словарь. 1-том. А-О.; 2-том. О-Я. – Алматы, 2007.

* * *

С.Жусанбаева

КӨРКЕМ МӘТІН ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Көркем мәтін табиғаты. Көркем мәтінге тән басты белгілер. Мәтіннің құрылымдық байланыстылығы мен мазмұндық тұтастығы. Мәтін және дискурс.

Тірек сөздер: көркем мәтін, құрылымдық, байланыс, мазмұндық, тұтастық, дискурс.

С.Жусанбаева

О ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Природа художественного текста. Основные признаки художественного текста. Структурная связанность и содержательная цельность текста. Текст и дискурс.

Ключевые слова: художественный текст, структура, связность, содержание, цельность, дискурс.

S.Zhusanbaeva

ABOUT THE LITERARY TEXT

Abstract. The issues dealt in this article. The nature of a literary text. The main features of a literary text. The structural connectivity and unity of content of the text. Text and discourse.

Keywords: literary text, structure, connectivity, content, integrity, discourse.

Кез келген басқа мәтін секілді көркем мәтін де мәтін лингвистикасының, тіл заңдылықтарына тән өлшемдер жүйесінің талаптарына сәйкес сипатталады. Бұл ретте мәтіннің мағыналық және құрылымдық бөліктерінің өзара байланыстылығы, тұтастығы, коммуникативтігі жағынан толымдылығы, аяқталғандығы секілді ерекшеліктер маңызды. Бұл белгілер өзара тығыз байланысты болғандықтан, оларды бір-бірінен ажыратып, бөліп бағалау үлкен қиындық туғызады. Бірақ оларды шартты түрде болса да бөлу, даралау, жеке қарастыру көркем мәтінді лингвистикалық тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Мұның өзі лингвистикалық талдау әдісі талаптары тұрғысынан да қолайлы және орынды болып табылады. Әуелі мәтіннің осы белгілерін анықтап алып, содан кейін ғана көркем мәтіннің құрамдас бөліктерінің өзара семантикалық байланыстылығы мен әдеби тіл нормасына сәйкестігі туралы мәселені тиянақты қарастыруға болады.

Мәтін байланыстылығы оны түзетін элементтердің өзара бір-біріне тәуелділігі, сабақтастығы деген ұғымды білдіреді. Ол тілдік жүйенің әр түрлі деңгейінде жүзеге асырылады. Бұл орайда мәтіннің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, стилистикалық сипаттағы байланыстары туралы айтуға болады. Фонетикалық және стилистикалық сипаттағы байланыстылықтың көркем мәтін үшін мәні үлкен. Бұл байланыстың құрылымында дыбыстық үндестік пен үйлесімділік көркем мәтін элементтерінің өзара семантикалық үндестігі мен үйлесімділігін де қамтамасыз ете алады және олардың ерекшелігін сипаттайды. Өлең мәтінінің тілдік бірліктерін

дыбыстық және стилистикалық тұрғыдан талдаудың нәтижесінде өлең мәтіні құрылымында оны құрастырушы, байланыстырушы компонент ретінде қызмет атқаратын дыбыстық және стильдік тізбектер қатары түзіледі.

Көркем мәтіннің тілдік жүйесінде стильдік деңгейдің болуын немесе болмауын тү-бегейлі қарастыру біздің міндетімізге жатпайды. Оның үстіне бұл өте күрделі және аса ірі мәселелердің қатарынан орын алады. Ескеретін жағдай – көркем мәтінді семантикалық тұрғыдан талдағанда ғана оның құрылымындағы стильдік деңгейді анықтау және соған сәйкес байланыстылықтың стильдік реңкі мен стиль түзуші қызметін көрсету орынды.

Байланыстылықтың әр алуан түрлерінің өзара қызметі арқылы мәтіннің ерекше бір қасиеті көрініс табады. Ол - тұтастық. Байланыстылық - әдетте тұтастықтың көрінуінің шарты болып табылады, бірақ тұтастықтың өзі мәтін элементтерінің байланыстары арқылы үнемі анықтала бермеуі мүмкін. Лукин В.А. мәтіннің тұтастығы туралы былай дейді: «Цельность текста – это такое его свойство, которое объединяет текст с другими сложными системами независимо от природы. Его суть в том, что текст как целое всегда "больше" суммы своих частей. Причем, поскольку цельность является чисто содержательным свойством, следует уточнить: содержание текста не равно простой сумме смыслов, из которых он строится» [5,41]. Сонымен, тұтастық мәтіннің жалпы және басты сипаты түрінде ой мен сөздің жүйесіне бағыт беріп отырса, байланыстылық сол тұтастықтың жүзеге асуының тәсілі ретінде дараланады.

«Мәтін» мен «дискурстың» терминологиялық айырмашылығы туралы мәселе мәтін мен дискурс бір-бірінен қалай ерекшеленеді деген күрделі сұрақты туғызады. Е.С. Кубрякова «дискурс» пен «мәтін» терминдерінің арасына жіктеу қоймайды [6, 24]. Мәтін белгілі бір сөйлеу бөлігінің құрамындағы белгілі бір лингвистикалық формалардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Дискурсты мәтінге қарсы қойып, оны іс-әрекеттегі сөйлеудің бір бөлігі ретінде, сөйлеуші белгілі бір мақсатта, белгілі бір жағдайда, белгілі бір мағынада ғана қолданып, мәтінде белгілі бір мағынаға ие болатын құбылыс ретінде ғана бағалауға болмайды. Өйткені дискурс та сөйлеудің өзара байланысқан құрамдас бөлігі болып табылады. Сөйте тұра «дискурс» терминінің мәнін дәл осылай түсіндіру арқылы оның «мәтін» терминінен айырмашылығын көрсете алмайтынымыз анық.

Философиялық сөздікте «дискурс» терминіне берілген анықтама да үлкен күдік туғызады: «Дискурс понятие, выдвинутое структуралистами для анализа социальной обусловленности речевых высказываний. Понятие дискурса особенно популярно в постструктурализме и деконструкции. Как правило, применяется в философии, социологии, когнитивных анализах, семиотике. Нередко используется просто как синоним «речи» [36,153].

Лингвистикалық көзқарас тұрғысынан жоғарыда берілген анықтама дискурстың тілдік мәнін, оны талдаудың өзіндік ерекшелігін көрсетпейді. Лингвистикалық терминдер сөздігінде дискурс терминінің тілдік тұрғыдан бұдан гөрі толығырақ анықтамасы берілген: «Связный текст в совокупности с экстра-лингвистическими, прагматическими и другими факторами текст, взятый в событийном аспекте, речь, рассматриваемая как целенаправленное социальное действие, как компонент, участвующий во взаимодействии людей и механизмах их сознания (когнитивных процессах). Дискурс это речь, погруженная в жизнь. Поэтому термин дискурс, в отличие от термина текст, не применяется к древним и другим текстам, связи которых с живой речью не восстанавливаются непосредственно» [37,136-137]. Сонымен дискурс ұғымының аясына экстралингвистикалық факторлар, ырғақ кіреді. Дискурс ұғымы – мәтінге қарағанда кеңірек ұғым. Дискурс – тілдік іс-әрекеттің процесі және оның нәтижесі, ал нәтиже дегенімізді мәтін деп те айтуға болады. Осы бағытта айтылған ойлардың қатарында М.К.Бисималиеваның пікірі біздің ұстанған қағидамызды айтарлықтай байытатынын айтқан парыз.

Соңғы он жылдың көлемінде дискурсты зерттеуге зор көңіл бөлінді. Дискурсты талдау барысында мәтіннің мағынамен қалай толығыны жайында, мәтін бөліктері қалай байланысып, түсінікті болатыны жайы анықталады.

Мәтін туралы жинақталған ойлар, пікірлер, қағидалар қоры мол. Біз солардың қайбіреулеріне ғана сипат бердік. Соған қарамастан мәтіннің мәнін дәл және толық анықтап беру қиын. Сонымен мәтін дегеніміз не? Дискурс дегеніміз не болып шықты? Әрине, мәтінді айтылған немесе жазылған сөйлем немесе сөйлемдердің жиынтығы ретінде сипаттауға болады. Бұл жерде мәтінтанудың деңгейлерін негізге алу қажет. Жалпы алғанда, оларды семантикалық, грамматикалық, композициялық деп топтастыруға болады. Бұлардың әрқайсысының өз бірліктері бар. Осы аталған деңгейлер шегінде жекелеген сөйлемнен бастап белгілі бір тұтас әдеби шығарманың өзін де мәтін деп білуіміздің еш артықшылығы жоқ. Ал дискурстың жөні бұдан гөрі басқарак. Дискурс деп байланысқан мәтінді айтады, бірақ мәтін де белгілі бір байланысқа ие. Дискурсты талдау – пән аралық сала болғандықтан, оған лингвистер де, социологтар да, психологтар да, басқалар да қатысады.

Мәтін - аяқталған дайын дүние, ал дискурс өзіндік ерекшеліктері бар мәтіннің жасалу процесі ретінде қарастырылады. Мәтін - нақты материалдық құбылыс, біз оны белгілі бір материалдық объектімен жұмыс істегендей зерттейміз. Дискурс мәтінмен салыстырғанда күрделірек, оны талдау үшін сөйлеушінің жоспарын, ойын, мақсатын және т.б. анықтап, мәтіннен тыс тұрған құбылыстарды да ескеру шарт.

Мәтінді түсіну үшін бізге оны түзуші факторлардың байланысына көз жеткізуіміз қажет. Бұл жерде мәтіннің байланыстылығы бірінші орынға шығады.

Мәтінді сипаттаушы факторлар ретінде байланыстылық пен тұтастық төңірегіндегі ғылыми таластар терминологиялық қайшылықпен шектеліп қалған жоқ [5,40-45; 182-194]. Сонымен қатар байланыстылық пен тұтастықтың әр түрлі дәрежелері бары не жоқтығы туралы мәселеде де бірізділік болмады. Ғалым А.А.Леонтьевтің пікірінше, байланыстылықтың дәрежесі жоқ: байланыстылықтың не бар болуы мүмкін, не ол жоқ болады. Байланыстылыққа қарағанда мәтін тұтастығы үлкен не аз болуы мүмкін. Бірақ бұл көзқарастың ғылыми негізі әлсіз. Себебі мәтіннің тұтастығы оның әр түрлі байланыстылықтарының өзара әрекетінен көрінеді. Ал байланыстылық түрлерінің ішінде ең маңыздысы семантикалық байланыс, олай болса

тұтастық та әр түрлі дәрежеде көрінеді, демек, логикалық тұрғыдан байланыстылықтың да әр түрлі дәрежесінің болуы әбден мүмкін.

Мәтін тілдік құбылыс екені дау тудырмайды. Тілге тән басты қызмет мәтінге де тән болатыны анық. Осы тұрғыдан келгенде, мәтін мәселесін зерттеп, зерделеуге функциональдық талдау талаптарын негізге алған дұрыс. Олай болған жағдайда мәтінге қатынас құралы ретінде қарау, анығырақ айтсақ, мәтіннің тыңдаушыға, оқушыға бағытталатынын ескеру қажеттігі туады. Ал мәтінді тыңдаушы, оқушы, қабылдаушы одан мазмұн, мағына іздейді. Айтылған жайларды жинақтағанда, мәтіннің мазмұндық, функциональдық, коммуникативтік сипаттарының өзектілігі көзге түседі.

Мәтіннің біртұтас коммуникативтік бірлік екені анық. Ол өзіне лайықты ірілі-ұсақты мағыналық-құрылымдардан тұрады. Мәтіннің мәні оның құрылымдық жүйесінің баланыстылығы мен мазмұндық болмысының біртұтас табиғатында. Бұл екі сапалық құбылысты бір-бірінен

бөле-жара қарауға болмайды, олардың бірі болмаған жерде екіншісі де болмайды. Мәтіннің құрылымдық байланыстылығы - оның мағыналық тұтастығының басты шарты.

ӘДЕБИЕТ

1. Жусанбаева С.Б. Көркем тілі гасырлар тоғысында. – Алматы, 2007. – 198-204 бб.
2. Жусанбаева С.Б. Мәтін кеңістігі туралы ұғым //Тіл және әдебиет: кешегісі мен бүгінгі. – Алматы, 2006. – 306-312 бб.
3. Жусанбаева С.Б. Мәтіннің модальдігі – мәтіннің семантикалық негізі //ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. - 2007. - №3(102). – 56-59 бб.
4. Жусанбаева С.Б. Мәтін кеңістігін композиттік мүшелу //ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы. - 2006. - №4 (94). – 132-134 бб.
5. Лукин В.А. Художественный текст: Основы лингвистической теории и элементы анализа: Учебник для филол. спец. вузов. – М., 1999.
6. Кубрякова Е.С.
7. Валгина Н.С. Теория текста: Учебное пособие. – М.-Л., 2004.
8. Патица А.А. Текст: его единицы и глобальные категории: Учебник для филологов. – М., 2002. – 368 с.
9. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы: Оқу құралы. – Алматы, 2002.

* * *

Л.Асқар

ЛАНДШАФТ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ КОНЦЕПТІЛЕР

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Лингвоелтану және әдеби нұсқалар. Ландшафттың этнос дүниетанымына әсері. Кеңістікті тілдік игерудің мәні. Ғылым векторының ойысуы.

Тірек сөздер: лингвоелтану, концептосфера, дискурсивтік кеңістік, лингвоөңіртану, концепт, пейзаж, лирика, ландшафт.

Л.Асқар

КОНЦЕПТЫ ВОКРУГ ЛАНДШАФТОВ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Кингвострановедение и литературные образцы. Влияние ландшафта на мировоззрение этноса. Суть преодоления пространства языковыми средствами. Смещение вектора науки.

Ключевые слова: лингвострановедение, концептосфера, дискурсивное пространство, лингво-регинология, концепт, пейзаж, лирика, изменение, ландшафт.

Л.Аскар

CONCEPTS IN THE FIELD OF LANDSCAPE

Abstract. The issues dealt in this article. Lingvo regional geography and the literary examples. Influence of a landscape on outlook of ethnos. Essence of covering the space through language means, displacement of a vector of a science.

Кәдімгі тіршіліктегі табиғи кеңістікті адам қиялынан туындаған әдеби шығарма кеңістігіне енгізу сол кеңістікті игеру тәжірибесімен байланысты. Оған ақынның «туған жерін суреттеуін, жат жерді сипаттауын жатқызамыз» деп хрестоматиялық баяндау тәсілімен айта салуға да болады. Алайда ақын атаулы табиғатты сол табиғаттың бел баласы болғандықтан бар болмысымен терең сезініп, адамзаттың концептосферасына айналдырады. Кеңістікті

игеру сол жер бедерінің әр тасын білу ғана емес, сол жерді сан ойға шомған күйі сан рет жүріп өту. Абайдың кезінде жаяу жүріп немесе бел - белесте отырып поэтикалық ойды ұштауға да, атқа мініп те / «тұлпардың жалынан ұстап та»/ желпініп, шабыт шақырып та төңіректі тануға болатын. Ол дәуірдегі ландшафтының фрагменттері қазіргі кезде де өзгерген күйінде қазақ даласында сақталып келеді. Дала мен тауды көзбен шолып қана емес, табан тоздырып жүріп өту

мүмкіндігі қайталанбас, алабөтен деректердің тіркеске, қанатты сөзге, фразеологизмге, өлең жолдары мен ән шумақтарына айналуы на тікелей әсер етеді.

Концептуалды тұрғыдан қарасақ, Абайдың жыл мезгілдері және табиғат пейзаждарына арналған өлеңдері қазақ мектебін бітірген әр қазақ баласының бойында концепт болып қалыптасты. Қазақ ақындарының табиғат лирикасының антологиясын құрастырған зерттеуші Жанат Әскербекқызы былай деп түйіндейді: «Абай пейзажды адам баласының өмір сүретін ортасы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, көшпелі тіршілікпен байланыстыра суреттесе, Абай дәстүрін жалғастырған қазақ ақындары да осы ұстанымды жаңашылдықпен дамыта білді. Дүниежүзілік поэзияның озық үлгілері қатарындағы «Қараңғы түнде тау қалғып», «Желсіз түнде жарық ай» өлеңдеріндегі адамның жан сезімімен ұласатын табиғаттың ғажап суреті кейінгі ақындарымыз бет түзеп, бағыт алар нысан болды» [1, 6].

Сан рет талданған «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін ағылшын тіліне Д.Роттенберг, орыс тіліне Ю.Нейман, қырғыз тіліне А.Токомбаев, өзбек тіліне Ұйғун, украин тіліне Н.Тихий, латыш тіліне А.Елксне, татар тіліне Н.Арслан, молдован тіліне А.Негриш, ұйғыр тіліне М.Абдурахманов, қарақалпақ тіліне Ш.Сейтов, араб тіліне Ж.Ғабдрахман аударыпты. Әр аудармашы өз тілінде сол кезеңдегі қазақ табиғатын өз еліне таныстырды. Ландшафт белгілі дәрежеде өзгерді; тура сол жайлауды, тура сол қалпында табу мүмкін емес, алайда ол өлең жолдарында болашаққа сақталып қала бермек.

Жер бедері арқылы елді танимыз. Кезінде Жұбан Молдағалиев «Мінезім бар таулардың қатпарындай» деп қазақ этносының өзін алдымен өзіне таныстырған еді. Тұла бойы энергияға тұнып тұрған синтаксис. Көзге көрініп тұрған тау да бар, қатпар да бар, көзге көріне бермейтін мінез де бар; алайда осының бәрін бір жолға сыйғызып, мәңгілік өлең жолдарына айналдыру нағыз ақынның ғана қолынан келеді. Бұны «Қазақ» концептісіне қосылған үлестердің қомақтысы деп есептейміз.

М.Мақатаевтың «Шыршаларым, аршаларым / Бәріңе арнап мен бүгін ән саламын» деген жолдарын қалың жұртшылық сан рет қайталанған ән арқылы есте сақтап қалды. Таулы аймақтың пейзажын сырттай суреттеп қана қоймай, ақын өсімдіктер дүниесімен байланыс орнатып, әнін бағыштайды. Бұл байланыс ақын санасында сараланып жүрекке жол тауып жатады. Аққайыңмен сырласқан атақты өлеңі өз алдына. Биіктік пен жазықтық,

Тау мен дала. Вертикаль мен горизонталь. Абайдан басталған ақындар көші пейзаждық лирикасын осы координаттар көлемінде шығарады.

Тамылжыған жас иісті
Жазғы жасыл кең *далада* –
Жайылған жібек кілемдей,
Қызылды -жасыл көкала.

Бұл С. Сейфуллиннің «Жазғы далада» өлеңінің алғашқы шумағы [1, 102].

Лингвоөңіртануға әр сөзі мысал бола алатын да шумақтар бар. Жетісу жерін топографиялық картадағыдай зерттеуге болатын мүмкіндікті Илияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» топтамасынан табамыз:

Жетісу, кеудең *асқар*, аяғың *көл*,
Қоңың *құм*, мықынында бар *сексеуіл*.
Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап,
Ол бір маң *мал өсірген* өлкедегі ел [1,67].

Тау мен дала суперконцептілерінен өзге жол концептісі бар емес пе. «Еңку-еңку жер шалған» қазақ жол концептісін бір сызып қойған жолмен түзу жүріп өту деп қарас-тырмайтыны анық.

Бақыт Ғафуұлы Қайырбеков әріптес-терімен бірге «Әлемдегі тоғызыншы территория»/ «Девятая территория мира»/ деп деректі таспалы фильмдер циклін бірнеше жыл бұрын жарыққа шығарды. Тоғызыншы жер көлемі деп Қазақстанды айтып отырғаны түсінікті. Мектепте оқыған дерек жаңа концептілік жүктемеге ие болып отыр. Осы қалпында есте қалып, әлемдік кеңістіктегі орнына қарай тіркес атаулының қатарынан өз орнын алды. Бұл да -кеңістікті тілдік игерудің бір мысалы.

Жеті өлең кітабын жарыққа шығарған Бақыт Ғафу сексен деректі фильм түсірген екен. Қаламнан өзге камераны да қолдан тастамау арқылы ғана кеңістікті игеруге, өзгеге танытуға болатын сияқты. Заман жаңа парадигмаларды алға тартқандай.

Орманы 4% болатын Қазақстанда «Жасыл ел» бағдарламасы қолға алынып, ландшафтыны өзгерту іске асып келеді. Ғасырлар бойы ағаш өспеген жерге қатар-қатар жасыл желек отырғызылды. Ой өзгерді ландшафт өзгерді. Қадыр Мырзалиевтің «Ой орманы» атауындағыдай «ой» мен «орман» бір синтаксистік тұлға көлемінде кездесті. Концепт заңдылығы бойынша бұл ретте үнді ақыны Рабиндронат Тагордың «Ағаш дегеніміз сол бір тамыр, Тамыр дегеніміз сол бір ағаш» деген афоризмі еске түседі.

Ландшафт өзгерді – Ой өзгерді

Ой өзгерді –Ландшафт өзгерді

Тілші ғалымдар соңғы жылдары дискурсивтік кеңістік деген тіркесті кеңінен қолдана бастады. Лингвоаймақтану, геоментальді құрылым, полиэтностық әлеуметтік мәдени кеңістік ұғымдары жаңа қырынан зерттелу үстінде. Белгілі бір аймаққа арналған еңбектер қазақ тіл білімінде әлі де толық зерттеуді қажет етеді. Бірқатар еңбектердің аттары және жалпы тенденциялар Мадиева Г.Б., Супрун В.И. шығарған «Ономастиканың теориялық негіздері» оқу құралында берілген.

Хронологиялықтан өзге хорологиялық әдіс, яғни кеңістікті тану әрі туристік, әрі стратегиялық әдіс болса, онда ақындардың мұралары да тыс қалмайды; оларды лингвоелтанумен байланыстыру болашақ зерттеушілердің міндеті деп білеміз.

Үйлесімді кеңістікте өмір сүре білу қазіргі заман талабына айналып барады. Жаңа атаулар да технократтық даму мен экологиялық тепе-теңдіктің тіл табысып өмір сүру қажеттілігінен туындап отыр. Елбасымыз алқалы жиында

* * *

«электронды шекара» ұғымын енгізуді ұсынды. Тілімізде жаңа қолданыс пайда болды.

Еуразиялық кеңістікті саралаған атақты Л.Н.Гумилев «Этногенез и биосфера земли» деген ғылыми еңбегінде ландшафттың этностың дүниетанымына әсер етпей қоймайтындығын айтады. Бұл тезиске дәлелді қазақ мақалынан табамыз: «Мұндай жер болмаса, Мұндай ел де болмас». Елтаным жайлы айтқанда ландшафттарды маңызды қайнар көз ретінде қарастыратынымызды ұмытпауымыз керек.


Финляндияның Метеорологиялық институтының профессоры Сергей Зилитенкевич ең белгілі «ядерлық орталықтардың» аттары қазіргі кезде «қоршаған орта орталықтарына» айналып отырғандығын теледидардан миллиондаған аудиторияға айта келіп, «ғылым векторы ойысты» деген жаңа тұжырым жасады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Өлең өлкесі: Қазақ табиғат лирикасының антологиясы / Құраст. Ж.Әскербекқызы. – Алматы, 2009.*
2. *Гачев Г. Ментальности народов мира. - М., 2003.*
3. *Гинатуллин М. Земля и небо Жетысу. Лингвокраеведческий словарь. - Алматы, 2010.*

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ

Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 308 бет.



ISBN 9965-30-389-4

Кітапта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2010 жылы «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» атты тақырыпта өткен халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары жарияланып отыр. Конференциядағы Мұхтар Әуезовтің ұстаздық ғұмырбаяны, ғылыми өрісі жан-жақты қамтылған зерттеу баяндамалар әуезовтанудың қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселелерін қозғайды. Ұлттық университеттің филология факультетіндегі Әуезов дәстүрі туралы жаңа пайымдаулар жасайды. Еңбек әдебиеттанушы мамандарға, студент терге, магистранттарға арналған.

АУДАРМА ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДЕБИЕТТАНУ



Қ.Білал

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ АУДАРМАШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЖАЙЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Қытайдағы қазақ аудармашылары. Қытай әдебиетінің қазақ тіліне аударылуы. Аударма және әдебиетаралық байланыстар.

Тірек сөздер: қытай, қазақ, әдебиет, аударма, байланыстар.

К.Билал

КАЗАХСКИЕ ПЕРЕВОДЧИКИ В КИТАЕ И СОСТОЯНИЕ ПЕРЕВОДА КИТАЙСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Вопросы перевода. Казахские переводчики в Китае. Состояние перевода китайской литературы на казахский язык. Межлитературные связи.

Ключевые слова: перевод, переводчики, китайская литература, казахский язык.

К. Bilal

THE KAZAKH TRANSLATORS IN CHINA AND THE STATUS OF TRANSLATION OF CHINESE LITERATURE INTO KAZAKH LANGUAGE

Abstract..The issues dealt in this article. Problems of translations. The kazakh translators in China. Status of transfer of the Chinese literature into the Kazakh language. Interliterary communications.

Keywords: translation, translators, Chinese literature, kazakh language.

XIX ғасырдың аяғына қарай Іле, Алтай, Тарбағатай сынды үш аймақтың Қытай еліне басы бүгін бодан болуына байланысты қазақ жұрты мен Қытай елінің арасындағы байланыс тіпті де жиіледі. Үш аймақты мекендеген қазақтар мал мен бастың амандығы үшін ел тізгінін ұстаған Қытай елімен тіл табысып тұруға тырысты. Ауыс-түйістің салқын жүретін бұрынғы заманындай емес, ауылы аралас, қойы қоралас жатқан дәл осы кезеңде тілмаштардың қажеттілігі артты.

1922 жылы Үрімжіде ашылған Моңғол-қазақ мектебі өз түлектеріне қытай-орыс тілдерін тереңдетіп оқыта бастады. Бұл Шыңжаңдағы жаңа буын қазақ аудар-машыларының қалыптасуына игі әсерін тигізді. 1933-1934 жылдардан бастап оқу-ағарту, баспа ісінің өр-кендей бастауы да аударма ісін онан ары жандандыра түсті. Бұрындар қазақ арасынан шыққан Ақыт Үлімжіұлы, Әсет Найманбайұлы, Жүсіпбек Шайхысламұлы, Арғынбек Алашбайұлы сынды ақындар нәзіралық дәстүр арқылы араб,

парсы әдебиетінің жауһарларын қазақ әдбиетінің қажетіне жаратса, ендігі кезекте жаңа буын қазақ аудармашылары қытайдың классикалық шығармаларын аударуды қолға алды. Нариман Жабағытайұлы, Меллатхат Әленұлы, Әбдібек Байболатов, Ғлажден Оспан, Әнуарбек, Әріп Зұрғанбекұлы, Әбділдабек Ақыштайұлы, Қалихан Қалиақбарұлы, Хакім Әкімжан, Әзімхан Тішанұлы, Әбдікерім, Ақберді Изатбекұлы, Бекмұхамет Берікұлы, Қазымбек Арабин, Шамас Әубәкір, Найманғазы Сапанұлы, Ақия Раданұлы, Әлімжан Қатбаев, Кәкеш Қайыржан, Әбдіманап Әбеуұлы секілді белді аудар-машылар Лу Шүн, Мау Дүн, Ба Жин, Яң Мо, Лау Шы шығармаларын, Сау Шуечиннің «Қызыл сарайдағы түсін», Ло Гуанжұнның «Үш патшалық қиссасын», У Чыңынның «Батысқа саяхатын», Шы Найан мен Ло Гуонжұнның «Су бойындасын» және «Таң дәуірінің таңдамалы өлеңдерін» артынан тәржімеледі.

Сол аудармалар арқылы қазақ оқырмандарына танылған Қытай әдебиеті өз

кезегінде Қытайдағы қазақ әдебиетіне тиісті деңгейде ықпал етті. Әсіресе, жоғары-да атаған Қытай әдебиетінің көрнекті өкілдері Лу Шүн, Го Моро, Ай Чиң секілді ақын-жазушылардың шығармаларын қазақ әдебиетшілері үлгі тұтты.

Осы орайда Қытай әдебиетін қазақ тіліне аударған Қытайдағы қазақ аудармашыларының еңбектерін атай кеткен жөн. Бұл еліміздегі әдебиеттанушылар үшін де, «Қытайтанушылар» үшін де аса қажетті дүние деп ойлаймыз. Жалпы, Қытайдағы аударма саласында қызмет етіп жүрген қазақ аудармашылары еңбегінің басым бөлігі Қытай билігін дәріптейтін саяси дүниелерді аударуға арналған. Одан қалса, телефильм, кино аудару саласы жүйелі қолға алынған. Дегенмен әдебиет аудармашылары да жоқ емес. Біз сол көркем аударма саласына атсалысқан біраз аудармашылардың еңбегін таныстыра кетуді жөн көрдік.

Әбдібек Байболатов (1921-2000 ж.ж) 1957 жылдан бастап көркем аудармамен айналысқан. Ол Қытай әдебиетінен «Шайқаспен өткен 52 жыл», «Сұңқар» секілді повес-термен қатар «Қалың орман, қарлы дала», «Үш патшалық қиссасы» сынды көлемді шығармаларды қазақ тіліне аударған.

Қытайдағы қазақ аудармашыларының ішінде Әбділдабек Ақыштайұлы сынды «Аударманың арысы» атанған қарт қаламгерлер де бар. Оның аудармашылық еңбегі де өткен ғасырдың 50 жылдарынан бастау алады. Аудармашылық жолын саяси-философиялық шығармаларды аударудан бастаған Әбең 1960 жылдардан бастап, әдеби аудармаға ден қояды. «Ақюдың ресми өмірбаяны», «Бәрі де партияға», «Дауыл» сынды романдармен қатар, Қытай әдебиетінің классигі Лу Шүннің «Дала шөбі», «Серменде», «Айғай», «Шамда үзілген таң гүлі», «Жаңғыртылған ескі әңгімелер», «Таңдамалы хаттар», «Ертең», «Шарапханада», «Бақытты отау», «Жалғыздық», «Шер», «Айрылысу», «Көкті жамау», «Айға ұшу», «Қорғаннан шығу», «Жиырма төрт қайырымдының суреті», «Бес есірік тауабы», «Соңғы сөз» сияқты жүзден астам әңгіме, публицистикалық туындыларын аударып, қазақ әдебиетінде Лу Шүнтанудың негізін қалады.

Оның Қытайдың ерте заман классикалық әдебиет туындыларын қазақ тіліне аударудағы еңбегі де ұшан-теңіз. Айталық, 1990 жылы «Жұңгоның ерте заман әдебиеті» тарихының Чиң, Хан дәуіріне арналған бөлімін қазақ оқырмандарына таныстырды. Сондай-ақ, Қытайдың классик ақыны Чүй Юанның «Ақын азабы», Таң дәуірінің әйгілі ақыны Бай Жүйидің «Шер»

дастандарын қазақ тілінде жырлады. 1988 жылы Чиң патшалығы дәуіріндегі Жұңгоның атакты сатиралық романы У Жиңзының «Ғұламалар шежіресін», 1990 жылдары «Күнзы ғақылиялары», «Мыңзы ғақылиялары», «Батыс сапарнамасы» сияқты Қытайдың дүниеге әйгілі классикалық шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті.

1949 жылы Үрімжідегі тіл мектебін оқып жүрген кезінен-ақ аударма әлеміне жол тартқан Әзімқан Тышанұлы (1929-1993) да қытай әдебиетін қазақ тіліне аударуда орасан зор еңбек сіңірді. Көне қытай тілін жақсы меңгерген аудармашы Қытайдың классикалық шығармаларынан «Үш патшалық қиссасы», «Таң дәуірінің таңдамалы өлеңдері», «Су бойында», «Жұңгоның ерте заман әдебиеті» сияқты шығармаларды және «Қызыл сарай түсі» романындағы өлеңдерді аударды.

Біз әдебиеттанушы, тарихшы ғалым ретінде танитын Нығмет Мыңжанидың аудармашылық қыры да айрықша ден қоюды талап етеді. Ол қазақ әдебиетіндегі ғашықтық, батырлық дастандарды қытай тіліне аударып қана қоймай, қытай тілінен «Хор Чин даласында», «Бақытты болашақ», «Су бойында» (3 кітабы), «Қызыл сарай түсі» (4-5-томдары), Лу Шүн шығармаларынан «Есалаңның естелігі», «Қайғы, қаза» сынды бір топ маңызды әдебиеттерді аударып, қазақ оқырмандарына ұсынды.

Нариман Жабағытайұлы – Қазақстанда туып, Қытайда өмір сүрген майталман аудармашы, ол Қытай қазақтарының ішінде тұңғыш аға аудармашы кәсіптік атағын алғандардың бірі. Нәкең қытай қазақтары ішінен тұңғыш рет ханзу тілінен қазақ тіліне «Көркем Чаушиянда» атты романды аударып, 1955 жылы баспадан шығарған. «Өмір жолы», «Қызыл жартас» (екі томдық), «Ағады Фынхы аял-сыз» (екі томдық), «Жер ортаға келгенде» (роман), «Далин мен Шиаулин» сынды 15-тен артық роман-повестерді қазақ тіліне аударған.

Аудармашылық шеберлігінің арқасында Қытай қазақтарының аударма саласында айшықты іздерін қалдырған Найман Сапанұлы сонау 1960 жылдардың бас шенінде-ақ Таң дәуіріндегі Ли Бай, Ду Фу сынды айтулы ақындардың, осы заманғы Ян Чын, Жияң жымин, Ли Иың сынды танымал ханзу ақындарының өлеңдерін қазақшаға аударды. Қытай әдебиетіне аты мәшһүр «Ақ өрік ағашы», «Нажағай жыры», «Әке», «Жеті тал сіріңке», «Нарт қызыл гүлдер», «Қызмет өткізіп аларда», «Аға буын», «Жасыл құм» сынды әңгімелерді қазақ оқырмандарына таныстырды.

«Таң дәуіріндегі өлеңдерден үш жүз» атты кітапты құрастырып, Қытай әдебиетінің алтын

ғасыры атанған Таң дәуірі ақын-дарының жырларын қазақ тіліне көркем поэзия тілімен аударып шыққан Бөкейхан Бекейұлының да қазақ аудармашылығына қосқан үлесі зор.

Белгілі ақын Қазымбек Арабин (1945-1998) студент кезінен-ақ көне және қазіргі қытай тілін жете меңгеріп, Ли Байдың «Түнгі ой», Ду Фудың «Ұлы тауға көз жібергенде», «Күз желінің қамыс күркені әкетуі туралы жыр», Бай Жүйидің «Көмір сатушы шал», «Пипа дастан», «Дала Шөбі», Лию Иүйшидің «Күз желінің суылы алғаш естілгенде», «Қара нөпір масалар» сынды шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Қазір Пекинде тұратын ақын Балапан Рабатов та аударма саласына өзіндік үлес қосуда. «Толғаныстар», «Күндік көтерген әйел», «Тыртық», «Іле елестері», «Қаруластар», «Он сегізде құлпырған дала гүлі», «Тәңірмен бірге тентіреу» сынды бірнеше көркем әңгімелерді қытай тілінен қазақ тіліне аударды. Әйгілі әйел жазушы Чылидың «Өмір өрнектері» повесін, «Зілзәлә» мемуарлық кітабының өлеңдерін, Хайзы, Гу Чың, Шу Тиң қатарлы осы заман ханзу ақындарының өкілдік жырларын қазақ тіліне аударуда Балапан Рабатов талантты аудармашы екендігін танытты.

Іле қазақ автономиялық облысының

орталығы Құлжа қаласында жарық көретін «Іле кеші» газетінің редакторы, ақын Нұр-болат Әбдіқадырдың аудармалары да Қытай қазақтарына етене таныс. Оның өлеңдері ханзу тіліне аударылып, Қытай оқырмандарының алқауына бөленгені өз алдына. Ал аудармашылығы жайына келсек, өз саласына орай көркемдік құны жоғары көптеген қытай тіліндегі мақалаларды қазақ оқырмандарына өз тілінде таныстырып келеді. Сондай-ақ, Қытай ақыны Ян Анның қазақ өміріне етене жақын бір топ шалқымасын және Қытайдың осы заманғы көрнекті әйел ақыны Сай Личуанның әйгілі шалқыма өлеңдері «Ауыл махаббатынан таңдамалылардың» бір бөлімін аударған.

Жалпы, қазақ пен қытай арасындағы әдеби байланысты негізінен аудармалар арқылы Қытайдағы қандастарымыз жүзеге асыруда. Қытайдағы қолына қалам ұстаған қазақтардың Қытай әдебиетінен аударма жасамағандары кемде - кем. Біз тек жоғарыда солардың бір шоғырын ғана атап өттік. Қазақ әдебиеті үшін, әдебиеттануы үшін аса маңызды осы аудармаларды енді төте жазудан кириллицаға көшіріп, Қазақстандағы қалың оқырманға тарту ету-кезек күттірмейтін іс. Ол аудармалардың ерекшелігі түпнұсқадан аударылғанында жатыр.

* * *

Қожақанова М.

А.ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. А.Құнанбаевтың өлеңдеріндегі фразеологизмдердің орыс, ағылшын тілдеріне аударылуы.

Тірек сөздер: орыс, аударма, бірлік, балама, шеберлік, даралық.

Қожақанова М.

ПЕРЕВОД ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В СТИХОТВОРЕНИЯХ А.КУНАНБАЕВА

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Переводы фразеологизмов в стихотворениях Абая Кунанбаева на русский и английский языки.

Ключевые слова: русский, перевод, единица, эквивалент, мастерство, индивидуальность.

Kozhakanova M.

TRANSLATION PHRASEOLOGICAL UNITS IN POEM BY KUNANBAEV

Abstract..The issues dealt in this article. The translation of phraseological words in A. Kunanbayev's poems.

Key words: Russian, translation, unit, equivalent, skill, individuality.

Мақалада Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың өлеңдеріндегі фразеологизмдердің орыс және ағылшын тілдерінде берілу жолдары қарастырылады. Фразеологизмдер - күрделі тілдік құбылыс. Фразеологизмдердің поэзиядағы көркемдік қызметін пайымдау (осмысление), анықтау және өзге тілде беру оңай емес. Абай,

Пушкин сияқты ұлы ақындардың поэзиясындағы фразеологизмдердің мәнін, көркемдік қызметін басқа тілдерде беру аудармашыдан терең білімді, ақындық талантты талап етеді. Мұндай жағдайда аудармашының алдында бірнеше міндеттер тұрады: фразеологизм теориясының негізгі мәселелерін білу; фразео-

логиялық бірліктердің мәнін екі тілде бірдей терең білу; аудармада олардың мәнін, семантикасын, экспрессивті-стистикалық қызметін лайықты (адекватно) жеткізу.

Ал бұл міндеттерді ойдағыдай іс жүзіне асыру фразеологизмді аудармашының аудармаға дейінгі (предпереводческий) талдауының, пайымдауының деңгейімен байланысты. Фразеологизмдерді аудармаға дейінгі талдау кезеңінің алғашқы қадамынан-ақ аудармашы көптеген қиындықтарға кездеседі. Олардың бастылары қатарында мыналарды атауға болады: фразеологизмдердің құрылымын, құрамдас бөліктерін анықтау; олардың текстегі, контекстегі және жасырын (скрытое) мағынасын, мазмұнын, мәнін түсіну; көркемдік-эстетикалық қызметін анықтау; фразеологиялық бірліктің аударма тіліндегі толық баламасын табу; фразеологиялық бірліктің аударма тіліндегі жақын баламасын табу; фразеологиялық бірліктің мағынасын аудармада сипаттау жолымен беру, т.б. Бұлардың әрқайсысы фразеологизмдерді аудару процесінің белгілі сатыларына сәйкес келеді.

Аталған сатылардың алғашқысында анықталатын мәселелердің маңызы зор. Бұл жерде екі тілді жете білмейтін аудармашының қателесуі оңай. Абайдың поэзиясындағы фразеологизмдердің орыс, ағылшын тілдеріне аударылуында осындай қателіктер көп кездеседі. Олардың бірнеше түрлері бар. Біріншіден, аудармашы фразеологизмді тұрақты емес, тура мағынадағы лексикалық бірліктер ретінде қабылдап, оны сөзбе-сөз аударды. Екіншіден, түпнұсқадағы жекелеген фразеологизмдердің орыс тілінде бар баламасын таба алмайды. Үшіншіден, түпнұсқада ауыспалы мағынада қолданылған тілдік бірліктерді фразеологизм ретінде қабылдайды және солай аударды. Бұндай жағдайларда аудармада түпнұсқаның мазмұны, мәні, көркемдік ерекшеліктері дұрыс (адекватно) беріледі деп айтуға болмайды.

Ең басты талап - аудармашы фразеологизмді фразеологизммен аударуға ұмтылуы керек. Дегенмен, көп жағдайда түпнұсқа мен аударма тілдерінде сәйкес фразеологизмдер табыла бермейді. Мұндай жағдайларда сипаттама беруге, калькалауға, лексикалық аударма жасауға, контекстуалды ауыстыруға, тандап аударуға тура келеді. Біздіңше, фразеологизмдерді аударуда лексико-грамматикалық, семантикалық трансформациялардың қай-қайсысын да лайықты жерінде орнын тауып қолдануға болады.

«Қара қылды қақ жару» фразеологизмі қазақта бұрыннан бар. Фразеологизмнің орыс тіліндегі сөзбе-сөз аудармасы «рассекающий

конский волос пополам по оси». Бұл фразеологизм әділдіктің ең жоғарғы деңгейін образды түрде көрсету үшін қолданылады. Ертеде ұлыстар мен тайпалар, адамдар арасындағы әртүрлі тұрмыстық, әлеуметтік дау туындаған кезде сол даулы іске билер мен ақсақалдардың берген әділ шешімін осылай атаған.

Осы фразеологиялық бірлікті Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде өз тарапынан өзгерткен, мағыналық тұрғыдан күрделендірген. Бірақ фразеологизмнің табиғаты сақталған. Өлең мәтінінде бұл ақынның әділдік пен адалдық жөніндегі концепциясын тереңірек танытуға қызмет етеді. Д.Бродский бұл тармақты мынадай үлгіде аударды:

Мудрый зорко проникает в глубь вещей,
Расщепляет волос на сорок частей [6,20].

Аударма түпнұсқаның мазмұнын белгілі дәрежеде жеткізіп тұр. Оны жоққа шығара алмаймыз. Бірақ сөз арасында артық, бөгде сөздер бары байқалады. Олардың өлең мазмұнын ашуға кедергі келтіріп тұрмағанын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ артық, бөгде сөздер түпнұсқа табиғатына, автордың шығармашылық даралығына әсерін тигізбей қоймаған. «Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек» деген бір тармақ Д.Бродскийдың аудармасында екі тармақпен берілген. Аудармадағы «зорко проникает в глубь вещей» («істің мәнін жете ұғыну») - аудармашының өз жанынан қосқан сөздері. Түпнұсқада мұндай тіркестер беретін ұғым жоқ. Түпнұсқада «қара қылды қырыққа бөлу» туралы айтылады. Д.Бродский болса «қара қылды» емес «шашты» бөледі. Қыл мен шаштың арасында айырмашылықтар бар екені белгілі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Қыл - жалдың, құйрықтың жіңішке әрі ұзын бір талы. Шаш - адамның бас терісіне шығатын жіңішке әрі қалың қыл» деген анықтама берілген [10,554]. Қазақша-орысша сөздікте «қыл» сөзі «волосы (хвоста и гривы лошади)» деп аударылған. [11,150]. Д.Бродскийдың аудармасында «лошадь» деген бірлік қалып кеткен. Сондықтан оқырманның көз алдына аттың қылы емес, адамның шашы туралы ұғым келеді. Оқырманға түсініктірек болуы үшін аудармашы жәй «волос» емес, «конский волос» деп алуы керек болатын. Сондай-ақ, аудармашы түпнұсқадағы «қара» эпитетін қалдырып кеткен. Бұл аудармашының түпнұсқадағы «қара» сөзін маңызды деп есептегендігінен туындауы мүмкін. Түпнұсқа тілінің жүйесінде «қара» сөзінің үлкен мәні бары. Оны алып тастаған жағдайда фразеологиялық бірлік өзінің мәнін жоғалтады. Осылайша түпнұсқадағы фразеологиялық

сипаттағы тілдік бірлікті аудармашы орыс тіліне сөзбе-сөз аударарды. Нәтижесінде ақынның айтар ойының мазмұны, көркемдігі, эстетикалық әсері әлсіреген. Ал көркем аудармада сөздің коннотативті, яғни астарлы мағынасы маңызды. Біздіңше, аудармашы ақынның қолданып отырған авторлық фразеологизмін оның орыс тіліндегі баламасымен орайлас бергені тиімді болар еді.

Аудармашы өлең мәтініндегі фразеологиялық тіркестің осындай мағынасын танып, зерттеген соң, алдымен аударма тілінен осыған орайлас келетін, осы мағынадағы фразеологизмді іздеуі қажет. Әрине, қай халықтың тарихында да әділ де адал көсемдер болған. Мәселен, есімі қалың жұртқа белгілі Соломон патша ақылдылығымен, әділдігімен тарихта қалған. Осы патшаның есімімен байланысты орыс тілінде «соломоново решение» деген тұрақты тіркес қалыптасқан және бұл фразеологизм әлі де қолданысын тоқтатқан жоқ. Демек, аудармашы орыс оқырманына түсініктірек болу үшін осы сияқты қалыптасқан тіркесті қолданса қате болмас еді.

Ә.Қодар бұл шумақты мынадай үлгіде аударарды: « разумный со всех поразмыслит сторон» [1,17]. Аудармашы түпнұсқадағы ойды сөзбе-сөз емес, оқырманның түсінуіне жеңіл етіп аударған. Бұл жерде түпнұсқадағы фразеологизмнің жалпы мағынасы берілгенмен, өзі жойылып кеткен. Екі аудармашы бір фразеологиялық бірлікті екі түрлі жолмен аударған: Ә.Қодар фразеологиялық бірліктің мағынасын қарапайым сөздермен берген болса, Д.Бродский фразеологизмді сөзбе-сөз аударған.

Ю. Кузнецов та Д.Бродский ұстанған тәртіптен алыстай алмай, сөзбе-сөз аударма деңгейінде былай дейді: «умный может рассечь тонкий волос вдоль на сорок частей» [6,46] Аудармашы нені бөліп тастайтындығын (қара қылды) қалдырып, оны аударманың екінші тармағында (тонкий волос) түпнұсқаның екінші тармағымен қосып береді. Бұл өлең аудармасында кездесе беретін әдеттегі инверсия екені белгілі. Алайда автор ойының образдық құрылымы бұзылғаны анық. Сонымен бірге түпнұсқа мәтініндегі концептуалды мағына да аудармада саймасай берілмеген.

Түпнұсқада қылдың түсі туралы ақпарат берілген, бірақ оның жұқа, қалың екендігі туралы мәлімет жоқ. Аудармашы болса «жұқа (жіңішке) шаш» деген тіркесті қолданады. «Жұқа (жіңішке)» сөзін аударма мәтіні үшін қажеті жоқ деп санаймыз. «Жіңішке» мағынасы «қыл» сөзінің өзінде тұр. Аудармашы тармақтың мағынасын дәл беруге тырысқанмен, айтарлықтай нәтижеге жете алмаған. Тармақтың

мазмұны белгілі дәрежеде түпнұсқаға жақын. Аудармашы ақын өлеңінің мазмұнын дәл беруге ұмтылған, түпнұсқаға барынша жақын болу мақсатын көздейді. Сөзбе-сөз аударуының себебі осында. Бірақ фразеологизмдерді орыс тіліне аударған аудармашылардың ешқайсысы да түпнұсқадағы «ең әділ» деген мағынаны аударма адресатына дәл жеткізе алмаған.

Енді осы өлең жолының ағылшын тіліндегі нұсқасына назар аударайық:

Beneath the surface looks the keen-eyed sage.
He splits a hair in four times forty parts [7,30].

Аудармашы - Д.Роттенберг. Өлеңді орыс тіліне сөзбе - сөз кері аударып көрейік:

Из-под поверхности смотрит зоркий мудрец.
Он делит волос четыре раза на сорок частиц

Өлең сатылы түрде Д.Бродскийдің аудармасынан жасалған. Шашты төрт рет қырық бөлшекке бөлу орыс аудармашысының «расщепляет волос на сорок частей» дегеніне сәйкес келеді. Д.Бродскийдің «проникает в глубь вещей» дегенін Д.Роттенберг «астарындағыны көреді» деп береді. Түпнұсқа мәтінді ағылшын тіліне сатылы түрде орыс тілінен аударған Д.Роттенберг орыс тіліне аударған аудармашы тарапынан кеткен кемшіліктерді қайталаған. Нәтижесінде орыс тілінде жіберілген қателіктер ағылшын тіліндегі аудармада қайталаанады. Бұған өлеңді ағылшын тіліне аударушы Д.Роттенбергтің өз тарапынан жіберілген кемшіліктер қосылады. Осының бәрі аударманың сапасына кері әсерін тигізген.

Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінің бір тармағы тұтастай «Аузымен орақ орған өңкей қыртың» деген фразеологизмнен құрылған. «Ауызбен орақ ору» – образды фразеологиялық бірлік. Осы фразеологизмді С.Липкин мынадай үлгіде аударарды: «режет всех без разбора твой серп-язык [5,47]. Қазақ әдеби тілінде «аузымен орақ ору» бар, және «орақ ауыз» кісі бар. Бұл екеуінің беретін мағынасы екі басқа. Аудармашы түпнұсқадағы «ауызбен орақ ору» туралы ұғымды жойып, оның орнына «орақ ауыз» туралы ұғымды алып келеді. Аудармашының «серп-язык» дегені қазақтың «орақ ауыз» дегеніне сәйкес келеді. «Орақ ауыз» шешен, сөзге жүйрік деген мағынаны береді. «Ауызбен орақ ору» тіркесінен «бос сөйлеу, көп сөйлеу (пустослов), бірақ ешқандай іс тындармау» (палец о палец не ударить) деген мағына туындайды. Орыс тілінде «молоть языком» және «палец о палец не ударить» сияқты екі фразеологиялық бірліктен түпнұсқадағы «ауызбен орақ ору» туралы фразеологиялық

бірліктің толық мазмұны шығады. Осы бірліктерді үйлестіріп, барынша түпнұсқаға сәйкестендіріп қолдану аудармашының шеберлігіне байланысты. Аудармада ақынның «қырт» (болтун, пустослов) туралы сыншыл ойы аудармада «мінсіз, сөзге жүйрік кісі» болып шыққан. Түпнұсқаның мазмұнын, ақынның тілін, өлең жүйесіндегі ұлттық сөйлеу ерекшеліктерін жете білмеу аудармашы тарапынан осындай үлкен кемшіліктерге жол берген.

Ю.Кузнецовтың тәржімасына назар аударайық: «А твои пустозвоны гремят языком» [5,46]. Ю.Кузнецовтың аудармасы басқа аудармашылардың нұсқасымен салыстырғанда түпнұсқаға жақын келеді, бірақ онда да нақтылық пен айқындық, өлеңнің ұлттық ерекшеліктерін ашатындай үлкен ізденіс байқалмайды. А.Кодар бұл тармақты былай аударды: «погрязший в пустом суесловий сброд» [5,45]. А.Кодардың аудармасында мазмұндық нақтылық, бар. Бірақ ол да түпнұсқа мәтініндегі фразеологиялық бірліктің аударма тіліндегі фразеологиялық толық немесе сәйкес баламасын таба алмаған. Осы тармақты М.Әдібаев та аударған: «несете вздор, косите всех подряд» [5,48]. Аударманың жалпы мазмұны түпнұсқаға біршама сәйкес келетіндей көрінеді. Ал нақты алып қарағанда, аудармашының қайсыбір ойларды оңтайлы жеткізе алмағаны рас.

Ағылшын тіліне өлеңді Р.МакКейн тәржімалаған. Түпнұсқадағы «ауызбен орақ орған өңкей қыртың» деген тармақты «and you rattle your tongue with idle talk» деп тәржімалаған. Тармақты орыс тіліне сөзбе-сөз кері аударғанда мынадай мағына туындайды: «и ты трещешь своим языком пустословья». Түпнұсқадағы мағынада аудармада сақталған. Дегенмен ағылшын тілінде түпнұсқадағы фразеологизмнің мағынасын жеткізетін фразеологизм жоқ емес. Мәселен «Creat cry and little wool» көп сөйлеп аз іс тындыратын адамның образын суреттейді.

Абайдың жоғарыда аталған өлеңінен «Бір ұрты май, бір ұрты қан» деген фразеологизмді көруге болады. Осы фразеологизмді С.Липкин мынадай үлгіде аударды: «Зло - на левой щеке, на правой - добро» [5,47]. Ақынның екі ұрттың «бірі - қан, бірі - май» болуы туралы ойын аудармашы «оң бетінде - жақсылық, сол бетінде - жамандық» дегендей оймен жеткізген. Оң және сол ұғымдары түпнұсқаның мазмұнына өрескел нұқсан келтіріп тұрған жоқ, дегенмен бұл жерде аудармашының ойының ұтқырлығы,

көркемдік ойлау шеберлігі де көрініс таба алмаған. Ю.Кузнецов берілген жолды былай аударды: «Где добро и где зло, ум ли твой разберет?» [5,46]. Түпнұсқада ой сұраулы сөйлеммен берілмеген. Аудармашының фразеологизмді фразеологизммен емес, сұраулы сөйлеммен аударуы түпнұсқаның мағынасының бұрмалануына алып келген. Түпнұсқаның мазмұнын мүмкіндігінше дәл жеткізген аударма қатарына бұны да қосуға болмайды. А.Кодар бұл тармақты мынадай үлгіде аударды: «В крови и обжорстве не день и не год» [5,45]. Түпнұсқадағы ойлар бұл жерде де үлкен өзгерістерге түскен. Аудармадағы «в обжорстве не день и не год» деген тіркес мүлде орынсыз. Ақын ешқандай мезгілдік мағынасы бар ой қозғамаған: күн туралы да, жыл туралы да ұғым жоқ. Түпнұсқада жоқ ұғымды, жоқ түсінікті, жоқ ойды аудармаға алып келу, автордың ақындық өнеріне, даралығына көлеңке түсірген. М.Сильченконың жолма-жол аудармасында бұл тармақ былай берілген: «На одной щеке у тебя кровь, на другой масло» [9,63]. Аудармашы тармақтың мағынасын жеткізе алғанмен, ол мағынаны түпнұсқадағыдай әсерлі, түпнұсқадағыдай суретті, терең мағыналы деңгейде аша алмаған.

Түпнұсқадағы «бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» деген тармақты Р.МакКейн былай аударды: Now you have blood on one cheek and grease on the other [4, 242]. Тармақты орыс тіліне сөзбе - сөз кері аударғанда, мынадай мағына белгілі болады: «и сейчас у тебя кровь на одной щеке, а жир на другой». Ричард МакКейннің аудармасы сатылы түрде М.Сильченконың аудармасы негізінде жасалған: тармақ сөзбе-сөз М.Сильченконың аудармасымен сәйкес келеді.

Біз бұл мақаламызда Абай өлеңдеріндегі фразеологизмдердің аудармаларына тоқталып өттік. Аудармашылар ақынның авторлық фразеологизмінің орыс, ағылшын тілдеріндегі сәйкес баламасын таба алмаған. Д.Бродский мен Ю. Кузнецов бұл фразеологизмдерді сөзбе-сөз аударған. Ә.Кодар болса қарапайым сөздермен, оқырманға түсінікті тілмен сипаттап тәржімалаған. Талдау көрсетіп отырғандай, Абай өлеңдеріндегі фразеологизмдердің орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларын сәтті шықты деп айта алмаймыз. Аудармашылар жан-жақты ізденіп, тереңірек еңбектенсе, Абайдың фразеологизмінің орыс және ағылшын тілдеріндегі лайықты баламасын табуға болады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. А.Кунанбаев. *Избранное /Пер с каз и комментарии А.Кодара.* – Алматы: Ана тілі, 1996.

2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. *Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – I том. – Алматы, 2002.*

3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – II том. – Алматы, 2002.
4. Абай. Қарасөз. Книга слов. Book of words. /Пер с русс Ричард МакКейн. – Алматы: Международный клуб Абая, 2009.
5. Абай. Тридцать семь стихотворений./Сост и пер М.Адибаева. – Алматы: Дом Печати Эдельвейс, 2006.
6. Абай Құнанбаев. Избранное: Пер.с каз. /Сост. М.Магауина, вступит.Статья М.Ауэзова, послесл. М.Каратаева. – Москва: Художественная литература, 1981
7. Abai. Poems. /Designed by Victor Chistyakov. - Moscow, 1971.

8. С.Влахов С.Флорин. Непереводимое в переводе. – Москва, 1980.
9. М.Сильченко. Творческая биография Абая. – Алма-Ата: Издательство Академии Наук Казахской ССР, 1957
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жаңұзақов.- Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
11. Р.Ф. Сыздықова., К.Ш. Хұсайн. Қазақша орысша сөздік. Алматы: Дайк Пресс, 2008.

Özkul Çobanoğlu

ORTAK TÜRK YAZI DİLİ'NİN KURULMASINDA MÜŞTEREK ATASÖZLERİNİN YERİ VE ÖNEMİ

Title: The Potency and Importance of Common Proverbs for the High and Standard Written Turkic Language

Abstract: The purpose of this paper is to explain potential of common proverbs among the Turkic peoples for establishing a high and standard Turkic written language. First of all main discussions about the high and standard Turkic language will be summarized. Then, the common proverbs among the Turkic peoples which were collected by the present author in a recent work will be evaluated from various points of view like as a source of folk philosophy, common vocabulary and a special attention will be given their functional, structural and contextual characteristics which were suppose to put them in a moving position of instrument for a high and standard Turkic written language.

Key Words: Language policy, High and standard Turkic written language, Proverbs, Turkic folklore.

Ө. Чабанұлы

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ СТАНДАРТТЫ ТҮРКІ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Мақалада түркі халықтарына ортақ мақал-мәтелдердің мән-мағынасы. Философиялық, еңбектердегі, ортақ сөздіктердегі функционалдық, құрылымдық және контекстуалдық сипаттамалар. Стандартты түркі тілін дамыту.

Тірек сөздер: тілдік саясат, стандартты түркі тілі, мақал-мәтелдер, түркі фольклоры

О. Чабаноглу

ZNACHENIA POSLOVIЦ V FORMIROVANII STANDARTNOGO TUREЦKOGO ЯЗЫКА

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Цель данной статьи заключается в разъяснении потенциала пословиц тюркских народов. Будут обобщены основные дискуссии по данному вопросу.

Ключевые слова: языковая политика, притчи, тюркский фольклор, пословицы, поговорки.

Bütün dünyada 19. yüzyıl “ulus devlet” kurma arayışlarının altın çağıydı. Fransa ve A.B.D. örneklerini birkaç yüzyıl geriden takip ederek Almanlar 630 küçük devlet ve prenslikten birleşik Almanya’ya 1870 yılında İtalyanlar yaklaşık 10 devletten birleşik İtalya’ya dönüştüler. Çin, Hindistan, Rusya ve İngiltere uygun dil politikaları sayesinde birlik ve büyüklüklerini muhafaza ederek dünya ölçeğinde etkili güç olma konularını korudular. Türk dünyası dediğimiz Türk toplum ve toplulukları için 19. yüzyıl bir ölüm-kalım

yüzyilydı. Ciddi ve zoraki bir aydınlanmayı da beraberinde getiren 20. yüzyıl da 1990’lara kadar çok farklı geçmemiştir. Son 20 yılda meydana gelen gelişmeler 6 bağımsız Türk “ulus devleti”nin kurulmasını sağlamıştır. Bugün dünya üzerinde devlet bağımsızlığı kazanamamış irili ufaklı yaklaşık 25 Türk halkı azınlık (yaklaşık 90 milyonluk bir nüfus) statüsünde yaşamaktadır. Bunların bir çoğunun ana dili yok olma tehlikesiyle karşı karşıya olan diller arasındadır. Türk dünyasının aydınları yeni bir yol ayırımındadır. Ya

ayrı ayrı yollarına devam edecek ve bir gün “ölecek dil” olma sırasının kendilerine gelmesini bekleyecekler ya da birleşip bütünleşerek oluşturacakları müşterek, standart ve yüksek bir yazı dili etrafında hem yerel ve boylarına ait diyalektlerin hem de yeryüzündeki 4-5 büyük dil ailesinden birisi olarak Türkçe'nin Kıyamete dek yaşamasını sağlayarak milletlerine ve insanlığa hizmet edeceklerdir.

Bu bağlamda, Türkçe konuşulan dünyada veya yaygın olarak ifade edildiği şekliyle Türk dünyasında, geleceğe yönelik “Ortak Türk Yazı Dili” şeklinde tasavvur edilen, “Yüksek Standart Türkçe” olarak da adlandırılabilen olan bu üst yapının kurulmasında, atasözleri ve deyimlerin ne tür işlevler üstlenebileceği çalışmamızın konusunu oluşturmaktadır. Bir başka ifadeyle, Türkçe'nin, diğer ortak dünya dilleri gibi, önce bölgesel, sonra küresel bir bilgi-iletişim işlevi üstlenmesi sürecinde, her şeyden önce onun çeşitli Türk yazı dillerinin kullanıldığı coğrafyada, ortak bir eğitim-öğretim aracı olarak yaygınlaş-tırılmasında atasözleri ve deyimlerden nasıl faydalanabiliriz? sorusunu cevaplandırma bildiri-mizin esasını teşkil etmektedir.

Bilindiği gibi vaktiyle Hakaniye Türkçesi'nin karşıladığı bu ihtiyacı daha sonraları ağırlıklı olarak Çağatay ve Osmanlı Türkçesi yazı dilleri karşılamış. Daha sonralarıysa Türk lehçeleri arasındaki farklılıkları derinleştiren bir uygulama olarak XX. yüzyılın başlarından itibaren bu lehçelerin büyük bir kısmı millî yazı dilleri olarak kullanılmaktadırlar. Buna karşılık, yeniden Ortak Türk Yazı Dili'nin teşekkülü ile ilgili olarak XIX. yüzyılın sonlarından itibaren Bakü'de Ali Bey Hüseyinzade'nin yayımlandığı “Füyuzat Mecmuası”nda çeşitli görüşler ortaya atılmış ve bunlar ilk olarak İsmail Gaspıralı'nın “Tercüman Gazetesi”nde uygulanmaya başlamıştır.

Günümüzde de, Ortak Türk Yazı Dili meselesi iki temel nedene bağlı olarak yeniden gündeme gelmiştir. Bunlardan birincisi, dünyadaki Türk topluluklarında ve Türk Cumhuriyetlerindeki Türklerin kendi aralarında iletişimi ana dillerinde sağlama isteğidir. İkinci neden ise, çağdaş bilgi çağında bilim ve teknolojinin gelişiminde ve küreselleşmeye bağlı olarak Avrasya'daki dil durumunun değişmesidir. (Mehmanoğlu 2002: 101). Özellikle de küreselleşmenin dayattığı tek kutuplu bir dünya anlayışının gelenek çevresi zayıflayan küçük dillerin her geçen gün büyük bir süratle yok olması da, Türk toplulukları arasında Ortak Türk Yazı Dili meselesinin yeniden gündemde yer almasına önemli bir etken olmuştur.

Hiç şüphesiz, herhangi bir ortak yazı dili uzun süren siyasi, iktisadi, sosyal ve kültürel ilişkilerin sonucunda ortaya çıkar. Günümüzde Türk dünyası

aydınları arasında Ortak Türk Yazı Dili ile ilgili olarak ileri sürülen düşünceleri şu şekilde tasnif etmek mümkündür:

1.)Türk boyları birbirinin dillerini öğrenir, Türk Dünyasındaki ünlü yazarların eserleri edebî Türkçelerde basılır, Latin alfabesine geçilir, yeni terminolojik sözlükler hazırlanır, karşılıklı olarak radyo ve televizyon programları düzenlenir. Ortak dergiler, gazeteler yayımlanır, bu dergilerde, gazetelerde çeşitli edebî Türkçelerden yazılar yer alır; ilk dönemlerde herkes kendi dilinde konuşarak birbirini anlar, zamanla Ortak Türk Yazı Dili teşekkül eder. Bu bağlamda Oğuz grubu Türk dillerinin bir Kıpçak dilini, Kıpçak grubunun da bir Oğuz grubu dilini liselerde öğretmesi bu süreci hızlandırıp kısaltabilir.

2.)Bütün Türk dilleri ve lehçeleri bir araya getirilir. Bunlardan lâzım olan kelimeler, deyimler, cümle yapısı, üslûp ve diğer unsurlar seçilir ve esperanto (yapay dil) olarak Türk dili, yani “Türk Esperantosı” oluşturularak, Ortak Türk Yazı Dili'nin kuruluşu sağlanır.

3.)Genel Türk dilinin alt yapısını oluşturan lehçelerinden ve çağdaş edebî Türkçelerden biri “dayanak” olarak ele alınır ve zaman zaman bu “dayanak” “üst dil” temeline diğer Türkçelerin de çok yakından katılımıyla mükemmel (Mehmanoğlu 2002: 102) bir Ortak Türk Yazı Dili ortaya çıkar.

4.)Ortak Türk yazı Dili'nin oluşumu konusunda sistematik bir çalışma yerine ağırlık, ortak menfaate dayalı olarak karşılıklı iktisadi ve siyasi münasebetlere verilir, yukarıda sırala-nanlardan parça parça kolayca gerçekleştirilmesi mümkün olanlar yapılır ve Ortak Türk Yazı Dili'nin kendiliğinden veya doğal bir sürecin sonunda gerçekleşmesi beklenir.

Bu dört şıktan hangisi takip edilecek olursa olsun Ortak Türk yazı Dili için Türk lehçelerinin fonetik ve dil bilimsel yapılarının yanı sıra morfolojik, sentaks, leksikolojik, tarihi ve sosyo-kültürel bir bilimsel temelin olmazsa olmaz olduğu ortadadır. Özellikle de, Kazak Türklerinin mütefekkir âlimi Şakir İbrayev'in “Bize göre Türk birliği, her halkın ruhanî mirasına dönüşen ortak tarihî yadigarlarımızı yeniden bütün-lemekten başlar”(İbrayev 2000: 43) şeklindeki tespiti doğrultusunda Türk mitolojisine, epik destanlarına, masallara, efsanelere ve diğer sözlü ve yazılı edebiyat ve kültür malzemelerine yönelik olarak karşılaştırmalı yöntemle yapılacak çalışmalar Ortak Türk Yazı Dili'nin dayandığı zihni ve felsefi temeli ortaya koymak ve bu yolla da Türk dünyası aydınlarını daha sistematik ele alışlara doğru psikolojik motivasyonlar sağ-layacağı son derece açıktır. Bu tür çalışmalar içinde özellikle de ortak zihniyeti ortaya koymak, kâinata, tabiata ve insana karşı tavır alışları ve duruşları ifade etmek

bakımlarından taşıdığı değer itibariyle karşılaştırmalı atasözleri araştırmaları büyük bir öneme sahiptir.

Nitekim, Avrupa'da son zamanlarda yoğunlaşan karşılaştırmalı atasözleri araştırmalarının Dan Ben Amos'un (1998: 461) son derece açık bir biçimde vurguladığı gibi "Avrupa Ekonomik Topluluğu" sürecinden "Avrupa Birliği"ne geçiş sürecinde ortaya çıkmış olması, son derece dikkat çekicidir. Bir başka ifadeyle Avrupa Birliği'ni oluşturan milletlerin atasözleri bağlamında mevcut zihni ve felsefi ortaklıklarını ortaya koymaya ve pekiştirmeye yönelik bu tür çalışmalar ele aldığımız konu bağlamında da son derece dikkat çekicidir. Yapılan araştırmaların bir kısmı "Baltık Ülkeleri" gibi Avrupa'nın coğrafi bir bölgesiyle, Alman ve Fransız gibi önde gelen uluslarıyla karşılaştırmayı içermekte veya "Latinlik" gibi tarihsel bir bağa dayalı olarak "Latin Dünyasıyla", Anglo-Sakson ve Germanik Dünya'lar arasındaki paralellikleri ortaya koymaktadır. Söz konusu çalışmaların büyük bir çoğunluğu ise diğerlerinin de mündemiç bulunduğu "Avrupa" ve "Avrupalılık" (Europeanness) paydasına ve onun tarihsel kökenleri olarak kabul edilen Sanskritçe, İbranice, Eski Yunanca ve Latince'ye dayalı örnekler bulmaya bağlı olarak, 28 ile 60 arasında değişen sayıda Avrupa diline ait örnekler bir araya getirilmektedir.

Böylece "Avrupalılık" kavramının anlamı, gelenekleri ve özellikle de İncil'e dayalı sosyal değerleri ortak bir "Avrupa kültürü" veya "medeniyeti" (European civilization) kavramsallaştırması bu yolla ifade edilmektedir. Bazı çalışmalara dahil edilen Arap, Fars, Çin, Japon gibi birkaç kıta dışı ülkenin de "Avrupalı olmayışları"na (non-european) diye yapılan vurgu da, aslında doğrudan doğruya yine kavramsallaştırılmaya çalışılan özellikleriyle bir ve bütün Avrupa'yadır. Küreselleşme olgusunun beraberinde getirdiği kültürel benzerlik ve birlikteliklerin bir araya gelerek muhtemel kültür değişmelerine karşı daha güçlü olma ve evrensel değerler manzumesinde yer alma isteği bu tür karşılaştırmalı atasözleri çalışmalarının temel motive edici unsuru olarak karşımıza çıkarmaktadır.

Bu bağlamda, Türk dünyasını oluşturan Türk topluluklarının sosyo-kültürel hayatına dair bilgilere ulaşmanın kolaylaşmasından hareketle, Türk Dünyasının tarihsel ve güncel bağlamlarda, ortak kullanımındaki atasözlerini tespiti yönelik olarak yaptığımız bir çalışmada, (Çobanoğlu 2003b) yer alan 1000 adet atasözünün yaklaşık 20.000 örnekle dilbilimsel, ve kültürbilimsel (folkloristik) bakımdan ayniyet taşıdığını tespit etmiş bulunuyoruz.

Söz konusu çalışmamızda, Türk dünyasında kullanılan bin adet atasözünün son bin yıl içindeki varoluş çizgileri tespit edilmeğe çalışılmıştır. Bu amaçla, önce, taranabilen yazılı kaynakların başında yer alan Kaşgarlı Mahmut'un muhteşem eseri *Divanü Lügat' it Türk'ten* hareketle, bir kısmını tespit ettiğimiz atasözlerinin, daha sonraki kaynaklara istinaden Kıpçak, Altınordu, Çağatay, Oğuz ve Osmanlı Türkçelerindeki durumları belirlenerek tarihî arkaplan ortaya konulmuştur. Bunu aynı atasözlerinin günümüz Türkçesinin, Afganistan, Altay, Kuzey Azerbeycan, Balkan (Kosova-Mekadonya), Başkurt, Batı Trakya, Bulgaristan, Suriye-Bayırubucak, Çuvaş, Deliorman, Dobruca, Hakas, İran-Horasan, Gagavuz, Güney Azerbaycan (İran), Karaçay-Malkar, Karay (Karaim-Kırımçak), Karakalpak, Kaşgay, Kazak, Kıbrıs, Kırgız, Kırım, Kosova, Kumuk, Kuzey Azerbaycan, Nogay, Özbek, Suriye, Irak, Tatar, Tuva, Türkiye, Türkmen, Uygur, Yakut (Saha) dil, lehçe ve şivelerindeki durumlarının tespit edilerek coğrafi yayılışının belirlenmesi izlemiştir. Başlı başına bir enstitünün işi olması lazım gelen böylesi dev bir proje için gerek ayırabildiğimiz zaman ve gerekse tarayabildiğimiz kaynakların sınırlılığı göz önüne alınırsa varılan sonuçların hiç de küçümsemeyecek bir keyfiyet ifade ettiğini düşünüyoruz. Bu atasözlerinden iki örnek vermek konuyu daha anlaşılır kılmak bakımından yararlı olacaktır:

Türkiye Türkçesi: Ayağını yorganına göre uzat.

Karahanlı Türk.(DLT): Yogurkanda artuk adal kösülse üşiyir.

Kıpçak Türk.: Ayaknı kilümüñge köre kösül.

Altınordu Türk.: Ayagini cormanına köre uzat.

Çağatay Türk.: Korpañga qarab uzutgin oyoq.

E. Anadolu Türk.: Yorganuna göre kösül.

Osmanlı Türk.: Yorganına göre ayağını uzat.

Afganistan Türk.: Boyuña karap ton biç.

Balkan Türk.: Ayagini yorganına cüre uzat.

Başkurt Türk.: Yurganıña karap ayağıñdı huz.

Bulgaristan T.: Kişi yorganına göre uzanmalı.

Çuvaş T.: Tüşekne kura uruna tas.

Dobruca T.: Ayagin cormanına köre uzat.

Deliorman T.: Ayağını döseene göre uzat.

Gagauz T.: Uzan yorganına göre.

G. Azer. T.: Ayaqını yorganına uzat.

Hakas T.: Azaaını çoorgan since uzat.

Karay T.: Yorganına köre ayakların uzat.

Kazak T.: Körpeñe karay kösil.

K. Azer. T.: Ayağını yorganına göre uzat.

Kıbrıs T.: Ayağıñı yorganına göre uzat.

Kerkük T.: Yorganına göre ayağıv uzat.

Kırım Tatar T.: Yorganına köre ayağıñını uzat.

Karakalpak T.: Körpeñe qarap ayağıñdı uzat.

Kırgız T.: Töşögünö karap butuñdu uzat.

Kaşgay T.: Çeçini gilimine çek uzat.

Kumuk T.: Yuwurğanğa göre ayağıñını uzat.

Nogay T.: Yurkanıña köre ayağıñdı soz.

Özbek T.: Korpañga qarap ayağını uzat.

Tatar T.: Yurganıña karap ayagıñı suz.

Türkmen T.: Ayagıñı yorganıña göre uzat.

Urumlu T.: Yorgana gore ayakını uzat.

Uygur T.: Yotkanga karap put sun.(Çobanoğlu 2003b).

Bu atasözünün *Divanu Lügat'it Türk* döneminden günümüze kadar Karahanlı, Kıpçak, Altınordu, Çağatay, Eski Anadolu Türkçesi ve Osmanlı Türkçesi gibi bütün tarihi devirlerde ve günümüzde Türk dünyasında neredeyse bütününde yer aldığı görülmektedir. Bu ve diğer atasözü örneklerini Türk dünyasının herhangi bir boyuna mensup insanlara yakınlığı ve ortalığı gösterip ikna etmede daha da önemlisi bunların çözdüğü sosyo-kültürel karışıklıklarına (social conflicts) bağlı konuşma durumlarını (speech situations) belirleme yoluyla ne denli geniş açılımlara sahip olduğu kolayca düşünülebilir. Dikkatinize sunmak istediğimiz bir diğer örnek de şöyledir:

Türkiye Türk.: Ağlamayan çocuğa meme vermezler.

Altınordu T.: Cilamagan balaga emçek bermezler.

Çağatay T.: Cığlamağan balaga emçik kayda.

E. Anadolu T.: Oğlan ağlamayınca emçek virilmez.

Osmanlı T.: Oğlan ağlamayınca meme virmezler.

Afganistan T.: Bala iyılavanğança ene emçek salvat.

Ahıska T.: Ağlamayana meme yoxdur.

Altay T.: Iğlabagan balaga emçek emispes.

Balkan T.: Ağlamayan çocuga anasi meme vermez.

Başkurt T.: İlamagan balaga imsäk birmäyler.

Bulgaristan T.: Alamayan uşaa meme verilmez.

Çuvaş T.: Aça makarmaşar amaşe iltmest.

Deliorman T.: Ağlamayan uşağa möme vêmezler.

Dobruca T.: Cilamagan balaga emçek berilmez.

Gagauz T.: Aalamayan uşaa meme vermezler.

G. Azr. T.: Ağlamayan uşağa süd vermezler.

Hakas T.: İlgaban palaa as pirilbeceñ.

Karaçay T.: Cilamagan gaşha anası emçek salmaz.

Karay T.: Yılamagan balaga emçek berilmez.

Kaşkay T.: Ağlamayana süd yoh.

Kazak T.: Cilamagan balaga emçek bermeydi.

K. Azr. T.: Ağlamayan uşaa süd vermezler.

Kerkük T.: Yığlamıyan uşağa emçek vermeler.

Kıbrıs T.: Ağlamayan çocuğa meme yogdur.

Kırgız T.: İylabagan balaga emçek cok.

Kırım Tatar T.: Ağlamayan balaga emçek bermezler.

Kumuk T.: Yılamagan balaga/yaşaa emçek bermes.

Nogay T.: Bala yılamasa, anası emçek bermeydi.

Özbek T.: Bala yıglamasa, ana süd bermes.

Tatar T.: Yılamagan balaga emçek bermeyler.

Türkmen T.: Ağlamadık oğlana emçek yok.

Tuva T.: İglavaan çaşka emik emzirtpes.

Urumlu T.: Ağlamaan balaa kökü vermeyler.

Uygur T.: Bala yiglimisa, ana emçek salmas.

Yakut T.: İtaabat oğonu emseh teebetter.(Çobanoğlu 2003b)

Bu atasözü de Karahanlı dönemi hariç bütün tarihi devirlerde ve Türk dünyasının bütün bölgelerinde yer almaktadır. Yukarıda yer

verdiğimiz iki örnek atasözü ve daha önce zikrettiğimiz çalışmamızda (Çobanoğlu 2003b) yer alan 30.000 versiyonuyla 1000 tanesi ne anlam ifade etmektedir? Din değiştirmeye ve coğrafi bölgelerin uzaklığından ve ağız özelliklerinden kaynaklanan kelime, ek bazen de aynı anlamda farklı fiil kullanımı bazındaki değişikliklerin ötesinde A. Dundes'in (1964) atasözleri araştırmaları için koyduğu kriterlerden metin, bağlam ve sözeldoku (texture) özelliklerinin tamamına sahip olan bu materyalin bir kültürbilimciye söyleyeceği bir şeyler olmalıdır.

Bunların başında atasözlerinin yapılmasını veya yapılmamasını ön gördüğü davranışlar manzumesi olarak ortak zihniyet gelmektedir. İçten dışa doğru bir tavır alışın ifadesi olarak ortak zihniyetin, Türk dünyasının ortak kültürel motiflerini ve bunlara bağlı sosyal ve kültürel değerlerin var olduğu zeminin atasözleri bazında ne kadar sağlam bir yapıya sahip olduğu ortaya çıkmaktadır. Hiç şüphesiz Türk dünyası atasözleri içinde yer alan bazı atasözleri taşıdıkları evrensel değerler bakımından dünyadaki bir çok milletin atasözüyle de benzerlik taşıyabilirler. Ancak Türk dünyasının geleneklerini görenekleri ifade eden ve onun ortak duygu ve düşüncelerinin ürünü olup hayat tarzını ifade edenler ortak psikolojik yapının ve ortak ruhun da temelini oluşturmaktadır. Uzun siyasi ve coğrafi ayrılıklardan sonra birbirini tanıma fırsatı bulan bu kardeş toplulukların bir birlerini en iyi tanıyabilecekleri zeminin halk kültürü ve özellikle de atasözleri olduğu rahatlıkla söylenebilir.

Bir başka ifadeyle, her atasözü, toplumsal yaşantı içindeki bireyin uyması beklenen ya bir genel kural veya bir düstur niteliğindedir. Bu nedenle de, atasözleri, milletlerin karakterlerini, hayat karşısında tavır ve zihniyetlerini ifade eden özlü sözlerdir. Bu bağlamda, dünyanın oldukça geniş bir kesimine dağılmış olarak yaşayan Türk kavimlerine ait atasözleri, taşıdıkları mesajlar ve yönlendirdikleri davranışlar itibariyle, Türk milletinin temel zihin yapısını gösteren birlik ve bütünlüğü ifade etmeleri bakımından sözlü edebiyat türleri içinde ayrı bir öneme sahiptir. Tarih boyunca, birbirinden hayli uzak coğrafyaları vatan haline getirmiş olan Türkler'in, atasözlerinde dile gelen düşünme tarzının esasta aynı olması sebebiyle, tek bir zihin ülkesinde yaşadıkları ve aynı sosyal psikolojiyi paylaştıkları görülmektedir. Bu nedenle de, Türk atasözleri, millî karakterimizi yansıtan, coğrafya, lehçe vb. farklılıkların ötesinde zihniyet ve davranışlarımızın kültürel taksonomisi bağlamında bütün Türkler'i birleştiren önemli bir kaynaktır. Dahası ve belki de en önemlisi bu henüz yeterince derlenmemiş muhteşem korpusun dil ve de Ortak Türk Yazı Dili bakımından sahip olduğu potansiyeldir.

Söz konusu ettiğimiz çalışmamızda (Çobanoğlu 2003b) şimdilik kaydıyla 1000 olarak tespit ettiğimiz ortak atasözünün deyimler de katıldığına en azından 4500-5000 civarında bir varlığına ulaşması kuvvetle muhtemeldir. Bu miktardaki atasözü ve deyim de, 9 ile 10 bin kelimedenden aşağı olmayan bir söz varlığını ortaya çıkaracağını tahmin ediyoruz. Bu rakamlar kullanımında olmayan veya pasif söz dağarcığı mantığı içinde bir Türk boyunun Türkçe'sinden diğerine aktararak meydana getirilecek çalışmalar yoluyla çok daha yükseltilebilir. Bu da genel bir envanter çalışmasından sonra bilgisayar tekno-lojisi kullanılarak çok kısa sürede tamamlanabilecek bir proje olarak gözükmektedir. Kanaatimizce bu söz varlığı yukarıda işaret edilen ve Türk dünyası aydınları arasında tartışılan konuyla ilgili dört tavır alıştan herhangi biri doğrultusunda işlendiği ve yaygınlaştırıldığı takdirde, yakın bir gelecekte bütün Türk boylarının dil, lehçe ve ağızlarının üzerinde oluşabilecek olan Ortak Türk Yazı Dili'nin veya Yüksek Standart Türkçe'nin başlangıç noktası olabilir. Bir başka ifadeyle bin yıllık ve binlerce kilometrelik ayrılıkların bile ortadan kaldıramadığı ortak atasözlerimiz yarınki birliğimizin ve birlikteliğimizin de en önemli bütünleştiricisi olduğu açıkça ortadadır.


Netice olarak, Türk boyları arasında yer alan atasözleri ve deyimler, Ortak Türk Yazı Dili'nin oluşumunda hem psiko-sosyal ve kültürel olarak ortak alt yapı açısından hem de dilbilimsel olarak söz dizimi, ortak sözcük dağarcığı başta olmak üzere bir çok bakımdan öncelikli çalışma materyali durumunda olduğu ortaya çıkmaktadır. Bu bağlamda Türk dünyasının öncü ve lokomotif gücü olarak ortaya çıkan Kazakistan'ın ulu atamız Abay'ın yolunu takip eden yolbaşçı aydınlarının kurduğu TÜRK AKADEMİSİ'nin tarihsel önemi

ve üstleneceği insanlığa hizmet eden bilimsel görevlerin büyüklüğü ve derinliği daha iyi anlaşılabilir.

ӘДЕБИЕТ

1. Ben-Amos, Dan.(1998). "European Proverbs." *Proverbium*, S. 15, s.461-469.
2. Çobanoğlu, Özkul.(2002). *Halkbilimi Kuramları ve Araştırma Yöntemleri Tarihine Giriş*. Ankara: Akçağ Yayınları.
3. Çobanoğlu, Özkul.(2003a). "Karşılaştırmalı Atasözleri Bağlamında Türk Dünyası Atasözlerinde Sosyo-Kültürel Süreklilik ve Değişme Üzerine Tespitler." *Türkbitiğ*, S.5, s. 1-20.
4. Çobanoğlu, Özkul.(2003b). *Türk Dünyası Ortak Atasözleri Sözlüğü*. Ankara: AKM Yayınları.
5. Dundes, Alan.(1964). "Texture, Text and Context." *Southern Folklore Quarterly*, S.28, s.251-265.
6. Gheorghe, Gabriel.(1986). *Proverbele românești si proverbele lumii romanice. Studiu comparativ*. Bucuresti: Editura Albatros.
7. Grigas, Kazys.(1987). *Patarliu Paralels: Lietuviu paraleles su latviu, baltarusiu, rusu, lenku, vokiecu, lotynu, prancuzu, ispanu atitikmanimis*. Vilnus: Lietuvos TSR Mosklu Akademija, *Ledyka Vaga*.
8. İbrayev, Şakir.(2000a). "Korkut ve Şamanizm." *Kazakistan'da Dede Korkut* (Ed. A. Nisanbayev), Ankara: AKM Yayınları, s. 197-282.
9. İbrayev, Şakir.(2000b). "Şaman Korkut." *Uluslararası Dede Korkut Bilgi Şöleni Bildirileri*, Ankara: AKM Yayınları, s. 215-219.
10. Kuusi, Matti.(1985). *Proverbia Septentrionalia: 900 Balto-Finnic Proverb Types with Russian, Baltic, German and Scandinavian Paraleles*. Helsinki: Suomalainen Tiedeakatia, FFC 236.
11. Mehmanoğlu, Musa.(2002). *Türkoloji'nin Çeşitli Sorunları Üzerine Makaleler ve İncelemeler*. Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları.
12. Paczolat, Gyula.(1987). *A Comparative Dictionary of Hungarian, Estonian, German, English, Finnish, and Latin Proverbs with an appendix of Cheremis and Zyryan*. Veszprém, Hungary: Veszprémi Nyomda.
13. Paczolat, Gyula.(1997). *European Proverbs in 55 Languages with Equivalents in Arabic, Persian, Sanskrit, Chinese and Japanese/Euopai Közmondasok 55 Nyelven arab, perzsa, szanszkrit, kínai, es japan megfelökkel*. Veszprém, Hungary: Veszprémi Nyomda

ҚОҒАМТАНУ



К. Қамзин

ҚАЗАҚ РЕПОРТАЖЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Қазақ репортажының ерекшеліктері. Репортаждың көркемдік құралдары. Репортаж жанрының бастаулары. Дәстүр мен жалғастық.

Тірек сөздер: репортаж, ерекшеліктер, құралдар, бастаулар, дәстүр, жалғастық.

К. Хамзин

ТРАДИЦИЯ В КАЗАХСКОМ РЕПОРТАЖЕ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Особенности казахского репортажа. Художественные средства репортажа. Истоки казахского репортажа. Традиция и преемственность.

Ключевые слова: репортаж, особенности, средства, истоки, традиция, преемственность.

К. Kamzin

TRADITION IN THE KAZAKH REPORT

Abstract. The issues dealt in this article. Prototype of the national journalism. The basic formations of modern forms of publicism. Archetypes of a genre of the reporting in lyric poet of Abai.

Keywords. journalism, genre, the reporting, archetype, publicism.

Заманалы журналистика ғылымы (кез келген пән де солай) төрт шартқа сүйенеді: теория мен тәжірибеге, дәрісшілік пен тәрбие беру ықтиятына. Осы төртеуінің басы біріккенде, бір-біріне демеу болғанда ғана ұлттық баспа-сөздің түтіні түзу шығары кәміл. Сондықтан осы төрт тарамның қайнар көзін ұлттық топырақтан қазып, басқа үлгі-өнегелерді қосымша, кірме, байытқыш элементтер ретінде қарастырығанымыз абзал. Расына келер болсақ, журналистика теориясы мен тәжірибесінде біз әлі күнге дейін бөтеннің ығынан шыға алмай, жатқа жал-тақтап келе жатқанымыз сыртқа аян болмаса да, өзімізге жа-сырын емес. Бұл, біріншіден, гуманитарлық кеңістіктегі баяғы ортақ позицияның зардаптары, байырғы дәстүр мен тағлымның әбден сүйегімізге сіңіп қалғандығынан деп топшылауға хақылымыз. Екіншіден, журналистика ғылымын, оның жанрлар жүйесін азат ағымға қарата жөнге салатын танымал ғалымдарымыздың осы күні қатарымызда жоқ екендігінен деп шамалаймыз. Үшін-

шіден, бүгінгі зерттеушілер жанрлар жаратылысы мен үйлесімділігі үдерісін емес, медиамәтін анатомиясын шұқшия зерттеуге ден қойып бара жатқаны да – және бір себеп. Төртіншіден, бұл проблема ғалымдар корпусының, әсіресе жас ізденушілер алғырлығына, білімі мен білігіне, зияткерлік әлеуетіне, инновациялық пікір өрбітуіне келіп тіреледі. Ендеше, шідер-тұсауынан арылған ой-сана, ел басына қонған бүгінгі базарлы кезең көне шығысқа һәм бүгінгі шығысқа көз тігуге, өз игіліктерімізді жаңаша кескіндеуге, еврокіндіктік ағымға енді қайрат қылмай бас имеуге, жатағандық, жайбасарлық мінезден шұғыл арылуға, ұлттық бастауларымыздың, қазақы архетип образдарымыздың көсегесін көгертуге жол ашып беріп отыр. Профессор Т.К. Кәкішевтің: «Дәстүрлі поэзия өкілдерінің, әсіресе, ХІХ ғасырда айрықша өріс алған ақындар айтысы мен сал-серілердің өнерпаздығы Қазан төңкерісіне дейін поэзиядан басқа жанр болмаған деп кемсітетін, сөйтіп, жетілмеген

өнер санатында санайтын, осыны санаға тез және ойландырмай сіңіру үшін өзгелер де, өзіміз де өршелене айтатын қазақ әдебиетінен талай ағым, бағыттың тарамданып шығатынын анық көрсетеді. Бұл тек идеялық тұрғыдан ғана емес, көркемдік ізденіс, эстетикалық таным-білік жағынан да айрықша мән беруді керек етеді. Олай болса, қазақтың рухани мәдениетіне буырқанған, дүниенің әлем-тапырағын шығарған, адамзат тарихында айрықша кезең есептелетін ХХ ғасыр әкелген олжаларды жаңа-ша пайымдайтын уақыт келді, туды», деген пікірі дәл біздің қазақ журналистикасының жаңашыл теориясына тамыздық тастап тұрғандай [1].

Қазақы репортаж жанрының өскіндерін біз батырлар жыры мәтіндерінен, ертедегі руна бәдіздерінен, Заһир әд-дин Мұхаммед Бабыр жазбаларынан, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларынан молынан ұшыратып жүрміз. Ал осы дәстүрлі мектеп сабақтастығын Абай туындыларынан да таба аламыз. Өлбетте, сонау ХІХ ғасырда қолынан блокноты мен қаламын тастамай, оқиға, жаңалық, ақпарат іздеп, шарқ ұрып жүрген Ибрагим Құнанбаев деген репортерді журналистика тарихы білген емес. Ұлы ақын, данышпан философ ешқашан газет, журналда жұмыс істемеген, баспа өнімдерін шығарумен айналыспаған. Жалпы, қыр данышпаны басылым ісіне әдейілеп араласты деген дерек әзірге қолға ілікпей тұр. Сондай-ақ, Абай газет-журнал мәселесімен мүлде шұғылданбады деген кесімді байлам да жасай алмаймыз. Оның пікірлес досы Е.П. Михаэлистің «Семипалатинские областные ведомости» газетінің редакторы қызметін атқарғаны белгілі [2]. Олай болса, ақынның да Семейге барғанда, газет редакциясына бас сұғуы, сол кездегі газет материалдарын дайындау, беттеу, шығару процесін, баспахана технологиясын өз көзімен көруге құмартуы мүмкін бе? Әбден мүмкін. Жаңалыққа, тосын құбылыстарға өлеңдей қарауы оның туындыгерлік табиғатына әбден сай келеді, мазасыз санасы оны тылсым дүниелер құпияларына қанығуға итермелейді. Әйтпесе «Жетінші сөзінде»: «Дүниенің **көрінген** һәм **көрінбеген** сырын түгендеп, ең болмаса **денелеп** (молекулаға, атомға, квантқа бөлшектеп деп ұғынған жөн. - **К.Қ.**) білмесе, адамдардың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады», деген лұғат сөз жазар ма еді [3]. Абайдың әр құбылыстың, дүниедегі «бар мен жоқтың» байыбына, түпкі тұңғығына баруға, оның ұрық-генетикасына үңілуге үндеп отырғаны хақ. Ендеше, жаңа қазақ әдебиетінің басы – Абай деген тезиске қоса, қазақ ұлттық журналистикасы жанрлары палитрасын

байытуға ұлы ақын поэзиясы пәрменді әсер етті десек, пәлендей қателесе қоймаспыз. Мәселен, қазіргі қазақ репортаждарының бітімінде ақындық мінездің, төкпе жырдың (импровизацияның) сілемдері сайрап жатыр. Тіпті сырт қарағанда, Вольтер шығармашылығындағыдай («Кандид»), бір-бірімен қоңсы қонбайтын координаттар, уақыт пен кеңістік араласын да шырамытуға болады. Осы тақылеттес пікірді кезінде зерттеуші Е.М. Лулудова тарата түскен: «Көз жетер тарихи межеде бір-бірімен еш байланысы жоқ, мүлде бөлек халықтар мәдениетінде біз ұқсас мифтерге, символдарға және образдарға жолығамыз. Осының негізінде мифолог – палеолитикалық мәдениет бірлігі туралы, ал психолог адам жаны қызметінің бірлігі және бірегей базалық образ – архетип туралы тұжырым жасай алады. Осы архетиптерді анықтау сананың тарихи даму панорамасын көз алдыға келтіруге мүмкіндік береді және мәдениет эволюциясының әр қадам басынан өз төңірегіне ой бейнесін топтастырған сол бастапқы концепциялық ядроны суыртпақтауға болады. Бабапішіндерді ай-қындау қазір адам тілге тиек етіп отырған сол танымдардың кездейсоқ еместігін негіздеуге мүмкіндік береді» [4]. Демек, ақын поэзиясының, атап айтқанда, табиғат лирикасының қазақ репортаждарына түпкі талшық болғандығы, бабабейне – матрица ретінде көз алдарында тұрғандығы туралы айтылар біздің сөзімізде де жан бар секілді.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Жазғытұры», «Күз», «Жаз», «Қыс» сияқты өлеңдеріне зер сала қараңызшы. Аталмыш шығармаларда репортаждың қандай жұрнақтары бар, қандай сарындарын аңғаруға болады? Осы ретте теоретиктер не дейді? «Репор-таждың **бейнелеу** пәні аяқталған әлдебір оқиға емес, бәзбір процесс немесе іс-қимыл болып табылады. Сондықтан журналистке ана не мына фактілерді **жәй ғана суреттеп беру** маңызды емес, оған өзінің көзқарасын білдіре отырып, оқиға дамуының **динамикасын** көрсету маңызды. Репортаждағы «көрнекі-лікке» әр түрлі детальдарды, штрихтарды және егжей-тегжейлерді, сонымен қатар өз көз алдында өтіп жатқан іс-қимылға авторлық қосатолқу арқасында қол жеткізіледі», дейді М.Н. Ким [5]. Осы мәніздес ойды кезінде Т.С. Амандосов, Т.Қ. Қожакеев, Г.В. Колосов, М.К. Барманқұлов та айтқан. Әрине, жанр ретінде бізде (Батыстағы репортаж көбінесе жол-жөнекей очерк пен репортаждың синтезі) қалыптасқан бүгінгі репортажға уақыттың осы шақ категориясы, **осы шақта** (лингвистикалық тұрғыдан келер болсақ, нақ осы шақта, жалаң осы шақта, күрделі осы

шақта, ауыспалы осы шақта) өтіп жатқан оқиға, іс-шара азық болады, репортаж тігісіне журналистің ертеректе басынан өткен оқиғаларының детальдары, естеліктері әдіптелуі мүмкін.

1. Бүркітші – тау басында, қағушы – ойда,
2. Іздің бетін *түзетіп аңдығанда*.
3. Томағасын *тартқанда* бір қырымнан,
4. Қыран құс көзі *көріп самғазанда*.
5. Төмен *ұшсам*, түлкі *өрлеп құтылар деп*,
6. Қанды көз *қайқаң қағып шықса* аспанға,
7. *Көре тұра қалады қашқан* түлкі,
8. Құтылмасын *білген* соң құр *қашқанға*.
9. Аузын *ашып қоқақтап*, тісін *қайрап*,
10. Ол да талас *қылады* шыбын жанға.

Ойып алынған он жолда жанды сурет, динамика, амбиваленттік (санұдай) сезім, осы шақта өтіп жатқан іс-әрекет көз алдыға келеді. **Реалисти-репортаждың** табиғатына жарасатын 21 етістік процесс бойына қан жүгіртіп, оқиға дамуын белгілі бір арнаға салып, демдетіп, дамытып әкеткен. Екінші, төртінші, алтыншы, сегізінші, тоғызыншы, оныншы жолдарда шендескен тайталастың, табиғи сұрыптаудың, өмір мен өлім арасын желілер бұлқыған уақыт үзігі жатыр. Бұл өлеңнің репортаждық қасиетін, философиялық түйінін, шифрлық кодын, өзіндік ерекшеліктерін, архетиптік образын, сыры мен сымбатының сақ-талуын ақынның:

Ұқпасаң, үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң,
Көлеңкесі түседі көкейіңе
 Әр сөзін бір ойланып, салмақтасаң,-

деген жолдарынан бағамдай аламыз, тіпті бүгінгі технологияның жедел қадамын, телеайна құбылысының елесін аңдағандай боламыз. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» картинасының мотивін біз Абай елі аймағының тумасы, орыстың арынды ақыны Павел Васильевтің өлең жолдарынан да жолықтырып қаламыз. Мұнда ой мен ой ұшырасады, поэтикалық публицистика элементтері репортаждық сарынға ұласады (аударма автордікі).

Әнеки кетті, олжамыз қашты, ырғыды,
 Жерменен-жексен зуылдай тартты, сырғыды.
 Сапырды түзді түлкінің оттай жарқылы,
 Бұлталақ қаққан қап-қара сызық арқылы.
 Құлдилаы құлар тұмақтай анау жас қыран,
 Аударыла түсіп көгілдір аспан астынан
 Мұзбалақ ойнар, қайқаңдап шығар бүтіндей,
 Үйіріле ұшқан бір шөкім ғана түтіндей.
 Көбейтіп қара, қырқадан қырқа асамыз,
 Қиқуға – қиқу, атқа да қамшы басамыз.
 Құсымыз құтты, желіміз тұрды оңынан,

Келеміз жүйткіп қып-қызыл жалын соңынан [6].

Жаратылысты сезіну мен қабыл алу іліктестігі, жанр ракурсының бірлігі тілі басқа екі шығармашылық тұлғаның бір тақырыпқа егіз қозыдай ұқсас жолдар туғызуына жол ашып береді. Кейде П. Васильевтің осы «Охота с беркутом» өлеңі Абайдан еркін аударылмаған ба екен деген ой да ара-кідік қылаң беріп қалады.

Тарихқа үнілсек, француздың ұлы жазушысы В. Гюгоның Пфальцтің, Рейннің көз тұндырар көріністеріне тәнті болып, 1841 жылы еліге жазған «Көзбен көргендерім» атты репортажы бізге сонау жырақтан қол бұлғайды. В. Пави бұл шығарма турасында Давид д'Анжеге жазған хатында: «Рейнді бойлап сіз жоғары көтерілдіңіз бе, бұл жолы қайықпен де емес, пәуескімен де емес, Виктор Гюгоның кітабы арқасында? Аттап басқан сайын – сол, тек қана сол, – бейнесі өзен бетінде көлбеңдеген ақын, оның ағыны мен жағалауын бірде дабысына, бірде жарқылдаған жалынына ораған ақын», деп жазады [7]. Яғни репортаж автор мен тақырыптың, жаратылыс пен адам-ның, оқиға мен репортердің бір-бірімен түсінісуі, үн қосуы, көңіл сарындасуы.

1. Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай, А
2. Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай. А
3. Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп, Ә
4. Жапырағынан айрылған ағаш, курай. А
5. Біреу малма сапсиды салып иін, А
6. Салбыраңқы тартады жыртқы киім. А
7. Енесіне иіртіп шуда жібін, Ә
8. Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.
9. Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсен, А
10. Көңілсіз қара суық қырда жүрсен А
11. Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң, Ә
12. Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсен. А

Иін тіресіп, кезекке таласып тұрған рубаи түріндегі (шұбыртпалы) ұйқас, етіс-тіктер экспрессиясы, лықсыған ой ағымы тап қазір ақын ауылында болып жатқан харекетті оқырман көз алдына келтіреді, репортажға тән «қатысу әсерін» көркейте түседі. Жалпы, репортаждың қаны мен жаны етістік, іс-қимылға, қозғалысқа, тіршілік тынысына оң кіргізетін де етістік табы, баяндауыш мүше.

Хас суреткердің өнер үлгісі, әдеби өнегесі – шынайы өмірді, болмысты танудың күре жолы, сыналған өзіндік әдісі. Ақын көз алдынан көлбеңдеп өтіп жатқан жанды суретті сығымдалған графикалық форматқа көшіреді, әріптер арқылы әрленген мәтінге айналдырады, сол арқылы тарихи мұра кірпіштерін қалайды. Жоғарыда келтірілген, қаны бетіне жүгіріп шыққан «Күз» мәтінінде сол болмыстың, өмір кеңістігінің бір

пұшпағы көрініс тапқан. Мұндағы басты сипат - өтіп жатқан оқиғаның табиғат құбылысымен үйме-жүйме берілуі, репортаждық фонның тіршілік райын қоюлата түсуі. Зеңгір көк пен кара жер, белгілі бір географиялық ендік пен бойлық. Күз айының бір күні, бір күні емес-ау, әлденеше күнінің үзік-үзік шұбағының жібі жалғанып, шартты түрде үздіксіз бір тізбекке айналдырылған. Яғни қас-қағым сәттерден құралған тұтастай уақыт көшінің панорамасы, ғаламдағы айналым процесі, қысты көктем, көктемді жаз, жазды күз ауыстыратын мәңгілік қозғалыс мотивациясы көзге елестейді. Осының өзі - жаратылыстағы жаңару, жаңалық ағыны. Классикалық репортажда да көбінесе кезектескен оқиға, хро-никалық іс-әрекет, тіршілік ырғағы басым түсіп жатады.

Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда:
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңкылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.

Қазақ даласына, Абай сақарасына (сахарасына емес) лайық сурет. Көзімізден кетсе де, көңілімізден, көкейімізден кетпейтін атажұрт сипаты, салт-дәстүр үлгісінің образды-деректік негізі. Өзгеге ұқсамайтын керемет қазақы кесте. Ал осы күнгі қазақ репортаждарының ұлттық бояуы солғын тартып, қазақы өрнегі ажарсызданып бара жатқанын кімнен көреміз? Өзімізден. Қазақ репортажына аса қат ұлттық колорит, этнографиялық кестелер, қазақ даласының бұрқыраған иісі Абай өлеңдерінде менмұндалап тұрған жоқ па? Тек бойға сіңіре алсақ, творчестволықпен игере алсақ...

Репортаж, жалпы, журналистика жанрлары нақтылықты, деректі, мәліметті, фактіні, статистика цифрларын ұнатады. Қазіргі спорт репортаждарынан, әсіресе теле репортаждардан диалогизм пішінін, интервью формасындағы репортажды, түсіндірмелік сарынды анық аңғарамыз (Ресей телеарнасының күнделікті «Спорт планета» хабарларын қараңыз). Біздің ойымызша, оған (репортажға) контрастық теңеулер де жат емес. Мәселен, жанды мен жансыз, ақ пен кара, ыстық пен суық, түз

тағысы мен үй жануары дегендей. Абайда контраст беттесе түседі: самғаған қыран құс, аузын ашып, тісін қайраған түлкі; жоғары-төмен сымпылдай ұшқан үйрек, қаз; қатарланып бермен қайтқан қаз, тырна Аспан мен Жер арасын жалғастырады, тіршілік көшінің кеңістіктегі бағдарын айқындайды, керек десеңіз, планетарлық динамиканың бір мезегін, өтпелі сәтін көктеп өтеді. Өтпелі сәтті беру, қағаз жадында, соның арқасында ел есінде, тарих түйсігінде жүрдек уақыт жүрісін әртүрлі форматта ұстап қалу – репортаждың басты сипаттарының бірі.

Классикалық репортаж моделінде оқиғаның өту кезегі бұлжымай сақталады. Бұл байлам - параллель сызықтар бір-бірімен қиылыспайды деген евклидтік геометрия постулаты сияқты көкейге талайдан күмән ұялатқан байлам. Біз жоғарыда келтірген Абай өлеңдерінде оқиға, іс-әрекет кезегінің қыры әдейі сындырылған сықылды. Мысалы, «Күз» өлеңіндегі екінші шумақ пен үшінші шумақтың орнын ауыстырса, одан кейін бесінші шумақ келсе, оқиғаның логикалық даму кезегі сақталар еді. Абай олай етпеген, ол қисынға емес, «қисынсыздыққа», экспериментке барған, оқырман ойын ең алдымен басты жайттарға (приоритеттерге) аударған.

Қазіргі репортаж конструкциясында да оқиға кезегі сақталмайды, журналистер қисыннан гөрі формалық өзгешелікті артық көреді. Осы тенденцияны тап басқан М.Н. Ким автордың оқиғаның жетегінде кетпей, оны өз ырқымен өруі, журналистің оқиға кезегін қалауынша қиюластыру құқығына зерттеушілер назарын аударарды [8].

Абай, байқап отырсаңыз, өзі көрген, өзі білген, өзі куә болған оқиғаларды алақағаз бетіне түсірген. «Жаз» өлеңінің натурадан, ақын көз алдында өтіп жатқан жанды сурет-терден хатталғаны туралы дерек Тұрағұл Абайұлы естеліктерінен мағлұм. Мәселен, ол бірде: «әкемнің жазды өлең қылғандағы ауылы, Долгополовтың ауылды жайлағандағы өз ауылы еді», десе [9], тағы бір тұсында: «Жазды күні шілде болғанда» деген өлеңді 86 жылы Бақанас деген өзеннің төменгі жағындағы керей жері Көкбейіт деген қонысқа өзінің ауылы қонып жатқандағысын айтқан екен», - деп еске алады [10].

Ақын лирикасында тіпті Жердің нақты топографиялық кескіндемесі, жалпыға ортақ қазақы кеңістік бар деуге болады. Солай дегенімізбен, Абай өлеңдерін оқыған жанның көз алдына өз туған жері, өз өлкесінің ой менен қыры, суы мен нуы келе қалуы да ғажап емес. Шығармашылық өрістегі, тілдік кеңістіктегі,

оқырмандық талғаудағы ассо-циация, «қосыла толқу» эффекті осы болса керек. Әлбетте, Абай өлеңдері тағылымының энергетикасы тек осылармен ғана түгесілмейді, оның журналистика жанрын қалыптас-тырушы мол қасиеті өз алдына. Анығына келсек, өлеңмен жазылған романды, өлеңмен тіл қатқан очеркті, өлеңмен жауаптасқан драманы қазір ешкім жат санамайды. Ендеше, Абай тағылымынан бастау алған өлең-репортаждар, өлең-сұхбаттар қазақ публицистика жанрларының қатарынан өз орнын әлі-ақ алар деп ойлаймыз.

Күні бүгінге дейін публицистика жанрларының объекті – адам және оның түрлі-түрлі қызметі, сан салалы қоғамдық процестер деп келдік. Бұл пікірлер де, біздіңше, қайта қаралуы керек. Очерк, суреттеме, репортаж жанрлары өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниесін, табиғат құбылыстарын «басты кейіпкер» ретінде ала алады. Оған күш-қайраты, технологиялық

мүмкіндігі әбден жетеді. Ұлы Абайдың табиғат лирикасы бізге солай қарай адастырмас бағыт-бағдар, дұрыс жөн-жоба сілтейді.


ӘДЕБИЕТ

1. Кәкішев Т.К. *Жанр жайлауы. 1-кітап.* – Алматы: Қазақ университеті, 2007. 376 б.
2. Қамзин К.Е.П. *Михаэлистің журналистік қызметі.* – Алматы: Қазақ университеті, 2002. 34-35 бб.
3. Құнанбаев А.Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961. 444 б.
4. Лулудова Е. М. *Архетипы в художественном тексте.* – Алматы, 2000. С. 4.
5. Ким М.Н. *Жанры современной журналистики.* – СПб: издательство Михайлова В.А., 2004. С. 88.
6. Васильев П.Н. *Охота с беркутами // Весны возвращаются.* – М.: Правда, 1991. С. 277.
7. Моруа А. *Олимпио или жизнь Виктора Гюго.* – Алма-Ата: Өнер, 1988. С. 314.
8. Ким М.Н. *Жанры современной журналистики.* – СПб: С. 89.
9. Мұхамедханов Қ.Көп томдық шығармалар жинағы. 3 том – Алматы: Алаш, 2005. 208 б.
10. Мұхамедханов Қ. *Көп томдық шығармалар жинағы. 3 том.* 212 б.

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ

Дәдебаев Ж.

Д12 Әдеби компаративистика және көркем аударма: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.-182б. ISBN 9965-29-721-5



Оқу құралында «Әдеби компаративистика және көркем аударма» атты таңдау пәнінің мазмұнын түзетін басты қағидалар жинақталған. Аударматану, көркем аударманың теориясы мен тарихы, көркем аударма теориясы мен әдеби компаративистика саласы бойынша жарық көрген оқулықтар, оқу құралдары жоққа тән. Сондықтан осы олқылықтардың орнын толықтыру бағытындағы мақсатты іс-шаралардың бірі ретінде ұсынылып отыр.

Оқу құралы инновациялық зерттеулердің нәтижелері негізінде жазылған және пәнаралық мазмұнымен ерекшеленген. Бұл тұрғыда оқу орындарының студенттері және магистранттары үшін пайдалы болмақ.

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ



Ж. Дәдебаев

ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Жазушы С.Сматаевтың шығармашылығы. Жазушының дүниеге көзқарасы мен дүниетанымы. Шығармашылық даралық және көркемдік шеберлік.

Тірек сөздер: шығармашылық, көзқарас, таным, ұстаным, шеберлік, даралық.

Ж. Дәдебаев

МАСТЕРСТВО ПИСАТЕЛЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Мироззрение и мировосприятие писателя. Творческая индивидуальность и художественное мастерство.

Ключевые слова: творчество, мироззрение, мировосприятие, индивидуальность, мастерство.

Zh.Dadebaev

WRITER'S SKILL

Abstract. The issues dealt in this article. Outlook and worldview of the writer. The creative personality and artistic skills.

Keywords: art, worldview, attitude, personality, skill.

Қоғамдық санада өнер мен кәсіптің тегі туралы асыл ойлардың алуан сырлы желісі бар. Өнердің таланттан шығатыны, кәсіпке талаптың жеткізетіні жайында да пікірлер аз емес. Бұрынғылардың тәжірибесіне қарағанда, осы ойлар мен пікірлердің бәрінің де негізі берік сияқты болып көрінуші еді. Ендігі тұста өнер мен кәсіптің, талант пен талаптың арасын ашып айтудың өзі оңай емес. Қолына қалам алып, қағаз жазғанның бәрі өзін талант деп танып, өзгелерге де осылай танылуға ұмтылуда. Өз білімі мен білігі деңгейінде бұлардың әрқайсысы өзінің талант екеніне, талантты өзіне Тәңірдің бергеніне сенімді.

Таланттың Жаратушыдан екенін ертеде өткен данышпандардың көбі айтқан. Солардың ойы Платонға, одан Аристотельге жалғасып, біздің Әбу Насыр әл-Фарабиге дейін жеткен. Бүкіл ғаламды, тіпті сөз бен адамның өзін де Бір Алла жаратқанына иланғанда, адамның бойындағы таланттың да Жаратушыдан екеніне сенуге тура келеді. Бірақ сөз бен адамды

Бір Алла жаратқанмен, адамның аузынан шыққан, адамның қолымен қағазға түскен сөздің бәрін Алланың құдіретінен, Алланың берген талантынан деу асылық болар еді.

Байырғылардың пайымдауынша, шынайы өнер туындысы Жаратушының берген шабыт қуаты нәтижесінде дүниеге келеді [1, 142-143]. «Тәңірінің берген өнері Көк бұлттан ашылса...» [2, 256], - деп, Абай осыны айтады. Даналардың сөзінде қапы жоқ. Кемел. Сөздің сыртындағы емес, ішіндегі кемелдік. Оның мәнісі – кісінің өз «көрген-білгенін әділет пен ақылға сынаттып, алыс-жақынға солардың сөйле дегенін білдіруде» [2, 256-258]. Абай тоқтаған осы аталы сөзге ақын не жазушы ғана емес, бар қазақ, тіпті жалпы адамзат тоқтаса болғандай. Өйткені әділет пен ақылдың сынынан өткен ой мен сөз Алланың сынына да сай келсе керек.

Бүгінде жетпіс жасқа толған мерейтойы үстінде отырған Алаштың халық жазушысы, қазақ әдебиетінің классигі Софы Сматаевтың

мерейін тасытқан айрықша асыл қасиетті осы арнадан іздеген дұрыс: Софы Сматаев өзінің шығармашылық өмірінде жазар сөзі мен айтар ойын «ұлы мәртебелі тарих алдында адал көңіл, таза жүреппен жүгініп» [3, 390], «жүрек қанының ыстық ағысынан» шығарып [3, 393] алған соң, әділет пен ақылға сынадады да, оқушыларына солардың сынынан өткенін ғана ұсынады. Мұны біз жазушының әділет пен ақыл алдындағы адалдығы ғана емес, оқушы һәм жебеуші жұртының, қамқоршы һәм қолдаушы халқының ақылы мен ойына, ары мен ожданына, абыройына деген құрметі деп те білеміз. Әділет пен ақыл алдындағы адалдық, оқушы һәм жебеуші жұртының, қамқоршы һәм қолдаушы халқының ақылы мен ойына, ары мен ожданына, абыройына деген құрмет, біздіңше, таланттың кемелінде ғана болмақ. Софы Сматаев таланттың кемелі бола жүріп тарлан тартқан, таланттың тарланы бола жүріп кемел тартқан, қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан құрыштай қайратты қаламгер.

Жазушы елінің игілігіне тоғыз роман, он үш повесть, он төрт пьеса, он екі дастан, үш киносценарий, бес либретто, әңгімелері мен өлеңдерінің, публицистикалық шығармаларының қалың қатарын ұсыныпты. Олардың ішінде он төрт елдің тіліне аударылып, әлем халықтарының рухани байлығына айналған туындылары да аз емес. Қаламгердің аудармашылық еңбегінің жемістері өз алдына бір сала. Сан, есеп деген өмірдің қай саласы үшін де маңызды. Қандай байлықтың да есебі болады. Ал автордың шығармашылық ойының, эстетикалық сезімінің, ақылы мен парасатының қуатынан туған қазынаның қасиетін есепке салып анықтай алатын сан да, мөлшер де, көлем өлшемі де жоқ.

Орыстың небір келісті, керемет жазушыларын өзінің «Шинелінен» шығарып жетілдірген Н.В.Гоголь отандастарына қалдырған «Өсиет сөзінде» (1845) «Қоштасу повесі» («Өлі жандардың» екінші томы) туралы: «Ант етемін: мен мұны жазғым келгеннен жазғаным жоқ, ойдан да шығармадым. Жаратқан өз сынақтарымен, азап-қайғысымен шынықтырған көнбіс жанымнан бұл өзінен-өзі ән салып шықты, ал оның әуені біздің бәрімізге ортақ орыс болмысының қасиетті күш-қуатынан өніп өсті» [4, 221], деген екен. Лев Толстой Н.В.Гогольдің осы сөзінен от алып, шығарманың жазушы жанынан осылай тууы қажеттігіне мән берді [5, 38]. «Үйленбеуге мүмкіншілігім қалмағанда ғана үйленгенім сияқты жазбауға мүмкіншілігім сарқылып біткенде ғана жазсам...» [6, 282],- деп, берік те берен шығармашылық ұстаным тапты. Суреткердің

шығармашылық еңбек үстіндегі осын-дай халін Абай: «Көкірек толған қайғы кісіні өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» [7, 135],- деп, мей-лінше анық, дәл сипаттап берді. Шынайы көр-кем шығарма суреткердің «жүрегін тербеп», «бойын шымырлатып, буынын құртқан» шындық құбылыстың әсерінен туады. Бұл - нағыз суреткердің ғана басында болатын құштарлы күй. Мұндай күйді бастан өткеру шығармашылық еңбектің удай ащы азабы мен балдай тәтті рақатын бірдей татумен барабар болса керек. «Елім-ай» трилогиясының шығармашылық тарихында автордың осындай халі көрініс тапқан. Расында, «Елім-ай» - қазақ халқының «көкірек толған қайғысынан бойын шымырлатып, буынын құртып, көзінен жас болып, тілінен сөз болып аққан» әні. Жазушының жүрегін тербеп, жанын тебірентіп, бойын шымырлатқан, сөйтіп, болашақ туындысының шығармашылық ой өзегінің тууына себепкер болған осы әннің өзегіндегі біздің бәрімізге қасиетті ұлттық рухтың жарық күші. «Елім-ай» әні, осылайша, жазушыға халқының қазыналы тарихының сындарлы сырын сездіреді, «жүрегін қанымен жазылар міндет артады» [3, 389]. Іргелі тақырып, ірі идея осылай туады.

«Елім-ай» әні дүниеге келгелі де бірнеше ғасырдың жүзі болды. Мемлекеттің тәуелсіздігін, елдің егемендігін жоқтаған халықтың осы әнін тыңдап өскен ұрпақтың бірнеше буыны өтті. Неше алпауыт жазушылар да болды. Қанша көш, қанша керуен көңілін толқытып айтып өткен осы әннің өзегінен өз шығармашылығы үшін аса бағалы мән табу, сөйтіп, халықтың еркіндігі, тәуелсіздігі, Отаны үшін қаһармандық күресін суреттейтін тұтас бір тарихи трилогия жазып шығу біздің замандасымыз Софы Сматаевтың талант табиғатын ілгеріде өткендерден де, өзімен замандас қаламгерлерден де ерекше көрсетеді: жазушының көзі көреген, көңілі жүйрік, танымы терең. Турасын айтсақ, жазушы жазар шығармасының тақырыбы мен идеясын халық тарихынан, адам тағдырынан, ұлт рухының қасиетті күш-қуатынан іздейді де, «жүрегіне сүңгіп, түбін көздеп» [2, 267], шын асылды содан табады.

Қазақ сөз өнерінің ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі даму тарихында көптеген өзгерістер болғаны белгілі. Бір құбылыстар өшті. Екінші бір құбылыстар өзгерді. Енді бір құбылыстар өшпеді, өзгермеді. Осылардың басында адам өзгергенде көнермеген, заман құбылғанда бұзылмаған, ұлттың санасында сақталған, рухы-

мен бірге жасаған, сөйтіп, бүгінгі күнімізге сары алтындай сарғайып, саф күйінде жеткен мемлекеттің тәуелсіздігі, елдің егемендігі, адамның адамгершілік кемелдігі сынды асыл қазынамыз тұр.

Мемлекеттің тәуелсіздігі, елдің егемендігі, адамның адамгершілік кемелдігі туралы ой өткен ғасырлардың қоғамдық санасының басты қозғаушы күші болды. Бұл сөздердің негізінде үлкен ұғымдар жатқаны рас. Бүгінде оларды ұғым деп қана тану жеткіліксіз. Ендігі тұста оларды халқымыздың бағы мен құты, қадірі мен қасиеті деп білгеніміз парыз. Өйткені көз алдымызда дерексіз ұғымнан затты болмысқа, алыс арманнан асыл ақиқатқа айналған мемлекеттің тәуелсіздігі, елдің егемендігі, адамның адамгершілік кемелдігі біздің ғасырымыздың қоғамдық санасы үшін де баға жетпес басты құндылық. Софы Сматаев шығармашылығы осындай құндылықтарға негізделеді. Бір «Елім-ай» емес, жазушының «Ақ-желең» (1972-1973), «Бұлақ» (1975-1976), «Мәңгілік бастауы» (1984), «Біз құлмыз ба, кімбіз?» (1985-1987), «Жарылғап батыр» (1994) романдары да, «Қобыланды батыр», «Дүние өтерінде шыр айналды» (1973) және басқа орта көлемді эпикалық туындылары да, «Хан Абылай», «Бұқар жырау», «Шақшақ Жәнібек», «Бас қайда, бас?», «Алтын құндақ» (1968-1970) секілді драмалық туындылары да мемлекеттің тәуелсіздігі, елдің егемендігі, адамның адамгершілік кемелдігі туралы терең тебіреністен, суреткерлік құштарлықтан туған. Қаламгердің өлеңдері мен дастандарында да заманның сыны, адамның сыры шынайы көрініс табады.

«Елім-ай» трилогиясының көркемдік құрылымында хандар мен сұлтандардың, билер мен батырлардың қалың қатары көрініс береді, халық, бұқара тіршілігі де кең орын алады. Тарихи дәуір, тарихи тұлғалар болмысы, халық өміріндегі трагедиялық әрі қаһармандық кезеңнің шындық оқиғалары пайымдалады.

«Елім-ай» трилогиясында ел ұландарының Отан үшін жүргізген ерлік ұрыстарының, халық қаһармандығының үлкен суреті жасалған. Жеке батырлардың тұлғалары да тарихи шындыққа сай дараланады. Солардың қатарындағы ерен батырлардың бірі Жәңгір сұлтан мен жоңғар нояндары арасында болған бірнеше сұрапыл ұрыстардың суреті ерекше көркімен көз тартады. Құжаттарда 1634 жылы жоңғарлардың қазақтарға ойсырата соққы бергені, сол соғыста Есім ханның ұлы Жәңгір сұлтанның жау қолына тұтқынға түскені туралы айтылады [8, 278]. Трилогияда Жәңгір сұлтанның тұтқынға түсуі нақты көрсетіл-

мейді, автор қазақ ханзадасының тұтқындалуына себепкер болған жағдайды өзі ойдан топ-шылап толғайды. Өз дәуірінің теңдессіз зор батыры атанған Жәңгірді ашық, бетпе-бет соғыста тұтқынға түскендей күйге ұшыратпай, жақын айналасындағылардың қамсыздығынан қапыда қалғандай етіп суреттеу – қаламгердің творчестволық қиялынан туған мазмұны бай, мағынасы терең, шынайы көркемдік шешім. Жәңгірдің тұтқыннан босануына байланысты эпизодқа қатысты да осыны айтуға болады. Жазушы тарихи тұлғаның болмысындағы ізгілік, ерлік қасиеттің халықтық мәнін ашып, айқындап, ажарлай түседі. Мұның өзі жазушының суреткерлік тұрғысынан туындайды. Мұрат-тұрғысының ерекшеліктеріне қарай автор өзі суреттеп отырған шындық құбылыстардың тиісті бір қырларын өзгертіп, ойдан толықтырып, шығарманың белгілі бір сюжеттік, мағыналық-құрылымдық бөліміне болмыста жоқ эмоциялық мазмұн береді. Соның нәтижесінде суреттелініп отырған оқиға желісі өрімдей тартылып, қаламгердің суреткерлік мұратына сай келісті тұр табады. Елдің егемендігі, мемлекеттің тәуелсіздігі үшін қанын ағызып, терін төккен қаһарманның батырлық, ерлік тұлғасына аз да болса кінәрат немесе көлеңке түсіретіндей шешімдерге бармай, тарихта орын алған шындық оқиғаларға ойдан жарық қосып толықтырудың мұндай үлгісі жазушының тарихи дәуір, тарихи тұлға, адам мен заман туралы шығармашылық тұрғысының тұрлаулылығын білдіреді.

«Елім-ай» романында Жәңгірдің соғыс алдындағы көңіл күйін аңғартып, әскери ойлау ерекшелігін танытатын көркемдік топшылаулар мен суреттер де тұтастай шындыққа негізделген. Соғыс жағдайындағы қолбасының әскери әрекетінің нәтижелілігі жаудың күшін, амал-айласын, белгілі сәттерде көрсете алатын қайратын алдын ала барынша терең талдап, талқылап тану және соған орай белгілі жағдайдағы ең тиімді, ұтымды шешімді қабылдай білу қабілетіне тікелей тәуелді. Жазушы Жәңгірдің алты жүз қолмен жаудың елу мың әскеріне тойтарыс беруге бекінген нар тәуекел батылдығын, алты жүз қолмен де қаптаған қалың жауға ұқсата тойтарыс беруге болатын оңтайлы сәт пен қолайлы жағдайды тандап, таба білген алғырлығын аңдатады. Алты жүз жауынгердің елу мың қолмен бетпе-бет қиянкескі шайқасы да романда үлкен шеберлікпен бейнеленеді. Жер қайысқан қол бастап келіп, бір топ жауынгер-жасақтан қатты соққы алып, есеңгіреп қалған Батыр қоңтайшының күйіншітті ойларын танытудағы жазушылық қиял-

дан туған суреттер де шығарманың көркемдік болмыс-бітіміне ажар қосып, көрік беріп тұр. Жазушы басты кейіпкерлердің әрбір ісі мен әрекетінің, көңіл күйінің шындығын тарихтағы іргелі оқиғалардың негізгі арнасында суреттеп, тарихи кезеңнің нақты кеңістігіндегі адам мен заман болмысын шынайы көрсетеді.

Жазушының суреткерлік даралығын айрықша ашатын көркемдік-эстетикалық жетістіктерінің бірі өмірдің шындық құбылыстарының тереңдегі мағынасы мен мәнін парықтаудағы шарықтауларында. Осы шарықтаулардың шегінде тарихтағы Әнет баба өмірінің соңғы бір кезеңінің шындығын пайымдаудағы шығармашылық шешімнің жолы да, жөні де ерекше.

Шәкәрім Құдайбердиевтің «Қалқаман-Мамыр» дастанында өз жұртына қапа болып, нағашы жұртына кеткен Қалқаманды іздеуге ел адамдарының «Ақтабан шұбырынды» жағдайында мүмкіндігі болмағандығы айтылады. Одан әрі дастанда мынадай мәлімет бар: «Ол түгіл Әнет бабаң көшке ере алмай, Тірідей дөң басында қалған өлмей» [9, 290]. Әнет бабаның жаудан ығысып бара жатқан елдің көшіне ілеспей, жұрттағы дөң басында қала бергені жайындағы мәлімет Шәкәрімнің Шежіресінде де сақталған. Ілияс Есенберлиннің тарихи трилогиясында Әнет бабаның елдің көшіне ере алмай, жұртта қалып қойғаны осы қалыпта көрініс табады. «Елім-ай» трилогиясының үшінші кітабында осы оқиға Қаздауысты Қазыбек бидің әңгімесінің желісінде баяндалады.

Жаудың жауыздығына шыдай алмай жан сауғалап босқан елдің көшіне Әнет бабаның өздігінше ілесіп жүре алмағаны шындыққа қайшы келмейді. Олай дейтін себебіміз, Қалқаман-Мамыр дауы тұсында Әнет баба, Шәкәрім Құдайбердиевтің дастанында берілген мәлімет бойынша, 95 жаста болса керек. Жүз жасқа қарай аяқ басқан қарт бидің жаугершілік жағдайында да, бейбіт тұрмыс жағдайында да өздігінше көшке ілесіп жүруі неғайбыл. Әнет бабаның көшкен елдің жұртында төбе басында тірідей қала беруін оның қар-тайған, аяқ басып жүруге жарамайтын дәрменсіз күйімен байланысты суреттеудің жазушы үшін де, жазушының шығармасы үшін де жаттығы жоқ. Мұның өзі, бір жағынан, «Ақтабан шұбырынды» болған ел тағдырындағы трагедиялық ахуалды анық, нақты көрсетуде айрықша қызмет атқарады.

Софы Сматаевтың трилогиясында селдей қаптап келе жатқан жаудан ығысқан Ошаған бидің аулының жалпы көрінісі суреттелетін эпизод бар. Ауылын, туған-туыстарын түгел

көшірген Ошаған би жалғыз өзі жұртта қалуға бекінеді. Әкесін тірідей жау қолына қалай қалдырып кетерін білмей жаны қиналған ұлына Ошаған би мынаны айтады:

«... – Мені жазғырмас. Қашып кетсем, жазғырар көп. Тауым да, өзенім де, жерошағым да, тіпті отымның орнындағы күлім де жоқтайды. Мен кетсем, кәрі сүйегімді қайта әкеле алмаймын. Онан да Алланың ақ бұйрығын осы арадан күтейін. Еңкейші, Дәуленім, – деп сөзінің аяғын сыбырлап бітірді. Әлсіз ерін ұлының маңдайына болар-болмас тиді де, енді қайтып ашылмай бүрілді де қалды» [1 кітап, 283-бет].

Ошаған бидің сөзі кесімді, шешімі берік. Осы сөзіне байыппен қарағанда, бидің көшкен аулына ермей, жұртындағы төбе басында жападан - жалғыз қалып қоя беруінің бірімен-бірі тығыз байланысты екі себебі бары байқалады: оның бірі – туған жерін, өскен ортасын тастап кетуге бидің дәті жетпейді. Екіншіден, қарт би кәрі сүйегі жат жерде емес, кіндік қаны тамған туған топырақта қалуын қалайды. Туған жер туралы берік қалыптасып қалған қасиетті ұғым, туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілік Ошаған биді осындай шешімге алып келеді.

Енді ілгеріде сөз болған мәліметтермен мазмұн-мәні жағынан үндес келетін мына бір оқиғаға көңіл бөліп көрелік. Ш.Уәлиханов жазып қалдырған аңыз бойынша, қалмақтарға қарсы бір соғыста қазақтар жағынан Үйсінбай, Жаңатай, Арқандар деген ағайынды үш жігіт айрықша қайрат көрсетеді. Арқандар жау қолынан мерт болады, Үйсінбай мен Жаңатай бойларын ыза кернеп, жауға қарсы жан аямай қырғын майдан ашады. Үйсінбай жау жарағынан жарылып қалған ішінен ақтарылып аяғының басына түскен ішек-қарнын жинап, түйе жүн шекпенінің етегіне салып алған соң да жауларын жапыра соғады. Соғыс соңында сегіз жауынгерімен ғана қалған Жаңатай батыр баласы Қоқышты шақырып алып, астындағы тұлпарынан түсіп, оны баласының алдына көлденең тартады. Тұлпарға мініп тұрған баласына Жаңатай мынадай өсиет айтады: «Елге жет, жау шебін жарып өт, әйтпесе біз үшін жаудан кек қайтаратын адам жоқ» [10, 222].

Жаңатай батыр баласын құтқарып, өзі жауларымен соғыс үстінде ерлікпен қаза табады. Жаңатай батырдың астындағы жан серігі тұлпарын баласына түсіп беріп, оны елге қайтаруының түпкі негізінде жатқан ой анық көрінген: Жаңатай батыр баласының тірі қалуын бірінші тілек етіп тілеуінің себебі өзінің кегін, елдің кеткен есесін жаудан сол қайтарады деп сенгендігінде. Оның үстіне осы

көріністе халықтың Отан туралы ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан дәстүрлі дүниетанымының тереңдегі асыл мәні бар.

Тарихтағы Әнет баба, “Елім-ай” трилогиясындағы Ошаған би және Ш.Уәлиханов жазып қалдырған аңыздағы Жаңатай батыр басындағы осы үш оқиғаны өзара сабақтас, байланысты байымдағанда, халықтың дәстүрлі ұғым-түсініктерінің, дүниетанымының, ойлау, әрекет ету мәдениетінің кейбір маңызды, мәнді қырлары көзге түседі. Әнет бабаның босқан елдің жұртындағы төбе басында жалғыз өзі қала бергендігі туралы көріністің халықтың дәстүрлі рухани дүниесі мен танымына, мәдениетіне сай пайымдалуы аса маңызды. Әнет бабаның көшкен елмен бірге көлік үстінде жүруге жарамайтын күйде болғаны ешқандай дау тудырмайды. Сонымен бірге Әнет бабаның көшкен елдің жұртындағы төбе басында қала беруінің көзге көрінбейтін негізі бар. Ол халықтың ертеден келе жатқан дәстүрлі мәдениетімен, дүниетанымымен байланысты. Әнет баба тоқсан бес жастан асып, жүзге таяу келгенде, кәрі сүйегін саудыратып жат өлкеге сүйретпей-ақ, өз жерінде, өзі сан мәрте биігінде билік айтып, ел-жұртын тыныштыққа, бірлікке, әділеттікке шақырған туған төбесі басында қала беруді жөн көруі әбден мүмкін. Туған жер туралы, туған жердің топырағы туралы халықтың байырғы ұғым-түсінігі өлмелі халдегі қарт бидің ойына осындай бағдар бермеді деп ешкім айта алмайды. Бір жағынан, бидің дәл осылай ойлағанына шәк келтірудің жөні де жоқ. Өйткені өткен дәуірлердегі қарт әрі дана кісілердің жасаған істері мен айтқан сөздерінің көпшілігі астарлы, бүркеулі мағынаға бай болып келеді. Олардың істері мен сөздерінің шын мәнін сол дәуірдің әдебі мен әдеті, салты мен дәстүрі, бір сөзбен айтқанда, дәстүрлі мәде-ниеті өлшемдері аясында алып қараған жағ-дайда ғана дұрыс ұғып, анық түсінуге болады.

Айтылған жайларға сүйене отырып, Әнет бабаның көшкен елдің жұртында төбе басында көш соңынан қарап қала беруінің себебін екі түрлі жағдаймен түсіндіруге болады. Оның бірі – қартайған бидің көшке еріп жүруге әл-куатының жоқтығы. Екіншісі – бидің өз сүйегінің туған жер топырағында қалуын мақұл көрген ішкі және соңғы тілегі. С.Сматаевтың трилогиясында Ошаған бидің көшкен ауылдың жұртындағы төбе басында қалуының сыртқы емес, ішкі себеп-негізі, кейіпкердің қартайған шағында кәрі сүйегін саудыратып бейтаныс жерге тасымай, өз жерінде, кіндік қаны тамған туған топырағында қалдыруға бекіген берік

тілегі көрсетіледі. Мұның өзі шығарманың болмыс-бітіміне, кейіпкердің мінезіне айрықша мәнді, маңызды ұлттық рең дарытатын үлкен суреткерлік шешім еді. Қаламгер, осылайша, құбылыстың, оқиғаның көзге көрінбейтін, жасырын, бүркеулі мағынасын іздеп табады, сөйтіп тарихи дәуірдің, ұлттық тарихи сананың қайталанбас даралығын саралап ашып көрсетеді. Мұндай айрықша көркемдік шешім танымы бай, талғамы биік тамаша таланттан ғана тұмақ.

Ошаған би мен Әнет бидің әрекеттерінің негізгі себеп-мотивтері ортақ, өзара үндес. Сол мотивтердің ішінен С.Сматаев ең басты, мән-мағынасында халықтық, ұлттық сипат басым деген ажарлысын ғана таңдап алады. Бұл ретте автор халықтың дәстүрлі рухани мәдениетінің өлшемдеріне, Отан, туған жер туралы қасиетті ұғымдарға сүйенеді. Автордың суреткерлік биік мұраты кейіпкердің азаматтық көз-қарасын, адамгершілік ұстанымын, ерлік ісін тарих үшін де, бүгінгі күн үшін де маңызды, көркемдік-идеялық және тағылымдық тұрғыда мейлінше мәнді, мағыналы біртұтас рухани құндылыққа айналдырады.

Трилогия – халық өміріндегі теңіздей терең тарихи шындықтың көрінісі. Біз соның бірер тамшысы туралы ғана айттық. Трилогияның осындай жекелеген поэтикалық бөлшектері шегінде анықталған көркемдік жетіс-тіктердің жарығы оның тұтас бітіміне тән.

Жазушының бірнеше романдарына кеңестік дәуірдің шындығы арқау болған. «Ақжелең» колхоздастыру кезеңіндегі әлеуметтік қайшылықтар сырын ашады. «Бұлақ», «Мәңгілік бастауы», «Біз құлмыз ба, кіміз?» романдары Кеңестің дәуірлеп тұрған шағының бейнесін жасайды.

«Бұлақ» романының бас кейіпкерлері Сайлаубек пен Жайлаубек - бірге туған бауырлар. Бірақ екеуі екі түрлі: ұстаным басқа; көзқарас бөлек; мінез алшак. Сайлаубек жалғыз, Жайлаубектер көп. Көптің көркі дастархан басында ашылады. Көптің аузында бір-ақ сөз – Ырысеке. Бұл – Ырысбай, қалалық атқару комитеті председателінің орынбасары. Қалғандары соның ығында, көлеңкесінде жан бағып жүр. Солар бірінен соң бірі Ырысеке-нің аяқ-қолын жер-көкке тигізбей мақтап, риясыз тебіренеді. Сөйлеушілердің түр-түсінде, сөйлеу мәнерінде күдік туғызардай еш нышан жоқ. Бәрі де шын жүректен төгіледі. Ырысекең риза. Үзіліс үстінде Ырысекең картадан ұтып тағы риза. Ырысекең риза болса, қалғандары да маз – бұлар ұтылып маз. Осындай маз-мейрамда Жайлаубек жағдайын айтып, Ырысекеңнен коттедж сұрайды.

«Ырысбай қолын сермеді. Ыңыранып шалқайды.

– Ну, Жайлаубек, бір коттежді соншама сөз ғып... Аласың! Бергізем! Кемпір-шал дегенің дұрыс. Қартайған кісілерге қамқорлық қажет» [246-бет].

Кенестік дәуірдің шындығы. Кенестік өмірдің ақиқаты. Осы бір ауыз сөз үй иелерін шексіз қуанышқа бөледі.

Ырысекеңнің мұндай уәдесіне дейінгі түрлі психологиялық жағдайлар мен басқа сәттер өз нәтижесін берді. Мың-сан қарапайым жандар өмір бойында да ала алмайтын уәде-шешімге Жайлаубек бір-ақ сәтте жетті. Мақтау сөзін, ыстық асын, карта ойынын, інісінің қара көрсетуін және басқа толып жатқан нәзік жәйттерді шебер жымдастыру арқылы үлкен әкімнің жүрегінен әлгіндегідей үлкен мекен-жай алды. Толып жатқан ұсақ сәттерді ұтымды пайдалана білуі Жай-лаубектің ойлау қабілеті мен нақты әрекет ету жүйесінің белгілі дәрежедегі күрделілігін, тереңдігін танытады. Оның характерін даралайтын белгілердің бастысы да осы.

Ырысекеңнің билігінде, қала көлемінде, шек жоқ. Сол қала көлеміндегі шексіз билікті мына жерде Жайлаубек өз еркіне иліктіріп отыр. Сөйтіп, Ырысекеңнен гөрі Жайлаубектің еркі мықты болып шықты. Алайда Ырысекеңді билеп-төстеп отырған Жайлаубек емес. Бұларға үстемдік етуші күш - Ырысекеңнің маңына Жайлаубек жасаған я өз маңында Ырысекеңнің өзі жасаған жағдай, ахуал.

«Бұлақ» романында қарама-қайшы көз-қарастағы адамдардың келесі бір жұбы – Сүйелбай мен Маратбек. Сүйелбай ұзақ аурудан төсек тартып, әл үстінде жатқан Маратбекке келеді. Колхоздастыру кезінде екеуі майданның екі жағында болған. Бір-біріне жау болып, бетпе-бет кездескен жайлары да бар. Бұл айкаста Сүйелбай ескінің жоқшысы еді. Кейін ол белсенді болып, Маратбектің кейбір адал құрдастарына зиянын тигізді. Бәрі де өтіп еді. Енді Маратбек өлер халде. Ал Сүйелбай күшейе түскен. Маратбектің көңілін сұрай отырып, баласы соғымға байлатып қойған ту биесін алып келуге шыққанын масаттанып айтады да, сөзінің әсерін байқағысы келгендей, алдындағы ауру шалға бір, ауру баққан кемпірге бір қадалып қарап, сыр бағады. Осы бір сәттік болымсыз қылықтың өзі Сүйелбайдың әлдебір оңбаған құлығын әшкерелеп тұрғандай болады. Одан әрі ол жуырдағы бір жаназа туралы, өлікке Құран аударып алған қызыл тайыншасын молданың бұның өзіне тартқаны туралы күпінеді. Молданың мұнысы Сүйелбайдың

бөлімше меңгерушісі болып жүрген баласына жағынғаны екен. Осыны тарата айтып отырып, өлім алдында жатқан Маратбекке былай дейді: «Құдай ақы, шыным, Маратбек. Сенің анау Сайлауың атыңды тасқа басқызып, газитке шығарғанда, сұмдық қызғанып едім. Оным бекершілік екен. Сенде атақ бар, менде бедел бар. Сені жұрт сыйлауы мүмкін, ал менен қорқады. Соған қарап ақын балаң болғанша, әкім балаң болғаны артық па деймін» [70-71-беттер]. Бұл – Сүйелбайдың шыны. Сүйелбайдың ғана емес, өмірдің шындығы. Осы шындықты жете танып білгендіктен, Сүйелбай омыраулап сөйлеп, өлмелі халдегі аурудың басында шырт түкіріп отырады.

Сүйелбайдың сөзі де, ісі де жаман ниеттен шығып жатпаған сияқты. Ал сөз бен ойдың, ниеттің түбіндегі мәнге тіктеп қарағанда, оның кісілігінің қатарында қосақталып иттігі де жүретіні анықталады. Сүйелбай Маратбектің көңілін сұрай отырып, өлімге бет алған жанның енді қанша жарығы қалғанын анық көріп, анықтап білгісі келгендей көзінің сұғын қадап, ішіп-жеп қарайды. Өліп бара жатқан Маратбектің жақтырмайтыны – осы көз. Аурудың беті бері қарамасына көзі жеткен соң, ол төрде ілулі тұрған қамшыға телміреді. Қандай жолмен болса да қалған кештік ғұмырында түстік дүние жиғысы келіп мазасызданады. Ақыры қамшыны алып аттанады. Сонысымен ол Маратбекке енді бұл дүниеде оған ештеңенің де керегі жоғын ашық ұқтырып кетеді.

Жазушы Маратбек пен Сүйелбайды қарама-қарсы құлықтың адамдары ретінде суреттеген. Маратбек образы қазақ әдебиеті үшін жаңалық емес. Жазушының жаңалығы Сүйелбай образын жасаудағы ізденістерінде. Автор дүниеден өтіп бара жатқан Маратбектің өлімімен салыстырғанда, дүниеде қалып бара жатқан Сүйелбайдың өмірінің баянсыздығын, мәнсіздігін көрсетеді.

«Мәңгілік бастау» романы шаруашылық басшылары, олардың кісілігі мен іскерлігі туралы ой қозғайды. Екі совхоздың екі директоры Сембай мен Сәрсен бір жерде оқып, бірдей жоғары білім алып шыққанына қарамастан, екеуінің шаруашылықты басқару стилі екі басқа, ойлау, әрекет ету бағыттары да әр түрлі.

Автордың суреттеуінде Сембай шаруашылықты алға бастыру мақсатында жасайтын істерінің мотиві де, мақсаты да бір ғана нысанаға байланысты анықталады – даңқ пен дәрежесін арттыру тілегімен дараланады. Сондықтан ол ісін де, ісінің нәтижесін де, қарамағындағы қызметкерлерін де өзінің даңққұмар

көкірегінің тізгінсіз тілегіне тоят табарлық әліне қарай бағалайды. Солай болғанда да өзіне керегі бар қарапайым адамдардың жеке басын, кісілігі мен азамат-тығын емес, күші мен қабілетін ғана бағалап, пайдаланады. Сембай үшін кісінің күші ғана қажет те, оның өзінің бағасы көк тиын.

Сәрсеннің де мақсаты – тұралап қалған шаруашылықты аяғынан тік тұрғызып, жаңа сапалық биікке көтеру. Алайда ол бұл мақсатқа жетуге әрекет жасағанда, өз абыройын асыруды, елдің көзіне түсуді ойламайды емес. Ол жеке басының басшы ретіндегі қуанышын, қалау-тілегін совхоздың экономикалық, әлеуметтік ілгерілеуінің өзінен көреді. Тұрмыстағы, мәдениеттегі, шаруашылықтағы өзгерістерді, олардың алға басқан қарқынын байқағанда, Сәрсеннің көңілі еш қалтқысыз, жымысқы күйден аулақ, шын қуаныш сезеді. Істеген, жан салып жасаған ісінің жақсы нәтижесін көру оны қанағаттанған әрі қанаттанған сезімге бөлейді. Шаруашылықтың бар саласына еңбекқор қолымен тікелей араласып, бар қиындықты иығымен көтеріп, биікке бет алған адамдар да оны тәнтгі етеді. Соған орай ол адамды түсінуден, ұға білуден өтер бақыттың жоқтығы туралы, ал адамдарға өзін түсіндіре, ұғындыра білудің одан да артық екендігі туралы толғанады.

Шаруашылықты басқарудың шығармада суреттелініп отырған кезеңдегі әдістері, заңдастырылған жолдары Сәрсенді бұдан гөрі белсенді әрекет жасаудан тежеп, оған кедергі болатыны рас. Мұндай кедергіден жол тауып, айналып өтуге немесе оны бұзып-жарып кетуге Сембай тұрпатты басшы болмаса, Сәрсен тәуекел ете алмайды. Бұл да бір Сәрсенге ғана тән көнбістік емес, Сәрсен типіндегі бар басшыға ортақ ерекшелік болып табылады. Сембай өзінің бұзып-жарғыш, ереуіл екпінімен өз мақсатының май-дасына да, ірісіне де жақсы-жаман, заңды-заңсыз амал-тәсілдер мен құралдардың қандайын да шебер пайдалану арқылы жетіп отырады. Сәрсен болса, тәртіпке, сірескен әдеп пен әдетке адал болғандықтан, алдына қойған мақсатына көбінесе жетпей, орта жолда қалып қояды.

«Мәңгілік бастаудың» көтеріп отырған тақырыбы, ұсынып отырған идеясы өмір барда өзектілігін жоймайды.

«Біз құлмыз ба, кімбіз?» романы Еенес заманы адамның дүние алдындағы құлдық құлқының араны ашылған күйін суреттейді. Дүниенің билігінде шек жоқ. Сондықтан да жақсылық пен жамандықтың күресінде жақсылық жеңіледі. Махаббат пен зұлымдық бетпе-бет келгенде, зұлымдық үстем болып

шығады. Шындық пен өтіріктің күресінде өтірік жеңіске жетеді. Адалдық пен арамдықтың арпалысында арамдық зор болады, адалдық қор болады. Адамның ойында, заманның бойында адамгершілікке, шындыққа, әділетке, мейірімге, шапағатқа орын қалмаған. Романның осындай эмоциялық мазмұнынан туатын әсер еңсені басады. Автордың көздеген эстетикалық нысанасы да осы болу керек. Біздіңше, осы әсердің, осы нысананың негізінде жазушы реализмінің, жазушының көркемдік ойлауының шыншыл да сыншыл қуаты жатыр. Одан шығармашылық ойлаудағы көркемдіктің, шыншылдық пен сыншылдықтың, суреткерлік кемелдіктің келбеті көрінеді.

Жазушы шығармашылығының жанрлық құрамы бай. Онда проза, поэзия, драматургия жұп жазбай, қатар жайқалады. Әдебиеттің тегі мен түрінің үлгілері де тұп-тұтас осында: алыстан сермеген эпос, жүректен тербеген лирика, сонымен қатар осы екеуінің сарынын сақтай отырып, қым-қиғаш, қилы тартыс әлеміне айналған драма. Мерейтой иесінің көптомдық шығармаларының әзіргі он жеті томында поэзияның өзі барлық жанрлық түрде көрініс тапқан: өлең; баллада; поэма; роман. Драманың жанрлық түрлері де көп қырлы. Проза да алуан түрлі: әңгіме; эссе; повесть; роман; роман-трилогия. Осы жанрлық түрлер тобында романның алатын үлес салмағы айрықша. Бұл айрықшалық үлкен эпос түрінің көптомдықтың жеті томын алатынынан емес, оларда көрініс тапқан өмір шындықтарының маңызының байлығы мен мәнінің тереңдігі арқылы айшықталып тұрады. Оның үстіне, талант табиғатында сыр мен сезім қуаты шалқып, тасып жатқанына қарамастан, Софы Сма-таев - кең құлашты, терең тынысты эпикалық ойлаудың суреткері.

Талдаулар нәтижесі жазушының өз шығармаларында суреттеп отырған өмір құбылыстарын типтендіруде, адам образын жасауда аса зор көркемдік-идеялық табыстарға жеткендігін аңғартады. Әсіресе, жазушы адамның іші мен сыртының, сөзі мен ісінің неше алуан соқпа бұлқыныстары мен тегеурінді немесе бірқалыпты баянды ағыстарын, құпиясы мол қатқабат қиын иірімдері мен жарға жалаңаш шапшыған ақжелең толқындарын қоғамдық-әлеуметтік мазмұнға бөлеп көркем суреттеуде үлкен шеберлік үлгісін көрсетті.

Автордың суреткерлік қиялы белгілі дәуір кеңістігіндегі шындықты өзгертпейді, бұрмаламайды да. Оқиғаның өткен мезгілі мен меке-ні, амалы мен құралы, субъектісі мен объектісі – бәрі де ақиқат күйінде суреттеледі. Сонымен бірге оқиғаның құрам-дас бөліктерінің қай-

қайсысы да түрлі логикалық, психологиялық сипаттағы көркем детальдармен толықтырылып, мәнді де мағыналы көркемдік шешімдер жасалады. Нәтижесінде автор өмірдің ақиқат құбылыстарының көзге көрінбей тұрған ерекше қырларына, оларға тән мазмұнның ішкі, көзден таса, жасырулы сырларына жарық түсіреді. Суреттелініп отырған дәуір шындығы туралы шағын мәліметтің өзі адамның шынын, заманның сынын ашатын көркемдік-бейнелеуіш құралдармен көмкеріліп, сөз өнері заңдылықтарына сәйкес жарасымды жинақталады, сөйтіп, жаңа сипатқа иеленеді, келіскен көркемдік құбылысқа айналады. Қаламгер өз шығармасының көркемдігін кемел деңгейге осылай көтереді

Отанға, ел мен жерге, адамға деген сүйіспеншілік, адамгершілік, азаматтық таразы басына түскен қилы жағдайлардан сүрінбей, адаспай, ары мен ожданына, абыройына дақ түсірмей өту - адам баласы үшін өте үлкен сын. Софы Сматаев өз шығармашылығының мазмұны мен мәнін, кейіпкерлерінің болмысын осындай сындарлы сынға сай саралайды. Автордың әр шығармасы осындай айрықша сын алаңы іспетті. Жазушы кейіпкерлерінің осы алаңдағы тағдырталайы, адамгершілік асыл қасиеттері, қайғысы мен қуанышы, махаббаты мен машақаты оқушыларының ең бір аяулы сезімін толқытады, өмірдің мәні мен мағынасының, қадірі мен қасиетінің ақтық ақиқаты туралы ойын оятады.

Санадағы, сезімдегі небір жасырын ағыстар мен нәзік толқындарды нақты өмір шындықтарымен өзектес, қанаттас көрсе-тудің психопэтикалық тәсілдерінің ерекше тұтастығы, оның бағыт-бағдарын, эмоциялық сипатын, реңін неше алуан тың, кейде құбылыс табиғатына тосын ерекше мән-мағынамен құбылтудың ажарлы да айшықты көркемдік-бейнелеу құралдары арқылы автор қазақ әдебиетінің поэтикалық қазынасын жаңа жетістіктермен байытты. Заман құшағындағы, кейіпкер жанындағы құпия сырларды, құштар күйді қилы жағдайлар аясында, мазмұны мен мәні түрлі деңгейдегі өмірлік құбылыстардың күтпеген жерден бетпе-бет келіп, жарық төккен немесе от шашып шарпылыққан сәттерінде ашудағы машық пен мәнер жазушының шығармашылық даралығын анықтайтын ірі де іргелі көркемдік-эстетикалық жүйеге ұласты.

Әдебиеттің сөз өнері екені рас. Сөз өнерінің ғана емес, бар өнердің маңызы тақырыбы мен идеясында. Тақырыбы тұрлаусыз, идеясы байлаусыз шығарма қанша сыңғырлап, күмбірлеп тұрғанымен, маңызсыз, кеуек қалпында қала береді. Одан көркемдік іздеп қажеті жоқ.

Кезінде көркем әдебиеттің тақырыбы мен идеясын социалистік реализм әдісі талаптарына сай бағаладық. Бүгінде ол талаптар өзгерді, бірақ әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясының маңызы оны тану мен бағалаудың басты өзегі болып қала берді. Көркем әдебиеттің ұлттық нәрі мен жалпы-адамзаттық мәнін осы тұрғыдан тану дұрыс.

Софы Сматаев творчествосында көрініс тапқан шындық құбылыстардың, олардың негізінде ұсынылып отырған ойдың, түйінделген идеяның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылығы - жазушының шеберлігінің де, жазушы шығармашылығының көркемдік-эстетикалық байлығының да бастапқы және басты өлшемі. Қаламгер шығармашылығының осындай ішкі құндылығы мен сыртқы сұлулығының тұтастығы һәм жарастығы, іші алтындай ардақты, сырты күмістей салмақты болып келуі – жазушының шеберлігінің ғана емес, кемелдігінің де көрінісі. Жазушының шеберлігі мен кемелдігі - оның көркемдік әлемінің айнымас негізі. Ал көркемдіктің көзін жазушының ел өмірінен, Отан тарихынан таңдап, талғап алып, өз шығармасына арқау еткен шындық құбылыстарға деген айрықша көзқарасы, құштар күйі, сүйіспеншілігі ашады. Қаламгердің пайымдауынша, осы күйден, «Отанға деген шексіз махаббаттан... тарихқа деген шынайы көзқарас қалыптасады» [3, 390-391]. Автордың шығармашылық ізденістерінің өрісін ашатын, көрікті ойы мен көркемдік ойлауын тереңнен толқытып, биікке көтеретін - осындай ерен көзқарас, терең таным, берен ұстаным.

Софы Сматаев - елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, адамның кемелдігін өзінің азаматтық болмысымен де, шығармашылық еңбегімен де аса ардақтап һәм аялап келе жатқан ерен көзқарастың, терең танымның, берен ұстанымның жазушысы.

ӘДЕБИЕТ

1. Платон. Сочинения в четырех томах. - Том I. - СПб., 2006.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - - Том I. - Алматы, 1977.
3. Сматаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. - Том II. - Алматы, 2008.
4. Гоголь Н.В. Выбранные места из переписки с друзьями. http://www.az.lib.ru/g/gogolx_n_w/
5. Толстой Л.Н. Дневник // Толстой Л.Н. Собрание сочинений в 22 т. – Том 21. – М., 1984. <http://www.rvb.ru/tolstoy>
6. Толстой Л.Н. Дневник // Толстой Л.Н. Собрание сочинений в 22 т. – Том 22. – М., 1985. <http://www.rvb.ru/tolstoy>
7. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - - Том II. - Алматы, 1977.
8. Русско-монгольские отношения. 1607-1634. Сборник документов. В 2-х томах. - М., 1974. - Т.1.
9. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы, 1988.
10. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. 1. – Алма-Ата, 1975.

Ә.С. ТАРАҚОВТЫҢ «АУДАРМАШЫНЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ» АТТЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫНА ПІКІР

Аудармашының әдебиеттер мен мәдениеттерді байланыстырушы тұлға ретінде орны ерекше. Аудармашы қызметінің кәсіби негіздерін анықтау бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр.

Қазіргі заман ағымына сай аударма қоғамның барлық салаларында қанатын кеңге жаюда. Осыған орай аударматану ғылымы да біздің қоғамымызға етене араласып, оған деген сұраныс та артуда. Әсіресе синхронды аударма мен жазбаша аударма күн өткен сайын қарыштап даму үстінде. Сонымен қатар аудармашының кәсіби біліктілігі мен тіл білу деңгейі де сараланып отыратын дәрежеге жетті. Ғылыми мақалалар мен монографиялар шыға бастады. Оның дәлелі ретінде Ә. С. Тарақовтың **«Аудармашының кәсіби қызметінің негіздері»** атты оқу құралын айтсақ болады. Ғалымның бұл еңбегі зор ізденістер мен мол зерттеудің нәтижесі екендігі даусыз. Аталған еңбекте қазіргі заманауи аударматанудың жаңа бағыттары мен аударманың қоғамдық мән-маңызы, жалпы аударманың міндеттері сияқты маңызды мәселелерге арналған.

Профессор Ә.Тарақтың бұл еңбегі әдеттегідей кіріспеден және үлкен үш тараудан тұрады. Сонымен қатар оқу құралының соңында әдибеттер тізімі берілген.

«Аудару үдерісінің ерекшеліктері» атты бірінші тарауда автор аударманың қалыптасу тарихы сөз қозғайды. Аударманың көркемдік сапасы жайлы Н. К. Габовский, С. Маршок, К. Чуковский, А. Споумол Э. Гриоле, Г. Маресс, В.С. Винаградов пікірлеріне сүйене отырып өзіндік ойларын ортаға салады. Аударма тарихын шетелдік аударматану ғылымымен салыстыра келе қазақ аудармашының дамуын, қалыптасу теориясын нақты мысалдармен тұжырымдайды. Осылай әлемдік тәжірибеге сүйене отырып автор аударманың мемлекеттік маңызы зор іс екенін дәлелдей білген. Отандық ғалымдардың еңбектерінен нақты мысалдар ала отырып, аударманың лингвистикалық қырларын ашады. Сонымен қатар шын мәнінде аударма сапалы шығу үшін аудармашының екі тілдің лингвистикалық заңдылығын терең меңгеру керектігін, әрі әр саладан энциклопедиялық білімі болуы туралы пікірлерді айтады. Ғалымның ойы нақты маңызды.

«Аудармашының кәсіби мамандану негіздері» деп аталатын екінші тарауда аударма теориясын тәжірибеде ұштастыру мәселелері қарастырылады. Мәселен, тек теорияны білу аудармашы үшін аздық ететіндігі және үнемі машықтану керектігі туралы пікірлері көңілге қонымды.


Сондай-ақ, қазақ көркем аудармасының негізін салған Абай, Ыбырай, Ш.Уәлиханов сияқты халқымыздың біртуар перзенттерінің аудармашылық шеберліктері жайында кеңінен айтылған. Автор қазіргі заманауи аударманы дамытудың негізгі жолы ретінде зерттеу, зерделеу, ой түйю мәселелерін алға тартады.

«Көркем аударманың психологиялық негіздері» атты үшінші тарауда автор аударманың психологиялық ерекшеліктеріне айырықша тоқталады. Аударматану - әдебиеттану, эстетика, тарих, филология, т.б. ғылым салаларын тоғыстыратын ғылым екендігін дәлелдей келе, көркем аударма ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау, түсіну, түйсіну сияқты бірнеше психологиялық үдерістердің нәтижесінде ғана дамитынын айтады. Аудармашының ой-өрісі, дүниетанымы, түсінігі, ойлау қабілеті түпнұсқаны ұғынуы шешімінің дұрыстығы арқылы жоғары жетістікке жетеді. Сондықтан оқу құралында мәтінді дұрыс қабылдап, анық түсіну үшін аудармашыға терең түйсік пен сезімталдық аса қажет қасиет екендігі жайлы айтылады. Тұжырымды ойлар мен ғылыми пайымдар студенттерге, магистранттарға, жас аударматанушыларға аса қажет мәліметтерді береді.

Қорыта келгенде, профессор Ә. С. Тарақовтың **«Аудармашының кәсіби қызметінің негіздері»** атты оқу құралы - аудармашының кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды, оның лингвистикалық қырларын аша білген, теория мен тәжірибені ұштастыра білу жолдарын көрсеткен, өркениет әлеміндегі аударма мәселелерін көтере білген сүбелі еңбек.

Еңбек болашақ аудармашыларға, студенттерге арналғандықтан, әр бөлімнен кейін немесе оқулық соңында негізгі мәселелерді жинақтап, қорытындылар, сұрақтар мен тапсырмалар берілсе, кітаптың құндылығы арта түсері сөзсіз деп ойлаймын.

ЖАС ҚАЛАМ



Есқалиева Б.

Ғылыми жетекшісі Мамбетов Ж.

ДҮРБЕЛЕҢ ДӘУІР ТУРАЛЫ ШЫҒАРМА

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. С.Елубаевтың «Ақ баз үй» трилогиясы. Ұлттық идея. Мазмұн мен пішін. Жазушы шеберлігі.

Тірек сөздер: С.Елубаев, «Ақ боз үй» трилогиясы, ұлттық идея, мазмұн, пішін, шеберлік.

Есқалиева Б.

Научный руководитель Мамбетов Ж.

ПРОИЗВЕДЕНИЕ О ЛИХОМ ВРЕМЕНИ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Трилогия С.Елубаева «Белая юрта». Национальная идея. Содержание и форма. Мастерство писателя.

Ключевые слова: С.Елубаев, трилогия «Белая юрта», национальная идея, содержание и форма, мастерство.

Eskalieva B.

scientific advisor: Mambetov Zh.

THE WORK ON DASHING TIME

Abstract. The issues dealt in this article. S. Elubaeva's trilogy "White yurt." National idea. Content and form. The skill of the writer.

Keywords: S. Elubaeva, national idea, content and for, skill.

Соңғы жылдар ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Кеңес кезіндегі саяси шектеуден, социалистік реализм құрсауынан босаған қазақ көркем сөзі алғашында абдырап қалғаны рас. Мұның өзі қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел даму қарқынына ілесе алмай қалды» деген пікірлер тудырды. Алайда, көркемөнер тез күш жинап, уақыт көшінен қалмай, жемісті ізденістерге батыл кіріскенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Ұшқыр да оңтайлы жанр – поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысы ұзаққа кететін проза жанры ширақ кимылдап, жаңа заман

биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді.

Кейінгі жылдарда жазылған прозалық туындылардағы көркемдік үлгі-өнегелер өте күрделі. Ол қаламгерлердің ұлттық ауқымындағы шеберлік нақыштарымен ғана шектелмей, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта, түлете білгендігімен көңіл аудартады.

Қазіргі кезеңдегі қазақ прозасындағы ұлттық идеяның әлеуметтік талдау пайымымен көркем бейнеленуі жан-жақты сөз болады. Қазіргі қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі

жазбақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды.

Алдымен, халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салған тарихи романдармен қоса қазақы ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме, повестер пайда болды. Қаншама жылдар бойына қазақы болмысымызды кеңес адамының көлеңкесі көлегейлеп келген әдебиетте енді қазағым, елім, жерім деп еңіреген ерлердің бейнесі келді. Сонымен қатар, еліміздің әлеуметтік өмірінде қоғамдық-саяси шешуші рөл атқарған қазақ тарихының ақтаңдақ беттері – 1986 жылғы «Желтоқсан», «Семей-полигон», «Ауған» тақырыптарына қазақ жазушыларының еркін шабыттала жазуының арқасында біраз сүбелі еңбектер дүниеге келді.

XX ғасырдың соңғы ширегі – ұлттың сананың барынша оянып, ұлттық идеологияның қайта жаңғыра бастаған кезеңі. Ұлттық негіздерге оралу, ұлттық рухани болмысты түлету, ұлттық тұтастықты нығайту мақсатында кешегі кеңестік дәуір тарихына үңіліп, көркем ой елегінен өткізу – қазақ әдебиетінің дамуындағы ерекше құбылыс. Осы тақырыпқа алғаш қалам тартқан жазушының бірі – Смағұл Елубаев.

Әйгілі қаламгер Смағұл Елубаевтың «Ақ боз үй» трилогиясы – қазақ халқының басынан өткен дүрбелең дәуірі туралы шығарма.

Трилогияда қазақ елінің зұлмат пен қасіретке толы тарихы кең далаға саяси тоталитарлық жүйе орнатумен ұштастырылады. Сонымен қатар, тоталитаризмның қазақ тарихындағы көрінісі Ресей империясы мен сол империяның тікелей мұрагері болып табылатын КСРО тарихымен тығыз байланыста қарастырылады.

Трилогияның жазылу тарихы туралы автордың өзі былай дейді:

« — Біріншіден, бұл тарихи шындық, әрине, бізге тарих оқулығынан ашаршылық болған жоқ, тек 30-шы жылдары асыра сілтеу болды деп қана оқытты. Коммунистік партия бастаған жүйе осы бір ұлттың басынан өткен қасіретті бүркемелеп, жоққа шығарып, архив деректерін жойып, халықтың сөзін сөйлейтін қаламгерлердің аузын жабуға, бұл трагедияны ұмыттыруға тырысты. Оның себебі 1921 жылғы да, 1932 жылғы да ашаршылық осы Коммунистік партияның қолдан ұйымдастырған ашаршылығы болатын.

Қолдан жасады дейтініміз, Голощекин басқарған Қазақстан Коммунистер партиясы әртүрлі жоспарларды орындауды сылтау етіп, халықтың қорасындағы малын, қамбасындағы дәнін, тіпті асып отырған қазанын төңкеріп

алып кетіп, елге зорлық-зомбылық көрсетті. Мен оны көз көрген куәгерлерден өз құлағыммен естігенмін. Коммунистік партия халықтың басынан өткен осындай ұлы қасіреттің ұлы шындығын жасырмақ болды.

Бірақ біз бұл шындықты бала кезімізден біліп өстік, себебі біздің ауыл сол заманда өз жерінен үдере көшіп Қарақалпақстанға, одан әрі Түркіменстанға өтіп кеткен болатын, мен сол жерде дүниеге келдім. Кейін Алматыға көшіп келдік, мен №12 мектепте оқыдым, сонда тарихты ашып қарасам, осынау ұлттық қасірет туралы ештеңе ашып айтылмапты, бәрі керемет болғандай көрсетілген.

Үлкендердің, ата-аналарымыздың басынан өткен осы бір зұлматтың тарихын күнде естіп өскендіктен біз ресми тарихқа сенбедік, сол себепті де 30-шы жылдардың шындығын айтқым келді».

«Трилогия тақырыбы мен мазмұны ұштасқан «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» романдарынан құралады. Кеңес өкіметінің қазақ даласында орнығуы, кәмпескелеу, ұжымдастыру шаралары, 30-жылдардағы ашаршылық зардаптары «Ақ боз үй» (1982-1985 жж.) романында айтылса, «Мінәжат» (1990-1992жж.) романында – сталиндік зобалаң, қуғын-сүргін оқиғалары, «Жалған дүниеде» (1997-2000 жж.) кеңестік жүйенің дағдарысы, 80-жылдардағы рухани тоқырау кезеңі белгіленеді.

Тарихтан белгілі жайт: қазан көтерілісі, кеңестік дәуір қазақ халқының басынан көшкен үлкен сын болды. Осы орайда, «Ақ боз үй» – авторлық идея мен көркемдік өрнек біртұтас біткен шығарма.

Смағұл Елубаев шығармасында өз заманының ғана шындығын бейнелеп қоймай, қазақ халқының 70 жылға созылған кеңестік тарихына терең үңіліп, көркемдік шеберлігімен дәуір келбетін көрсетеді. Сонымен қатар, қаламгер өткен ғасырдың саяси-әлеуметтік мәселелерін шынайы суреткер зердесінен өткізіп, табиғи көркемділікпен өрнектейді.

Қ.Жұмаділовтің шетелдерде тұратын қазақ халқының тарихи шежіресін шерткен «Таңғажайып дүние» атты тарихи романының әдебиетімізде орны ерекше демекпін. Бұл роман тарихи шежіре. Шежіре деп отырғаным жазушы осы шығарма арқылы бүкіл қазақ халқының ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін, өзіндік қасиетін танытқан. Шежіре тарату дәстүрі қазақтың тектілігін, тарихи жадының мықтылығын, бүкіл тіршілік тынысы мен бітім болмысын білдіреді. Қ.Жұмаділов өз өмірін суреттей отырып ұлттық тарихты танытқан. Ұлттық тарих дегеніміз – қазақтың ру-тайпа

ларының тарихы. Жазушы қазақтың шежіресін қазып, жеріне жеткізе зерттеп, қазақтың шынайы, төл тарихына қол жеткізе алған.

«Таңғажайып дүние» атына заты сай шығарма. Еңбекті оқи отырып, сіз таңғажайып әлемге енесіз. Таңғажайып әсерге бөленесіз. Таңғажайып оқиғаларға куә боласыз. Таңғажайып мінездерді көресіз. Ақыр соңында автормен бірге өзіңіздің де таңғажайып өмір сатыларынан өтіп, таңғажайып биікке өскеніңізге көз жеткізесіз.

«Намыс, рух, кісілік, ұлттық сана, қайраткерлік деген қасиеттер туралы ұғымымыз бұрын бұлдыр болса, енді сіз киелі қасиеттердің қандай болатынын «Таңғажайып дүниеден» табасыз. «Жақсының шарапаты тиер әр жерде, жаманның кесапаты тиер тар жерде» деген қазақы тәмсілдің өмірден ойып тұрып алынғанына да осы шығарманы оқу барысында көз жеткізесіз. Алуан мінезді, сан тағдырлы кісі келбетін сомдау, ата жұрттан алыс жатқан ағайынның алмағайып өмірін көркем сөзбен шежірелеп беру осы кітаптың басты мұраты. Жазушының өзі айтқандай, біз енді қазақтың ең соңғы батырын, ең соңғы биін, ең соңғы көшін, ең соңғы аруын, ең соңғы асын, ең соңғы жайлауға шығуын жазушы шығармаларынан ғана оқып білетін боламыз.

Шығармашылығын әдебиет зерттеу-шілігінен бастаған, кейіндеп бірыңғай жазушылықпен айналысып, көркем шығарма жазуға ден қойған Мұхтар Мағауиннің соңғы романы «Жармақ» туралы: «Публистикалық серпінді, ділгір мәселелерді қозғайды, тар-

тысты. Мен мұндай сапаны артықшылық деп есептеймін. Мұндай сипат мені еліктіріп, қызықтыра түседі, ойлануға, кешегі өткенге мұқият үңілуге итермелейді, қайшылығы мол бүгінгі тірлік көңілге күмән ұялатып, болашақ туралы ойға жетелейді. Болмысқа ұлттық хәм жалпыадамзаттық тұрғыдан қарайсың. Бұл – роман-толғаныс, роман-эссе, роман-айтыстартыс.

Әйткенмен, бәрі де оп-оңай, айқын емес. Бір кездегі біртұтас, бүтін нәрсе өз-өзінен қарапайым бөліне салған жоқ. Өңгіме тұлғаның екіге жарылуы туралы. Біз ойлағандай, бірінші жарты барлық жақсы қасиеттерді өзіне сіңіріп, ал оның антиподы – екінші жармақ күллі жағымсыз сипатты бойына жинақтамайды. Бәрі әлдеқайда күрделі, әлдеқайда шиеленісті, бірімен бірі ұласып, сабақтасып жатыр» – дейді Герольд Бельгер.

Роман басынан аяғына шейін публицистикалық қуатты серпінмен жа-зылған. Шығармадағы баяндалатын оқиғалар менің замандастарыма етене таныс, олардың бәрі де біздің көз алдымыздан өтті, көбі таяу жылдар-дағы баспасөз беттерінде әйгіленген, қай-қайсысы болмасын бүгінгі таңдағы біз бастан кешіп отырған мәселелерді қозғайды. Міне, нақ осы актуалдылық, көкейкесті қажеттілік көлемі шағын болса да мазмұны ауқымды осынау шығармаға оқырман назарын еріксіз аудартары ақиқат.

Қорыта келгенде айтатынымыз, қазіргі қазақ прозасындағы жазылуға тыйым салынған тақырыптар жарыққа шығып, қазақ әдебиетіндегі проза жанрын одан әрі дамыта түсуде.

* * *

М.Бекболганова

Ғылыми жетекшісі Б.Шалабай

Г.МУСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ: ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Г.Мүсірепов шығармашылығы. Жазушы шығармаларындағы этнографизмдер. Этнолингвистикалық талдау.

Тірек сөздер: Мүсірепов, шығармалар, этнографизмдер, этнолингвистика, талдау.

М.Бекболганова

Научный руководитель Б.Шалабай

ЯЗЫК ПРОИЗВЕДЕНИЙ Г.МУСРЕПОВА: ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Творчество Г.Мусрепова. Этнографизм произведений писателя. Этнолингвистический анализ.

Ключевые слова: Г. Мусрепов, произведения, этнографизмы, этнолингвистика, анализ

М.Бекболганова

scientific advisor B.Shalabai

LANGUAGE OF G. MUSREPOV'S WORKS: ETHNOLINGUISTIC ANALYSIS

Abstract. The issues dealt in this article. Creativity of G.Musreпов. Ethnographism in the writer's works. Ethnolinguistic analysis.

Keywords: G. Musrepov, works ethnographism, ethnolinguistics, analysis.

«Этнолингвистика - этностың нысандық болмысынан туып, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тілі арқылы қалыптасып, қорланып рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы»[1].

Этнолингвистиканың негізін салған ғалым В.Гумбольдт (1767-1835) «Ява аралдарындағы киви тілдері» атты еңбегінің алғысөзінде этнолингвистикалық ұстанымдардың тиянақты концепциясын баяндап берді. Л.Вайсгербер оның идеясын жалғастырып (1950), «Неміс тілінің күші туралы» атты төрт томдық еңбегінде неміс мәдениетінің ұлттық сипатын зерттеді. Тіл бірліктерінің астарында этностың қасиеттері мен мәдени асыл қазыналарының мол қабаты көрініс беретіндіктен, бұл мәселенің шешімін ізденуші этнограф, философ, әлеуметтанушы, психолог ғалымдар да әр дәуірде сан алуан ой-пікірлер айтты. Бұл бағытта зерттеудің алғашқы нысандарын ХУШ-ХІХ-ғы неміс ғалымы Иоган Гердердің еңбектерінен бастау алатынын атауымызға болады. Ол ұлттың, этностың рухани құндылығы — миф, таным-түсінік, тіл, моральдық нормалар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағидаларын уақыт пен кеңістік аясында қарастыруға ерекше назар аударса, тіл білімінің аса көрнекті ғұламасы Вильгельм Фон Гумбольдт — тілдің жарыққа шығуы адам-заттың ішкі қажеттілігімен байланысты, ол тек адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, адамда жаратылысынан бар рухани күш пен дүниетанымдық білімді дамыту үшін керек, яғни әр халық өз тілін - адам іс-әрекетінің қаруы ретінде жасайды, - деп тұжырымдайды[2].

Этнолингвистика ғылымына қазақ ғалымдарының ішінен өз үлестерін қосып келе жатқан ғалымдар қатарына Ә.Қайдар, М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, Б.Қалиұлы, Г.Смағұлова, Б.Момынова, Ғ.Аронов, Р.Шойбеков, Қ.Ғабитханұлы, Ш.Сейітова, Р.Иманалиева, Б.Қарағұлова сынды ғалымдарды жатқызуға болады.

Алдымен, Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы этнографизмдерді талдамас бұрын, Ә.Қайдардың еңбегінен қазақ этнолингвистикасының өзіндік ерекшеліктерін танытатын тұжырымдарды келтірейік.

Қалай болған жағдайда да: қазақ этнолингвистикасының бүгінде өзінше түйген ой-тұжырымы, өзінше бағамдап, бағдарлауы, өзіме

тән деп айта алатын ерекшеліктері жоқ емес. Солардың біразын санамалап өтейік:

1. Қазақ этнолингвистикасының өзі үшін біржолата басын ашып, айқындап алған мәселесі - қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның тіл байлығы - «тіл әлемі» арқылы ғана жан-жақты танып-білуге болатындығы.

2. Қазақ этнолингвистикасы алдына қойған мақсаттың мүддесінен шығу үшін этнос тіліне қатысты көптеген қоғамдық пәндермен де, лингвистика салаларымен де бірлесе отырып, өзара сыбайласа, іліктесе әрекет ететін, бірақ олардың бірде-біреуінің шылауында жүрмейтін, пән-аралық қызмет атқарып, «қолбала» да болмайтын, өзіндік үрдісі мен принципін сақтаушы әмбебап ғылым.

3. Қазақ этнолингвистикасы қазақ тілінің лексикалық байлығын мүмкін болғанша түгел қамтып, індетте зерттеуді мақсат етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарында, қой-науында тұнып жатқан сөз маржандары арқылы да жаңғыртуға тырысады. Этнолингвистикалық зерттеулердің өзіндік ерекшелігі - әдеттегі сөздіктерге ене бермейтін құнарлы да сапалы, бейнелі де көркем, көне де байырғы сөз өрнектерін, тіпті айтуға тыйым салынған «ұят» сөз деректерді де, әзіл-қалжыңдарды да қамтуында.

4. Қазақ этнолингвистикасының тағы бір принципі - лексикалық байлықтың мазмұны мен мән-мағынасын этностық таным тұрғысынан толық ашу, этнос болмысына қатысты бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету, тілдің өзіне тән бояу-нақышымен бейнелі де көркем түрде суреттеу.

Бұл принциптер мыңдаған бірлікті екі түрлі деңгейде - алғашқы номинативтік мағынасы мен этностық танымынан туындаған «этнолингвистикалық мағынасы» деңгейінде түсіндіруді, анықтауды, топшылауды, сипаттауды талап етеді.

5. Қазақ этнолингвистикасының мықтап ұстанатын принциптерінің тағы бірі — жүйелілік. Мұны этнолингвистикалық зерттеу-лерде тұрақты да бірізділікпен қолдану әдіс-тәсілдерінің бірі және ең тиімді тетігі деп санаға жөн [1,2].

Жоғарыда айтылған академик Ә.Қайдардың пікіріне сүйене отырып, қазақтың баршамызға танымал жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері Ғ.Мүсірепов шығармалары тілінің ұлттық болмысты танытатын қырларына соқпай өте алмаймыз.

Жазушы қазақ халқының ұлттық киімдерін қазақ қызының образын ашуда шебер пайдаланады. Мұндағы **күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, жеңіл пұшпақ ішік, күрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қаптырмалы былғары белдік** деген сөздік қолданыстар арқылы автор қазақ халқының киім-кіісін бейнелеу арқылы ұлттық құндылықтардың ерекшелігін айқын көрсетеді.

- *Шайды іше отырып қанша қарамайын десе де, Есеней көзін қыздан аударма алмай қойды. Басында күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, үстінде сол күрең барқытпен тыстаған жеңіл пұшпақ ішік, күрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қаптырмалы былғары белдік. Аяғында биік өкшелі шоңқайма етік – «қосай калош», бәрі де сандық түбінде жататын «бір киер» екені танылып тұр. Бәрі де шеше қолынан өткен.* (Ғ.М. «Ұлпан» 38 б.)

Ақ жібек шаршыны шәлі, үстінен сәукеле, қына сары жібек көйлек, қызыл жібектен бүрме жаға, қара көк барқыт камзол деген тіркестерді пайдалана отырып, қазақ менталитетіне тән ұлттық киім үлгілерін одан әрі дамыта суреттейді.

- *Айтолқын да Ұлпаннан көзін айыра алмай тұр. Басына ақ жібек шаршыны шәліге ұқсатып жамыла салыпты да, үстінен сәукеле киіпті. Алқымы ашық...Мойным әдемі, еркектерге көрініп тұрсын дегені ме? Көтек! Қына сары жібек көйлекке қызыл жібектен бүрме жаға салыпты. Жетпей қалған зой! Үстіне жапа-жалғыз қара көк барқыт камзол. Басқа несі бар дейсіз, Тәңірі. Бар болса киер еді зой. Бір қос жылқы беріп алған сұлуымыз осы ма? Беті менің бетімнен ақ бола алмас. Кедейдің кербезінен сақта деген осы-ау!* (Ғ.М. «Ұлпан» 87 б.)

Сонымен бірге, қазақ ертеден-ақ оюмен ой айта білген халық екендігі баршамызға белгілі. Төмендегі мысалдан соның дәлелін көре аламыз.

- *Е, мына қыпша бел, сұңғақ бойлы, қызыл шырайлы торғылт келіншек Шынар болар. Аяғында кестелі етік. Ие, сол екен. Күлімдеп, іші-бауырыңа кіріп бара жатқан көзқарасы қандай әдемі еді. Ашаң да ашық жүзді. Көз қиығының құйрығы аз ғана көтеріңкі. Сол жақ бетінде «бармақ баттысы» бар.* (Ғ.М. «Ұлпан» 85 б.)

Қазақ қызының табиғатына тән сипатты жазушы **жуан бұрым, үлбіреген ақ саусақ** деген сөздерді пайдалана отырып, жақсы ашады.

- *Шай құйып отырған қыздың он саусағы мен беті ғана көрінеді. Сұлулығын да, балғындығын да паш етпей тежеп ұстайтын қыз болу керек. Әлде сұңғыла қыз жасыра ұс-*

таған сұлулықтың өлтіре қызық-тыратынын біле ме екен? Уысың толар жуан бұрымының астынан мойны ағараңдайды. Үлбіреген ақ саусақ емес, әр іске үйреніскен қолдары сенім-ді де оңтайлы қимылдайды. [Ғ.М. «Ұлпан» 38 б.]

Қамшы қазақ халқының ежелгі заманнан бергі келе жатқан қолөнер үлгісі, құрал аты, сонымен бірге ұлттық құндылықтың тағы бір көрінісі. Қазақтарда ертеде қамшы – ишарат білдіру, яғни қарым-қатынас құралы болған. Үйге кіргенде қамшысын екі бүктеп кіру адамның тәрбиелігінің белгісі есептелген [3].

- *Ана арқасында қайыс қамшы жыландай жүйткіп жүр. Тек отыз өрім қамшы ғана әйел арқасында жыландай ысыл-дайды. Қанға боялған қамшы ана денесінің ашылған жерлерін иіскеп табатындай, жанға батар жеріне дәл-дәл тиеді.* [Ғ.М. «Ананың арашасы» 87 б.]

- *Қамшы сарт етіп қалғанда ана көзінен от ұшқыны да жалт етіп қалады. Аиуға булығып, қамшыны үсті-үстіне жаудырып тұрған ызалы Антоновтың өзі болдыруға айналды.* [Ғ.М. «Ананың арашасы» 87 б.]

- *Аттының қамшысы, жаяудың таяғы қашан да бізге тиеді зой.* [Ғ.М. «Ашынған ана» 77 б.]

Қамшы мен пышақ қазақтарда басқа да этномәдени белгі ретінде қолданылған. Хан ордасына келгенде келушінің қамшысы мен пышағынан басқа қаруын алып қоятын болған, қамшысын алғаны – сөз сөйлеуге құқы жоқтығын, пышағын алғаны – бұл жерде оған арналған сыбаға жоқтығын білдірген. Бұл ең бір ауыр жаза ретінде қабылданған [3, 1].

- *Табактың шетінде жалтырап жатқан сар кездікке көзім түсе қалды.Өзім, көзім қарайып, обалымды пышаққа артып, қанымды шашайын деп жүрген адам, сар кездікті жұлып алып, жүгіріп келіп шалқасынан жатқан болыстың жұт-қыншағынан салып кеп жібердім.* [Ғ.М. «Ашынған ана» 38 б.]

Сондай-ақ қазақ халқының әдет-ғұрпында жас келіндердің ата-ене, қайын ағалары немесе жасы үлкен кісілермен тізесін сәл бүгіп, қолын айкастырып тізесінің үстіне қойып, басын иіп сәлемдесу дәстүрі бар [4].

- *Ұлпан үлкендерге бұрылып, бір тізелеп сәлем етті. Шынар да соны істеді.* [Ғ.М. «Ұлпан» 89 б.]

Жаулық – әйелдер басына тартатын орамал [ҚТТС,4, 20-б.]. В.В.Радловтың пікірінше, тұрмысқа шыққан әйелдер басына тағатын ақ орамал [В.В.Радлов,III,1,19]. XIX ғасырдың соңынан бастап әйелдер киетін кимешек сәннен шығып, әйелдер оны гүлді шәлімен, түрлі-түсті орамал-шаршымен алмастырды [4,1].

• Мынау жаулығы қақырайған Еменалының әйелі болар...Қандай кержалқау екен? Табақтай бетінен сарғалаған тер жаулықтың алқымын қап-қара қылып жібергені сонша, сақалы бар ма деп қалғандай екенсіз. [Ғ.М. «Ұлпан» 85 б.]

Ұлттық атаулардың жасалуының бір жолы, ұғымды берудің көркемдік амалы – ұқсату. Ол күнделікті өмірде, тұрмыстық тәжірибеде қалыптасады. Себебі, адамдардың табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды бақылап салыстыруы, оны өз іс-әрекетімен, тәжіри-бесімен салыстыруы, ассоциациялық бейнелер түрінде әртүрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табуы, солардың негізінде танымын кеңейтуі осы қасиетке негізделеді [4,2].

Қазақ халқы қызды қонақ көріп, жастайынан еркелетіп төрге отырғызған. Кішкентай кезінде көз тимесін деген мақсатпен, кейде ұлдан ала-ламау мақсатымен қыз баланы бой жеткенше еркекшора киіндіретін де болған. Қазақ халқының бұл дәстүрін төмендегі мысалдан айқын көре аламыз:

• Ұлпан бала күнінен еркекшора болып, ерке өсіп еді. Көшпелі елдің қызы жасынан ат үстінде, әркезде шалбаршаң болатын. Бір туған аға, інісі жоқ, қыз екенін сезінгеннен кейін де еркек балаша қалыптасқан еркіндеу мінезінен оңай арыла алмаған. [Ғ.М. «Ұлпан» 68 б.]

Тілде мәңгілік ақиқатты көрсету үшін қолданылған мәдени символдар көп өзгерістерді бастан кешіріп ұжымдық санадағы образдарға айналады. Олар этностың дүниетанымын, өмір сүру ерекшелігін, талғамтанымын көрсететін рухани мәдениет негізі – салт-дәстүр, әдет - ғұрыптардан анық көрінеді [5].

Қазақта ертеректе атастырып қою салты болған. Бұл салт бойынша қыз бала кішкентайынан атастырылып, яғни есейгенде кімге тұрмысқа шығатыны белгілі болып қояды. Өсе келе, қыз бой жеткенде атастырылған жақ қалың малын төлеп қызды алады. Төмендегі мысалдан кейде қазақ қыздарының тек малға сатылып кету жағдайының да болатынын айқын көре аламыз.

• Бұл күнге дейін ешкім бетіне қарсы келіп көрмеген, ерке өскен Ұлпан малға сатылып, кете беретін көп қыздың бірі екен-ау. [Ғ.М. «Ұлпан» 43 б.]

• Ұлпанның тұла бойы тітіркеніп кетті...бала мінезді болушы еді, қатты қорыққан екен, жас балаша жылады. Ерке

болса да, ер мінезді болушы еді, қорланып жылады. [Ғ.М. «Ұлпан» 43 б.]

Қазақ халқы ертеден «үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген нақыл сөзді әрқашан негізге ала жүрген халық. Сол себепті, әрқашан амандасып, хал сұрасқанда сәлемді жасы үлкен кісіден бастау салты қалыптасқан.

• Сөйлесіп қайтар адамдарымыз осы болар деп, мен арбадан тезірек түсіп, бір шетінен бастап отырғандарға құлымды ұсындым. –Әуелі ана кісіден баста, шырағым, - деді ең шеткі еркек, ортада отырған сирек бұрыл сақалды, опырық ауыз, сары шалды иегімен нұсқап. [Ғ.М. «Этнографиялық әңгіме» 194б.]

Кездескен адамдар бір-біріне «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем береді. Бұл «Сізге нұр жаусын» деген сөз. Сәлем алушы «Уағаликүмиссалам!» дейді. Бұл «Сізге де нұр жаусын» деген сөз.

• Мен амалсыз сары шалға жақындағанымда ол басын тіпті шалқалай көтеріп алып:- Уағалйкүмөшаләм...-деді. [Ғ.М. «Этнографиялық әңгіме» 194б.]

Қорыта келгенде, біріншіден, Ғ.Мүсірепов өз шығармаларында ұлттымыздың – қазақ халқының бет-бейнесін, болмысын бейнелеуде ұлттық лексиканы мол пайдаланады және бұны өз кейіпкерлерінің шынайы образын жасауда қолданады. Екіншіден, жазушы өз шығармаларында үйлену, қыз ұзатуға байланысты мысалдарды әр қырынан, айқын бейнелейді. Бұнда қыз ұзату, келін түсіру, әмеңгерлік салтына байланысты да мысалдар жеткілікті. Үшіншіден, ұлттық тағам атаулары мен ұлттық киімдерге байланысты мысалдар да кейіпкер образын сомдауда айқын көрініс табады. Төртіншіден, тұрғын үй мәселесі мен туыстық атауларға байланысты мысалдардың маңызы зор. Мұнда киіз үй мен оның құрамдас бөліктері, жаз жайлауға, қыс қыстауға көшу дәстүрі де тыс қалмайды.

ӘДЕБИЕТ

1.Қайдар Ә. Қазақ тілінің кейбір мәселелері. Алматы, 1998.

2.Атаханова Райхан Кенжетаевна.Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты (қазақ және неміс тілдері негізінде). Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2005.

3.Ислам А. Лингвомәдениеттану: Тіл мәдениет контекстінде. Алматы-Астана, 2004.

4.Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2008. – 187 б.

5.Қаирбаева Қ. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2004. – 136 б.

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ



Е.Адаева

КАФЕДРА ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Кафедра қызметінің салалары. Жалпы сипаттама. Оқу үдерісі. Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Тәрбие ісі. Тірек сөздер: кафедра, қызмет, оқу, үдеріс, ғылым, тәрбие.

Е.Адаева

О КАФЕДРЕ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Направления деятельности кафедры. Общая характеристика. Учебный процесс. Научное исследование. Воспитательная работа. Ключевые слова: кафедра, деятельность, обучение, процесс, наука, воспитание.

Е.Адаева

ABOUT THE DEPARTMENT

Abstract. The issues dealt in this article. Activities of the Chair. General characteristics. Learning process. Scientific research. Educational activities. Keywords: department, activity, training, process, science, education.

1. Аударма ісі және әдеби компаративистика кафедрасы 1990 жылы құрылған. Кафедра мамандықтардың мемлекеттік стандарттарына сай Аударма ісі мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура арқылы мамандар дайындайды. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны – 14. Оның ішінде:

- ғылым докторлары, профессорлар – 5
- ғылым кандидаттары, доценттер – 9
- ҚР ЖОО Үздік оқытушысы - 1
- Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі – 1
- Халықаралық Айтматов академиясының академигі – 1
- Халықаралық ақпараттық академияның академигі – 1
- Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты – 1
- Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты - 1

2.1. Кафедраның жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрлігінің, университеттің нормативтік актілері мен құжаттары негізінде жасалып, университеттің, факультеттің 2009-2011 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес бекітілген. Есепті жыл ішінде

кафедраның жалпы жұмыс жоспарына, сондай-ақ Даму стратегиясы аясында жасалған жоспарына сәйкес елеулі іс-шаралар жүзеге асырылды. Бұл бағытта мынадай нәтижелерге қол жетті: кафедраның университет сапа менеджменті жүйесін тиімді пайдалану бағытындағы жұмысы айтарлықтай алға басты; мамандарды даярлаудың сапасына қойылатын талаптар мен шарттардың деңгейіне көтерілуге нақты талпыныс жасалды; білім алушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға жағдай жасалды (таңдау пәндерінің каталогтары жасалды; оқу пәндері бойынша оқу процестерін инновациялармен жаңартуға қол жетті; курстық, диплом жұмыстары мен магистрлік диссертацияның орындалуын бақылау мен бағалаудың инновациялық технологиясы жасалып, өндіріске енгізілді, т.б.); кафедраның оқу-әдістемелік құндылықтарының электрондық-ақпараттық қоры жасалды; практикалық сабақтарды шет тілдерінде оқыту тәжірибесі жолға қойылды; талапкерлерді кәсіптік бағдарлау және түлектерді жұмыспен қамту ісіне қатысты ақпараттар жасалып, ғаламтор жүйесінде орналастырылды; кафедраның оқу пәндері түгел электрондық оқу-әдістемелік кешен-дермен қамтамасыз етілді, оқу-әдістемелік кешендер университеттің

Инtranет жүйесінде орналастырылды. Оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы мынадай жүйеде бекітілді: 1) Мамандықтың мемлекеттік стандарты, типтік оқу бағдарламасы; 2) типтік оқу бағдарламаларының негізінде жасалған оқу жұмыс бағдарламасы; 3) силлабус; 4) лекциялық, практикалық сабақтарды өткізудің әдістемесі; 5) оқу пәні бойынша лекциялардың конспектісі және әр лекцияда пайдаланылатын мультимедиялық фрагменттер, сегменттер; 6) білім алушылардың өздігінше орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру, бақылау және бағалаудың инновациялық технологиясы; 7) білім алушылардың білімі мен біліктілік деңгейлерін бақылау-бағалау құралдары; 8) магистрлік диссертация мен диплом жұмыстарын орындау, қорғау және оларды бағалаудың инновациялық технологиясы.

Кафедра көлемінде жалпы және арнайы курстар бойынша бакалавриатта 42, магистратура бөлімінде 31 пәндермен қамтамасыз етілді. Олардың ішінде бакалавриат бағдарламасы бойынша 5 оқу пәні (таңдау пәндері), магистратура бағдарламасы бойынша 4 оқу пәні (таңдау пәндері) оқу үдерісіне жаңадан енгізілді. Кафедраның оқу-әдістемелік кешенінде мамандану мен мамандық пәндері бойынша көрсетілген сағат және кредит саны, семестр соңындағы бақылаудың формасы, СӨЖ/МӨЖ/, СМӨЖ/ММӨЖ/ бөлінген сағаттар саны, теориялық оқыту мен практиканың мерзімі толығымен Мемлекеттік стандарт талаптарына және мамандықтың оқу жұмыс жоспарына сай және толық орындалды. Магистратура және бакалавриат бөлімдерінде 2010-2011 оқу жылында ішкі және сыртқы аудит-тексерулер барысында кафедраның оқу-әдістемелік құжаттары мен оқу және әдістемелік жұмысы бүгінгі таңдағы жоғары білімді білікті маман дайындау талаптарына сай деп табылды.

2.2. Кафедрадағы оқу үдерісі университеттің оқу үдерісі графигі және мамандықтың оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді. Қысқы және жазғы сессия, мем-лекеттік аттестаттау комиссиясының жұмыстары университет ректорының бұйрығына сай өткізілді. Аралық бақылау, кеңес беру тиісті тәртіпте бекітілген кесте бойынша жүзеге асырылды. 2010-2011 оқу жылында оқытушылардың жеке жоспарларында көрсетілген жүктемелері толығымен орындалды. Оқу үдерісінің ұйымдастырылуы мен педагогикалық жүктеменің орындалуы кафедра мәжілістерінде қаралып, мәжіліс хаттамаларында көрініс тапты.

Есепті оқу жылында кафедраның барлық мүшелері тәжірибе алмасу, кәсіптік машықтарын таныту, оқытудың жаңа әдістерін мең-

геру мақсатында ашық сабақтар өткізді және бекітілген кесте бойынша өзара сабаққа қатысып отырды. Мәселен, профессорлар А.Жақсылықовтың, Ә.Тарақтың, доценттер Л.Мұсалының, А.Шмыреваның өткізген ашық сабақтары мазмұны, технологиясы, құралдары жағынан нағыз инновациялық сапасымен дараланды. Ашық сабақтар кафедра мәжілісінде талқыланып, мәжіліс хаттамаларында көрініс тапты.

2010-2011 оқу жылында кафедра мүшелері оқу үдерісін оқу-әдістемелік және оқу құралдарымен қамтамасыз ету саласында да біршама еңбек сіңірді. Барлық пәндер бойынша бұрынғы электронды курстар жанартылды, таңдау пәндері бойынша жаңа 9 лекциялық курс жасалды. Барлық оқу пәндері бойынша мульти-медиялық фрагменттер, слайдтар жасалып, өндіріске енгізілді. Кафедра профессорлары мен доценттерінің көркем аударманың теориясы мен практикасына арналған оқу және оқу-әдістемелік құралдары жарық көрді.

1)Тарақ Ә. Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 120 б.

2)Тарақ Ә. Аударма ісінің негіздері және стилистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011, –32 б.

3)Дәдебаев Ж. Әдеби компаративистика және көркем шығарма. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 218 б.

4)Жақсылықов А.Ж. Практикум по художественному переводу (10 п.л.).Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

5)Жақсылықов А.Ж. Практикум по художественному переводу (10 п.л.). Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

6)Есембеков Т., Адаева Е. Аударматану бойынша библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Ценные бумаги. 2011.

7)Шмырева А. Литература Востока и проблемы художественного перевода. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. 11 п.л.

8)Шмырева А. Методические указания по выполнению и оформлению дипломных работ для студентов специальности 050207-переводческое дело. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

9)Мұсалы. Л. Көркем тәржіма тәжірибесі бойынша практикум. –Алматы: Қазақ университеті, 2010.

10)Ашимханова С.А. Проза Г.Мусрепова в переводах. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

11)Ашимханова С. 2. История литературы страны изучаемого языка (Английская литература от романтизма до наших дней). – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Сондай-ақ доценттер Қ.Әбдіқованың, Е.Адаеваның, Е.Кәрібозовтың оқу құралдары «Қазақ университеті» баспасына тапсырылды.

Сонымен қатар кафедра мүшелері дәріс оқытын мамандану мен пән мамандықтары бойынша лекцияларының және ОӘК-нің электрондық нұсқаларын дайындап, тапсырды.

2.3. Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы

Аударма ісі және әдеби компаративистика кафедрасы «Ұлттық идея және оның қазақ әдебиетінде көркемдік пайымдалуы (ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін), «Аударматану мен әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері» деген тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Аталған тақырыптағы зерттеу нәтижелері негізінде оқулық, оқу құралдары, практикумдар, бағдарламалар дайындау, кандидаттық және докторлық диссертациялар дайындау көзделген. Алғашқы тақырып мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылса, кейінгі тақырып профессор-оқытушылардың бастамасы бойынша зерттелуде. Кафедра магистранттары, ізденушілері және докторанттарының диссертациялық зерттеулері кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағытымен сәйкес келеді.

Есепті оқу жылында түрлі ғылыми басылымдарда кафедра оқытушыларының 100 ден аса ғылыми еңбектері жарық көрді. Жалпы көлемі 73 баспа табақтан астам. Мақалалар тізімі есептің қосымшасында көрсетіледі.

2011 жылдың мамыр айының 19 жұлдызында кафедраның ұйымдастыруымен дәстүрлі «Аударматану мен әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері» атты ХІ халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференция материалдары Абай институтының шешімімен баспаға ұсынылып, жарық көрді. Кафедраның оқытушылары, ізденушілері, магистранттарымен бірге конференцияға Қырғыз Республикасының ғалымдары, ҚР ЖОО-ның мамандары, жоғары оқу орындарының ұстаздары мен ізденушілері және белгілі аудармашылар қатысып, салыстырмалы әдебиеттану, көркем аударманың теориясы мен тәжірибесі туралы ойларын ортаға салды.

Осы жылдың 14 маусымында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында «Абай және қазіргі заман» деген тақырыпта ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияда Абайтанудың қазіргі кезеңдегі даму бағыттары мен өзекті мәселелері, оларды шешудің жолдары талқыланды.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жыл бойы жоспарлы түрде жүргізілді, олардың

нәтижелері кафедра мәжілістерінде қаралып отырды және ғылыми конференцияда сынақтан өтті. 2011 жылдың мамырында өткен студенттердің ғылыми-практикалық конференциясында 21 студенттің баяндамасы тыңдалды.

Есеп беріп отырған оқу жылында студенттер мен магистранттардың 30-ға жуық мақалалары жарық көрді.

Кафедра Түркия, Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Венгрия және т.б. мемлекеттердің ірі ғылыми орталықтарымен әріптестік орнатқан. Сондай-ақ М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің лексикография және аударма теориясы кафедрасымен тығыз ынтымақтастықта.

Кафедра оқытушылары 2011-2015 жылдарға арналған «Мәдениетаралық байланыстар және қазіргі әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-зерттеу жобасын дайындауға қатысты. Жоба кафедра мүшелері, Қырғыз Республикасы Ш.Айтматов атындағы ҰҒА-ның тіл және әдебиет институты мен ҚХР-дағы Іле педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы инициативасының негізінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтымен келісіле отырып, Қырғыз Республикасы Ш.Айтматов атындағы ҰҒА-ның тіл және әдебиет институты, ҚазҰУ-мен бекітілген. Жоба жетекшілері ҚР ҰҒА академигі А.А.Акматалиев (Қырғызстан) пен Халықаралық Жоғары мектеп академиясының академигі Ж.Дәдебаев (Қазақстан).

2011 жылы жоба аясында ҚР ҰҒА тіл және әдебиет институтының базасында Халықаралық ғылыми конференция өтті. Конференция материалдары Қырғыз республикасында баспаға ұсынылған. Жекелеген зерттеулер «Абай институтының Хабаршысында» жарияланған. Кафедра өзінің халықаралық ынтымақтастық қызметін кеңейту аясындағы жұмысын одан әрі табысты жалғастыруда.

Шетелдердің ғылыми басылымдарында кафедра профессорларының 4 ғылыми мақаласы жарық көрді.

1) Жаксылыков А. Психологические аспекты подготовки к письменному (художественному) переводу //Россия-Казахстан. МГУ, - Москва, 2010. - С.28-34 (Россия).

2) Ашимханова С. Фольклорном поэтический интертекст казахского романа. ХІ Международная филологическая конференция 14-19 марта 2011г. Санкт-Петербург.

3) Ашимханова С. Передача образности при переводе с казахского на русский язык. ХХ Международная научная конференция «Язык и

культура» имени Сергея Бурого 2011 года в г.Киеве (Украина).

- 4)Жаксылыков А. Параметры казахской культуры,- журнал «Да – диалог Евразии», № 5)Казахстан-Турция, 0,5 п.л.

2.4. Аудиториядан тыс тәрбие-ағарту қызметінің, студенттер клубы мен тағы басқа қоғамдық ұйымдардың жұмыс жағдайы

Кафедра оқытушыларының көпшілігі белгіленген топтарда эдвайзер болып белгіленген. Эдвайзерлік жұмыс жылдың басында бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылды. Кафедра оқытушылары бүкіл оқу жылында магистранттар мен студенттерге ұжымдық-әдістемелік және кеңестік жұмыстар жүргізіп отырды. Білім алушылардың өздерінің жеке білім аумағын және негізгі білім бағдарламасын қалыптастыруға көмек берді.

Әлеуметтік-тәрбие жұмысының негізгі институттары студенттік клубтар болып табылады. Олардың арасынан өз жұмысының ерекше нәтижелілігі бойынша доцент Л.Мұсалының және аға оқытушы Л.Дәуренбекованың жетекшілігімен жұмыс істейтін "Көкжиек" және "Tarzhiman club" клубтарын атауға болады.

«Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубы 2001 жылы құрылған. Клубтың мақсаты – ұлттық құндылықтар насихаттау, студенттердің ғылыми-шығармашылық әлеуетін қолдау. Ғылыми-көпшілік бағыттағы интеллектуалдық жарыстар, шығармашылық тұлғалармен кездесулер, мастер-кларстар, мүшәйра-жыр жарыстары, дебаттар өткізіледі.

2008 жылғы қазан айында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75-жылдығы қарсаңында «Tarzhimanclub» жас аудармашылар ұйымы құрылды. Клуб студенттердің өз бастамасымен құрылды. Студенттік клубтардың жоспары кафедра мәжілістерінде талқыланып, бекітілген. Болашақ аудармашылардың шығармашылық әлеуеті мен құзыреттілігін арттыруға бағытталған түрлі іс-шаралар жүргізіледі.

Жас аудармашылар сайысы өткізіліп тұрады, үздік аудармалар «Абай институтының Хабаршысында» жариялауға ұсынылады. Аталған клубтарда студенттердің аударма және аударматану мәселелері бойынша ғылыми, ғылыми-көпшілік жұмыстары талқыланып, баспаға ұсынылады. 2010-2011 оқу жылында студенттік клубтардың ұсынысымен білім алушылардың 8 мақаласы жарық көрді.

Әлеуметтік-тәрбие жұмыстары университет факультеттің тиісті құжаттары негізінде жүзеге асырылады. Кафедрада әлеуметтік-тәрбие жұмыстарының жұмыс жоспары жасалған. Тәрбие жұмысының негізгі институттары

студенттік клубтар болып табылады. "Көкжиек" және "Tarzhiman club" клубтары білім алушылардың жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған шын мәніндегі шығармашылық орталықтар болып табылады.

2010 ж. қыркүйек – 2011 мамыр аралығында студенттер көрнекті әдебиет және тіл, көркем аударма қайраткерлері: профессор М.Мырзахметов, ақын Т.Молдағалиевпен, жазушылар С.Елубаев, Б.Нұржекеевпен, сондай-ақ, профессор Н.Ж.Сағындықова бастаған Қазақстанның көрнекті аудармашыларымен кездесті.

Студенттік клубтардың мәжілістерінде студенттердің қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылған көркем тәржімалары талқыланады. М.Жұмабаевтың "Шолпанның күнәсі" және М.Әуезовтің "Көксерек" әңгімелерінің кафедра студенттері жасаған аудармалары баспаға ұсынылып, «Абай институтының Хабаршысында» жарияланды.

2010 жылы 28 қыркүйекте «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубында қазақ прозасының көрнекті өкілдері Мұхтар Әуезов, Шерхан Мұртаза, Оралхан Бөкеевтің туған күндеріне орай әдеби кеш өтті. 2010 жылы қазанда аударма ісі бөлімі студенттері үшін доцент А.Түсіпованың ұйымдастыруымен халықаралық «I club» ұйымының ашылу салтанаты өтті.

2010-2011 оқу жылында «Жас тәржімандар шығармашылығы» тақырыбында бірнеше кеш ұйымдастырылып, жас аудармашылар аударма туындыларын ортаға салды.

Б.Момышұлының 100 жылдық мерейтойына байланысты «Ұшқан ұя» романы бойынша оқырмандар конференциясы өткізілді. ҚФ – 1 курс студенттері романның тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктері туралы ой бөлісті. Клуб Алматы қаласындағы ЖОО-лармен байланыс орнатқан. Тәуелсіздік күніне орай «Жүрегім менің жанартау» атты жыр мүшайрасына Алматы энергетика және байланыс университетінің студенттері қатысты.

27 қаңтарда сағ.21-00-де 17 жатақхананың мәжіліс залында көркем туынды (О.Бөкеев «Бәрі де майдан») талқыланды. Көркем шығарманы тақырыптық-жанрлық ерекшелігі талданды. «Көкжиек» клубының белсенді мүшелерінің (Қ.Зайтуллаева, Ф.Арыстанбек, Е.Қуатбекұлы) ой-пікірлері клубтың қабырға газетіне жарияланды. 2011 жылы 9 ақпанда Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Мұқағали жырлары жүрегімде» атты поэзиялық аударма кеші өтті. Кеште Мұқағали жырлары мен аудармалары оқылды, сондай-ақ, Аударма ісі бөлімі студенттері ақын өлеңдерін

орыс, ағылшын тілдеріне аударып оқыды. 2011 жылы 26 ақпанда - С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтің рухына тағзым ету мақсатында әдеби кеш өтті. 2011 жылы 31 наурызда Аударма ісі бөлімі 2 курс студенттері арасында «Аудармашылар сайысы» өтті. Сайысқа ҚазҰУ-ң Тәрбие департаментінің директоры Г.Сәрсенбекова қатысып, жеңімпаздарға сыйлық тапсырды. 2011 жылы 6 сәуірде Қасым Аманжолов пен Мұқағали Мақатевтың мерейтойына арналған «Қасым басым болмаса, несі Қасым» атты поэзия кеші өтті. 14 сәуірде Аударма ісі бөлімі 1 курс студенттері арасында «Шешендік өнер» сайысы өткізілді. Сайысқа 10 студент қатысып, шешендік өнердің теориясы және қазақ шешендерінің мұрасы бойынша білімдерін ортаға салды

Жалпы университеттік «Студенттік көктем» фестиваліне аударма ісі бөлімінің 3 курс студенттері Мырзағұлова М, Сметова Ә, Тапенова Ә. қатысып, жүлделі 1 орынға ие болды. Жоғары курс студенттері мен магистранттары әлемдік масштабтағы ірі әлеуметтік-мәдени және спорттық шараларға атсалысты. Олардың арасында су добы бойынша Азия чемпионатының жеңімпазы, аударма ісі бөлімінің 3 курс студенті А.Шмидер бар. Әлемдік және континентальды чемпионаттарға дзо-до бойынша Л.Рахимбердина, коньки тебу спорты бойынша Е.Сафина, садақ атудан Е.Ли қатысты.

2.5. Имидждік бағыттағы жұмыстар «Қазақ ұлттық университетіндегі кәсіптік бағдар» бағдарламасы бойынша да кафедрада біршама жұмыстар жасалынды. Ең алдымен кафедрада кәсіптік бағдар бойынша 2010-2011

оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалынды. Желтоқсан айында доцент Л.Мұсалы кафедра оқытушыларымен бірге Алматы қаласы, Бостандық ауданындағы 81 мектептің 11 сынып оқушыларымен кездесіп, кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізді. Кафедра ұстаздары қазіргі жағдайда жоғары білім алудың маңыздылығы мен қажеттілігі жөнінде мектеп оқышыларымен өзара ой бөлісті. Бұл орайда Үкімет, Білім министрлігі тарапынан жасалып жатқан мүмкіндіктер мен іс-шаралар турасында оқышыларды хабардар етті. Оқушылар кафедра ұстаздарына өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына толыққанды жауап алды. Сұрақтардың көпшілігі мамандық таңдауға байланысты болды.

Кафедра 2011 жылдың 21 сәуірінде факультетімізде өткен «Ашық есік» күніне де кафедра ұстаздары түгел қатынасты. Бұл күнгі мерекеге орай кафедра факультетке № 156 мектептің оқушыларын шақырды. «Ашық есік» күнінде кафедра тарихы, ұстаздары және өтілетін пәндер жөнінде бейне-роликтер көрсетілді. Кафедра туралы, кафедраның мамандықтары туралы, маман даярлау бағдарламалары туралы кәсіптік бағдар беретін ақпараттар ғаламторға, Интернетке, енгізіліп, көпшілікке ұсынылды.

Кафедраның есеп беріп отырған оқу жылында жасаған жұмыстарының нәтижелері білім алушылардың біліп сапасының артуына, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде рухани баюына, адамгершілік және кәсіби негізінің заман талаптарына сай қалыптасуына ықпал етті.

* * *

И. Әзімбаева

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ (НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР)

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Магистранттардың зерттеу тәжірибесі. Негізгі талаптар. Жалпы қағидалар. Тәжірибе мазмұны. Басқару мен бақылау жолдары. Кілт сөздер. Магистратура, зерттеу тәжірибесі, мазмұн, бақылау, басқару.

И. Азимбаева

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ПРАКТИКА МАГИСТРАНТОВ (ОСНОВНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ)

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Исследовательская практика. Основные требования. Общие установки. Содержание практики. Управление и контроль. Ключевые слова. Магистратура, исследовательская практика, содержание, контроль, управление.

I.Azimbayeva

THE RESEARCH WORK PRACTICE OF THE M.A. STUDENTS (BASIC REQUIREMENTS)

Abstract .The issues dealt in this article. Research practice. Basic requirements. General settings. Contents of practice. Command and control.

Keywords: graduate, research practices, content, control, control.

1. Жалпы қағидалар

1.1 Магистранттардың зерттеу тәжірибесі Филология факультетінде «Аударма ісі» мамандығы бойынша жүргізілетін барлық магистрлік бағдарламалардың оқу жоспарына міндетті бағдарлама ретінде енгізіледі. Ол магистранттарды дайындаудың ажырамас бөлігі және олардың өздік жұмысының негізгі формасы болып табылады. Зерттеу тәжірибесі – магистранттардың оқу үдерісінде алған теориялық және практикалық білімін кеңейтуге және бекітуге, таңдалған магистрлік бағдарлама бойынша тәжірибелік қабілет жинақтауға және оны жетілдіруге, қазіргі заманауи ғылыми және білім беру технологияларын пайдалануға, болашақ кәсіби қызметіне және кейінгі зерттеу жұмысын дайындауға бағытталған оқу жұмысының бір түрі. Зерттеу тәжірибесінің магистрлік диссертация жазуға және докторант (PhD) ретінде ғылыми қызметті жалғастыруға маңызы зор. Магистранттардың зерттеу тәжірибесі ЖОО-да, ғылыми-зерттеу институттарында және жалпы білім беретін ұйымдарда жүзеге асырылады. Ол магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының әдістері мен әдістемесін игеруіне, қазіргі заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануына, ғылыми ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және тарату қабілетін игеруіне қатысты мәселерді шешеді.

1.2 «6N0207-Аударма ісі» мамандығы бойынша оқытылатын магистранттардың зерттеу тәжірибесінің бұл бағдарламасы келесі заң құжаттарында бекітілген талаптарға сәйкес әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасында жасалған:

- Қазақстан Республикасының 27.07.2007ж. қабылданған «Білім туралы» Заңы

- Қазақстан Республикасында ЖОО кейінгі білім берудің (магистратура) мемлекеттік білім беру стандарты. Жалпы ережелер. ГОСО РК 5.04.033-2008.

- Қазақстан Республикасында ЖОО кейінгі білім берудің (магистратура) мемлекеттік білім беру стандарты. «6N0207-Аударма ісі» мамандығы бойынша 3.09.279-2006.

- «6N0207-Аударма ісі» мамандығы бойынша магистр даярлаудың оқу жоспары.

1.3 Бағдарламаға мынадай бөлімдер кіреді: зерттеу тәжірибесінің мақсаттары мен міндеттері, тәжірибе жүргізу орны мен мерзімі, тәжірибе мазмұны мен ұйымдас-тырылуы, тәжірибеден өтуді басқару мен бақылау, магистранттың зерттеу тәжірибесінен өту талаптары, қорытынды.

1.4 Зерттеу тақырыбы әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының

ғылыми бағытына сәйкес келуі керек және аударма ісінің түрлі саласы үшін теориялық, тәжірибелік, қолданбалы маңызы бар міндеттерге жауап беруі тиіс.

1.5 Әрбір нақты жағдайда зерттеу тәжірибесінің бағдарламасы орындалатын жұмыстың сипатына байланысты әрбір магистр үшін өзгеріп және толықтырылып отырады.

1.6 Зерттеу тәжірибесінің ұзақтығы (4-семестр) – 4 апта.

2. Зерттеу тәжірибесінің мақсаты мен міндеттері

2.1 «6N0207-Аударма ісі» мамандығы магистранттарының зерттеу тәжірибесінің (ары қарай – ЗТ) мақсатына оқу барысында алынған кәсіби білімді кеңейту, жеке ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге қажет тәжірибелік білім мен қабілетті қалыптастыру. Магистранттардың зерттеу тәжірибесі диссертация тақырыбы бойынша қарқынды жұмыс ұйымдастыруға және ғылыми зерттеу жұмыстарының ерекшеліктерін меңгеруге арналған.

2.2 ЗТ негізгі міндетіне аударма мен аударматанудың өзекті ғылыми мәселесін зерттеуде тәжірибе алмасу, сондай-ақ магистрлік диссертация жазу үшін қажет материалдарды жинақтау мен жүйелеу жатады. Зерттеу тәжірибесінің негізгі міндеттерін жүзеге асыру кезінде магистранттар ғылыми-зерттеу жұмысын орындауға қажет білім алып, мынадай қабілеттерді дамытады:

- магистранттың кафедра ұйымдастырған ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы;

- магистранттың кафедра ұйымдастырған ғылыми-зерттеу жұмыстарына жеке үлес қосуы;

- магистрлік диссертация үшін материал жинау;

- магистранттың магистрлік диссертацияда қарастырылатын мәселелер бойынша әдебиеттерді, нормативті және әдістемелік материалдарды оқып-білуі;

- магистрант таңдаған зерттеу тақырыбының өзектілігі мен тәжірибелік маңызын бекіту;

- конференциядағы баяндама тезистері мен баспаға шығарылатын мақалаларды, магистрлік диссертация бөлімдерін даярлау;

- қазіргі заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы библиографиялық жұмыс жүргізу;

- зерттеу жұмысын жүргізу барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдау және шешу;

- белгілі бір зерттеудің міндеттерін (магистрлік диссертацияның тақырыбы бойынша немесе ғылыми жетекшінің магистрлік бағдар-

лама шегінде жүктеген тапсырмаларын орындау барысында) негізге ала отырып, зерттеудің қажетті әдістерін таңдау (ағымдағы әдістерді өзгертіп, жаңа түрлерін ойлап табу);

- зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қазіргі заманауи әдістерді, ақпараттық технологияларды қолдану;

- алынған нәтижелерді өңдеу, саралау және дайын зерттеу өнімдерін (зерттеу жұмысы туралы есеп, мақала, магистрлік диссертация бөлімдері) таныстыру;

- атқарылған жұмыстың нәтижелерін редакциялау және қазіргі заманауи технологияларды пайдаланып, «Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережелері» ГОСТ 7.32-2001 талаптарына сәйкес рәсімдеу.

3. Тәжірибе жүргізу орны мен мерзімі

3.1 ЗТ аталған мамандық бойынша магистрларды даярлайтын әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасында, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін басқа ұйымдарда, кәсіп-орындарда және мекемелерде келісім-шарт негізінде жүргізіледі.

3.2 Ғылыми-зерттеу тәжірибесінің тапсырмасы мен өтетін орнын, магистрлік диссертация тақырыбын қазіргі аударматану теориясы мен тәжірибесі саласына сәйкес келетіндей етіп ғылыми жетекші мен магистрант таңдайды.

3.3 Тәжірибенің мерзімі мен ұзақтығы оқу жоспары мен жылдық оқу күнтізбеге (оқу кестесі) сәйкес бекітіледі.

4. Тәжірибе мазмұны

4.1 ЗТ мазмұны ЖОО кейінгі білім берудің (магистратура) мемлекеттік стандарт-тары арқылы тәжірибе жүргізілетін бөлімшелердің мүддесі мен мүмкіндіктерін ескере отырып анықталады. ЗТ өту барысында магистрант мыналарды игеруі керек:

- тәжірибелік жұмыстарды зерттеу және жүргізу әдістері мен зерттеу құралдарын пайдалану ережелерін;

- тәжірибелік және эмпирикалық мәліметтерді саралау мен өңдеу әдістері, мәліметтерді өңдеу құралдары мен әдістерін;

- отандық және шетелдік ғалымдардың қарастырылып отырған мәселе бойынша ғылыми-теориялық әдістерін, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми салада жинақталған мәліметтерді саралау әдістерін;

- ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру әдістерін, ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін рәсімдеу бойынша білімдерін пайдалану;

- арнайы дайындықтың таңдалған бағыты бойынша қажетті кәсіби біліктілікті меңгеру;

- көркем әдебиетпен жұмыс жасау қабілеті мен қазіргі заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы библиографиялық жұмыс жүргізу қабілетін, түпнұсқа мен аударма тіліндегі деректерді, сондай-ақ ғылыми әдебиетпен жеке жұмыс жасау қабілетін бекіту;

- ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру;

- өз бетінше үздіксіз білім алу қажеттілігін қалыптастыру;

- магистрлік диссертацияны дайындау үшін нақты материал жинақтау;

- магистрлік диссертация тақырыбына байланысты статистикалық және әлеуметтік зерттеулер жүргізу;

- сауалнама жүргізу және сұхбат алу әдістемелерін меңгеру (сауалнама жасау, сұрақнама, саралау және нәтиже шығару);

- анықтама-библиографиялық жүйелерді, ақпарат іздеу әдістерін зерттеу; библиографиялық анықтамалықтармен жұмыс жасау қабілетін меңгеру, ғылыми-библиографиялық тізімдер жасау, ғылыми жұмыстарда библиографиялық сипаттауды пайдалану;

- отандық және шетелдік кітапхана қорларының электронды мәлімет базаларымен жұмыс жасау;

- ЖОО кейінгі білім беру жүйесі шегінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастыру үшін магистранттың зерттеу қызметінің нәтижелерін даярлау мен жалпылау.

4.2 Магистранттың тәжірибе барысында орындайтын жұмысының негізгі түрлеріне мыналар жатады:

- ұйымдастыру жұмысы;

- негіздеуге бағытталған теориялық жұмыс, жоспарланған зерттеудің теориялық-әдістемелік базасын таңдау;

- зерттеуді жүргізу және ұйымдастыруға, эмпирикалық мәліметтерді жинақтауға байланысты тәжірибелік жұмыс;

- алынған нәтижелерді мақала, диссертация бөлімі мен ғылыми есеп түрінде жалпылау және рәсімдеу.

Ұйымдастыру жұмысына - тәжірибе бойынша бастапқы және қорытынды жиналыстар мен кеңестерге қатысу, тәжірибе қорытындысы бойынша есеп құжаттамасын даярлау кіреді.

Теориялық жұмысқа - жоспарланған жұмыстың теориялық базасын, әдістемелік не тәжірибелік зерттеу құралдарын таңдау, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қою, болжам жасау, зерттеу шараларын жүргізу жоспарын жасау мақсатында ұсынылған не бекітілген зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиетпен танысу жатады.

Тәжірибелік жұмысқа - зерттеу шараларын ұйымдастыру, жүргізу және бақылау, алғашқы

эмпирикалық мәліметтерді жинау мен оларды алдын ала талдау жатады. Сондай-ақ магистрлік диссертация нәтижелерін ғылыми тұрғыда түсіндіру, оларды жалпылау, орындалған зерттеу жұмысын толық талдау, теориялық және эмпирикалық материалдарды ғылыми-зерттеу жұмысының есебіндегі қойылатын талаптарға сәйкес рәсімдеу жатады.

5. Тәжірибеден өту жоспары

5.1 Магистрант тәжірибе орнына күнтізбелік-тақырыптық жоспарда белгіленген мерзімде келуге міндетті.

5.2 Зерттеу тәжірибесінен өту барысында магистрант мекемедегі (кәсіпорындағы) ішкі жұмыс кестесінің ережелері мен еңбек заңнамасының талаптарын орындауы қажет.

5.3 Магистрант бекітілген күнтізбелік жоспар бойынша тәжірибе бағдарламасының талаптары мен кәсіпорындағы (мекемедегі) тәжірибе жетекшісінің нұсқауларына сәйкес жұмыс орындауы шарт. Магистрант күнделікке атқаралған жұмыстың түрі мен мерзімін күн сайын жазып отырып, оған кәсіпорындағы (мекемедегі) тәжірибе жетекшісінің қолын қойдыруы тиіс.

1-апта. Теория, әдістеме саласына қатысты және магистрлік диссертацияның тақырыбына байланысты мәселелерді анықтау. Теориялық, нормативтік және әдістемелік материалдарды жинақтау мен өңдеу.

2-апта. Ғылыми-зерттеу жұмысының ұйымдастыру-құқықтық нысанын зерттеу. Зерттеу тәжірибесінің базасын ұйымдастыру құрылымымен танысу. Зерттеу жұмысының түрлерін, зерттеу жұмысының негізгі үдерістерін анықтау, ғылыми өнімдердің нарықтағы жағдайын бағалау.

3-апта. Зерттеу тәжірибесінің негізгі нәтижелерін жалпылау. Зерттеу тәжірибесінің нәтижелерін талдаудың қарапайым түрлерін (не олардың элементтерін), ғылыми жетекшінің магистранттың ғылыми қызметінің бағытын ескеріп жасаған ерекше әдістемелерін саралауда пайдалану мүмкіндігін бағалау.

4-апта. Жиналған материалды жүйелеу, талдау және бағалау. Магистранттың зерттеу тақырыбы бойынша ұсыныстар жасауы, жасалған ұсыныстарды зерттеу тәжірибесі базасының мамандарымен талқылау.

6. Тәжірибеден өтуді басқару мен бақылау.

6.1 «6N0207-Аударма ісі» мамандығы бойынша магистранттардың тәжірибеден өтуін кафедра меңгерушісі жалпы басқарып, бақылайды.

6.2 Магистранттың тәжірибе жоспарын орындауын магистранттың ғылыми жетекшісі тікелей басқарып, бақылайды.

6.3 Магистранттың ғылыми жетекшісі:

- зерттеу тәжірибесінің бағдарламасын орындау бойынша тиісті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырады;

- зерттеу тәжірибесі барысында магистранттардың өздік жұмысы бойынша міндеттер қойып, кеңес беру қызметін атқарады;

- магистранттардың зерттеу тәжірибесі бойынша есептерін кафедрада қорғауды ұйымдастырады.

7. Магистранттың зерттеу тәжірибесінен өтуінің арнайы талаптары

7.1 Білімнің аталған саласындағы қазіргі заманғы мәселелерін меңгеру;

7.2 Нақты ғылыми мәселенің даму тарихын, оның зерттелетін ғылыми бағыттағы рөлі мен орнын білу;

7.3 Магистрант зерттейтін ғылыми мәселе бойынша арнайы білімді меңгеру;

7.4 Магистрлік диссертация тақырыбына байланысты қандай да бір ғылыми салада ғылыми зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік жұмыстар жүргізу қабілетін шыңдау;

7.5 Нақты бағдарламалық өнімдер мен нақты Интернет ресурстарымен, т.б. жұмыс істеу қабілетін жетілдіру.

8. Тәжірибе қорытындысын жасау.

8.1 ЗТ аяқталған кезде магистрант өзінің жеке жоспарына сәйкес есеп жасайды.

8.2 Зерттеу тәжірибесінің негізгі нәтижелеріне мыналар жатады:

- күнделік;

- диссертация тақырыбы бойынша баспада шығарылатын мақала;

- магистрлік диссертацияның бірінші бөлімі;

- зерттеу тәжірибесінің қорытындысы бойынша есеп;

Зерттеу тәжірибесі туралы есептің құрылымы мынадай болуы керек:

- титулдық бет (қосымша 1);

- негізгі бөлім;

- тәжірибе қорытындысы;

- библиографиялық тізім.

Зерттеу тәжірибесінен өту туралы есеп машиналық жазумен 1-3 бет көлемінде болады.

Титулдық бет зерттеу тәжірибесінен өту туралы есептің бірінші беті болып табылады. Ол мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- оқу орнының атауы;

- зерттеу тәжірибесінен өткен тұлғаның аты-жөні;

- тәжірибе жетекшісінің есепті бекіту қолы;

- есептің атауы;

- тәжірибеден өту орны мен мерзімі;
- есепті жасау орны мен күні.

Есептің негізгі бөлімі зерттеу тәжірибесінің мәнін, әдістемесі мен негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтерді қамтуы тиіс. Негізгі бөлім мынадай ақпаратты қамтуы керек:

- зерттеу тәжірибесінен өткен магистранттың міндеттері;
- зерттеу тәжірибесінен өту реті, тәжірибе базасын ұсынған ұйымның сипаттамасы;
- атқарылған жұмыстардың қысқаша сипаттамасы және атқарылған мерзімі;
- жүргізілген ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің, олардың бағытының, әдіс-тәсілдерінің сипаттамасы;
- тиімділігіне қарай мәтін, кесте, график, сызба, т.б. түрінде берілген зерттеу нәтижелерінің сипаттамасы;
- зерттеу тәжірибесінен өту кезінде кездескен қиындықтар.

Қорытындыға жалпылау мен зерттеу тәжірибесі нәтижелерін бағалау кіреді, оның ішінде:

- қойылған міндеттердің толық болуын бағалау;
- жүргізілген ғылыми-тәжірибелік зерттеу жұмыстарының деңгейін бағалау;
- зерттеу тәжірибесінен өту барысында және ғылыми-тәжірибелік зерттеу жұмыстарын

жүргізу кезінде туындаған мәселелердің алдын алу бойынша ұсыныстар жазу;

- ғылыми-тәжірибелік зерттеу нәтижелерін магистранттың зерттеу жұмысында және бітірушілік мамандық жұмысында пайдалану мүмкіндігін анықтау.

Есеп қосымшасында магистранттың тәжірибеден өту барысында өзі рәсімдеген не рәсімделуіне қатысқан құжаттар мен басқа да материалдардың үлгілері болуы мүмкін.

8.3 Зерттеу тәжірибесінен өту туралы есеп жетекшіге таныстырылып, тексеруден кейін комиссияның қатысуымен қорғалуы тиіс. Есепті таныстыру мерзімі мен оны қорғау мерзімі оқу жоспарына сәйкес белгіленеді. Зерттеу тәжірибесінің нәтижелерін семестр соңында кафедра конференциясында қорғау ұсынылады.

8.4. ЗТ бойынша аттестация кафедра отырысында жүргізіледі. Аттестация соңында магистрантқа кредиттік жүйе бойынша балл қойылады.

8.5. Тәжірибенің бағасы емтихандық ведомосы мен сынақ кітапшасына қойылады.

8.6. Магистрант зерттеу тәжірибесінің бағдарламасын белгілі себептермен орын-дамаған жағдайда, жетекшінің шешімімен белгіленген тәртіпте тәжірибеден өтудің жеке бағдарламасы жасалады.

* * *

В.Гусаковская, Ұ.Серікбаева

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚИТУДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМУЫҒА БЫҚПАЛЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Шетел тілін оқыту. Модульдік оқыту технологиясы. Оқушылардың ой-өрісін дамыту.

Тірек сөздер: шет тілі, оқыту, модульдік, оқушылар, ой-өріс, дамыту.

В.Гусаковская, У.Серикбаева

ВЛИЯНИЕ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ НА УМСТВЕННОЕ РАЗВИТИЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Обучение иностранному языку. Технология модульного обучения. Умственное развитие учащихся.

Ключевые слова: язык, иностранный, обучение, модульное, учащиеся, развитие, умственное.

V.Gusakovskaya, U.Serikbaeva

EFFECT OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING ON THE MENTAL DEVELOPMENT OF STUDENTS

Abstract .The issues dealt in this article. Learning a foreign language. The technology of modular training. Intellectual development of students.

Keywords: language, foreign language, learning, modular, students, development, mental.

Қазіргі қоғам өмірінде болып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің еліміздің білім беру жүйесіне де

ықпалы үлкен. Мемлекетіміздің халықаралық байланыстары барған сайын күшейе түсіп, еліміздің қай саласында болмасын шет елдер-

мен қарым-қатынас орнаған. Бұл қарым-қатынасты нығайтып, жандандыра түсу үшін шетел тілін жетік меңгерудің маңызы зор. Осыған байланысты, қоғам өмірінің саяси-әлеуметтік және экономикалық аясындағы интеграциялық процесстер мәдениетаралық қарым-қатынаста әртүрлі ұлт өкілдерінің тепе-тең немесе біріге отырып өзара әрекет жасауын талап етеді [1, 292]

Мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсе алатын мәдениеті жоғары ХХІ ғасыр адамын қалыптастыру міндеті мен білім беру ісін жақсарту қажеттігі мектеп пен қоғам алдында маңызды мәселелер қойып отыр. Жалпы білім беретін мектептерде шетел пәндерінің мазмұны мен мақсаты анықталып, оған қойылатын талаптар анықталуда. Шетел тілін оқытудың теориялық негізін жеке тұлғаның іс-әрекеті, мәдениетаралық, когнитивті-коммуникативтік көзқарастар құрайды. Шетел тілін ана тілімен қатар оқыту оқушылардың сөйлеу қабілетін және жалпы дамуын жетілдіріп қоймай, оларды өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым-қатынас мәдениетіне де үйретеді [2, 3]. Сондықтан да жана білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, белгілі білімдерді беру процесіне негізделген болса, жаңаша оқыту технологиясы оқыту процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады.

Бүгінде білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология түрлерін көптеп қолданып жүрміз. Атап айтсақ: Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтардың «Дамыта оқыту», Ж.Қараевтың «Деңгейлеп саралау» технологиясы, М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту» технологиясы «Сын тұрғысынан ойлауды, оқу және жазу арқылы» дамыту технологиясы, «Ынтымақтастыққа оқыту» т.б. Бұл технологиялардың әрбір стратегиялары оқушының ой-өрісін, сөздік қорын дамытады. Солардың ішінде М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту» технологиясының шетел тілін оқытуда психологиялық тұрғыда оқушылардың ой-өрісін дамытуда тигізетін әсері өте зор.

Жалпы білім беретін орта мектептерде шетел тілін үйретуде модульдік оқыту технологиясын пайдалану психология ғылымымен тығыз байланысты. Бүгінгі күні кез-келген пәнді оқытуда әрбір мұғалім психолог-ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, жаңа оқыту технологиясын пайдалана отырып білім беруі

үйреншікті нәрсе. Мысалы: Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Л.В.Занковтың, В.В.Репкиннің теориялары қазіргі күндегі оқу-танымдық үрдістің танымдық және дамытушылық мүмкіндіктерін көрсетуде кеңінен қолданылып жүр және М.Мұқанов, Қ.Жарықбаевтың еңбектеріндегі жеке тұлғаның жетіліп дамуына ықпал ететін психологиялық әрекеттердің маңызы да айтылып жүр [3, 2-6]. Оқушы әрекетінің даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық үрдістің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды басты назарда ұстайды [4, 94-6]. Адам баласының танымдық қызметі оның жасөспірім кезеңінде ересен белсенділікпен өтеді. Оқушы бұл кезеңін мектепте білім алумен өткізеді. Осы кезеңде мұғалім кәсіби біліктілігін қолдана отырып, оқушының танымдық қабілетін мүмкіндігінше дамытуға тырысуы керек.

Шетел тілін оқушыларға үйрету барысында психофизиологиялық зерттеудің алатын орны зор. Мұнда мұғалім тек өз пәнін жетік меңгерген білікті педагог емес, сонымен қатар психолог болуына тура келеді. Өйткені әрбір оқушының өзіне тән дара ерекшеліктерімен қатар, жалпыға ортақ қасиеттері де бар екендігін ұмытпағанымыз жөн. Шетел тілін оқытып үйретуде оқушының тілді оқу мен үйренуге деген жағымды мотивтері, қызығушылығы, тілді оқып үйрену мақсаттары мен міндеттерін анықтай алуы, оны орындаудың тиімді тәсілдері мен амалдарын белгілеуі, өз жұмысының барысын өзі бақылап, тиісті қорытынды жасай білуінің қалыптасуы сияқты жалпы психологиялық сипаттарға ие [5, 62-6]. Оқушылардың шетел тілін оқып үйрену әрекетінің психологиясының мақсатты түрде қалыптасуына, саналы түрде ұйымдастырылған іс-әрекеттің үлкен ықпал ететіндігі жөнінде педагогтар ескерткен болатын.

Психологиялық тұрғыдан шетел тілін оқытып үйрету мәселесі мынадай бір-бірімен тығыз байланысты үш нәрсеге ерекше назар аударуды қажет етеді. Олар оқушы қызмет объектісі, оқытушы іс-әрекет субъектісі, оқыту үрдісі белгілі қимылдар мен операциялар жиынтығы ретіндегі іс-әрекеттің өзі.

Шетел тілін модульдік жүйемен оқыту әдістемесі мәселесін жетістікпен шешу осы үшеуінің әрқайсысының нақтылы әрекетінің ең жоғарғы деңгейде айқындалуына байланысты. Алдымен, жан-жақты психофизиологиялық зерттеуді қажет ететін оқушылардың жеке тұлғасы, оның жоғарыда көрсетілген

объект деңгейінен субъект деңгейіне көтеру жолы болып табылады. Дегенмен әрбір адамның даралық ерекшелігінен басқа жалпыға ортақ қасиеті де болатынын ұмытпаған жөн [6, 19-б]. Сондықтан да жалпы оқушыға тән тілді оқып үйрену әрекетінің мынандай психологиялық сипаттары: тілді оқуға, үйренуге деген жағымды мотивтері, қызығушылықтары, тілді оқып үйрену мақсаттары мен міндеттерін анықтап алуы; оны орындаудың тиімді тәсілдері мен амалдарын белгілеуі, өз жұмысының барысын өзі бақылап отыруы және оның нәтижесін бағалап, тиісті қорытындылар жасай білуі тағы басқалары қалыптасуы тиіс. Тек осындай сапалы ұйымдастырылған іс-әрекет, еңбек негізінде ғана оқушылардың шетел тілін оқып үйрену әрекетінің психологиясы мақсатты түрде қалыптасады және де оқушылардың ой-өрісі дамиды.

Психолог Е.В.Жиркованың пікірінше, шетел тілін оқыту және баланың абстрактілі ойлау қабілетін дамытуда баланың сурет салу, сөйлеу қабілеті, есептеу қабілеті шетел тілімен байланысты жоғарылайды [7, 37-б].

Модульдік оқыту технологиясын пайдалана отырып оқушыларға шетел тілін үйреткенде, олардың жады мен зейін сияқты танымдық процестері дамиды. Өйткені модульдік оқытуда меңгерілген ұғымдар мен түсініктерді «қапшыққа» салып, есте ұстауға мүмкіндік беретін белгілік үлгілерге, сызбаларға сүйене отырып, оқу материалын түсіндіреді; адамның екі сигналдық жүйесіне сүйенеді, яғни сөйлесу бөлімінің әр сабағында оқушы оқу материалын оқиды, көреді, тыңдайды, жазады және дауыстап айтады; сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында әртүрлі күрделілік деңгейіндегі оқу материалына бірнеше мәрте қайта оралады, оқытудың белсенді формаларын пайдаланады. Мысалы: ойындар арқылы оқыту, пікірталастар, жеке және топтық жұмыс түрлері тағы басқалар; әрбір оқушының өз еңбегінің соңғы нәтижесіне деген қызығушылығының болуы; оқулықтарды, оқу құралдарын және басқа қосымша әдебиеттерді пайдалануды талап ететін оқу материалымен жұмыс істеуі; әрбір оқушының нәтижеге қол жеткізуіне бағытталуы. Сабақ барысында қол жеткізген нәтиже оқушының ой-өрісінің одан ары қарай дамуына жол ашады.

Оқушылардың ойлау, елестету, қабылдау және танымдық, шығармашылық қажеттілік-

терін қанағаттандыруы тапсырмаларды саралап беруі арқылы жүзеге асады. Оған дәлел сөйлесу бөлімінде оқушыларға берілетін I (шығармашылық) деңгей тапсырмалары; оқытудың пікірталастық, ойын формаларын пайдалануы; сондай-ақ технологияда ізденушілік (зерттеушілік) оқыту элементтерін пайдалануы.

Орта мектепте шетел тілін оқытуда әрбір тұлғаның ой-өрісін дамыту үшін олардың ерекшеліктеріне тоқтала отырып, яғни ұл бала мен қыз баланың психикалық ерекшеліктерін ескеру қажет. Сабақ жоспарын құру барысында ең алдымен оқушылардың психикалық ерекшеліктеріне, қызығушылығына, жас ерекшелігіне тағы басқаларына сүйене отырып, білім беру маңызды мәселе болып табылады. Сонымен қатар шетел тілін оқытудың оқушыға тигізер пайдасы да жоқ емес. Шетел тілі сабақтарында ойлау операциялары: салыстыру, сараптау, синтез, логикалық ойлау және тағы басқалар іске асады, баланың танымдық қабілеті жоғарылайды, ой-өрісі дамиды. Шетел тілін модульдік технология арқылы оқытуда оқыту барысы немесе жоғарыда айтылғандардың барлығы психологтардың пікіріне сүйене отырып қамтылады. Бұл өз кезегінде оқушыларға білім беруде жоғары нәтижеге жеткізері анық.

ӘДЕБИЕТ

1. Абдуллаева Г.А. Студенттердің лингвомәдени біліктілігін қалыптастыруда елтанымдық мәтіндерді қолданудың маңызы. «Шетел тілін оқытудағы лингвомәдени амал: әдістер және технологиялар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары (04-05 ақпан 2010 ж.). Алматы, 2010. - 480 б.

2. Ахметова Р.Б. Шетел тілін оқытуда интерактивтік тәсілдерді қолдану жолдары // Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2009. - №6

3. Омарова С.С. Қазақ мектебінің 8-сыныбында сөйлем мүшелерін модульдік-интерактивтік технологияға сүйене отырып, тірек сигналдары арқылы оқыту. - Алматы, 2005.

4. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. - М, 1996.

5. Эльконин Д.Б. Психология развития. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. М., 2001.

6. Буркутбаева Н. Жалпы білім беретін мектепте модульдік оқыту технологиясын шетел тілі сабақтарында қолдану. Магистр. дисс. - Алматы, 2007.

7. Кәрменбаева Ж.А. Баланы ерте жасынан шетел тіліне үйретудің маңызы // Шетел тілін оқыту әдістемесі – 2006. - №2.

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

«Абай және қазіргі заман» - Абай ғылыми-зерттеу институтының 2011-1015 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жобасы (бағдарламасы). Жобаның авторы – Ж.Дәдебаев.

Жобаның зерттеу пәні - Абайдың ұлттық және жалпыадамзаттық рухани қағидаларының қазіргі Қазақстанның тұрақты дамуындағы әлеуметтік маңызы мен мәні.

Жобаның мақсаты – Абайдың ұлттық және жалпы адамзаттық рухани қағидаларының қазіргі Қазақстанның тұрақты дамуындағы әлеуметтік маңызы мен мәнін ғылыми негіздеу.

Жобаның басты міндеттері. Жобаның мақсаты аясында мынадай міндеттерді шешу көзделеді: 1) Абайдың суреткерлік ұстанымдарының ұлттық және жалпыадамзаттық мәнін пайымдау; 2) Абайдың ұлттық және жалпыадамзаттық қағидаларының туып, қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік факторларды анықтау; 3) Абайдың ұлттық және жалпыадамзаттық қағидаларының жүйесінде елдің ынтымағы мен бірлігі, адамнің кемелдігі, елдің мемлекеттік тәуелсіздігі туралы ұстанымдардың көркемдік және идеялық мазмұнын ашу; 4) Абайдың ақындық даналығын оның шығармашылығындағы антропология, психопэтика, лингвопэтика, хронотоп, дәстүрлі дүниетаным категорияларының жүйесінде зерттеу; 5) Абайдың мәдениетаралық байланыстарын пайымдау; 6) Абайдың әдеби мұрасын эстетикалық қабылдау теориясын негіздеу: түсіну (герменевтика), пайымдау (интерпретация), бағалау (оценка); 7) Зерттеу нәтижелерінің инновациялық сипатын, бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, коммерциализациялау және ғылыми еңбектер рыногына шығарудың инновациялық технологиясын жасау;

8) зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау және рынокқа шығару.

Жобаның өзектілігі мен жаңалығы. Жобаның өзектілігі оның орындалуына деген әлеуметтік сұраныстың пісіп жетілуінде. Абайдың ұлттық және жалпы адамзаттық рухани қағидаларының шынайы мәні күні бүгінге дейін ашылмай отырғаны рас. Бүгінгі күнге дейін жасалған жұмыстарда бұл мәселе арнайы да, ішінара да шешімін тапқан емес. Мұндай іргелі мәселені арнайы зерттеу, зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау және ғылыми өнімдер рыногына шығару жобада алғаш рет негізделіп отыр. Зерттеу нәтижелері отандық және әлемдік абайтану ғылымындағы және ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар қорындағы

жаңа, инновациялық білім болмақ. Жобаның орындалуының қазіргі Қазақстанның тұрақты дамуындағы әлеуметтік маңызы өлшеусіз зор. Жобаның өзектілігі мен жаңалығы оның Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев алға қойған ағымдық және стратегиялық бағдарламалармен сабақтастығынан анық көрініс табады. Ғылыми жобаны жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әдеби-мәдени мұраға көрсетіп отырған қамқорлық саясатын ел ішінде және еларалық кеңістікте насихаттауға, ұлттық құндылықтарымызды жалпыадамзаттық маңызын ашуға, оларды әлем халықтарының игілігіне айналдыруға жол ашады, Қазақстанның тұрақты дамуына үлес қосады.

Жобаның болашағы мен зерттелу деңгейі. Жобаның болашағы онда қойылап отырған мәселенің өзектілігімен, зәрулігімен, пәнаралық болмысымен, жаңашыл сипатымен, республикалық, өңірлік және әлемдік маңызының жоғарылығымен байланысты. Республиканың басқа ұйымдары мен мекемелерінде Абайдың ұлттық және жалпы адамзаттық рухани қағидаларының Қазақстанның әлеуметтік дамуының қазіргі кезеңдегі заңдылықтары мен қағидаларына, талаптарына сай зерттелуі жоба авторларын қанағаттандыра алмайды. Жобада негізделген тақырыптың зерттелу деңгейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүргізілген және жүргізіліп келе жатқан зерттеулер циклдары анықтайды. Университет ғалымдары жобада белгіленген ғылыми мақсат пен міндеттерді Абай ғылыми-зерттеу институты базасында жеткілікті негіздеді, республикалық ғылыми басылымдарда бірнеше проблемалық зерттеулер жариялады, кандидаттық, магистерлік, докторлық диссертациялар көлемінде қарастырылды. Сөйтіп, конкурса ұсынылып отырған жобаның барлық кезеңдері нақты анықталды, жобаны жүзеге асыру кезеңдері коммерциаланған, тұтынуға дайын өнімді ғылыми өнімдер рыногына шығарумен аяқталады. Жобаны осылай аяқтау оны тектес тақырып бойынша жаңа бағытта, жаңа деңгейде, жаңа масштабта бастауға негіз болады. Ғылыми зерттеудің әдіснамасы. Жобада негізделіп отырған тақырыпты зерттеу оңай емес. Күткен нәтижеге жету де қиын. Зерттеу пәні күрделі, қойылған мақсат пен міндеттер өзекті. Сондықтан пайдаланылатын әдістерді дұрыс таңдау қажет. Зерттеу пәнін, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін дәл анықтау қажетті әдістерді де дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Біріншіден, зерттеу тақырыбы тарихи-салыс-

тырмалы әдісті талап етеді. Абай негіздеген ұлттық және жалпы-адамзаттық рухани құндылықтардың түп төркінін, шығу тегін анықтау міндеті осы әдісті таңдауды талап етеді. Екіншіден, зерттеу пәні - бірбүтін ірі құбылыс. Мұндай бірбүтін ірі құбылысты зерттеу жүйелі зерттеу әдісін талап етеді. Осы әдіс негізінде бүтін арқылы бөлшекті тануға, бөлшек арқылы бүтінді тануға болады. Үшіншіден, жобада негізделген ғылыми мәселе - кешенді мәселе. Мұндай кешенді ғылыми мәселені шешу пәнаралық зерттеуді талап етеді. Пәнаралық зерттеу кешенді зерттеу әдісінің басты принциптерінің бірі болып табылады. Сөйтіп, зерттеу барысында аталған үш әдістің принциптері басшылыққа алынады: тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісі; жүйелі зерттеу әдісі; кешенді зерттеу әдісі.

Күтілетін нәтижелер: Жобаның орындалуынан мынадай нәтижелер күтіледі:

1) Абайдың суреткерлік ұстанымдарының ұлттық және жалпыадамзаттық мәні анықталады;

2) Абайдың суреткерлік ұстанымдарының туып, қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік факторлар зерделенеді;

3) Абайдың ұлттық және жалпы-адамзаттық қағидаларының жүйесінде елдің ынтымағы мен бірлігі, адамның кемелдігі, елдің мемлекеттік тәуелсіздігі туралы ұстанымдардың көркемдік және идеялық мазмұны ашылады;

4) Абай шығармашылығының поэтикалық жүйесіндегі а) антропологизмнің, ә) хронотоптың, б) психопоэтиканың, лингво-поэтиканың, дәстүрлі мәдениеттің мазмұны мен мәні, көркемдік қызметі анықталады;

5) Абайдың әдеби аудармашылығы, шығармашылығы негізінде мына елдердің классикалық әдебиеті үлгілерінің қазақ қоғамында қабылдану деңгейі анықталады: а) орыс әдебиетінің (Пушкин, Лермонтов, Лев Толстой); ә) неміс әдебиетінің (Гете); б) ағылшын әдебиетінің (Байрон); в) қытай әдебиетінің (Конфуций, Лаоцзы); г) көне грек әдебиетінің (Аристотель, Ксенофонт, Сократ); д) діни әдебиеттер (Құран, Сахи хадистер, Тора, Библия, т.б.);

6) Абайдың әдеби мұрасын эстетикалық қабылдау теориясын негізделеді;

7) Зерттеу нәтижелерінің инновациялық сипатын, бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мен коммерциализациялаудың, ғылыми еңбектер рыногына шығарудың инновациялық технологиясы жасалады;

8) Зерттеу нәтижелері коммерциализацияланады және ғылыми еңбектер рыногына шығаруға дайындалады.

«Зерттеу нәтижелерінің ғылыми және тәжірибелік мәні, инновациялық сипаты мен бәсекеге қабілеттілігі: Зерттеу нәтижелерінің ғылыми және практикалық мәні, инновациялық сипаты мен бәсекеге қабілеттілігі өте жоғары. Жобаны орындаудың нәтижелері негізінде:

-абайтану ғылымы саласында инновациялық білім өндіріледі;

-әдебиеттану ғылымы инновациялық ғылыми қағидалар жүйесімен толықтырылады;

-қоғамдық сананың дамуына, Қазақстанның әлеуметтік, мәдени кемелденуіне үлес қосылады;

-ғылыми зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу, коммерциализациялау, бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, ғылыми өнімдер рыногына шығару тікелей іс жүзіне асырылады;

-зерттеу нәтижелері әлемдік рынокта бәсекеге қабілетті инновациялық өнімге айналатын болады;

-ғылыми зерттеу нәтижелерінің әлемдік масштабта сұранысқа ие болуына қол жетеді.

Зерттеу нәтижелері республикалық, өңірлік, әлемдік масштабтарда тиісті ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесінде пайдалануға дайын болмақ. Коммерциализацияланған ғылыми өнімдерді жоғары оқу орындарында мамандар даярлау ісінде республикалық, өңірлік, әлемдік масштабтарда тікелей пайдалануға деген сұраныс тұмақ. Қазақстанның мәдениетаралық ынтымақтастығының дамуы мен нығаюына жаңа серпін беріледі. Осы көрсеткіштер зерттеу нәтижелерінің ғылыми және практикалық мәнінің, инновациялық сипаты мен бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылығын білдіреді.

Зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау, әлемдік ғылыми өнімдер рыногында бәсекеге қабілеттілігін, инновациялық сипатын қамтамасыз етуге жоба аясында жасалатын инновациялық технология негізінде қол жетеді. Аталған инновациялық технологияға авторлық куәлік алу күтіледі. Сондықтан оның сипаттамасы туралы жобада айтылмайды.

Ғылыми зерттеуді орындауға сұралатын қаржыландыру көлемі. Сұраныстағы қаржыландыру көлемін негіздеу. Негізгі шығындар жобада көрсетілген мақсат пен міндеттерді толық және сапалы орындауға жұмсалады. Зерттеу нәтижелерін апробациядан өткізу масатында атқарылатын шаралар қатарында оларды ғылыми және ғылыми-көпшілік басылымдарда жариялау, коммерциализациялау, ғылыми өнімдер рыногына шығаруға дайындау жоспараланған.

Жоба қаржыландырылатын болса, ол жобаға қатысушыларға жалақы, ҒЗЖ бойынша материалдар және ақпараттар алуға, оларды сұрып-

тау мен өңдеуге, сараптама жасауға, ақпараттық материалдар дайындауға, ұйымдастыру техникасы мен кеңсе тауарларына, мақалалар мен кітаптар, монографиялық еңбектер шығарудың, бейнелекциялар дайындаудың, конференциялар кткізу мен іс сапар шығындарына, Абайдың таңдамалы шығармаларының бірнеше жұп тілдерде электронды жинағын дайындауға жұмсалды.

Жобаны материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – дара заңды тұлға, ғылымның маңызды мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жүргізуде тәжірибесі мол. Талапқа сай деңгейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді, қажетті нормативті-әдістемелік, патенттілицензиялық қызметтер көрсетеді. Онда байланыс орнатудың қажетті жабдықтары, көмекші құралдар, көбейту, көшіру техникасы, ғаламдық электронды байланыс жүйесі бар. Жобаның ақпараттық жарактандырылуы, кітапхана қоры, РФК, ҚР ҰҒА кітапханасы, электронды почта, ИНТРАНЕТ және ИНТЕРНЕТ жүйелері бойынша ұдайы байланыс жасау қамтамасыз етілген. Университет тарапынан атқарылатын барлық шаралардың нормативті-әдістемелік, патентті-

лицензиялық қамтамасыз етілуі бір орталыққа бағындырылған және Устав арқылы бекітілген.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ISO 9001:2000 (сертификат номері 225868, 2011 жылдың 2 желтоқсанына дейін жарамды) жүйесінен Bureau Veritas Certification халықаралық бюросы арқылы 2008 жылдың 3 желтоқсанында өтіп, ол жөнінде халықаралық сертификат алған.

Зерттеуді нормативті-әдістемелік және патентті-лицензиялық қамсыздандыру әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де жүзеге асады. Жобаға қатысушы филология ғылымдарының докторлары, профессорлар. Ж.Дәдебаев, Т.Кәкішев, Қ.Әбдезұлы, Ө. Әбдиманұлы, Т.Есембеков, А.Жақсылықов, Ә.Тарақов, Қ.Ахмедьяров, А.Темірболатова, И.Жеменей, Қ. Мәдібаева қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті ғалымдары.

Жоба әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында орындалады (310,310 каб). Жұмыс кабинеттерінің жалпы көлемі 60 шаршы метр. Институт компьютерлік техникамен, оргтехникамен, байланыс құралдарымен жаракталған. Компьютерлер интернет жүйесінің ғаламдық ауқымды желілеріне қосылған, электронды почта жұмыс істейді.

* * *

АБАЙ И СОВРЕМЕННОСТЬ

(Программа научно-исследовательских работ на 2011-2015 гг.)

Наименование темы научного исследования - «Абай и современность». Предмет исследования - социальная значимость национальных и общечеловеческих ценностей учения Абая в стабильном интеллектуальном развитии современного Казахстана. Автор проекта – Ж.Дәдебаев. Цель проекта - научное обоснование социальной значимости национальных и общечеловеческих ценностей учения Абая в стабильном интеллектуальном развитии современного Казахстана.

Главные задачи проекта – в рамках проекта предполагается решение следующих задач: 1) анализ национального и общечеловеческого значения творческого наследия (художественных позиций) Абая; 2) системное изучение факторов, повлиявших на формирование национальных и общечеловеческих ценностей учения Абая; 3) раскрытие идейного и художественного содержания позиций Абая о солидарности и единстве народа, совершенного человека, государственной независимости страны в

системе национальных и общечеловеческих ценностей; 4) исследование поэтического наследия Абая в аспекте антропологизма, психопэтики, лингвопэтики, хронотопа, традиционного мировоззрения; 5) осмысление межкультурных связей Абая; 6) обоснование теории эстетического восприятия (герменевтика, интерпретация, оценка) наследия Абая; 7) обеспечение инновационного составляющего исследования, создание инновационной технологии коммерциализации с целью вывода на рынок научных продуктов; 8) коммерциализация и выведение на рынок результатов исследований.

Актуальность и новизна проекта. На сегодняшний день недостаточно изучена сущность национального и общечеловеческого духовного учения Абая. В современных исследованиях эта проблема специально не изучалась. В проекте впервые выдвинуты проблемы коммерциализации и выхода на рынок конечных результатов исследования. Реализация проекта имеет приоритетное социальное значение в стабильном развитии Казахстана.

Актуальность проекта созвучна с целями текущих и стратегических программ Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. Осуществление научного проекта даст возможность в стране и за её пределами пропагандировать политику Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, литературно-культурного потенциала нашей страны, раскрыть общечеловеческое значение национальных ценностей.

Уровень и перспективы исследования проекта. Перспективы проекта связаны с актуальностью проблемы, новизной и высокой социальной значимостью. Исследование национальных и общечеловеческих ценностей учения Абая соотносятся с современными закономерностями и тенденциями социального развития Казахстана. Уровень и перспективу исследования определяет цикл исследований, проводимых в Казахском национальном университете им. аль-Фараби. Научные цели и задачи проекта обоснованы на базе научно-исследовательского института Абая, а также в республиканских научных изданиях, посвященных различным проблемам и рассмотрены в докторских, кандидатских, магистерских диссертациях. Таким образом, перспективы проекта и этапы осуществления определены с выходом на рынок готовых научных продуктов, прошедших процесс коммерциализации. Завершение данного проекта открывает новые инновационные горизонты изучения учения Абая.

Методология научного исследования. Цели и задачи проекта дают возможность обоснованно определить методы исследования национальных, общечеловеческих ценностей учения Абая. Во первых, исследование требует историко-сравнительного анализа; во вторых, предмет исследования как целостное явление требует системного изучения; в третьих, научная проблема в данном проекте является комплексной. Междисциплинарное исследование является основным принципом метода комплексного изучения. Таким образом, в исследовании будут использованы следующие методы: историко-сравнительный метод; метод системного исследования; метод комплексного изучения.

Ожидаемые результаты. Будут разработаны и определены: 1) национальные и общечеловеческие ценности учения Абая; 2) социальные факторы, повлиявшие на формирование национальных и общечеловеческих ценностей учения Абая; 3) идейно-художественное содержание в системе взглядов национальных и общечеловеческих ценностей о солидарности и единстве народа, совершенного человека,

государственной независимости страны; 4) значение поэтического таланта Абая в системе традиционной культуры, антропологизма, психопоэтики, лингвопоэтики, хронотопа; 5) межкультурные связи Абая со следующими основами: а) русская литература (Пушкин, Лермонтов, Лев Толстой), б) немецкая литература (Гете), в) английская литература (Байрон), г) китайская литература (Конфуций, Лао-Цзы), д) древнегреческая литература (Аристотель, Ксенофонт, Сократ), е) религиозная литература (Коран, Сахихи хадисы, Тора, Библия); 6) теория эстетического восприятия литературного наследия Абая в системе: герменевтики, интерпретации, оценки; 7) инновационная составляющая результатов исследования, инновационная технология коммерциализации с целью вывода на рынок научных продуктов; 8) принципы, способы и основные положения коммерциализации и выведения на рынок научных трудов.

Научное и практическое значение, инновационная характеристика и конкурентоспособность результатов исследования: Научное и практическое значение, инновационная характеристика и конкурентоспособность результатов исследования отвечают высоким научным требованиям. Осуществление результатов проекта обеспечивает:

- инновационные знания в области абаяведения;
- пополнение национального литературоведения инновационными научными идеями;
- внедрение в производство, коммерциализацию, конкурентоспособность,
- выход на рынок научной продукции;

Результаты исследования будут готовы для использования в определенных научно-исследовательских центрах республиканского, регионального, мирового масштаба. Коммерциализованная научная продукция могут пользоваться спросом в республиканских, региональных, мировых высших учебных заведениях. Проект дает новый импульс для развития межкультурного сотрудничества Казахстана. Эти показатели подтверждают научное и практическое значение и высокую инновационную характеристику, конкурентоспособность результатов исследования.

Обеспечение коммерциализации, конкурентоспособности на мировом рынке научной продукции и инновационной характеристики результатов исследования будут достигнуты на основе инновационной технологии, которая будет создана и использована в рамках проекта.

Обоснование запрашиваемого объема финансирования: Чтобы использовать в

